

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Bolashaq» академиясы  
Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Академия «Bolashaq»

## **«Жастар және қазіргі заманауи әлемдегі мәселелер»**

*студенттер, магистранттар, докторанттар және жас  
ғалымдардың (халықаралық қатысуымен) Республикалық  
ғылыми-практикалық конференция материалдары*

**2 ТОМ**



## **«Молодежь и глобальные проблемы современности»**

*Материалы Республиканской научно-практической конференции  
студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых  
(с международным участием)*

**ТОМ 2**

Қарағанды  
Болашақ-Баспа  
2022

«Жастар және қазіргі заманауи әлемдегі мәселелер» студенттер, магистранттар, докторанттар және жас ғалымдардың (халықаралық қатысуымен) Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2022 ж. - 370 бет. – 2 том.

Материалы Республиканской научно-практической конференции студентов, магистрантов и докторантов и молодых ученых «Молодежь и глобальные проблемы современности» (с международным участием). – Караганды: «Болашақ-Баспа», 2022 г. - 370 стр. – Том 2.

ISBN 978-601-273-381-5

Бұл жинаққа студенттер, магистранттар, докторанттар мен жас ғалымдардың «Жастар және қазіргі заманауи әлемдегі мәселелер» тақырыбындағы Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілді.

Аталмыш жинақта қоғамдық өміріміздің барлық саласында қазіргі жағдайда қойылып отырған күрделі мәселелерге, интеграциялық үрдіс ерекшеліктеріне талдау жасалған.

В настоящее издание включены материалы Республиканской научно-практической конференции студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых «Молодежь и глобальные проблемы современности».

Данный сборник научных трудов посвящен анализу особенностей интеграционных процессов, охватывающих самые разные сферы жизни людей, наиболее глубоко и остро проявляющих себя в современных условиях.

#### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

- Меңлібаев Қ.Н. - «Bolashaq» академиясының ректоры, ф.ғ.к., профессор
- Рысмагамбетова Г.М., «Bolashaq» академиясының стратегиялық даму жөніндегі проректоры, з.ғ.к., профессор
- Кадырова Г.А. «Bolashaq» академиясының ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, э.ғ.к., доцент
- Смагулова Г.С., ғылыми зерттеу және жоғарыдан кейінгі білім беруді ұйымдастыру орталығының маманы
- Асакаева Д.С., п.ғ.к., доцент
- Храпченкова Н.И., п.ғ.к., профессор.
- Сембиев К.З., фил.ғ.к., профессор.
- 1. Бокижанова Г.К., п.ғ.к., доцент
- 2. Есмагулова А.А., магистр, аға оқытушы
- 3. Абдрахманов Р.Х., магистр, аға оқытушы
- 1. Утяев А.Ф., ф.ғ.к., доцент, БашМУ Стерлитамак филиалы деканының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары (Ресей)
- 2. Глухова В.И., э.ғ.к., доцент, Остроградский атындағы Кременчуг ұлттық университетінің бухгалтерлік есеп кафедрасының меңгерушісі (Украина)

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

- Менлибаев К.Н., к.ф.н., профессор, ректор.
- Рысмагамбетова Г.М., к.ю.н., профессор, проректор по стратегическому развитию.
- Кадырова Г.А., к.э.н., доцент, проректор по научной работе и международному сотрудничеству.
- Смагулова Г.С., специалист центра правовых исследований и послевузовского образования.
- Асакаева Д.С., к.п.н., доцент
- Храпченкова Н.И., к.п.н., профессор.
- Сембиев К.З., к.фил.н., профессор.
- 1. Бокижанова Г.К., к.п.н., доцент
- 2. Есмагулова А.А., магистр, ст.преподаватель
- 3. Абдрахманов Р.Х., магистр, ст.преподаватель
- 1. Утяев А.Ф., к.фил.н., доцент, зам.декана по научной работе Стерлитамакского филиала БашГУ (Россия)
- 2. Глухова В.И., к.э.н., доцент, зав.кафедрой учета и финансов Кременчугского национального университета им.М.Остроградского (Украина)

ISBN 978-601-273-381-5

**ТҰЛҒАНЫ ДАМУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**



**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ  
РАЗВИВАЮЩЕЙСЯ ЛИЧНОСТИ**

Абдикеева З.С.

«С.Торайғыров атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ  
Бұқар-Жырау ауданы, Қарағанды облысы, Қазақстан Республикасы

## **САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ – МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІРЛЕСКЕН РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ**

*Аңдатпа. Автор өзінің мақаласында зерттеудің әдіс-тәсілдері қандай мәселелерді қамтитынын көрсеткен. Сабақты зерттеу әдісінің өздерінің тәжірибелерінен туындаған негізгі ұстанымдарды ашып көрсеткен.*

Сабақты зерттеу барысында қалыптасқан деректерді жинау, талдау және қайта қарау дағдылары мен әріптестер арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастар мектептегі оқу ортасын жақсартуға оң ықпалын тигізеді. Бұл жаңа педагогикалық тәсіл Қазақстан мұғалімдері үшін белгілі бір дәрежеде серпіліс болды деуге болады. Белсенді және жаңашыл ұстаздар өз тәжірибесін жетілдіру үшін сабақты зерттеуді ұйымдастыру мен іске асыруды қолға ала отырып, өздерінің мектептегі әріптестерін де осы үдеріске тартты. Қазақстандық мұғалімдерге сабақтарды бірлесіп жоспарлауды, сабақты бақылау мен рефлексиялық талқылауды үйретудің маңызы аса зор болды. Бұл ретте мұғалім үшін психологиялық аспекті те маңызды болды: сабақ жоспарын бірлесе дайындау сабақ беру барысында әріптестердің немесе мектеп әкімшілігінің сынына ұшырау қаупін азайтады және әріптестер арасындағы кәсіби қарым-қатынасты бұрынғыдан да жақсартады. Мұғалімдер өз тәжірибесін жақсарту үшін пайдалы және оқуға оң ықпал ететін нәрселер қолданысқа алынуы тиіс екенін есте ұстауы керек. Олардың осы тәсілді өз білгенінше өзгертуге және жетілдіруге мүмкіндіктері болуы керек [1].

### ***Зерттеудің әдіс-тәсілі қандай мәселелерді қамтиды?***

Әртүрлі теорияларды қолдану оқыту тәжірибесінде өте маңызды болып саналады. Менің ойымша, оқыту мен оқу барысына жиі қойылатын екі түйінді сұрақ бар.

Бірінші сұрақ – Балаларға не керек? Оқу барысында қандай бос аралықты жіберіп алатынымызды анықтау керек. Сонымен бірге оқушылардың бастауыш білімін белгілей отырып, олардың біздің оқытуға дейінгі әрекетімізді де білгені дұрыс.

Екінші сұрақ – Біз оқушыларды қалай қолдауымыз керек? Мұндай жағдайда оқыту барысында біз мұғалімнің әрекетін емес, нәтижесінде оқушылардың қандай білім алғанын қадағалауымыз керек. Біз үшін оқушы дауысын тындау, оны тығырықтан алып шығу өте маңызды, өйткені бұл арада соңғы өнім мен бағаны шоғырландыруға тиіспіз. Кәсіби тәжірибем сабақты зерттеу қатты әсер етті, бұл менің өмірімді, жұмысымды қайта өзгертуге ықпал етті, оқыту мен оқу туралы білмейтін көп жайттарды түсінуге көмектесті [2].

Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісінің өз тәжірибемізден туындаған төмендегідей негізгі ұстанымдарына тоқталған орынды:

- сабақ беру барысында туындаған қандай да бір өзекті мәселені (теориялық, әдістемелік немесе қарым-қатынас саласындағы проблеманы) шешу мақсатында сабақты бірлесе жоспарлау,
- сабаққа қатысу барысында оқушылардың үйрену әрекеттерін бақылау, олардың жетістіктері мен қиындықтарын айқындау,
- оқушылармен сабақтан кейін (сабаққа дейін де болады) сұхбаттасу арқылы олардың мұң-мұқтаждарын, сұраныс-тапсырыстарын анықтау, оларды сабақ барысында ескеру, жүзеге асыру,
- сабақтан кейінгі талқылауда оқушыларды бақылау мен сұхбаттасу нәтижелерін қолданып, сабаққа жағымды өзгерістер енгізу, сабақ жоспарын жақсарту.

Алдымен мұғалімдер өзін-өзі басқарып, өз әлеуеттерін өздігімен дамытатын орта қалыптастырады. Осылайша Сабақты зерттеу топтарын тоқтаусыз, үздіксіз, тұрақты түрде өзін-өзі реттейтін, өзін-өзі дамытатын мектептің негізгі құрамдас бөліктеріне айналдырған дұрыс. Мүмкіндігінше, барлық мұғалімдерді осы топтардың жұмысына қатыстырған абзал болар еді. Мұндай жұмыс мұғалімдердің сабаққа дайындалу және сабақты бақылау мәдениетінің жақсаруына алып келетіндігі даусыз. Мәселен, бұрынырақта мұғалімдер сабаққа «түнде, үйде, жалғыз» форматында дайындалса, енді олар сабақ жоспарларын «күндіз, мектепте және

бірлесе» форматы ауқымында дайындайды. Қазіргі күні көптеген мектептер осы қағиданы ұстанып, сабақ жоспарларын бекітуді әр күннің кешіне қалдыруда: мұғалімдер директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына бекіту үшін өздерінің бірлесе құрастырған сабақ жоспарларын ұсынады [2].

Сабақты зерттеу тобының жұмысын келесі қадамдар бойынша ұйымдастыруға болады:

### **I. Сабаққа дейін.**

- 1) Сабақты зерттеу тобын құру.
- 2) Сабақты зерттеудің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындау.
- 3) Таңдалған проблема ауқымында коучинг өткізіп, мәселенің теориялық мазмұнын ашу, мүмкін шешімдерін таңдау.
- 4) Сабақты бірлесе жоспарлау.
- 5) Бақыланатын оқушылар мен шағын топтарды, бақылау барысында және сұхбаттарда қолданылатын құралдарды таңдау.
- 6) Оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алу (бұл қадам міндетті емес).
- 7) Оқушылардан алынған сұхбат негізінде сабақ жоспарына өзгертулер енгізу (егер оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алынбаса, бұл қадам да қолданылмайды).

### **II. Сабақ кезінде.**

- 8) Зерттеу сабағының барысында.

### **III. Сабақтан кейін.**

- 9) Оқушылардан сабақтан кейін сұхбат алу.
- 10) Сабақты талқылау, сабақ жоспарына өзгерістер енгізу, сабақ жоспарының жақсартылған нұсқасын дайындау [3].

Сабақты зерттеу топтарының жұмысы туындаған проблеманы шешу мақсатында кемінде топтастырылған үш сабақтық циклден құралуы керек, өйткені бір немесе екі сабақ ауқымында проблеманы шешудің объективті болуы екіталай. Сабақты зерттеу топтары жұмысының төмендегідей жақтарына назар аударуды жөн санаймыз.

**Біріншіден,** Сабақты зерттеу топтарының құрылуы мұғалімдердің өз еркі бойынша жүзеге асырылғаны дұрыс. Осы арқылы олардың өз жұмысының нәтижесіне деген жауапкершілігі артатыны анық. Мұнда Сабақты зерттеу топтарына қосылғысы келмейтін мұғалімдерді күштеуге болмайтынына назар аудару керек. Ондай педагогтермен басқаша жұмыс жүргізген орынды. Сабақты зерттеу топтарының тізімдерін мұғалімдер бөлмесінде ілудің тиімділігі туралы орынды ұсыныс жасайды. Мұнда әр топ мүшелерінің аты-жөні жазылған фотосуреттері ілінеді. Ал төменгі жақта Сабақты зерттеу топтарына қосылмаған мұғалімдердің тізімі жарияланады. Бірлесе жұмыс жасауға құлықсыз мұғалімдерге осылай жанама ықпал жасауға болады: оларды ұялтпай, ұрандап белсенділікке шақырмай, тек дүйім елден оқшау қалғандарын естеріне салып отырса, ондай педагогтер осы жағдайының ыңғайсыз әрі тиімсіз екендігі туралы ойланатын шығар.

**Екіншіден,** сабақты зерттеу топтары мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың негізгі құралы болғандықтан, туындаған проблеманың теориялық мәселелерін зерттеп, оны шешудің амалдары мен тәсілдерін сабақтар топтамасы басталмай тұрып айқындау қажет. Осылайша мұғалімдер Сабақты зерттеу топтарында теориялық ұғымдармен танысып, күнделікті тәжірибеде туындаған проблемаларды өз бетінше шешуге дағдыланады, яғни өздерінің кәсіби біліктілігін үнемі дамытып отырады. Бұл әрекет өзін-өзі дамытып, жетілдіріп отыратын құрылым жұмысына шолу сияқты болады.

**Үшіншіден,** оқушылар білім беру үдерісіне белсенді қатысуы үшін, оларды сабақты жоспарлауға қатыстыру керек. Ол үшін Сабақты зерттеу тобының мүшелері таңдап алған шәкірттермен сабаққа дейін сұхбаттасып, сабақтың қалай өтетіндігі туралы сұхбат алып, оны сұхбат парақтарына жазып алуына болады. Әрине, мұнда оқушыларға олардың пікірі сабаққа өзгерістер енгізу үшін қажет екендігі және олардың құпия болатындығы туралы айтылады [3]. Сұхбатты оқушының рұқсатымен видеоға түсіріп немесе диктофонға жазып алса да болады. Оның ұзақтығы 5-10 минуттай болғаны дұрыс. Мұндайда оқушылардың айтқандары, олардың ұсыныстары мен сұраныстары сабақты жоспарлағанда міндетті түрде ескерілуі тиіс. «Оқушы үні» ескеру арқылы мұғалімдер сабақтың қалай өтуі керектігі, қандай сабақтың тиімді болатындығы, нені және қалай оқу керектігі туралы көп мағлұмат алатындығы сөзсіз. Сабаққа дейін оқушыларға төмендегідей сұрақтарды қоюға болатын шығар: «Алдағы сабақтан не күтесіз? Не білгіңіз келеді? Осы тақырыптың ең басты ұғымдары қандай деп ойлайсыз? Осы сабақта қандай әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді болады деп ойлайсыз? Топтарға қалай бөлу

керек? Сіз кіммен бір топта отырғыңыз келеді? Сізге сыныпта кім жақсы көмектеседі? Сабақтың нәтиже «өнімі» қандай болуы керек деп ойлайсыз? Мұғалім болсаңыз, бұл сабақты қалай өткізер едіңіз?» және т.б.

Сабақты зерттеу топтарының жұмыс нәтижелерін қорытындылауды ықшамсабақтар көмегімен де жүзеге асыруға болады. Ол үшін каникул уақытында барлық Сабақты зерттеу топтарын бір уақытта бір жерге (мектептің үлкен дәлізіне, спортзал немесе мәжіліс залына) жинап, оларға жеребе бойынша өзекті бір проблеманы таңдауды міндеттеп, оны шешу мақсатында сабақ жоспарын құрастыруды ұсынған орынды. (Бұл жерде топтарға коучинг ұйымдастыруды да тапсыруға болады). Сабақты зерттеу топтары сабақ жоспарларын құрастырғаннан кейін, тақ нөмірлі топтар жұп санды топтарға барып, оларға өздері құрастырған сабақтарының 20 минуттық үзіндісін көрсетеді. Сабақ үзіндісі аяқталғаннан кейін екі топ бірігіп, 20 минут ауқымында сабақты талқылайды, сабақ жоспарына өзгерістер енгізеді. Талқылаудан кейін енді жұп нөмірлі топтар тақ санды топтарға барып, дәл осылай өз сабақтарының үзіндісін көрсетіп, талқылайды. Осы іс-шараның басынан аяғына дейін мектеп әкімшілігі мүшелерінен (немесе деңгейлі курсты аяқтаған тәжірибелі мұғалімдерден) құралған сарапшылар тобы әр Сабақты зерттеу тобының жұмысын бақылап, олардың қалай жұмыс жасап жатқандарын алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалайды. Жұмыс соңында сарапшылар Сабақты зерттеу топтарының жұмысына талдау мен талқылауды ұйымдастырып, ықшамсабақтарды қорытындылап, мұғалімдерге кері байланыс береді. Осылайша 3-4 сағат көлемінде барлық Сабақты зерттеу топтарының жұмысын қадағалап шығуға болады [3].

Сабақты зерттеуде оқу мақсаттарын белгілеу, зерттеу сабақтарын жоспарлау, деректерді жинау, талқылау және қайта қарау үдерістерін мұқият жоспарлау маңызды. Сабақты зерттеудің осы ерекшеліктері білім беруді үздіксіз жетілдіру үшін қажет білімді, дағдыларды, тұлғааралық ресурстарды және ынтаны арттыратын оқыту тәсілдерінің тиімділігін арттырады. Сабақты зерттеу тәсілін қолданудың мақсаты тек сабақ жоспарларын жасауды жетілдірумен шектелмейді, бұл жалпы әлеуетті арттыруға: сыныпта және сыныптан тыс оқыту мен оқуды дамыту үшін қажет білімді, дағдылар мен ынтаны қалыптастыруға бағытталған.

Алдымен, мен жақсы оқытушының бойында болуы тиіс үш басты қасиет туралы айтар едім, мұны әрбір жас мұғалім білуі тиіс. **Бірінші** – бұл бірлескен оқу мен дамытуда оқушыларға көмектесуге деген ынта-ықыласы болуы керек. Бұл арада мұғалім өзін мектепке не үшін, қандай мақсатпен келгенін түсінуі қажет. **Екінші** – мұғалімнің өз пәніне деген сүйіспеншілігі, адами қасиеттерді игеруі – жеке тұлғаға деген құрметі, қайырымдылығы, диалогқа дайындығы. Егер біз сапалы оқуға қол жеткізуді қаласак, онда сабақты қалай өткізу керек, оқушылар білімді қалай алу керек, балалардың дағдысын қалай дамыту керек дегенді басты мақсат етуге тиістіміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қабдықәрімова Ж.Ж., Энтина И. Л. Сабақты зерттеу тәсілін енгізу: қазақстандық тәжірибе // «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журнал, 4 (22) – 2017.

2. Байғаринова Ж.К. Сабақты зерттеу (Lesson Study): А-дан Я-ға дейін: әдістемелік ұсынымдар. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану.

**Абдикеева З.С.**

### **ИССЛЕДОВАНИЕ УРОКА – СОВМЕСТНАЯ РЕФЛЕКСНАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА УЧИТЕЛЯ**

**Аннотация.** В своей статье автор показывает, какие вопросы охватывают методы исследования. Методика изучения урока выявила основные принципы их практики, вытекающие из их опыта.

Абдраимова Н. Ш., Манарбек А. М.  
Қарағанды облысы Қарағанды қаласы «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
мектеп-гимназиясы» КММ  
[aiym9857@mail.ru](mailto:aiym9857@mail.ru)

## ТҮЛҒА БОЛЫП ДАМУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢ

*Аңдатпа. Мақалада оқушыларға ертегі терапиясының оң нәтиже беретіндігі және ертегі терапиясының маңызы айтылады. Сонымен қатар жұмыста ертегі терапиясы кезінде оқушылардың эмоционалдық ерекшеліктері талданылады. Ертегі терапиясының жалпы ертегілерді психикалық процесті өту және көріну формасы бойынша зерттейтіндігіне тоқталынады*

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың білім алуы мен дамуына ерекше мән беріліп, көңіл бөлінуде. Педагогикалық-психологиялық зерттеулерде жеке тұлғаның өзіндік сана белсенділігін дамыту елеулі мәселелердің біріне айналып отыр. Алайда, ол тұлғаның дамуын оқу қызметіндегі бірінші кезектегі міндет деп таныған кезде ғана іске асады. Жасөспірім шақтағы дүниетанымның қалыптасуы және қоғамдық белсенділіктің маңызы әлеуметтану және психология ғылымдарындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі. Жасөспірімдік кезең – адамның физиологиялық дене дамуының, оның өзіндік сапасының жедел өсуінің, дүниетанымдық қалыптасуының, кәсіптік таңдауының аяқталу кездері және ересектер өміріне аяқ басуының басталу кезеңі. Адамның жаны мен тәнінің сапалық, сандық жағынан үлкен өзгерістерге түсуінде осы жаста адамның қоғамдық белсенділігі артады, сана-сезімі өседі, жан дүниесі шындала түседі. Бұл кезеңде дамудың барлық жақтары сапалы өзгерістерге ұшырайды, саналы іс-әрекеттер қалыптасып, психологиялық жаңа құрылымдар, дағдылар, әлеуметтік құрылымдар қалыптаса бастайды. Бұл үрдіс жасөспірімдік шақтағы баланың негізгі ерекшеліктерін анықтайды. Л.С.Выготский, А.Г.Ковалев, В.Г.Маралов және т.б. педагог- психологтардың еңбектерінде осы мәселелер жан-жақты қарастырылады. Жасөспірімдік шақта оқушының психикалық дамуында, әсіресе өзіндік сана қалыптасуында қарым-қатынас ерекше мәнге ие. Сынып ішіндегі оқушылардың арасындағы және оқу-тәрбие іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты көптеген ғалымдар зерттеген. Олар И.Я.Лемберг, Г.А.Цукерман, Х.Т.Шерьязданова, Н.Қ.Тоқсанбаева.

Соңғы жылдардың экологиялық, экономикалық жағдайы, отбасы мен білім дағдарысы балалардың, жасөспірімдердің және олардың отбасыларының әлеуметтік проблемаларының өсуіне алып келді.

Балалар мен жасөспірімдерді қорғау жөніндегі тиімді мемлекеттік шаралардың болмауы олардың қызметіне, қарым-қатынас жасауына әсер етеді, олардың қоғамға қарсы мінез-құлқының, қылмыстың өсуіне әкеледі.

Ерте темекі шегу, нашақорлық, маскүнемдік, психоздар, ерте жыныстық өмірдің басталуы, мектептегі дезадаптация қазіргі заманғы көптеген жасөспірімдерді сипаттайды. Көп жағдайда бұл қазіргі отбасында болып жатқан процестермен байланысты.

Отбасын балаларды тәрбиелеу институты ретінде қарастыра отырып, бүгінгі күні осы функцияны жүзеге асырудағы бірқатар ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады. Соңғы екі онжылдықта тәрбиелеу сапасының өзгерісі, ең алдымен, қоғамның жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен байланысты.

Оқушы – қоғамның болашағы, сондықтан да өз жаратылысын, қабілеті мен мүмкіндіктерін тек мектеп қабырғасында басқалармен қарым-қатынас үстінде дамытады. Жасөспірімдердің басты белгісі оның мінез-құлқы, басқа оқушыларға, табиғатқа қатынасы, оның қажеті мен қанағаттандыру тәсілдері –биологиялық жолмен қалыптаспайды, оқушының болмысы, білім алуы, өзіндей оқушылармен қатынасқа түсуі арқылы қалыптасады. Сондықтан баланың айналасындағы адамдардың мінез-құлқының дұрыс, жағымды болуына айрықша маңыз береді, баланың ізгілікті-құлықты болуы үшін оның маңайындағы оқушылар, ата-ана, туған-туысқандары өздері балаларға үлгі көрсететіндей болуы тиіс. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»- дейді халық.

Отбасы оқушылардың қызметін ұйымдастыруда білім туралы заңды табысты жүзеге асыруда мектепке көмек көрсетуі тиіс. Бірақ қазіргі кезеңде ата-аналардың педагогиканың негіздерін нашар білуі, олардың білмеуі кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан қазіргі уақытта отбасы мен мектептің өзара іс-қимылын тереңдету, әкелер мен аналардың балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру қажет. Бұл жұмысты мектеп ұйымдастыруы керек. Осыған байланысты осы қызметті ұйымдастыру бойынша мектепте әлеуметтік педагог жұмысының маңызы артып келеді.

Балалармен тікелей жұмыс істейтін әлеуметтік педагог өзінің кәсіби қызметінің мәні бойынша отбасын нығайту ісіне зор үлес қоса алады. Мектепте отбасы мен сынып жетекшілерінің бірлескен жұмысын ұйымдастыра отырып, ол түпкі мақсатқа - әрбір баланың оңтайлы жеке дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Мектептің әлеуметтік педагогы ата-аналармен, мұғалімдермен, психологпен, қоғам өкілдерімен бірлесіп әртүрлі бағытта жұмыс істейді, олардың бірі- сыныпқа жаңадан келген жасөспірімдерімен жұмыс.

Жалпы адам құндылықтарының икемділігімен, құнды бағыт-бағдарының құрылымымен талдамасын тануға ұмтылған адамға, өзінің іс-әрекетін балалық және ересек жаста анықтайтын, тарихи бекітілген нормативтер мен құндылықтарды саналы түрде бұзуға, қабылдауға тура келеді. Ол өзінің бейімделген және бейімделмеген өмір позициясының жағдайы, сонымен қатар оның ойынша бұл таңдаған позиция, ол үшін негізгі, ең қажетті, ең таңдаулы болуы тиіс. Жасөспірім қоршаған әлемдегі өз орнын табуға қандай күш салып бағытталса да, барлық өмір мәнділігін тануға интеллектуалды дайын болса да, ол көп нәрсені білмейді, өйткені ол өзін қоршаған адамдарды және рухани өмір тәжірибесін әлі де болса білмейді.

Жасөспірімдік кезең – балалық шақпен ересектік арасында жатқан адамның дамуы мен жетілуінің белгілі-бір кезеңі. Ол 15-17 жас аралығын қамтиды, яғни сәйкесінше IX-XI сынып оқушылары болып табылады. «Жасөспірім» сөзі тәуелді балалық шақпен өзіндік және жауапкершілікті үлкен өмірге ауысудың фазасы ретінде белгіленеді. Бұл бір жағынан денелік, соның ішінде жыныстық жетілудің аяқталғандығын білдірсе, екінші жағынан- әлеуметтік жетілуге қол жеткізуді білдіреді.

Жасөспірім кезеңі жалпы тұлға болып дамуындағы маңызды фаза. Оның жеке бас дамуының аса маңызды факторы –оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі. Ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, өзінің жеке басымен өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру әрекеттерін жобалауы бағытталады.

Жасөспірімдік шақ бала мен ересектердің арасындағы аралық жағдайда пайда болады. Баланың жағдайы оның ересектерге тәуелділігімен сипатталады, бұл оның өмірлік іс-әрекетінің басты мазмұны мен бағытын белгілейді. Баланың атқаратын ролі ересектердің рөлінен сапалық тұрғыда өзгеше болады және екі жақта мұны анық ұғынады. Өмірлік іс-әрекеттің күрделене түсуімен бірге жастарда әлеуметтік рөлдер мен мүдделер диапазонының сандық ұлғаюы ғана болып қоймайды, сапалық тұрғыдан да өзгеріп, ересектік рөлдер бірте-бірте көбейеді, осыдан барып дербестік пен жауапкершілік өлшемі шығады.

Жасөспірімдер кезеңінің маңызды ерекшеліктерінің бірі — жасөспірімдер сезінетін және уайымдайтын қарқынды физикалық және жыныстық даму екені белгілі. Бірақ әртүрлі жасөспірімдерде бұл өзгерістер әртүрлі болады, бұл көбінесе ересектер жасөспірім ағзасында болатын өзгерістердің, оның психикасы мен мінез-құлқына әсерін қалай есепке алатынын анықтайды. Осылайша, ішкі секреция бездерінің күшеюі әсерінен жасөспірімнің жүйке жүйесінің қоздырғыштығы артады. Сондықтан осы жаста жиі жоғары тітіркенгіштік, шамадан тыс реніштік және т.б. байқалады.

Жасөспірім дамуының әлеуметтік жағдайының ерекшелігі - ол ересектермен және жолдастармен қарым-қатынастың жаңа жүйесіне, олардың арасында жаңа орын алып, жаңа функцияларды орындай отырып, енгізіледі.

Қазақстан Республикасының дамып келе жатқан елдердің қатарына енуі мақсатында қазіргі жасөспірімдердің саналы азамат болып, тұлға ретінде дамуына барлық жағдайлар жасалуда. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына – жеке тұлға, оның дамуы, қалыптасуы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Сол себептен жасөспірімдердің тұлғааралық қатынастарының маңыздылығы да осыдан басталады. «Жасөспірім» - сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірім шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің



дамуындағы сапалық өзгерістермен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы қарым-қатынас бұзылады.

Өскелең ұрпақты қоғамдық өмірге қатыстыру, жеке тұлғаның қасиетін дамыту және оны қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындауды тәрбиеге қойылатын талаптардың бірі ретінде қабылдап, қоғам болып бірге қызмет атқаруымыз қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шабажанова С.Қ., Власова Н.В. Мектептегі психологиялық диагностика.
2. Шолпанқұлова Г.К. , Шужебаева А.И. Отбасы тәрбиесі жағдайында балалардың қарым-қатынасындағы қиындықтарын психологиялық-педагогикалық зерттеу. Алматы, 2004.
3. Туреханова С.Т., Боранбаев А.С. Жасөспірімдерді әлеуметтік ортаға және өмірге бейімдеу арақатынасы // Молодой ученый. – 2018
4. Уразалиева Р.М. Жасөспірімдердің өзіндік бағалауының психологиялық ерекшеліктері. // Молодой ученый. – 2015.

**Абдраимова Н. Ш., Манарбек А. М.**

**ПОДРОСТКОВЫЙ ПЕРИОД ЛИЧНОСТНОГО РАЗВИТИЯ**

**Аннотация.** *Актуальность работы анализ трудностей, с которыми сталкиваются подростки в процессе их развития как личности. В данной работе рассмотрена характеристика поведения подростков, проблема взаимоотношений между ними, описана сущность поведения подростков, их взаимоотношения с окружающей средой. Также в работе рассматривалась социально – педагогическая деятельность в общем смысле, установление подростками эффективных взаимоотношений между сверстниками.*

УДК 159.922

Абрамова Е.А., Парфенова З.А.

Доценты Новосибирского Государственного Медицинского Университета

Город Новосибирск, Россия

[Elabr72@mail.ru](mailto:Elabr72@mail.ru), [zoja@mail.ru](mailto:zoja@mail.ru)

**ПРОБЛЕМЫ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ**

**Аннотация.** *Проанализированы девиантные подростки в разных регионах исследования – Балашиха и Кызыл, но проблемы оказались очень схожи.*

Современная ситуация развития общества находится на этапе повышенной угрозы не только семье, но и детям, что формирует значительное повышение личностной деструкции, затруднение процесса адаптации и формирование серьезной социальной категории – «группа риска». Данная проблематика является актуальной уже длительное время и берет свое начало с 20-30 годов, когда был создан институт по изучению причины появления «трудных детей». Со временем данный вопрос актуализировался сильнее и в 90-х годах в нашей стране стали создаваться центры помощи семье и детям, такие как: социальные приюты, центры социальной защиты семьи и детей, телефоны доверия и т.п. Каждое из учреждений социально-психологической и педагогической поддержке семьи вносит определенный вклад и содействие помощи семьям «группы риска».

На сегодняшнее время понятие «группа риска» в научной среде приняло единую парадигму трактовки, но имеются различные уточнения. «Риск» подразумевает возможную вероятность негативных последствий, которые могут произойти при наличии определенных факторов в развитии. Семьи «группы риска» — это определенная категория семей, имеющая нежелательные факторы, которые могут привести к различным деструкциям [1].

Риск в данном случае рассматривается исходя из категорий: риск потери здоровья, жизни, жилищных и материальных условий и так далее, и относится в основном к детям, проживающим в данной семье. Таким образом, в рамках контекста приоритетной помощи со стороны государства и общества находятся дети, воспитывающиеся в данной семье.

Таким образом, в категорию семей «группы риска» в общеобразовательных учреждениях относят детей, воспитывающихся в вышеперечисленных семьях и имеющих различные адаптационные трудности. К ним можно отнести:

1. Детей из неблагополучных семей
2. Детей, имеющих низкую успеваемость
3. Детей, проявляющих девиантное поведение
4. Детей из асоциальных семей и т.д. [2].

Исходя из данной классификации, Е.И. Казакова выделила группы факторов, позволяющей отнести ребенка к данной категории: педагогические, социальные и психофизические факторы [3]. В.Е. Летунова немного расширила и дополнила классификацию следующими группами:

–медико-биологические, к которой относят наследственные факторы, группу здоровья, заболевания, образ жизни родителей, родовые травмы и т.д.

–социально-экономические – статус семьи (многодетность, неполная семья, безработность родителей, аморальный образ жизни родителей, девиантность и т.д.)

–психологические – депривация, проблемы в адаптации и социализации, нарушение установления межличностных взаимоотношений и т.д.

–педагогические – низкая успеваемость, школьный абсентеизм ребенка, проблемы с усвоением программы и т.д.

В психологическом словаре В.П. Зинченко и Б.Г. Мещерякова поведение определяется как оценка человеком самого себя, своих возможностей, качеств и места среди других людей. От этого зависят отношения человека с окружающими, его критичность, требовательность к себе, отношение к успехам и неудачам. Формирование новых форм поведения, в том числе, возможно, и девиантного, является одной из наиболее ярких характеристик личности подростка [4].

Важно отметить, что подростковый возраст сложный этап в жизни каждого человека, время выборов, которое во многом определяет всю последующую деятельность. В этом возрасте формируется мировоззрение, переосмысливаются ценности, идеалы и жизненные перспективы. Этот период характеризуется формированием сознания и самосознания личности, а поведение человека регулируется его самооценкой, которая является интегральным образованием личности [5].

Эмоциональное давление со стороны сверстников также может играть большую роль в образе жизни, который выберет подросток, молодой человек. Таким образом, друзья и другие подростки могут увеличить риск злоупотребления психоактивными веществами, прогулов школьных занятий или противоправных действий. Когда в зрелом возрасте возникает давление, люди обычно возвращаются к механизмам преодоления и поведенческим моделям, которые были привиты в раннем возрасте.

Л. Клагес (1872-1956), Р. Мертон (1910-2003), Н. Смелзер (1930), Т. Шибутани (1920-2004) определяют девиантность в зависимости от степени соответствия социальным нормам. Следовательно, девиантное поведение — это то, что не соответствует социальным ожиданиям данного общества [6].

Для проверки этой гипотезы было спланировано и проведено в 2021 году комплексное эмпирическое исследование в школах двух разных регионов – Подмоскovie (школа № 16 г. Балашиха) и республика Тыва (школа № 10 г. Кызыл). Целью эмпирического исследования явилось выявление особенностей подростков группы риска (школьники 6-8 классов).

Несмотря на специфику этих регионов, различия в национальности детей, социально-экономические особенности населенных пунктов, статус семьи у проблемных подростков оказался схожим (смотри рисунок 1).




Рисунок 1 – Статус семьи

Как можно отметить, подростки с девиантным поведением чаще всего из неполных и многодетных семей. Также можно проанализировать статистику постановки девиантных подростков на учет (смотри рисунок 2).




Рисунок 2 – Статистика учета подростков-девиантов

При анализе вопроса «Состояли ли вы на внутришкольном учете или на учете в подразделении/комиссии по делам несовершеннолетних?» можно заметить, что чаще подростки состояли на внутришкольном учете, чем на учете в ПДН, а большая часть школьников вообще нигде не состояла на учете.




Рисунок 2 – Причины постановки подростков на учет

Исходя из рисунка 3, можно отметить, что наиболее частой причиной постановки на учет стало поведение и неуспеваемость школьников. Поэтому мы можем предположить, что

причинами плохого поведения и неуспеваемости являются педагогическая запущенность, «плохая компания», ссоры или напряженная обстановка в семье, защитная реакция на грубость со стороны ровесников, желание самоутвердиться.

В настоящее время мы все чаще употребляем понятие «трудный ребенок». Многие огрехи семейного воспитания можно списать на то, что ребенок относится к так называемой «группе риска». Такие дети проживают в неполных социально-неблагополучных семьях, более того, у таких семей, как правило, низкий образовательный уровень. Кроме того, эти дети не прошли организованной дошкольной подготовки, что существенно осложняет процесс социальной адаптации.

Возрастной диапазон таких детей 10-16 лет, который включает подростковый период развития ребёнка. Поэтому для нашей страны очень важно создание социальной программы по работе с детьми «группы риска», которая позволила бы осуществить комплекс превентивных, просветительских, диагностических и коррекционных мероприятий, направленных на проектирование и реализацию условий для успешной социализации обучающихся.

#### **Список использованных источников:**

1. Беличева С.А. Социально-педагогическая поддержка детей и семей «группы риска». – М., 2016, С. 34-35.
2. Василькова Ю.В. «Методика и опыт работы социального педагога». – М., 2012, С. 12-13.
3. Цабыбин С.А. Взаимодействие школы и семьи. - Волгоград: Учитель, 2015, С.78-79.
4. Большой энциклопедический словарь. - М.: Изд-во: Большая Российская энциклопедия, 2012, С. 150.
5. Щедрина Ю.В., Озерова С.А. Особенности проявления самооценки у подростка, в процессе наблюдения // Студенческая наука Подмосковья // материалы международной научной конференции молодых ученых, 2016, С. 759.
6. Павленок. П.Д., Руднева М.Я. Социальная работа с лицами и группами девиантного поведения: Учеб. пособие / Отв. ред. П.Д. Павленок. - М.: ИНФРА-М, 2018. - С. 59.

**Абрамова Е.А., Парфенова З.А.**

#### **ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аннотация.* Зерттеуге Балашиха және Кызыл аймақтарындағы әртүрлі девиантты мінез-құлықты жеткіншектер алынып, талданды, бірақ олардың мәселелері өте ұқсас болды.

УДК 376.3

Ағеділ Г.Е., Шалабаева Н.К.  
«Балапан» бөбекжайы КМҚК., дене шынықтыру нұсқаушысы, логопед,  
Қарағанды қаласы, Қазақстан  
[galia.17.05.82@mail.ru](mailto:galia.17.05.82@mail.ru)

#### **БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ ПРОЦЕСІНДЕ ЛОГОПЕД ПЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ НҰСҚАУШЫСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ**

*Аңдатпа.* Мақалада авторлар дауыс және тыныс алу жаттығуларының тізімі, сондай-ақ сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балаларға арналған топта оқытылатын лексикалық тақырыптарға сәйкес сөйлеуге байланысты қозғалмалы жаттығуларды кеңінен қарастырған. Логопед пен дене шынықтыру нұсқаушысы арасындағы ынтымақтастықтың артықшылығы жұмыстың нақты ұйымдастырылуында ғана емес, сонымен қатар уақтылы және сәтті түзету нәтижелерінде де мәселелер көтеріліп айқындалған.

Қазіргі әлемде сөйлеу тілі бұзылған балалар санының айтарлықтай өсуі байқалады. Сонымен қатар, жиі сөйлеу кемістігі интеллектуалды тежелуден мінез-құлық бұзылыстарына дейін қатар жүретін патологиямен қиындайды. Әрине, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің барлық мамандарының (педагог – психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы,

тәрбиеші және медицина қызметкері) кәсіби көмегінсіз логопед мұғалімнің түзету-тәрбиелік қызметі мүмкін емес. Өзара әрекет – ой, тәжірибе алмасу, қарым-қатынас.

Сөйлеу бұзылыстарын түзетуде жетекші орынды сөз алады, ерекше бағыт белсенді түрде қалыптаса бастады - логопедиялық ырғақ. Логоритмика – сөйлеудің шиеленісі мен монотондылығын жеңілдетуге көмектесетін дене және сөйлеу мүшелерінің қозғалыстарының жиынтығы. Балалардың ырғақты қимылдарды (дене, бас, қол, аяқ) орындаған кезде алған бос және жеңілдігі сөйлеу мүшелерінің қозғалыс қасиеттеріне жақсы әсер етеді. Логоритм (немесе оны сөйлеу-моторлық ырғақ деп те атайды) қозғалыс пен сөйлеу арасындағы байланысты пайдалануды қамтиды [1].

Сөйлеудің жалпы дамымауы бар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу және жалпы дамуын түзетумен логопед мұғалімі ғана емес, сонымен қатар дене шынықтыру нұсқаушысы да айналысады. Егер логопед мұғалім балалардың сөйлеу қарым-қатынасын дамытып, жетілдірсе, онда арнайы сабақтарда дене шынықтыру нұсқаушысы балалармен жалпы физикалық даму, денсаулықты нығайту, моториканы дамыту мәселелерін шешеді, бұл психомоторлық функциялардың қалыптасуына ықпал етеді. Мұғалім-логопед қойған дыбыстарды автоматтандыру, зерттелетін лексикалық тақырыпты ескере отырып әзірленген арнайы таңдалған қимыл ойындары мен жаттығулар арқылы тілдің лексикалық-грамматикалық құралдарын бекіту мүмкіндігіне ерекше назар аударылады.

Логоритмика құралдары әр түрлі бағытта жүру және жүру; тыныс алуды, дауысты және артикуляцияны дамытуға арналған жаттығулар; бұлшықет тонусын реттейтін жаттығулар; зейін жаттығулары. Әртүрлі бағытта жүру және маршпен жүру балаларға шеңбер бойымен жалғыз, жұппен және топпен жүру, әртүрлі заттарды айналып өту, қарсы жүру кезінде соқтығыспау, берілген бағытты ұстану, бағдаршамдар бойымен қозғалу, олардың арасындағы қашықтықты бірдей сақтау сияқты қарапайым дағдыларды үйретуі керек. жаяу жүргіншілер, және құрылыс қатарлары, билеушілер, бағаналар және т.б.

Бала кеңістікте және ұжымда, қозғалыстың оң немесе сол бағытында, айналымда, артқа, орталыққа қараған кезде бағдарлауды үйренеді. Тұрақтылық жаттығулары практикалық өмірде қажетті объектілер арасында жүруде мақсатты түрде бағдарлануға мүмкіндік береді. Сөйлеу-қозғалыс ойындары мен жаттығулары сөйлеу мен қозғалыстың үйлестіру және реттеу функцияларын дамытуды қамтиды. Олар тыныс алу жүйесін, моториканың барлық түрлерін дамытады, мәнерлі қимылдар мен ертегілердегі, өлеңдердегі, драмалық көріністердегі кейіпкерлер арасында байланыс орнатады.

Тыныс алу және артикуляциялық жаттығулардың ойындары мен ойын жаттығулары сөйлеуден тыс және сөйлеу тынысын, дыбыстардың артикуляциялық негізін қалыптастырудың негізі болып табылады. Мұндай оқыту алдымен оқшауланып, кейін рөлдік ситуацияларға енгізіледі. Ойын массажы бұлшықеттердің шамадан тыс тонусын, шаршауды, психикалық стрессті жеңілдетуге қызмет етеді. Саусақ гимнастикасы ұсақ моториканы дамытудың және қол мен саусақ қимылдарын сөйлеумен үйлестірудің негізі болып табылады. Тыныс алуды, дауысты және артикуляцияны дамытуға арналған жаттығулар дұрыс диафрагмалық тыныс алуды, дем шығару ұзақтығын, оның күшін және біртіндеп болуын дамытуға арналған. Оларды қолдың, торстың және бастың қозғалыстарымен біріктіруге болады[2].

Ерте кешенді емдеу, арнайы білім беру жағдайында балалардың көпшілігі жалпы білім беру ұйымдарында табысты оқи алады, өз құрдастарымен толық қарым-қатынас жасай алады. Көптеген тиімді түзету әдістеріне қарамастан, сөйлеудің жалпы дамымауын жеңу мәселесі әлі шешілмейді. Әрбір мектеп жасына дейінгі балаға өзінің жеке бағыты, өзінің табысты жеке даму траекториясы қажет. Баланың балабақшаға жүйелі түрде баруы, ата-ана мен ұстаздың тығыз қарым-қатынасы, балалардың денсаулығын нығайтуы үшін бұл міндет заманауи ұстаздарға жүктеледі.

Қазіргі кезеңдегі сөйлеу қозғалысының ырғағы балалардағы сөйлеуді түзетуде логопедиялық практикада қабылданған дәстүрлі әдістер мен формалармен қатар қолданылады және түзету жұмыстарының әртүрлі кезеңдеріндегі сабақ құрылымына енеді. Мұндай іс-шаралар баланың сөйлеу бұзылыстарын түзетуге мүдделі ата-аналардың қолдауымен және тығыз ынтымақтастығымен әлдеқайда нәтижелі болып көрінеді. Мұндай жұмыстағы жетекші орындардың бірін дене шынықтыру сабақтары алады, бұл екі себепке байланысты: біріншіден, мотор анализаторы сөйлеуді дамытуда үлкен рөл атқарады, екіншіден, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда психомоторлық дамудың артта қалуы байқалады: ептілік пен

жылдамдықтың төмен деңгейі, қозғалыстарды автоматтандыру жоқ, оқу деңгейінің төмендігі, қабылдау, зейін және есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда бұлшықет тонусы жиі өзгереді, сондықтан белсенді релаксация мен бұлшықет кернеуіне арналған жаттығуларды қосу өте қажет. Тонды реттеу әр түрлі амплитудасы мен жылдамдығымен жаттығулар жасауға ықпал етеді. Сөйлеуді сүйемелдеу жаттығуларын орындау сөйлеу мен дауыс күшін белсендіреді. Сөйлеу мотор ырғағын балаларды тәрбиелеу мен оқытудың кез-келген қалпына келтіретін әдісіне қосу қалыпты дамып келе жатқан балалар үшін де, психофизикалық дамуында ауытқулары бар балалар үшін де пайдалы. Бұл бағыт балаларды оқытудағы кешенді тәсіл жүйесінде белгілі бір орын алады, мотор саласын дамыту, тәрбиелеу және түзету арқылы сөйлеуді қалыпқа келтіру мақсатында қызмет етеді.

Сөйлеу-моторлы ырғақ, ең алдымен, балаларға пайдалы:

- кекештенумен немесе оған тұқым қуалайтын бейімділікпен;
- тым жылдам/баяу немесе үзік-үзік сөйлеумен;
- қозғалыстарды үйлестіру және қозғалыс дағдылары жеткіліксіз дамыған жағдайда;
- дизартриямен, сөйлеу дамуының кешігуімен, дыбыстардың айтылуының бұзылуымен;
- жиі ауыратындар мен және әлсіздерге;

Логопат балалардың жалпы мотор сферасы ыңғайсыз, шектеулі, бөлінбеген қозғалыстармен сипатталады. Жоғарғы және төменгі аяқтардың қозғалыс көлемінің аздап шектелуі мүмкін, функционалды жүктеме кезінде бірлескен қозғалыстар, бұлшықет тонусының бұзылуы мүмкін. Жиі жалпы ұтқырлықпен баланың қозғалысы ыңғайсыз және нәтижесіз болып қалады.

Ең анық, жалпы моториканың жетіспеушілігі бұл бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балаларда денені дәл бақылауды, әртүрлі бұлшықет топтарының дәл жұмысын және қозғалыстарды дұрыс кеңістіктік ұйымдастыруды қажет ететін күрделі қозғалыстарды орындау кезінде көрінеді. Сөйлеу моторлы ойындары мен жаттығулары сөйлеу мен қозғалыстың үйлестіру және реттеу функцияларын дамытуды қамтиды. Сөйлеу-қозғалыс ырғақтарын қолданатын сабақтар балалардың тірек-қимыл аппаратын нығайтады, тыныс алуын дамытады, дұрыс дене қалпын, жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалыстарының сымбаттылығын тәрбиелейді.

Олар тыныс алу жүйесін, моториканың барлық түрлерін дамытады, экспрессивті қозғалыстар мен ертегілер, өлеңдер, драматизация кейіпкерлері арасында байланыс орнатады. Мұндай ойындардағы тән сәт-бұл жалпы, кейде жеткіліксіз басқарылатын қозғалыстардан нәзік, сараланған қозғалыстарға көшу. Тыныс алу және артикуляциялық жаттығулардың ойындары мен ойын жаттығулары сөйлеу емес және сөйлеу тынысын, дыбыстардың артикуляциялық негізін қалыптастыруға негіз болып табылады. Тыныс алу және артикуляциялық жаттығулар алдымен оқшауланып, содан кейін рөлдік жағдайларға қосылады.

Жаттығулар партитурамен, музыкалық сүйемелдеумен, дирижердің қимылы мен мұғалімнің үлгісіне сүйене отырып орындалады. Ойын массажы бұлшықеттердің шамадан тыс тонусын, шаршауды, психикалық стрессті жеңілдетуге қызмет етеді. Гимнастика – ұсақ моториканы дамытудың және қол мен саусақтардың қимылдарын сөйлеумен үйлестірудің негізі. Тыныс алуды, дауысты және артикуляцияны дамытуға арналған жаттығулар дұрыс диафрагмалық тыныс алуды, дем шығару ұзақтығын, оның күшін және біртіндеп болуын дамытуға арналған. Оларды қолдың, торстың, бастың қозғалыстарымен біріктіруге болады.

Тыныс алуды дамытуға арналған жаттығуларға дем шығару кезінде айтылатын сөйлеу материалы жатады. Дауысты дыбыстарды оқшаулап айту арқылы сөйлеу-моторлы жаттығуларды меңгеруді бастаймыз, бұл дағды игерілген сайын дыбыстар бір-бірімен дыбыс тізбегіне біріктіріледі (сөйлеу дем шығару кезінде екі дауыстыдан алтыға дейін). Бірте-бірте біз сөйлеу моторлы жаттығуларын буындар мен буын тізбегіне, содан кейін сөздерге, сөз тіркестеріне, сөйлемдерге және мәтінге енгіземіз. Дыбыс бойынша жұмыс кезеңіне қарай қимылдар түрленеді. Мұндай жаттығулардың түпкі мақсаты - сөйлеу материалын моторлық сүйемелдеусіз өз бетінше айту[3].

Осылайша, сөйлеудің жалпы дамымауы мен ауыратын балаларға арналған компенсаторлық топтағы логопед пен дене шынықтыру нұсқаушысы жұмысындағы сабақтастық пен өзара байланыс логопедиялық жұмыс нәтижелерінің берік шоғырлануына ықпал етеді және түзету-дамыту жұмыстарының табыстылығының кепілі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гомзяк О., С. *Говорим правильно в 5–6 лет. Конспекты фронтальных занятий.* — Москва: ГНОМ, 2014. — 126 с.
2. Филичева Т. Б., Орлова О. С., Туманова Т. В. *Основы дошкольной логопедии.* — Москва, 2015. — 317 с.
3. Быкова Н. М. *Игры и упражнения для развития речи.* — СПб: Детство-пресс, 2010. — 156 с.

**Ағеділ Г.Е., Шалабаева Н.К.**

**ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ЛОГОПЕДА И ИНСТРУКТОРА ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ  
В ПРОЦЕССЕ КОРРЕКЦИОННОЙ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ**

*Аннотация.* В статье авторы подробно рассмотрели перечень голосовых и дыхательных упражнений, а также двигательных упражнений, связанных с речью, в соответствии с лексическими темами, изучаемыми в группе для детей с тяжелыми нарушениями речи. Преимущества сотрудничества логопеда и инструктора по физической культуре заключаются не только в четкой организации работы, но и в своевременных и успешных коррекционных результатах.

ӘОК 61

Аймуханбетова А.Б.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 2 курс студенті  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
[aimukhanbetova1998@mail.ru](mailto:aimukhanbetova1998@mail.ru)

Ғылыми жетекші: б.ғ.к., доцент Турлыбекова Г.К.

**ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
ПСИХИКАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРЫ**

*Аңдатпа.* Қазіргі уақытта ресми медициналық статистика барлық жас топтары, соның ішінде мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында психикалық аурулардың таралуының тұрақты өсу тенденциясын көрсетеді. Қазіргі халқымыздың денсаулығын зерттеу - жан-жақты ғылыми талдауды және оны талқылауға мүдделі барлық мамандардың белсенді қатысуын талап ететін өзекті мәселе. Сондықтан, мақалалық жұмыстың таңдалған зерттеу тақырыбының маңыздылығы қазіргі жағдайдағы халықтың денсаулығына байланысты. Еліміздің денсаулық жағдайы еліміздегі маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі кезеңдегі халықтың денсаулығы терең және жан-жақты зерттеулерді қажет ететін өзекті мәселеге айналып отыр. Қазіргі зерттеулер бойынша халқымыздың барынша денсаулық жағдайы жеткіліксіз түрде екені анықталды. Халқымыздың денсаулық мәселелерін зерттеу үшін "Денсаулық" ұғымының мәні мен мәнін түсіну маңызды. Ол аурудың болмауымен сипатталатын жағдай ретінде ғана емес, сонымен қатар халқымызға қажетті ресурс ретінде де түсіну болып табылады.

Еліміздің әртүрлі аймақтарында зерттеу топтары жүргізген арнайы эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелері аурушандық пен сырқаттану көрсеткіштерінің жоғары өсуін және шекаралық психикалық патологияны анықтаудың кең таралмағанын растаумен қатар, айқын белгілері жоқ бұзылулардың болуын көрсетті. «пренологиялық» немесе «субклиникалық» деп аталатын бұзылулардың нормасына да, патологиясына да жатқызуға болмайтын олардың шекараларының белгісіздігімен сипатталатын клиникалық нысандары мен нозологиялық ерекшелігінен бастай келе, Мектеп оқушыларының психикалық денсаулығы ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, жас ұрпақтың толыққанды білімі мен үйлесімді қалыптасуын қамтамасыз ету кез келген өркениетті қоғамның ең маңызды медициналық-әлеуметтік міндеті болып табылады. Осыған байланысты көптеген зерттеушілер оқушылардың психикалық денсаулығын сақтау мен дамытуды оқумен қатар мектеп үшін басымдық деп тану қажеттілігі туралы айтады.

ҚР медицина жағдайы - ел ішіндегі факторлардың әсерінен және ақ халатты абзал жандардың едәуір дәрежесінде қалыптасады. Ақ халатты абзал жандар рөлі бүгінгі күні аса

маңызды болып келеді. Қазіргі уақытта халқымыздың денсаулық жағдайына әсер ететін маңызды факторлар - қазіргі медициналық шарттары мен технологиясы болып табылады. Қоғам әл-ауқатының басты өлшемдерінің бірі - халықтың денсаулық жағдайы. Барлық өркениетті елдерде ұлт денсаулығы елдің әлеуметтік даму деңгейін сипаттайтын ең маңызды әлеуметтік құндылық ретінде танылады. Осыған байланысты халықтың денсаулығын нығайту проблемасы мемлекеттік органдардың қызметіндегі басым бағыттардың бірі болып табылады.

Алайда, қазіргі кездегі еліміздегі қазіргі демографиялық жағдайды талдау барлық жас топтарының денсаулығының нашарлау тенденциясын, туу коэффициентінің төмендеуі мен өлім-жітімнің артуын және депопуляцияның дамуын анықтады. Теориялық аспектіде әлеуметтік денсаулық категориясын дамытуда денсаулық жағдайы, құндылығы, мәдениеті ұғымдарын зерделеу маңызды; әлеуметтік денсаулық пен халықтың денсаулығы категорияларының арақатынасын анықтау. Денсаулыққа әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторларды және осы ықпал ету механизмдерін анықтау үшін денсаулықтың әлеуметтік сипаттамаларын, оның ішінде адамдардың әлеуметтік қатынастары мен өзін-өзі сақтайтын мінез-құлқын зерттеу қажет сияқты.

Бала денсаулығы - қоғам дамуының және өмір сүру деңгейінің маңызды сипаттамаларының бірі, ол толығымен организмнің генетикалық ерекшеліктеріне, әлеуметтік-экономикалық шындыққа және қоршаған орта факторларына (табиғи және антропогендік) тәуелді болады. Бұл халықтың аурушандығының әр түрлі факторларға тәуелділігін кешенді (жүйелік) талдау қажеттілігін анықтайды. Алайда, көп жағдайда қоршаған ортаның сапасының халықтың денсаулығына әсерін бағалау үшін белгілі бір фактордың (ластаушы) белгілі бір нозологияға әсері туралы ақпарат қолданылады (мұндай жұмыстар «санитарлық-гигиеналық профильді» зерттеу ретінде анықталуы керек).

Өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін ҚР сырқаттанушылықтың кеңістіктік таралуын зерттеудің екі мүмкіндігі болды. Біріншісі 90-жылдардың басында ғана бірқатар жинақтардың жарық көруіне байланысты көпшілікке қол жетімді болған мемлекеттік статистиканың мәліметтеріне негізделген; екіншісі - белгілі бір экологиялық қолайсыз қалалар үшін алынған «Денсаулық» мәліметтерін пайдалану. Бұл мәліметтер қайталанбады, бірақ бірін-бірі толықтырды - бүкіл халық мемлекеттік статистикамен қамтылды, ал «Денсаулық» шеңберінде өнеркәсіптік орталықтардың «лас» және салыстырмалы түрде «таза» аймақтарында және кәсіби тұрғыда тұратын халық топтарының үлгілері алынды. қауіпті өндірістермен байланысты емес зерттелді. Адамдар денсаулығының индикативті рөлі әр түрлі масштабтағы аумақтар үшін қоршаған ортаның сапасын бағалау үшін бірыңғай теориялық және әдістемелік тұрғыдан талданатын жұмыс жоқ (мысалы, үлкен өзен бассейні). облыс - қала). Біз аурушандықты, мүгедектікті және өлімді азайту, әр адамның денсаулығының максималды мүмкіндігіне қол жеткізу арқылы қоғамға тікелей және жанама шығындарды азайтуға бағытталған денсаулық сақтаудың экономикалық тиімді моделін құру туралы айтып отырмыз. Үлкен әлеуметтік-экономикалық және медициналық маңыздылығына қарамастан, халық ауруларының ұзақтығы проблемасы теориялық тұрғыдан жеткіліксіз дамыған, ал денсаулық сақтаудың практикалық қызметінде оны болжаудың сенімді құралдары жоқ. Денсаулық әр адамның өмірінде ерекше маңызды, бұл ұлттық қауіпсіздіктің негізгі аспектісі, жеке және әлеуметтік әл-ауқат пен әл-ауқатқа жету мүмкіндіктерін, тұрақты даму перспективаларын анықтайды. Заманауи жағдайларда денсаулықтың маңыздылығы оны адамның қауіп-қатері мен қауіп-қатерлері тұрғысынан, денсаулықтың сапасына, оны қамтамасыз ету үшін технологиялық және қаржылық мүмкіндіктерге деген талаптардың тұрғысынан адамның ажырамас құқығы ретінде түсінуін ескере отырып, айтарлықтай қайта қарастырылуда [1].

Сіз біздің планетамыздың тұрғындары респираторлық ауруларының көбеюін көрдіңіз бе? Әрбір үшінші адамда аллергиялық ринит, ал әрбір оныншы адамда бронх демікпесі бар.

Қазіргі уақытта өндірістердің мен табиғатқа зиян әсер тигізетін салалардың дамуы, ауа мен судың ластануына алып келеді. Өндіріс пен көлік атмосфераны ластайтын газдардың көп мөлшерін (көмірқышқыл газы, көміртегі тотығы, күкірт диоксиді, азот оксиді, метан) шығарады. Кейде ауа соншалықты ластанған, дем алуға өте қиын болады. Мұндай жағдайлар адамдар арасында респираторлық ауруларының жоғарылауына әкеледі.

Қазақстанда өнеркәсіп кәсіпорындарының зиянды заттар шығарындыларының үлесі 85% - дан асады. Сондықтан елімізде ауа, су және жер ресурстарының ластануымен байланысты экологияның өзекті мәселелері бар. Қазақстан ауаның ластану индексі нашар елдер рейтингінде 64-орында тұр және еліміздің көптеген қалалары шамадан тыс ластанған атмосферадан зардап шегеді: кейбір елді мекендерде ауаның ластану деңгейі рұқсат етілген нормадан 8-10 есе асады.

Егер су туралы айтатын болсақ, бүгінде Қазақстанда 33 су нысаны пайдалануға жарамсыз. Еліміздің ең проблемалы су айдындарының бірі — Арал теңізі, Балқаш көлі және

Каспий теңізі. Арал теңізі қазір салынған су қоймаларына байланысты жойылу қаупінде тұр. Олар энергетика индустриясы, су көлігі, ауылшаруашылық өндірісі, ірі кәсіпорындар мен елді мекендерді сумен жабдықтау, демалыс және туризм аймақтарын ұйымдастыру үшін салынды. Балқаш көлінде осындай проблемалар орын алуда: ол өз көлемін жоғалта бастады. Көл суларында тұздардың жоғары концентрациясы анықталды, күкірт диоксиді, ауыр металдар және улы шаң табылды.

Суды қатты таяз және иррационалды пайдалану проблемасы бар. Каспий теңізі жыл сайын өзін-өзі тазарту қабілетін жоғалтады. Мұнай ресурстарын өндіру экологиялық жағдайды нашарлатады. Бүгін ҚР-да күрделі экологиялық жағдай қалыптасты.

Біздің зерттеуіміздің арқасында біз еліміздің экологиясының нашарлауының негізгі себептерін анықтадық:

1. Судағы және ауадағы зиянды өнеркәсіптік қалдықтардың артық болуы. Шамадан тыс өнеркәсіптік белсенділік ауа мен су қоймаларын ластайды, оларды ішуге жарамсыз етеді.

2. Ағаштарды шамадан тыс кесу. Бұл ауаны сүзуге көмектесетін ағаштар, оны таза етеді. Егер елде ағаштар аз болса, ауа сапасы байқарлықтай төмендейді

3. Табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдалану. Адамдар өндірісте пайдаланатын көптеген табиғи ресурстар жаңартылмайды. Егер адамдар оларды ұтымсыз пайдаланса, болашақта бұл үлкен экологиялық мәселелерге әкелуі мүмкін.


Біздің сауалнамамыздың арқасында біз респонденттеріміздің елдегі экологиялық жағдай туралы пікірін білдік. Сауалнама 8 сұрақтан тұрды. Келесіде олардың ең маңыздылары ұсынылады.

Респонденттердің пікірінше, Қазақстандағы ең үлкен экологиялық мәселелер ауа (90,9%) мен судың (45,5%) ластануы болып табылады.



**Сурет 1. Респонденттердің пікірінше, Қазақстан экологиясының ең көп таралған мәселелері**

Респонденттердің пікірінше, экологиялық проблемалардың пайда болуының ең маңызды себептері табиғаттың көмірқышқыл газымен ластануы (90,9%) және зиянды заттардың өндіріспен шамадан тыс шығарылуы (72,7%) болып табылады



**Сурет 2. Респонденттердің пікірінше, Қазақстанда экологиялық мәселелердің пайда болу себептері**

Негізінде экологияны жақсарту үшін респонденттер су мен жарықты үнемдейді (54,5%) және экологиялық таза шопперлерді (45,5%) пайдаланады.



**Сурет 3. Қазақстан экологиясын жақсарту үшін респонденттердің іс-әрекеттері**

Біздің зерттеуімізге сүйене отырып, біз экологияны жақсартудың бірнеше жолын анықтай алдық. Олар өте қарапайым, оларды бәрі қолдана алады.

Ағаштар мен гүлдер отырғызыңыз. Олар ауаның оттегі теңгерім сақтайды, шаң мен газдың ластануын азайтады.

Қозғалысыңызды экологиялық таза етіңіз. Жиі жүріңіз немесе экологиялық таза көлік түрлерін қолданыңыз: автобус немесе велосипед. Көліктермен аз жүріңіз.

Суды, электр қуатын және жылуды үнемдеңіз. Тістеріңізді тазалағанда немесе ыдыс жуғанда шүмекті өшіріңіз. Энергияны үнемдейтін шамдарды қолданыңыз (люминесцентті немесе LED). Егер сіз оларды пайдаланбасаңыз, шамдарды, компьютерді немесе теледидарды өшіруді ұмытпаңыз. Үйіңіздің қабырғаларын, әсіресе жылыту батареяларының артында жылу оқшаулаңыз. Бұл шамамен 5% - дан 10% - ға дейін энергияны үнемдейді.

Өсімдік қалдықтарын күйдірмеңіз: ағаш чиптері, ағаш бұтақтары, қағаз, жапырақтар, шөптер... мұның бәрін компостқа айналдырып, топыраққа қайтару керек. Шөптер мен жапырақтарды жағу өртке әкелуі мүмкін және ауаны одан әрі ластайды

Қоқыс мөлшерін азайтыңыз. Қоқысты дұрыс тастаңыз: қалдықтарды олар жасалған материалға байланысты сұрыптаңыз. Қоқыстың бір бөлігін өзіңіз өндеуге тапсырыңыз. Пластикалық пакеттер мен пластикалық бөтелкелерді тұтынуды азайтыңыз. Қайта өңделетін материалдан жасалған қайта пайдалануға болатын сөмкелерді пайдаланыңыз. Қауіпті электронды қалдықтарды жалпы контейнерге тастамаңыз. Сіз кимеген заттарды тастамаңыз. Оларды қабылдау пункттеріне тапсырыңыз

Қорытындылай келе, біз жұмысымыздың қорытындысын шығарамыз. Біздің зерттеулерімізді негізге ала отырып, қазіргі уақытта Қазақстандағы экологиялық жағдай қатты нашарлады. Мұның себептері-шамадан тыс өндіріс, табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдалану, ағаштарды кесу. Қазақстан жастары еліміздегі экологиялық жағдайды жақсы түсінеді және мүмкіндігінше оны жақсартуға тырысады. Сонымен қатар, біздің табиғатымызға әркім қолдана алатын көптеген түрлі тәсілдер бар. Болашақта зерттеуді жалғастыруға болады. Болашақта Қазақстан аумағындағы экологиялық ұйымдардың қызметін зерттеуге болады.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Алматыдағы экологиялық жағдайды жақсартуға арналған 10 кеңес. Сайт "Қандай адамдар! Бізге бәрібір емес!". 2016 жылғы 15 желтоқсан. <http://cso-central.asia/10-sovetov-dlya-uluchsheniya-ekologicheskoy-obstanovki-v-almaty/>

2. Боженко Ярослав. Қазақстанның экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары. Сайт Nur.KZ. 2 қараша 2021 жыл. <https://www.nur.kz/family/school/1666860-ekologicheskie-problemy-kazakhstana/>

3. Горбунова Арина, журналист. Қазақстанның экологиялық проблемаларын шешу жолдары Үкіметте қалай көрінеді. Сайт "Forbes. Қазақстан". 2021 жылғы 16 маусым. [https://forbes.kz//process/ecobusiness/v\\_10\\_gorodah\\_kazahstana\\_-\\_vyisochayshiy\\_uroven\\_zagryazneniya/](https://forbes.kz//process/ecobusiness/v_10_gorodah_kazahstana_-_vyisochayshiy_uroven_zagryazneniya/)

### **Антикеева А., Карабаева А., Серкебаева М., Утаралиева Д., Чураева Н. ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ МОЛОДЕЖИ**

**Аннотация.** В статье рассматривается нынешнее состояние экологии Казахстана и её основные проблемы. Помимо этого, особое внимание уделяется отношению молодого поколения к экологии. Таким образом, наша работа озвучивает нарастающие экологические проблемы нашей страны и выявляет факторы их появления. Основная мысль статьи заключается в том, что мы все ответственны за состояние нашей экологии и все можем принять участие в улучшении данной ситуации. Данная статья является очень актуальной в современное время, ведь благодаря этой работе мы хотим напомнить нашим согражданам об экологической обстановке в Казахстане, сделать их более осведомлёнными в данном вопросе и повысить их экологическую ответственность.

ӘОК 37

Аширбекова Н.Ж.

«С.Торайғыров атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ

Бұқар -Жырау ауданы, Қарағанды облысы

Қазақстан Республикасы

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ**

**Аңдатпа.** Автор бұл мақаласында сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі емес, сонымен бірге баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдері қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үрдісін жолға қою керектігін баяндайды.



«Адамзатқа және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Мектептер оқушыларды түрлі мәдениет өкілдерімен әріптестік қарым-қатынас жасауды, алуан түрлі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды ескеруді, адамдар өздерінің алуан түрлілігіне қарамастан, технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедергілерін жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және әріптестікте жұмыс істеуін қажет ететін әлемде, адамдардың өмірі ұлттық шекаралар аумағынан тыс мәселелерге байланысты болатын әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауы керек. Жиырма бірінші ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастыққа өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек». (Андреас Шлейхер, 2014)

Қазақстан Республикасында білім мазмұнын жаңарту оқушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру. Біліктілікті арттыру оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесіне арналған жаңа білім беру болып табылады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет». Жаңа білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Өз тәжірибесінде сынап көруге және оны ой елегінен өткізіп, рефлексия жасауға, сондай-ақ оқушыларға барынша қолдау көрсетуге бағытталған жаттығулар мен тапсырмаларды қолдана білуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасын жаңарту критериялды бағалау жүйесі оқушылардың сонымен қоса мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Жаңаша оқытуда педагогиканың барлық аспектілері сындарлы оқытуға негізделген. Яғни оқушылардың бір-біріне сын тұрғысынан қарауы. Жаңаша білім беру мектептердің оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым, зерттеуге негізделген оқу, белсенді оқу деп өзгерді. Белсенді оқуда топтық, жұптық, рөлдік ойындар арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттырып белсенді оқуға жетілдіру.

Біліктілікті арттыру курсына деңгейлеп оқыту бағдарламасының әдіс-тәсілдерінің теориялық негізін меңгере отырып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін деңгейлеп оқыту бағдарламасын оқып үйреніп, практика кезінде бұл оқудың артықшылықтарына көз жеткізуге болады. Қазіргі таңда білімді өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде бұл оқу бағдарламасының алатын орны ерекше. сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен бағдарламаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Қазіргі уақытта педагогика ғылымның бір ерекшелігі- баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, оқу үрдісіне енгізу.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдері қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды интербелсенді оқыту сабақтары деп білеміз. Интербелсенді оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл- ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Интербелсенді оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым – қатынас. мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс- әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Мысалы, сауат ашу кезіндегі сабақтар оқушының дыбыс пен әріпті меңгерумен қатар сөздік қорын арттырады.

Тілін дамыту да сабақ барысында жүргізіледі. Сабақта диалогты сөйлеуге үйрету, түрлі тапсырмалар беру, оқушының ой- өрісін арттырады. Әрбір сұрақ оқушының ойын дамытуға лайықтанып берілуі тиіс. Мысалы: «Мына заттың атынан қандай жаңа дыбыс естіп тұрсың?», «Қалай ойлайсың?», «Бұл қандай дыбыс?». оқушылар жауап бергенде бірін – бірі толықтырып, ойланып, түзетіп отыру арқылы есте сақтау, іздену және зерттеу қабілеттерін дамытады. жазуды ауада жазып, кеспе әріптермен жазып үйренеді. ол оқумен қатар меңгеріледі, текшелер арқылы қателеспей дыбыстық талдау жасауға үйренеді, буындап оқи отырып, тұтас сөзді жазуға үйренеді. Психолог Л.С.Выгодскийдің айтуынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы». Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді

пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой – өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Интербелсенді оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой – пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президент жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен анықталады» - деген байламы жеке адамның құндылықтарын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Әрбір талантты бала еңбекке бейім, шығармашылық тапқырлықпен еңбек етеді. «Дарынды ұстаздан дарынды шәкірт шығады» демекші, дарынды оқушылардың көп болуы шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздарға байланысты. «Қоғамдық қажеттіліктің деңгейі мен сипаты ғана жаңалықты енгізу бойынша істелген жұмыстың бағыты мен жемістігін анықтайды. Сондықтан, оларды негіздеуде тар шеңберде қолданылатын міндеттермен шектеліп қана қоймай, әлеуметтік – педагогикалық дамудың нақты бағыттары мен негізгі мақсаттарын ескеруіміз қажет. бұл ұсақ ұстанымсыз өз – өзімен, сондай-ақ, қоғамдық міндеттер мен құндылықтармен де еш байланыссыз тәртіпсіз шашырап жатқан инновациядан аулақ болу үшін маңызды» дейді А.Найн.

Жаңаша білім беру мазмұнында бағалаудың критериалды бағалау жүйесі енгізілді. Бұл бағалаудың сапалылығын, әр білім алушының қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Білім алушының дамуын, қызығушылығын және де оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады.

**Критериалды бағалау екіге бөлінеді: қалыптастырушы және жиынтық.** Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерлеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Бағдаршам», «Бір минуттық эссе», викториналар, сұрақтар т.б. Жиынтық бағалау белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды: Жоғарыда келтірілген тұжырым Қазақстанда білім беру саласына өзгеріс қажет екенін анық көрсетеді. Технология, коммуникация мен ғылым салалардағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, 21 ғасырда табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Білім беру бағдарламасының мазмұны, педагогикалық тәсілдер және бағалау тәсілдері бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс.

- оқу, бағалау тәсілдері өзгереді
- оқушы белсенді қызмет атқарады, не істейтінін біледі
- ата-анамен, ұжыммен тығыз байланыс болады
- педагогикалық әдіс-тәсілдер өзгереді

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту маңызды өзгерістердің сатысында тұр, сол себепті бұл тақырыптың өзектілігі сонда.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз екі процесті – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қатар жүргізіп, белгілі бір нәтижеге жетті, қазіргі уақытта жаңа тарихи кезеңге – Рухани жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғыру бізден ұлттық санамызды қалыптап, бәсекеге қабілетті болып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді. Рухани жаңғырудың ең басты шарты – «білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу» Өйткені, ҚР Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек...

Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Бұл жерде әңгіме еліміздің болашағы туралы. Оның ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Бүгінгі жас ұрпақ, болашақ маман Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында көрсетілген міндеттер бойынша: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген білім алулары керек». Ендеше, біздің

ұстаздарымыз оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, білім беруді ақпараттандырып, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу арқылы оқытуды сауатты, сапалы жүзеге асырып, мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырғанда ғана қоғамымыздың дамуына елеулі үлес қоса алады.

Бұл істердің барлығын жүзеге асыратын еліміздің ұстаздар қауымы. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шындайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы. Ұстазда ұйымдастырушылық, құрылымдылық, бейімділік, сараптамалық қабілеттердің де болуы шарт.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТны қолдану, коммуникативті қарымқатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оған оқу мақсаттарын зерделей отырып тапсырмаларды, сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялды бағалау жүйесіне өтеді.

Критериялды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ықыласын туғызады. Кеңестік заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылды. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі.

Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериялды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты.

Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен дамып, өрлей түскені жай ауызекі тілде ғана ойын жеткізуден, күрделі мәтіндер құра білу дағдылары шындалып, тілдік құзыреттіліктері шындала түседі. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі.

Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік

мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған. Ал осы уақытқа дейін біздің елімізде жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар күтілетін нәтижеге көз жеткізбей, түрлі әсер етуші факторлар ықпалымен мамандық таңдап, ақыр соңында сол оқыған мамандықтары бойынша жұмысқа тартыла алмай отырғаны бәрімізге белгілі.

Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқан көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен өрлей түскені жай эссе жазудан әңгіме тіпті повесть жаза алатындай дағдыға ие болып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі. Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды.

Осы орайда жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Драма әдісі», «Маңыздылық аймағы», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Стоп кадр» т.б.

Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді. Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына;
- жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен жүйесіне;
- оқу бағдарламасының және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен рәсімделуіне;
- білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді меңгеруге.

Біліктілікті арттыру курсы соңында әр мұғалім жаңартылған бағдарлама бойынша мазмұн мен жүйелілікті, білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдана алатын нәтижелерге қол жеткізді. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқалады», – дейді Абай.

Ғаламдық деңгейде өркениет атаулысы – білім мен ғылымға арқа сүйей бастағанын дүйім жұртқа алғашқылар қатарында айту, жадында жаттатқызу – халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі – ұлы Абайға бұйырғаны әрі заңдылық, әрі қажеттілік болатын. Қорыта келе, Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман». Өркениетті дамудың өзегі білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ.

Кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы, яғни ұстаз білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін ұстаз» – деп айтқан болатын ХХІ ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру – жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол! Ұстаздардың шығармашылық қабілеті, жаңашылдық әрекеттері, біліктілігі, физиологиялық және психикалық сапасы, педагогикалық кәсіптік біліммен сәйкестенеді. Бұл педагогикалық бағытта оқытушы мен оқушының өзара ықпалы, өзара дамуда, ынтымақтастықтан теңгермешілікке, дамудың жоғарғы деңгейіне жетуде мәні зор.

**Аширбекова Н.Ж.**  
**ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ПОДХОДОВ В ОБУЧЕНИИ ПО**  
**ОБНОВЛЕННОМУ СОДЕРЖАНИЮ ОБРАЗОВАНИЯ**

*Аннотация. В данной статье автор излагает, что основным фактором развития познавательного интереса учащихся является не степень его знаний и умений, а необходимость налаживания учебного процесса, позволяющего формировать важнейшие психические функции ребенка, способы умственной работы.*

УДК 376.3

Әубәкірова Б.С., Касари С.  
№56 Негізгі орта мектеп, бастауыш сынып мұғалімдері  
Қарағанды қаласы, Қазақстан  
[galia.17.05.82@mail.ru](mailto:galia.17.05.82@mail.ru)

**БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ**  
**ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа. Мақалада қоғамның, жалпы білім беретін мектеп ұйымдардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауына дайын болуы, инклюзивті мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істеу мақсатында педагогика қызметкерлерін даярлау, мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте кезден бастап түзетуді қолға алу жүйесінің басымдылығын қолдау, жүйке және дене дамуы бұзылған тәрбиеленушілерге, жанұясына кеңестік көмек көрсету, баласының оқу және тәрбие үрдісіне ата - анасын қатыстыру, оларда даму ерекшелігіне деген оң қарым - қатынас қалыптастыру мәселелері нақтыланған.*

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады[1].

Инклюзивті білім беру - мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім

беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді[2].

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен бала бақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік педагог, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп- интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді[3].

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90

жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті білім берудің мазмұны: Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

\* жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары;

\* мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары;

\* мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген оқытудың жеке бағдарламасы.

Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайы да өзгереді.

Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат[4].

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймыз.

#### ***Пайданылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009г*

2. *Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004ж*

3. *Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы*

4. *Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.*

**Әубәкірова Б.С., Касари С.**  
**ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В**  
**ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ**

*Аннотация.* В статье конкретизированы вопросы готовности общества, общеобразовательных школ к приему детей с ограниченными возможностями, подготовки педагогических работников для работы в инклюзивной дошкольной организации, поддержки приоритетности системы ранней коррекции детей с ограниченными возможностями, оказания консультативной помощи семьям, воспитанникам с нарушениями нервного и физического развития, вовлечения родителей в учебный и воспитательный процесс, формирования у них позитивного отношения к специфике развития.

УДК 745

Байкенова Е.Д.

КГУ «Общеобразовательная школа имени Ахмета Байтурсынулы»  
Бухар-жырауский район, Карагандинская область, Республика Казахстан

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ РАБОТЫ**  
**НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ**

*Аннотация.* В статье рассматриваются методы использования инновационных методов работы на уроках географии. Внедрение инновационных технологий как средство формирования стойкой мотивации к изучению географии позволяет наиболее полно применять новые технологии в обучении географии, добиваясь более качественных результатов.

Современная развивающая школа имеет дело с разносторонней, многогранной, активной личностью. Традиционный подход в организации образовательного процесса, характеризующийся доминирующей ролью учителя и пассивной позицией ученика (как объекта педагогического воздействия), объяснительно-репродуктивными методами обучения, не в полной мере обеспечивает достижение требуемых результатов качества образования. Это заставляет педагогов-практиков искать новые подходы и способы организации образовательного процесса, взаимодействия учителя и ученика, которые бы формировали у учащихся такие социально значимые ценности, как потребность в получении знаний; умения самостоятельно организовывать работу по усвоению знаний; выбор наиболее оптимальных путей для решения учебных задач; планирование своей образовательной деятельности. Как показывает практика, достижению выше перечисленных результатов способствует использование современных педагогических технологий.

Задача учителя состоит в том, чтобы создать условия для овладения географическими знаниями, навыками и способами действия каждым обучающимся, выбрать такие методы обучения, которые позволили бы каждому ученику проявить свою активность, свое творчество. Моя методическая проблема «Внедрение инновационных технологий как средство формирования стойкой мотивации к изучению географии» позволяет наиболее полно применять новые технологии в обучении географии, добиваясь более качественных результатов.

Без знаний о Земле личность не состоится. География — единственная в базовом учебном плане школьного образования наука, которая дает общее представление о Земле как планете. Какое бы профессиональное образование ни получил потом выпускник школы, без географии нет достаточных пространственных представлений, нет комплексных образцов природных ландшафтов, нет знаний о странах и континентах, о народах их населяющих, о взаимодействии природы, общества и хозяйства. География формирует общую культуру. Она необходима для принятия управленческих решений на всех уровнях. Она учит, как интегрировать информацию, полученную из множеств источников, пользоваться специфическим международным языком общения – географической картой.

Все, вышесказанное, должно способствовать большему появлению интереса к предмету у обучающихся. Но, к сожалению, сегодня географическое образование не использует в полном объеме своего образовательного, развивающего и воспитательного потенциалов и опасность заключается в том, что географическая наука может затеряться среди других наук. Поэтому



учитель обязан так активизировать учебный процесс, чтобы обучающемуся сегодня и сейчас было интересно, чтобы ему в настоящий момент захотелось работать, и у него не было другого выбора, кроме активной работы на уроке.

Нет такого преподавателя, который не задумывался бы над вопросами: «Как сделать урок интересным, ярким? Как увлечь учащихся своим предметом? Как создать на уроке ситуацию успеха для каждого обучающегося?» Какой преподаватель не мечтает о том, чтобы учащиеся на его уроке работали добровольно, творчески; мажорно познавали предмет на максимальном для каждого уровне успешности?

И это не случайно. Новая организация общества, новое отношение к жизни предъявляют и новые требования к школе. Сегодня основная цель обучения - это не только накопление учеником определённой суммы знаний, умений, навыков, но и подготовка учащегося как самостоятельного субъекта образовательной деятельности. В основе современного образования лежит активность и преподавателя, и, что не менее важно, ученика. Именно этой цели - воспитанию творческой, активной личности, умеющей учиться, совершенствоваться самостоятельно, и подчиняются основные задачи современного образования.

Инновационный подход к обучению позволяет так организовать учебный процесс, что учащемуся урок и в радость, и приносит пользу, не превращаясь просто в забаву или игру. И, может быть, именно на таком уроке, как говорил Цицерон, «зажгутся глаза слушающего о глаза говорящего».

Использование инновационных технологий на уроках географии позволяет: активизировать познавательную деятельность обучающихся, организовать одновременно детей, обладающими различными возможностями и способностями; усилить образовательные эффекты, проводить уроки на высоком эстетическом уровне, развивать умения обучающихся ориентироваться в информационных потоках окружающего мира, осуществить дифференцированный подход к учащимся с разным уровнем готовности к обучению, повысить качество усвоения материала.

Использование инновационных технологий обучения ведет к активизации познавательной деятельности, обогащает, систематизирует и закрепляет знания, способствует к их осознанному применению.

На своих уроках я использую следующие технологии или их элементы, учитывая возрастные особенности детей: адаптивно-пропедевтическая технология, технология проблемного обучения, метод проектов, интерактивная технология, ИКТ, игровая технология.

В процессе обучения школьников должна быть использована система, которая позволила бы развивать творческий потенциал ребенка и тем самым повысить качество образования обучающихся. Такая система должна строиться на признании принципа последовательного перехода от одного курса к другому, преемственности преподавания географии. В общеобразовательной школе необходимо внедрять наиболее эффективные пути пропедевтической подготовки учащихся начальных классов к дальнейшему изучению географических наук. Я стала внедрять в практику пропедевтический курс географии с 2006 года.

Преподавание пропедевтического курса нацелено на формирование необходимых умений и навыков учебного труда обучающихся, развития у них логического мышления, памяти, речи, воображения, умения создавать образ территории, эстетического восприятия окружающей среды и в конечном итоге – творческого отношения к жизни и стремления к постоянному развитию и самообразованию.

Цель пропедевтических занятий: добиться усвоения основ географических знаний на более ранних этапах обучения. При изучении данного курса доминируют игровые методы, наиболее полно учитывающие психологические особенности детей младшего возраста. Большое внимание уделяется развитию у детей фантазии, воображения, для этого используются сочинения, рисунки, ролевые игры и другие формы работы, в том числе дидактические игры для контроля усвоения знаний. Такая форма контроля способствует снятию тревожности, созданию более комфортных условий на уроке для ребенка, раскрытию его способностей и применению полученных им знаний в предложенной ситуации.

Большое внимание уделяется практической деятельности ребенка, направленной на развитие мелкой моторики, что, в свою очередь, активно стимулирует деятельность мозга.

Например, изучая тему «Строение Земли», обучающиеся с помощью пластилина создают макет внутреннего строения Земли в разрезе (ядро, мантия, земная кора). Таким образом, получается продукт урока с использованием новых форм обучения.

При изучении темы «Литосфера» - рисуют схематическое строение вулкана; выполняют проектную работу – создают макет вулкана и объясняют причины его извержения.

Ребенок, окончивший пропедевтический курс, должен перейти к систематическому обучению, не испытывая затруднений в учении, не потеряв к нему интереса. Его общее развитие должно соответствовать новым задачам. У ребенка должно быть сформировано общее представление об окружающем его современном мире, он должен уметь учиться, иметь систему ценностей и ориентаций, соответствующую его возрасту.

Технология проблемного обучения – это такая форма обучения, в которой процесс познания приближается к поисковой, исследовательской деятельности учащихся. Успешность проблемного обучения обеспечивается совместными усилиями учителя и обучаемых. Основной дидактический прием – создание проблемной ситуации. Проблемное обучение реализуется в проблемном изложении, в частично – поисковом и в исследовательском методах обучения.

Примеры проблемных ситуаций на уроках географии в 10-11 классах:

Чем отличаются один от другого различные историко-географические регионы мира?

Что означает выражение: «Мы не унаследовали Землю от наших предков - мы берем ее взаймы у наших потомков»?

Чем вы объясните высокое качество произведенной в Германии продукции?

Почему на берегу океанов возникли пустыни? (7 класс)

Метод проектов – педагогическая технология, которая ориентирует не на интеграцию фактических знаний, а на их применение и приобретение новых. Данный метод способствует формированию познавательных и социальных мотивов, а, следовательно, и повышению мотивации к учебной деятельности.

Интерактивная технология – это такая организация процесса обучения, которая основана на прямом взаимодействии учащихся с окружающей информационной средой.

Организационная форма – обучение в содружестве, работа в парах, в группах, учебный диалог, учебная дискуссия. При такой организации в работу включаются даже самые слабые учащиеся. Многие черты групповой работы способствуют мотивации: деятельность всех членов группы должна быть согласована, при этом учитываются особенности совместной мыслительной деятельности, общение в группе развивает критичность мышления, умение слушать, понимать друг друга, излагать свои позиции, защищать их. При работе в коллективе каждый ученик может почувствовать себя субъектом учебного процесса, играть в нем активную роль, так как может выбрать для себя посильное задание, что способствует мотивации учения.

Использование ИКТ открывает новые возможности для развития самостоятельного мышления детей, что в конечном итоге приводит к более высокому качеству обучения. Они являются мощным средством наглядности при обучении географии. Применение информационных компьютерных технологий на уроках географии не только облегчает усвоение учебного материала, но и представляет новые возможности для развития творческих способностей учащихся. Повысить интерес к географии можно через создание мультимедийных презентаций. Этот вид деятельности очень нравится школьникам. Использование компьютерных презентаций позволяет сделать урок наглядным и выразительным, достигать более глубокого запоминания учебного материала, через образное восприятие, усиление его эмоционального воздействия. Очевидные достоинства мультимедийных уроков – презентаций в том, что качественно изменяется отношение ученика к географии как учебному предмету. Повышается учебная активность учащихся на уроке.

Игровая деятельность может иметь решающее значение для успешности усвоения нового материала, повышения его уровня учебной мотивации. Формы проведения уроков с применением игровой технологии могут быть самыми различными: урок-игра, урок-викторина, урок-путешествие. На уроке обобщения знаний в 7 классе по теме «Африка» ребята совершили увлекательное путешествие по различным географическим объектам этого материка. За это время они выполняли задания в игровой форме: описывали береговую линию материка, отвечали на вопросы викторины, проверяли знания географической номенклатуры по карте, отгадывали географические объекты по изображениям, находили географические ошибки в

тексте. Игровые технологии активизируют процесс обучения, развивают творческие способности обучающихся: умения мыслить, рассуждать и отстаивать свою точку зрения.

Стоит отметить, что в любом периоде жизни человека родители являются для него примером как личности. Благодаря этому с детских лет большинство людей в своем поведении подражают родителям, которые с колыбели одаривают его одним из прекрасных человеческих проявлений — родительской любовью. Эта взаимосвязь имеет огромное значение для ребенка, так как влияет на формирование характера, жизненных позиций, на его поведение, отношение к людям, в целом на формирование его личности. Благодаря эмоциональной связи любящие и понимающие свои обязанности родители с малых лет формируют у ребенка нормы и стиль поведения, объясняют ему мир человеческих ценностей, внушают, что можно, а что не следует делать. Ребенок в процессе развития усваивает эти наказания, запреты, взгляды так, что они становятся его собственными убеждениями, то есть человек создает свою систему ценностей [2].

В целом, стоит отметить тот факт, что проблема детско-родительских отношений определяется сложностью объектной структуры, которая включает в себя все многообразие форм взаимоотношений детей и родителей, а также нарушения в отношениях, оказывающих влияние на благополучное существование ребенка в семье и становление его как личности.

Таким образом, можем сделать вывод, что для благополучного развития и становления личности ребенка, родителям необходимо выбрать правильные методы воспитания, осознать все проблемы супружеских и детско-родительских отношений и гармонизировать влияние семьи на воспитание ребенка. В результате такого «симбиоза» индивидов в семье создается персональная микросреда, которая характерна только этой семье.

Основными аспектами гармоничного развития семьи являются следующие факторы: семейные традиции и обычаи, уважение мнения каждого члена семьи, благоприятный нравственно-духовный климат, поддержание норм внутрисемейного поведения. Таким образом, создание гармоничных отношений, благополучного психологического и комфортного климата в семье должно стать первой задачей супругов и родителей, так как без этого невозможно формирование здоровой полноценной личности ребенка.

**Список использованных источников:**

1. Македон Т.А. Психология семьи: проблемы, профессиональные подходы к их решению / Т.А. Македон — Биробиджан: Изд-во ФГБОУ ВПО «ДВГСГА», 2011—146 с.
2. Репринцева Г.И. Гармонизация детско-родительских отношений в молодой семье как фактор социального воспитания детей / Г.И. Репринцева—М.: Изд-во Института социальной педагогики, 2010—146 с.
3. Сырвачева Л.А. Специфика родительских отношений и их влияние на психическое развитие дошкольников / Л.А. Сырвачева—Красноярск: Красноярский гос. пед. ун-т. им. В.П. Астафьева, 2014—316 с.
4. Фоминова А.Н. Педагогическая психология / А.Н. Фоминова—М.: Наука, 2017—350 с

**Горная И.А.**

**БАЛАНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА БАЛА - АТА-АНА  
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ**

*Аңдатпа.* Мақалада ата-ана мен бала қарым-қатынасының әсерінен тұлғаны қалыптастыру аспектілері қарастырылады. Толыққанды тұлғаны қалыптастыру үшін отбасылық тәрбиені дамытудың маңыздылығына назар аударылады.

ӘОК 740

Дауенова М.А., Макажанова М.Т.  
miraarmi-65@mail.ru

Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері  
Қарағанды қаласы, «Академик Е.А.Букетов атындағы ЖББМ» КММ

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Аңдатпа.* Бұл мақалада авторлар тұлғаның ерекшеліктеріне анықтама береді. Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігі бірден дүниеге келмейді. Олар өмір барысында бір – бірімен қарым-қатынас жасай отырып, өзіне тән қасиеттерге ие болып, тұлғалық бейнені көрсетеді.

Жеке тұлға мен қоғамдық ортаның қарым-қатынасы философия, психология, педагогика, тарих тағы басқа қоғамдық ғылымдардың көптен айналысып жүрген көкейкесті мәселелері. Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз – ол өзіне тән мінез – құлқындағы, іс – әрекеттеріндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы. Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, қоғамның, ұжымының, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл – парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл – ой, ерік – жігер, мінез – құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез- құлықтық қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам өзінше жеке тұлға. Адамдар жеке тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Қоғамдық тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай талаптардың болуына қарамастан, қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ой – пікірінің, көзқарасының болуы, олардың өзі көріп білген құбылысқа деген көзқарасын ой – пікірін білдіруі заңды құбылыс. Мысалы, біреулер айналасындағы құбылысқа таңдана, қуана, тамашалай қараса, енді біреулер сын көзімен қарап, ой қорытуға, сын пікірлер айтуы мүмкін.

Жеке тұлғаның еске сақтауы өзге адамдардың тәжірибесін жинақтауға да негізделді. Әрбір тұлға оларды оқып, көріп, оқығанын, естігенін, көргенін өз ойынна тоқып, содан сабақ алу арқылы да өзінің іс – әрекетін, мінез – құлқын, сана сезімін байытады, толықтырады[1].



Жеке адам болу дегеніміз – азаматтың адам ретінде сезіну, сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі туғызған рухани мәдениеттің мәңгілік игіліктерін бойына дарытып, осы игіліктерді еңбекке, әлеуметтік мәнді қызметке, қоғамдық орта мен адамдар қатынасы, күнделікті тұрмысқа енгізу. Адам немесе жеке тұлға өзінің сана сезімін, көзқарасын, рухани сана сезім дүниетанымын үнемі білім мен еңбектің арқасында жетілдіріп отыруы керек. Тұлғаны құндылықтар арқылы дамыту мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға және әділдік жолымен жүруге, әділдік жоқ жерде ешнәрсе жоқ деген пікірді айтады ұлы ойшыл М.Х.Дулати[2].

Адам өмірде жіберген қателіктерден де, басқалардың қателіктерінен сабақ алады. Оны қайталамауға тырысады. Мұны педагогикада адамның өзін – өзі тәрбиелеуі деп атайды. Басқалардың өнегелі іс – әрекеттерінен үйрену, оны өз бойының жақсы қасиетіне айналдыру өмір заңы. Осы қасиетті көре білген Абай Құнанбаев:

“Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеніз,  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеніз,” - деп текке айтпаса керек. Адамның есі оның ішкі ой – сезімімен тығыз байланысты.

“Сезімнің сыртқа шықпас әлі бар ма,

Оны ұғарлық адамда сана барда”- деген Абай сөзі де осыны растайды.

Жеке тұлғаның жас ерекшеліктері деп белгілі бір адамға тән қасиеттерге тұлғаның жас ерекшеліктері деп белгілі бір адамға тән қасиеттер[3].

Адамдар қоғамдасу арқылы өзіне тән қасиеттерге ие болып, жеке тұлғалық бейнесін танытады. Адам өмірде белгілі бір әлеуметтік ортаға тән болып, өзіндік тұлғасын қалыптастырады, өзіне тән мінез – құлық ерекшелігін ашып көрсетуге мүмкіндік алады. Сөйтіп, қабілетінің ашылуына және оның дамуына жағдай жасайды. «Жеке тұлға» ұғымы мен онымен байланысты біртектес ғылыми категориялардың мәні осында. Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандықтан жеке тұлғаның «дамуы» мен «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып табылады. Даму дегеніміз – төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге қарай қозғалыс. Жеке тұлғаның дамуы дегеніміз, ең алдымен оның қасиеттері мен сапасындағы сандық өзгерістер процесі. Адам дүниеге келген соң, дене жағынан үлкейеді, яғни оның кейбір дене мүшелері мен нерв жүйесі өседі, молаяды.

Бала көптеген әлеуметтік – тұрмыстық және моралдық біліктерге, еңбек дағдылары мен әдеттерге ие болады. Даму – бұл жеке адам сапалары мен қасиеттеріндегі сандық өзгеріс жүйесі. Адамның жеке болып дамуындағы басты белгі ондағы сапалы өзгерістер. Оны мына мысалдардан түсінуге болады: тілдік қызметтің жіктелуі адамның танымдық қабілеттерін арттырады, сезімдік аймағын кеңейтеді.

Танымдық қызмет барысында абстракт ойлау, логикалық ес дамиды, өмірге деген көзқараспен наным – сенімдер орнығады. Еліктеушілік мінез – құлық бірте – бірте белсенді жасампаз, шығармашылық іске ауысады, өз қылық - әрекетін басқара алу мен өзіндік билік қабілеті көркейеді. Тәрбиенің негізгі мақсаты – қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оның жан – жақты үйлесімді дамуы. Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері – оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы қадір – қасиеті, даралығы. Жеке тұлғаның маңыздылығы оның қасиеттері мен іс – әрекеттерінде қоғамдық процестің тенденцияларының әлеуметтік белгілер мен қасиетердің айқын және спецификалық көрініс табу арқылы, оның іс – әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады. Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды. Даралық, әдетте, адамның мінезі мен темпераментінің ерекше белгісі. «Даралық» ұғымы бір адамды басқа бір адамнан, бір тұлғаны басқа бір тұлғадан ажыратып, оған өзіне тән сұлулық пен қайталанбас қасиет беретін жалпы және жекеден тұрады. Адам қасиетін түсіндіретін тағы бір ұғым «индивид». Бұл сөз латын тілінен алынған және оның қазақша баламасы «жекелік». Әрбір адам индивид болып табылады. Даму табиғатқа, қоғамға және әрбір жеке тұлғаға тән жалпы қасиет болып табылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Ұстаз// журнал // - А.:2001. 9-бет*
2. *Дулати М.Х. Тарихи Рашиди –А.:1999*
3. *Әбенбаева С.Ш., Құдиярова А.М. Педагогика 2003 -102 бет*

**Дауенова М.А., Макажанова М.Т.**  
**ОСОБЕННОСТИ ЛИЧНОСТИ**

*Аннотация. Авторы в этой статье дают определения специфики личности. Каждый человек по – своему индивидуален, когда они рождаются не сразу становятся личностями. Люди общаясь, приобретают присущие им качества и проявляют личностный образ.*

ӘОК 37. 018

Джуркабаева Н.Т.  
«№65 жалпы білім беретін мектебі» КММ,  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

**САБАҚТЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ – ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ  
ДАМУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ**

*Аңдатпа. Бұл мақалада автор сабақты тиімді жоспарлау – функционалдық сауаттылықты дамытатындығын дәлелдеген. Сабақты жоспарлаудың қысқа мерзімді жоспарына толықтырулар енгізген.*

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұйымдастыру негізі ретінде, білім және тәрбиенің мазмұны мен технологияларында, мектептің құрылымында, басқару жүйесінде өзгерістерді нақтылайды. Оқытудың әдістемесі мен мазмұнын түпкілікті жаңарту жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді қарастырады. Қазіргі ақпараттық қоғамда функционалдық сауаттылық ұғымы қоғамның барлық топтарының негізі болып табылады. Оның үстіне функционалдық сауаттылық ұғымы анағұрлым кеңейтіліп (ақпараттық, техникалық, музыкалық сауаттылық және т.б.) мәдениеттің атрибут мәртебесін иеленеді.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі және аса тез бейімделуі мен жұмыс істеуі. Тұлғаның оқу, ұғыну, қысқа мәтіндерді жасау және жеңіл арифметикалық амалдарды орындаудағы қарапайым сауаттылығына қарағанда тұлғалық сауаттылықтың айырмашылығы тұлғаның нақты мәдени ортада тіршілік ету үшін минималды қажетті болып саналатын әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде тұлғаның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін біліктілік, икемділік пен дағдылар деңгейі, яғни функционалдық сауаттылық болып табылады [2]. Ал оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі құралы – мұғалімнің тиімді жоспарлауы.

Сабақты жоспарлау – нақты тақырып бойынша сабақтың егжей-тегжейлі жоспары, оның нақты мақсаттары, бағалау өлшемдері, табыс критерийлері, нақты тілдік дағдыларды дамыту бойынша жұмыс түрлері бар. Қысқа мерзімді жоспарлар пән бойынша сабақ мазмұнын жоспарлауға арналған нақты әдістемелік ұсынымдарды қамтиды.

Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;
- орта мерзімді жоспарда ұсынылған барлық іс-әрекеттерді ұйымдастыру ұсынылады;
- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Басқаша айтқанда, қысқа мерзімді жоспарлау ұзақ мерзімді жоспарларда белгіленген мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстарды пайдаланудың нақты тәсілдерін қамтиды, мақсаты бүкіл сабақтың мазмұнын айқындайтындығы анық. Осы қысқа мерзімді сабақты тиімді жоспарлауда нақты оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың жолдарын үш бағытта көрсетуге болады [2].

Алдымен, ҚМЖ құрастыруда бәрі де оқу мақсаттарынан басталатындығын және айқындалатындығын естен шығармау керек. Демек, ҚМЖ құрастырғанда, мына схеманы ұстанған дұрыс болар:

**Оқу мақсаттары → Сабақ мақсаттары → Бағалау критерийлері → Тапсырмалар → Дескрипторлар.**

Бұл 5 ұғым бір-бірінен туындап, бір-біріне ұласады, олардың арасындағы тығыз байланыс үзілмейді. Олардың бір-бірімен байланысы ҚМЖ құрылымында анық көрінуі қажет.

Мысалы: Оқылым тапсырмасына қарастыратын болсақ, мәтін оқуды ұсынамыз.

Мәтін негізінде төмендегі сұрақтарға жауап бер:

1. Мәтіннің тақырыбы қандай? Мәтіннің идеясы қандай? Мәтін құрылымына сәйкес жоспар құр. Мақалада қолданылған лексика-грамматикалық категорияларға талдау жаса: синоним, омоним, антоним сөздерінің қолданысы – етістіктердің қолданысы – сөйлемдердің қолданысы. Мәтіннің мақсаты қандай? Мәтіннің көзделген аудиториясы кім? Және де сабақ мақсатын саралау міндетті емес және де бұл мәселені әр мектеп өзі шешуі керек деп есептелінеді. Егерде мектеп мұғалімдерінің деңгейі жоғары болып, олар мақсатты саралауды дұрыс түсініп жатса, онда сабақ мақсатын саралауға әбден болатын шығар. Ал егерде мектеп мұғалімдері әлі де шатасып, сабақ мақсаттарын құрастыра алмай жатса, онда әзірше бұл мәселені кейінге шегеріп, мұғалімдерде дағды қалыптастыру жұмысымен айналысқан дұрыс шығар.

Сабақ мақсаттарын саралау оңай емес және де ол мұғалімге көп талап қояды. Өйткені ондай жағдайда мұғалімнің сабақтағы жұмысы күрделенеді: ол әр мақсатқа сәйкес бағалау критерийлерін құрастырып, тапсырмалар мен оларға дескрипторларды дайындауы керек. Яғни, мұғалімнің жұмысы кемінде 3 есе өседі («барлық оқушылар», «басым бөлігі» және «кейбір оқушыларға» түрлі жұмыс ұсынғаннан). Сол себепті де сабақ мақсаттарын саралауды міндеттеуде әр мектеп өз мұғалімдерінің түсінік деңгейін ескеруі керек секілді.

Ал егерде сабақ мақсаттарын саралау міндетті болса, онда мына мәселені ескереміз:

1. Оқыту мақсаты барлық оқушылар үшін міндетті, сондықтан да оны «барлық оқушылар» орындалуына болжаймыз;

2. Сабақ мақсаттарының саны оқыту мақсаттарынан артық болмағаны дұрыс, әр мақсатты бағалау критерийлеріне айналдырып, оны тапсырма арқылы жүзеге асыру қажеттілігін ескерген дұрыс [1].

Аталған нақты оқу мақсаттарына орай сараланып, болжанған сабақ мақсаттары мұғалімнің оқыту барысында білім алушылардың не үйрене алатынын алдын-ала болжайды, оның дағдыларын шындай алады, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды саралай алады.

**Екіншіден**, сабақ мақсатын бағалау критерийлеріне айналдыру. Бағалау критерийлерін оқушылардың сабақ мақсатына жеткендіктерінің дәлелі деп түсінуіміз қажет. «Тапсырманың қалай орындалатындығын білу – оны табысты орындаудың 50%-дық кепілі» деген ұғым бар дидактикада. Сондықтан да тапсырманың шарты оқушылардың нақты не жасайтындығын, ал дескрипторлардың қалай жасайтындығын көрсеткендері дұрыс. Мүмкін басында оқушыларға дескрипторларды дайын күйде беріп, кейіннен бірте-бірте олардың деңгейі өскен сайын дескрипторларды бірлесе құрастырып немесе өздеріне жасататын шығарсыздар? Сондықтан сабақтағы тапсырма бағалау критерийлеріне сай болып, оқушылардың не жасайтындығын нақты көрсетуі керек. Яғни, тапсырманың ең маңызды бөлігі – тапсырма шарты, өйткені ол оқушылардың не жасауы керектігін көрсетеді [1].

Мысалы, мәтінмен жұмыс барысында тапсырманың шартын былай келтіруге болады:

1. Мәтінді бір рет оқыңыздар да, 2 минут ішінде мына сұрақтарға жұп ішінде ауызша жауап беріңіздер: «Мәтіннің тақырыбы қандай? Мәтіннің идеясы қандай? Мәтіннің мақсаты қандай? Мәтіннің көзделген аудиториясы кім?» Жауаптарыңызды сыныптағы талқылауда жариялаңыздар.

2. Мәтін құрылымына сәйкес 3 бөлімнен тұратын жоспар құрыңыздар.

3. Мақалада қолданылған синоним, омоним және антоним сөздерінің, етістіктер мен сөйлемдердің қолданысын салыстырыңыздар.

**Ал үшіншіден**, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда сабақтың мазмұны мен негізі – сабақта оқушыларға орындау үшін ұсынатын тапсырмалар. Сабақтың мазмұнды болуы тапсырмалардың сапасына байланысты. Оқушылардың сабақтағы оқып, үйрену сапасы да олардың тапсырмаларды қалай орындағанына тікелей тәуелді. Сондықтан да тапсырмалардың мазмұнымен қатар (яғни, тапсырмалардың барлығы да қызық, қиын, бірақ қолжетімді және құнды болуы қажет), олардың орындалу әдістемесін де дұрыс ұйымдастырған жөн. Мысалы:

1 - кезең. Тапсырманы орындауға дейін.

Оқушылар «Тапсырманы қалай орындаймыз?» деген сұраққа жауап беру мақсатында шарт пен дескрипторларды жұп не топпен 30 секундтан 2 минутқа дейін толық түсініп алғанша

талқылап, сыныппен қорытындылайды. Осы жұмыстан кейін ғана балалардың тапсырманы орындауға кіріскені жөн: мұндай дайындықсыз тапсырманы орындауға болмас.

2 - кезең. Тапсырманы орындау.

Оқушылар жеке, жұп не топ құрамында тапсырманы орындайды. Әрине, тапсырманы бүкіл сыныппен орындамаған жөн, өйткені мұндай жағдайда көп балалардың белсенді әрекеттерден тыс қалуы ықтимал. Бүкіл сыныппен негізінен рефлексия жасап, қорытындылаған орынды.

Оқушылар тапсырманы орындап жатқанда (олардың бұл жұмысты мұғалім ұсынған тәсіл көмегімен атқаруы да мүмкін), мұғалім қалыптастырушы бағалаумен айналысады: тапсырманың орындалуын бақылайды, оқушылардың түсінік деңгейін аңғару үшін оларға сұрақ қояды, әңгімелеседі, дұрыс орындап жатқандарды мақтап қолдайды, орындай алмағандарды ынталандырып қолдайды, көмектеседі, бағыт-бағдар береді, жұмыстарын талдау арқылы кері байланыс ұсынады, өзін-өзі немесе бірін-бірі бағалауды ұйымдастырады.

3 - кезең. Тапсырманың орындалуын жариялау, бағалау.

Тапсырма орындалған соң, алдымен оның нәтижелерін жариялау керек. Бұл үшін оқушылар жұп, топ не сыныпта тапсырманы қалай орындалғанымен бірін-бірі таныстырады. Жариялау барысында орындау сапасы талқыланып, талданады (бағаланады).

Бұл талқы ақырындап рефлексияға ұласады: мұғалім оқушылармен бірлесіп тапсырманы орындағанда не үйренгенін, қандай жетістіктерге жеткендерін, қандай кедергілерге ұшырағандарын талқылап, олардың себептерін айқындап, оларды түзету мен қайталамаудың амалдарын талдайды, келесі жолы қалай жұмыс жасау керектігін пайымдайды. Рефлексия – жаңа білім негізі, яғни жаңа білім тек рефлексиялау кезінде ғана қалыптасады, сондықтан да әр тапсырма мен сабақ рефлексиямен аяқталуы керек. Тапсырма орындаудың толық технологиясы дегеніміз осы [3]. Жалпы алғанда, сабақта неғұрлым аз тапсырма болса, соғұрлым жақсы деп есептеймін. Осыған сәйкес әр сабақта тапсырмалар саны 3-тен аспағаны дұрыс. Есесіне оларды орындауға уақыт та жеткілікті болып, орындау технологиясын да толығымен сақтайтын болады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін, мұғалім іс-әрекеттері мен ресурстық қолдауды егжей-тегжейлі ұсынып, қысқа мерзімді жоспар құрастыру барысында жүйелі, тіпті стандартталған жолдарын қарастырады [4]. Бүгінгі күні функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы білім алушыларының сапалы білім алуына және табысты элеуметтенуіне қол жетімділіктің және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз етуге баса назар аударылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 Бұйрығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317#z75>

2. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020.

3. Абзалбек Л.С. Қазіргі қазақ тілі, қазақ әдебиеті сабақтарын жобалау. - Қарағанды: ПҚ БАИ РББ, 2017.

4. Әлімов А. ҚМЖ үлгісін қалай толтыруға болады? <https://clck.ru/Rd26D>

**Джуркабаева Н.Т.**

#### **ЭФФЕКТИВНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ УРОКА – КЛЮЧЕВОЙ ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ**

**Аннотация.** В данной статье автор утверждает, что эффективное планирование урока развивает функциональную грамотность. В планирование урока внесены дополнения в краткосрочный план занятий.

Жаналиева Ж.М.

А.Ермеков атындағы тірек мектеп РО жанындағы мектеп интернат КММ, тәрбиеші,  
Ақадыр кенті, Қарағанды облысы, Қазақстан  
[galia.17.05.82@mail.ru](mailto:galia.17.05.82@mail.ru)

## **ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа. Мақалада девиантты мінезді жасөспірімдердің отбасылық қарым-қатынас ерекшеліктері қарастырылған, балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын жеңу факторлары, отбасымен әлеуметтік жұмыстың негізгі бағыттарын анықталды, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас стильдерін қарастыру ата-аналық қарым-қатынастың баланың жеке және танымдық дамуы зерделенді.*

Девиантты мінез-құлықтың негізгі түрлеріне қылмыс жасаушылық, ішімдік қолдану, нашақорлық, сонымен қатар өзіне-өзі қол жұмсау және т.б. жатады. Ортада қабылданған нормалардан ауытқыған мінез-құлық көбіне жасөспірімдер арасында көптеп кездеседі. Жасөспірімдік шақта балалардың қызығушылығы арта түседі, әртүрлі әрекетке бейімделгіш келеді, мінезі ерекшеленіп, өзінің өмір жолына көз жіберіп, ой елегінен өткізуге тырысады, оқудың мәнін, мақсатын түсініп, ұжымдағы өз орнын білгісі келеді.

Егер ғылыми анықтамаларға сүйенетін болсақ девиантты мінез-құлық бұл:

- осы қоғамдағы нақты бекітілген немесе тарихи қалыптасқан нормалар мен ережелерге сай келмейтін адамның әрекеті;

- осы қоғамдағы нақты бекітілген немесе тарихи қалыптасқан нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін адам әрекетіндегі жалпыға қатысты және тұрақты формада көрініс беретін әлеуметтік құбылыс.

Девиантты мінез-құлық және қиын балалар ұғымы 1920-1930 жылдары пайда бола бастаған. Бастапқыда ғылым саласында емес, күнделікті өмірде қолданылып, Біраз уақыт ұмытылып, 1950-1960 жылдардың басында қайтадан қолданысқа енген. П.П.Блонский ең алғаш бұл мәселе бойынша зерттеу жүргізген, ол өз зерттеулерінде девиантты деп мінез-құлқы шамасынан ауытқыған, кәмелетке толмаған балаларды қарастырды. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықты мәселесін қазақстандық педагог-психологтар мен әлеуметтанушылар да қарастырып жүр.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтарын спорт, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, мектепке деген ықпалды күшейту, бойындағы белсенділікті арттыру, ұжымдағы әрекеттерге араластыру арқылы жеңудің әртүрлі жолдарын көрсетіп берген. Девиантты мінез-құлық мәселесі психологиялық тұрғыдан Л.С.Выготскийдің еңбектерінде қарастырылады, сонымен қатар А.С.Макаренконың тәжірибелерінен де үлкен орын алады. Девиантты мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. Біріншіден бұл психологиялық денсаулық нормасынан ауытқу. Екіншіден, бұл қандайда бір әлеуметтік-мәдени нормаларды, әсіресе құқықтық норманы бұзатын антиәлеуметтік іс-әрекет. Әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерде балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін факторларды төмендегідей бөліп көрсетеді:

- агрессивтілік;
- өзін-өзі басқарудың төменділігі;
- әлеуметтік нормаларды түсіну дәрежесінің төмендігі;
- ата-аналардың бақылауының жетіспеушілігі;
- ата-аналардың әсер етуінің тиімсіздігі;
- физикалық жазалау;
- жасөспірімнің отбасымен және құрдастарымен келіспеушілігі;
- отбасының құлдырауы;
- әлеуметтік қанағатсыздану және т.б. [1].

«Баланы жастан» демекші, әуел бастан балаға дұрыс ықпал, түзу бағдар беруді, тәрбие жұмысын бір минут та ұмыт қалдырмау баршамыздың ата-аналық және педагогикалық борышымыз екенін ұмытпаған абзал.

Қазіргі уақытта отбасы мәселесі, соның ішінде девиантты мінез-құлқы бар әкемен, шешеммен немесе баламен педагогикалық-психологиялық жұмыс жүргізу, оларда девиантты мінез-құлықты болдырмаудың алдын-алу шараларын жүргізу үлкен жауапкершілікті талап етуде. Ендеше аз жылда кең етек алып кеткен нашакорлық пен маскүнемдік, шылымқорлық, жезөкшелік, кісі өлтіру, қарақшылық және т.б ата-аналар мен тәрбие ісімен айналысушы көпшілік қауымды аландатуы заңды құбылыс. Өйткені мұның бәрі тәрбиенің «нәтижесі» әрі жіберген кемшілігі екені түсінікті.

Девиантты мінез-құлықтың пайда болуына отбасындағы түрлі жағдайлар әсер етеді. Олар: әке-шешенің теріс үлгісі, үй ішіндегі еңсені босататын жағдай –отбасында өне бойы болып тұратын ұрыс, жанжал, ата-ананың біреуінің болмауы, ажырасулардың көбеюі. Өкінішке орай отбасындағы теріс қылықтарды түзету қиын.

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің пайда болуына себепші объективті және субъективті факторларға назар аударарлық. Ғалымдар жасөспірімдердің қалыптасуына әлеуметтік орта мен күнделікті жағдай себеп болады деп дәлелдеуде. Нақтылай айтқанда жасөспірімдердің бойында девиантты мінез-құлықтың пайда болуына бірден-бір себеп болатын және жағымсыз жағдай туғызатын отбасы тәрбиесі. Оның бастыларының бірі, баланың күнделікті жүріс-тұрыстарын қадағаламау, оның көзінше арақ-шарап ішу, дау-жанжал, ұрыс-керіс туғызу. Екіншіден, тәрбиенің көзі – баланы киіндіру, тамақтандыру, мұң-мұқтажын қамтамасыз ету деп санау. Үшіншіден, жастайынан баланың еңбектену дағдыларын қалыптастырмау, балаға көңіл бөлмеу, отбасындағы ажырасу және жаңа адамның отбасына мүше болып енуі де түрткі болады. Төртіншіден, ата-аналардың бір топтары адамгершілік талаптардың мән-мағынасын түсінгенімен, оларды күнделікті өмірде нық ұстамай, екі жүзділік көрсетіп, сөз бен істердің арасында алшақтық туындайды. Бесінші себеп – кейбір ата-аналар өмірлік бағдарламасында ала беру жинау, мансапқорлық, менмендік пиғылдар орын алып, адамдарды ақыл-парасатына қарай емес, «байлығына», «қажеттілігіне» қарай сый құрмет көрсету баршылық. Осындай ортадан шыққан балалардың ұрлық, тонау, жәбірлік, зорлық-зомбылық жасауға бейім екенін байқауға болады. Алтыншы себеп – балаларын шектен тыс еркелету, балаларын шектен тыс мәпелеу, еркелету, ерекше жақсы көру, тұрмыстық еңбекке қатыстырмай «ақ саусақтыққа» дағдыландыру, алдындағы қиындықтарды жеңуге баулымау, еңбек, әдет дағдыларын қалыптастырмау. Өмірге икемсіз балалар қоғамға жат қылықтарға, темекі ішімдікке, нашаға ұрлыққа икемделе бастайды.

Жастардағы девиантты мінез-құлық әлеуметтік жүріс-тұрыс нормаларына қайшы келетін әр түрлі әрекеттердің салдары. Оған жасөспірімдердің мектептегі сабағын жіберуден бастап, үйден қашуы немесе біреудің меншігін тонау, не болмаса оны қасақана бүлдіруі жатады[2].

Тәрбие отбасынан басталады. Ал өмірге келген ұрпақты тәрбиелеу ол ең бірінші отбасының міндеті. Балаға тәрбие беріп, өмірге қосуы, ол – ата менен ананың жауапты ісі. Қазіргі кезде кейбір отбасында әке мен шеше ішімдікке салынып, болмаса неке тәртібін бұзып, немесе некесіз бала туып, ол баланы тастап «тастанды» қатарын көбейтіп жүрген қаракөз қыздарымыздың саны күн санап артып отыр. Сондықтан да, бұл қоғам дертін алдын алу қажет.

Тәрбие ұғымы мәнді де мағыналы ұғым. Жалпы білім беретін мектептерге қарағанда кәсіптік мектептерде қиын балалар көбірек кездесетіні белгілі, «Қиын балалар дегеніміз кімдер?» - деген сұраққа, былай жауап беруге болады: «Олар мектеп тарапынан ерекше, қосымша бақылауды талап ететін, тәрбиелеуге қарсылық білдіретін балалар». Сонымен қоса, білім деңгейі төмен, тәртібі нашар, сабақтан көп қалатын, мұғалімдердің талабын орындамайтын, адамгершілік деңгейі төмен, топтастарымен үнемі тіл табыса алмайтын, ол кейде психикалық дамуы, ойлау қабілеті кейін қалған, ашуланшақ (әртүрлі жүйке ауруларына шалдыққан) балаларды қиын балалар және жасөспірімдер қатарына жатқызуға болады. Қазіргі уақытта дәрігер, психологтар және инспекторлардың есебінде осындай балалардың пайызы жоғары болып отыр. Бұл қоғамның алға басуына өз кесірін тигізетіні де белгілі. Осы жоғарыда айтылып өткен қиын балалармен әлеуметтік жұмыс жасау бүгінгі күннің қажетті және өзекті ісі болып табылады.

Отбасындағы жағдай-бұл өсіп келе жатқан адамның дүниетанымының негізі қалыптасатын орта. Ерте балалық шақтан бастап бала дәл отбасында, ол өмір сүретін, дамитын және тәрбиелейтін ортада, адамдар арасындағы қарым-қатынастың (ер адамдар-әйел, ересектер-балалар, балалар-ересектер) қандай болуы керек екенін біледі, қарым-қатынас пен мінез-құлық мәдениетінің негіздерімен танысады, бос уақытты өткізеді және т.б. сонымен бірге

болашақ отбасылық адам да қалыптасады, оның әлеуметтік мақсатына сәйкес отбасының әлеуетін құратын, нығайтатын және жүзеге асыратын адам.

Азғындық жағдай (маскүнемдік, төбелес, истерикалық айқай, дөрекілік) теріс мысалдан басқа, баланың ауыр психикалық жарақатына әкелуі мүмкін, оны кейіннен жеңу өте қиын. Отбасы мен отбасылық тәрбиенің жағымсыз мәселелері өсіп келе жатқан адамның физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуына теріс әсер етеді.

3) балада қатты адамгершілік бағдарларды, адамгершілік ұстанымды қалыптастыру.

Бұл адамның өзін, айналасындағы адамдарды, болып жатқан оқиғаларды, олардың іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерін бағалаудағы кейінгі позициясын, сондай-ақ өз бетімен жұмыс жасаудағы күш-жігердің белсенділігі мен бағытын анықтайтын негізгі өзекті қалыптастыру туралы. Адамгершілік тәрбие ерте жастан басталады. Осыған байланысты кемшіліктер орны толмас салдарға әкеледі.

4) ерте жастан адамның бойында адамгершілік-еріктік қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін ерік-жігер қасиеттері мен өзін-өзі бағалау сезімін тәрбиелеу болып табылады.

Ерікті қасиеттер - бұл адамға өзін-өзі жүзеге асыруға, өз позициясын қорғауға, "мен"сақтауға мүмкіндік беретін құрал. Ерікті қасиеттердің болмауы адамды табынға айналдырады және оны басқа, көбінесе әлеуметтік теріс көшбасшының ықпалына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда әлсіз ерікті адам топтың әлеуметтік қауіпті әрекеттеріне қатысушы болуы мүмкін. Адамның жеке қасиеттерін дамытудың моральдық негізі оның ерікті белсенділігінің бағытын анықтайды.

5) балалар мен жасөспірімдерді спирттік ішімдіктерге, темекі шегуге, құмар ойындарға тартуға жол бермеу.

Жасөспірімдер мен жасөспірімдер тарапынан жасалатын теріс қылықтардың едәуір бөлігі алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде жасалады. Жасөспірімді есірткіге баулу, бір жағынан, ағзаның бұзылуына, оның тозуына ықпал етеді, оны қауіпті жұқпалы ауруларға (мысалы, СПИД) осал етеді, екінші жағынан, оларды қолдану үлкен материалдық құралдарды қажет етеді, бұл нашақорды қылмыстық жауапкершілікке тартуға итермелейді. Баланы ерте жастан тәрбиелеу процесінде олар алдымен отбасында, содан кейін мектепте алкоголь мен есірткінің зияндылығын біртіндеп және сенімді түрде түсіндіреді. Дегенмен, ең тиімді құрал-ата-аналардың, аға-інілердің, аға-жолдастардың жеке оң үлгісі.

6) балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алуда және оны жеңуде білім беру мекемелерінің тәрбиелік рөлін арттыру болып табылады[3].

Қазіргі жағдайда жас ұрпақтың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру туралы мәселе туындайды, бұл жасөспірімдерді белгілі бір дәрежеде көпшіліктен қорғауға мүмкіндік береді, бұқаралық ақпарат құралдары ұсынатын ақпаратқа селективті қарауды үйретеді. Бұл мәселені тек отбасы ғана емес, барлық білім беру мекемелері, қоғам және бұқаралық ақпарат құралдары шешеді.

#### ***Пайданылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Васягина Н.Н. Делинквентное поведение подростков: феноменология, причины, возможности профилактики // Вестник практической психологии образования : сетевой журн. – 2018. – № 1/2 (54/55). – С. 12-17.*

2. *Морозова И. С. Роль типа родительского поведения в процессе становления психологической суверенности подростка / И. С. Морозова, Н. А. Викторовна // Вестн. Кемеров. гос. ун-та. – 2015. – № 1-1 (61). – С. 135-138*

3. *Хозяинова Т. К. Тип отношения родителей к детям как условие поддержки приватности подростка / Т.К. Хозяинова, М.Д. Ктениду // Вестн. ТГПУ. – 2010. – Вып. 5(95). – С.150-152*

**Жаналиева Ж.М.**

### **ОСОБЕННОСТИ ОБЩЕНИЯ В СЕМЬЯХ ПОДРОСТКОВ С ДЕВИАНТНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ**

**Аннотация.** В статье рассмотрены особенности семейных отношений подростков с девиантным поведением, определены факторы преодоления девиантного поведения детей и подростков, основные направления социальной работы с семьей, рассмотрены стили взаимоотношений между родителями и детьми изучено личностное и познавательное развитие ребенка в родительских отношениях.

Жангожина Г.М.  
«Bolashaq» Академиясының магистранты  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы  
Ғылыми жетекші: п.ғ.к. доцент Абилкасімова Г.К.

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

*Аңдатпа. Жұмыстың өзектілігі білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы педагогтердің білім деңгейін арттыруда қашықтықтан оқыту технологиясы туралы айтылған. Оның ішінде мультимедиялық технологиялардың рөлі, маңыздылығы, артықшылығы көрсетіледі.*

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші - адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс. «Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолданылуда.

Инновация – бұл жаңалықтардың таралуы және құрылуы. Қазіргі педагогиканың негізгі тенденциясы оқытуды өнеркәсіптік-технологиялық процесске айналдыру үшін дидактикалық жолын және құралын табу болды. Бұл ізденіс «педагогикалық технология» деген ұғымға әкелді. ХХІ ғасырда ақпарат жүйелерінің өркендеп, ғарыштап дамып келе жатқанын білеміз, өнеркәсіп пен ортаның дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстар табылады. Сауатты өмір – дамудың жаңа фазасына енеді, бұл жаңа сауатты оқыту технологиясын құруға біртіндеп көшуді талап етеді. Оқытудың жаңа технологиясына көшу ұзақ уақыт алады. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Негізгі базалық білім беру аймағында қызмет көрсету жағынан да қашықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде. Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады.

Қашықтықтан оқыту әдісі оқытудың жаңа нысаны ретінде және тиісінше білім берудің жаңа нысаны ретінде біздің елімізде белсенді түрде қалыптасып, дамып келеді. Оның мақсаты оқушыларға өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуге және әлемдік және ұлттық мәдениеттер жүйесінде сәтті интеграциялануға мүмкіндік беретін әмбебап білім беру элементтерін беру. Бұл оқыту оқушының өзгеретін қажеттіліктерін тез және икемді үйлестіруге мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық технологиялар негізінде жасалады.

Қашықтықтан оқыту әдісі -оқытушы мен оқушы арасындағы тікелей байланыссыз қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқыту процесін ұйымдастыру тәсілі. Қашықтан оқыту технологиясы материалды меңгеруді оқыту және бақылау on-line және off-line технологияларын пайдалана отырып, Интернет компьютерлік желісінің көмегімен жүзеге асырылады. Қашықтан білім беру технологиялары деп негізінен білім алушылар мен педагог қызметкерлердің жанама (қашықтықта) өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді қолдана отырып іске асырылатын білім беру технологиялары деп түсіндіріледі.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі технологиялары бар.

Солардың бірі - мультимедиялық технология. Бүгінгі таңда мультимедиялық технологиялар оқу үдерісін ақпараттандырудың перспективті бағыттарының бірі болып табылады. Мультимедиялық технологиялар оқу үдерісін байытады, оқу ақпаратын қабылдау процесіне оқушының сенсорлық компоненттерінің көпшілігін тарта отырып, оқуды тиімді



етеді. Бүгінгі таңда мультимедиялық технологиялар оқу үдерісін ақпараттандырудың перспективті бағыттарының бірі болып табылады. Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді, материалдық-техникалық базаны, сондай-ақ педагогикалық ұжымның міндетті біліктілігін арттыруды жетілдіру қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды білім беруде табысты қолданудың болашағын көреді.

Мультимедиялық және гипермедиялық технологиялар қуатты үлестірілген білім беру ресурстарын біріктіреді, олар ең алдымен ақпарат пен коммуникацияны қамтитын негізгі құзыреттерді қалыптастыру және көрсету ортасын қамтамасыз ете алады. Мультимедиялық және телекоммуникациялық технологиялар жалпы білім беру жүйесінде принципті жаңа әдістемелік тәсілдерді ашады. Мультимедиа негізіндегі интерактивті технологиялар ауыл мектептерінің «провинциализм» мәселесін интернет-коммуникация негізінде де, интерактивті CD-курстар мен мектептерде спутниктік интернетті пайдалану арқылы да шешеді.

Мультимедиа – заманауи техникалық және бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, интерактивті бағдарламалық қамтамасыз етудің басқаруымен көрнекі және дыбыстық эффектілердің өзара әрекеттесуі, олар мәтінді, дыбысты, графиканы, фотосуреттерді, бейнені бір сандық бейнеде біріктіреді.

Гипермедиа – мультимедиялық объектілер арасында жылжу үшін гипермәтіндік сілтемелер арқылы байланысқан компьютерлік файлдар.

Мектептерде компьютерлік сыныптарды ұйымдастыру үшін Интернет-технологиялар тартымды, дегенмен өзекті ақпаратты алу мүмкіндігімен, бүкіл әлеммен дерлік диалог ұйымдастыру мүмкіндігімен байланысты артықшылықтарға ие бола отырып, олардың елеулі кемшіліктері бар: бұл жұмыс кезінде қиындықтар. нашар байланыс желілері бар үлкен көлемдегі ақпаратпен (және олардың көпшілігі Ресей Федерациясының шалғай аймақтарында және ауылдық жерлерде бар), байланыс желілерінсіз жұмыс істеу мүмкін емес. Бұл кемшіліктер CD-ROM және DVD деп аталатын оптикалық компакт-дискілерді пайдалану арқылы жойылады. Қолда бар бағдарламалық өнімдер, соның ішінде дайын электронды оқулықтар мен кітаптар, сонымен қатар өздерінің әзірлемелері мұғалімге оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Интернет мұғалімдердің ақпаратты табу мен қабылдауда, әріптестермен қарым-қатынас құралы ретінде таптырмас көмекшісіне айналуға.

Мультимедиялық технологияларды қолдану:

-мультимедиялық презентацияларды қолданумен сабақтар мультимедиялық проекторларды, резиденттік анықтамалықтарды, автоматтандырылған оқыту жүйелерін, әртүрлі бағдарламалардың бейне жазбаларын және т.б. пайдалана отырып, компьютерлік зертханаларда өткізіледі;

-практикалық сабақтарда әрбір студентке жеке компьютер бөлінуі керек, онда оның сынып коды және студенттің тегі деп аталатын жеке папкасын жасаған жөн;

-жеке оқыту бағдарламаларын, көп деңгейлі тапсырмалар банкін (тәжірибелік жаттығулар мен зертханалық жұмыстар үшін) кеңінен қолдануды қамтитын жеке тәсілді қолдану қажет;

-сабақтардың едәуір бөлігін іскерлік ойындар түрінде өткізген жөн; тапсырмалар ретінде нақты өмірде көп нұсқалы және анықталмаған тапсырмалар, әсіресе түлектер кәсіби қызметінде кездесетін тапсырмалар берілуі керек;

-жобалық әдісті кеңінен қолдану керек, оның шеңберінде жүйелілік пен сабақтастық принциптерін сақтау қажет; бұл бір ғаламдық тапсырма барлық практикалық (зертханалық) және есептеу және графикалық жұмыстарда дәйекті түрде орындалуы, толықтырылуы және кеңейтілуі, үйлесімді толық жүйеде жүзеге асырылуы керек дегенді білдіреді;

-бағдарламаның негізгі тарауларын параллельді және концентрлі зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек; бұл студенттерге курсты меңгерген сайын бүкіл материалды баяндау тұтастығын жоғалтпай, әрбір бөлім бойынша көбірек терең білім алуға мүмкіндік береді;

-мынадай өзара байланысты принциптерге сүйену керек: таным мотивациясы; жан-жақты қабылдау; «еніп жатқан» жүйелік-ақпараттық талдау;

-проблемалық оқыту әдісін кеңінен қолдану, студенттердің оқу процесінде қолдануға болатын нақты бағдарламаларды (құжаттар, кестелер, мәліметтер базасы) әзірлеуін қамтамасыз ету керек.

Оқытуда мультимедиялық технологияларды қолданудың дәстүрлі оқытумен салыстырғанда мынадай артықшылықтары бар:

- түсті графиканы, анимацияны, саундтректі, гипермәтінді пайдалануға мүмкіндік береді;
- тұрақты жаңарту мүмкіндігіне мүмкіндік береді;
- басып шығару және көбейту шығындары төмен;
- оған интерактивті веб-элементтерді, мысалы, тесттерді немесе жұмыс кітабын орналастыру мүмкіндігін береді;
- баға белгілеу үшін бөлшектерді көшіруге және тасымалдауға мүмкіндік береді;
- көптеген гиперсілтемелердің арқасында материалдың өтуінің сызықты еместігіне мүмкіндік береді;
- электрондық кітапханаларда немесе оқу сайттарында қосымша әдебиеттерге гиперсілтемені орнатады.

Мультимедиа вербальды және визуалды-сенсорлық ақпаратты біріктіруге мүмкіндік береді, бұл студенттердің мотивациясына, оқудың өзекті жағдайын жасауға ықпал етеді.

Мультимедиялық технологияларды пайдалана отырып, аудиториялық сабақтарды ұйымдастыру уақытты үнемдеуге, сол арқылы кез келген оқушыға қолжетімді өте қарапайым құралдарды пайдалану арқылы оқу материалын көрсетуді белсендіруге мүмкіндік береді. Сабақ барысында оқушылардың өздері мектеп оқушыларының «Информатика» пәнін қабылдауында сөзбе-сөз революциялық әсер беретін визуалды түрлі-түсті оқу және ойын ортасын жасай алады. Мультимедиялық компьютерлік технологиялар мұғалімге оқылатын материалды тереңірек және саналы түрде меңгеруге, сабақ уақытын үнемдеуге және оны ақпаратпен қанықтыруға ықпал ететін әртүрлі құралдарды жылдам біріктіруге мүмкіндік береді.

Ақпараттық мультимедиялық технологияларды енгізу оқу процесін технологиялық және тиімді етеді. Иә, бұл жолда қиындықтар да бар, қателіктер де бар, болашақта оларды айналып өту мүмкін емес. Бірақ басты жетістік бар – бұл студенттердің қызығушылығы, олардың шығармашылыққа дайындығы, жаңа білім алу қажеттілігі және дербестік сезімі. Компьютер бір-біріне ұқсамайтын сабақтарды жасауға мүмкіндік береді. Бұл үнемі жаңашылдық сезімі оқуға деген қызығушылықты арттырады.

Сонымен сабақта мультимедианы интерактивтілік, құрылымдау және ақпаратты визуализациялау арқылы қолдануда оқушының ынтасы күшейеді, оның сана деңгейінде де, санадан тыс сана деңгейінде де танымдық әрекеті белсендіріледі.

Ақпараттық арналардың ішінде көрнекі арна ең қуаттысы болып табылады, сондықтан оны білім беру саласында мультимедиялық құралдар арқылы пайдалану дамыған. Дегенмен, бұл басқа ақпарат құралдарының маңыздылығы мен маңызын жоққа шығармайды. Мысалы, материалды меңгерудің тиімділігі музыкалық сүйемелдеуді оңтайлы таңдау арқылы әрбір мультимедиялық оқулық үшін өзіндік ритм доминантты құруды айтарлықтай арттырады. Мультимедиялық оқулықтардағы пернетақта мен тінтуірдің басқа ақпарат құралдарымен ұштастыра отырып ойластырылған әрекеттесуі осы білім беру технологиясының тағы бір артықшылығын қосады. Ол қолмен жаттығулар есте сақтауды айтарлықтай дамытатынына негізделген.

Мультимедиялық технологияларды қолдану тәжірибесі мыналарды көрсетеді:

- оқушылардың еңбекке деген қызығушылығы мен белсенділігі күрт артады;
- ойлаудың алгоритмдік стилі дамиды, оңтайлы шешім қабылдау, өзгермелі әрекет ету қабілеті қалыптасады;
- мұғалім күнделікті жұмыстың массасынан босатылады, алынған нәтижелер негізінде шығармашылық әрекетке мүмкіндік беріледі.

Қорыта келе айтарымыз, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

Қашықтықтан оқыту ақпараттық мәдениет деңгейі дидактикалық бағдарламалар білім саласында оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, оқушыға өз бетінше қайталанбайтын көпнұсқалы, көпдеңгейді дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиялық формада беру, виртуалды өмірге енгізу жаңа мүмкіндіктер ұсынылады. Сонымен қатар, мұндай бағдарламалар қашықтықтан оқытудың материалды өз бетінше игеру жетілдірілген психологиялық педагогикалық әдістерді пайдалану, қашықтықтан оқытуды студенттің жеке психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдауға мүмкіндік береді.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Білім берудегі ақпараттық технологиялар: Оқу құралы, - Алматы, 2007.-192 б.
2. Google ақпараттық порталы
3. Б.Б. Аккуланова «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру». -Алматы,2013ж.

**Жангожина Г.М.**

**РОЛЬ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ**

*Аннотация.* Актуальность работы заключается в технологии дистанционного обучения для повышения уровня знаний педагогов за счет создания единой образовательной информационной системы. В частности, выделены роль, значение и преимущества мультимедийных технологий.

ӨОК 373.2

Жапанова Р.Н.

«Bolashaq» Академиясы, «Психология, педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі»

кафедрасының аға оқытушысы

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

riza\_70@bk.ru

Карашина А.Т.

№16 ЖББМ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

Ишанов П.З.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

«Педагогика және бастауыш оқытудың әдістемесі» кафедрасының профессоры, п.ғ.к.,

Ph.D. доктор

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Аңдатпа.* Мақала бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесіне арналған. Авторлар функционалдық сауаттылықтың түсінігі мен құрылымын анықтау тәсілдерін қарастырып, талдаған.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық

тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай - ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзіреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзіреттіліктері қалыптасуы тиіс.

Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да ондағы білім беру ісі-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Мектеп оқушыларға белгілі бір білім беріп қана қоймайды, жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқыту, қоршаған ортада дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бағалап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге үйретеді. Тәрбие мен білім қатар жүргеннен соң сөйлеу мәдениетіне де үйретеді. Мектеп оқушылары әр түрлі, әр деңгеймен мектеп табалдырығын аттайды. Дегенмен, әр оқушының бойында өзіндік қабілет болатынын әр ұстаз байқай алады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерінің мүмкіндіктері зор, шығармашылық жұмыстармен тұрақты, белсенді айналасуға икемді жас деуге толық болады. Оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін тағы бір қажеттілік-оларды психологиялық дайындықтан өткізу, яғни балалық шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырып мадақтай білу керек. «Сенің қолыңнан бәрі келеді екен ғой», «Ынтаң керемет, жарайсын!» деп кішкене болсын жетістіктерін мадақтап, көтермелеп отыруы қажет[2]. Алдындағы жетістіктеріне құптаушылық көрсетіп, сезім күйін бақылап, қамқорлық жасау керек. Оқушылардың қойған сұрақтарына дұрыс, нақты пейілмен жауап беріп, алдына қойған проблемаларын шешу жолында бағыт-бағдар жасап отырған дұрыс. Сонда оқушы ынталанып, алға ұмтылады, шығармашылық қабілеттерін дамыта біледі.

Сондай-ақ оқу барысында да жазба жұмыстары оқушының танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі. Жазба жұмыстары мен логикалық тапсырмалар арқылы әр баланың өзіндік көзқарастарын, эстетикалық және адамгершілік танымдарын, эмоцияларын, пікірлерін, талдауларын, қорытындылауларын, салыстыра білулерін және одан қорытынды жасау қасиеттері байқалып тұруы қажет деп ойлаймыз. Оқушы қабілетіне орай, айналадағы естілген дыбыс, адамдар мен жануарлардың тіршілігі, табиғат құбылыстарын бақылаудың барлығы оқушының тілін ғана дамытпайды, шығармашылық жұмыс жасаумен қатар оқушы ізденеді, талпынады, ойланады. Оқу іс-әрекетінде мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы тығыз байланыста болуы қажет.

Ол үшін мұғалім бар күш-жігерін, педогогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерін ашуға, үйлесімді дамуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы қажет. Ал оқушы тарапынан белсенділік, дербестілік көрсетуі, өзіне деген сенімділігі арқылы шығармашылық әрекетті қалыптастыра алады. Сонымен қатар әр сабақта ұстаз өз шеберлігінің барысынды оқушыға шығармашылық тапсырма беріп отыруы тиіс. Сол тапсырмалар сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, шығармашылық қабілеттерінің даралығына қарап, әр сынып бойынша әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Шығармашылыққа үйрететін сабақтар - жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қатынас сақталады.

Мұғалім бақылаушы ғана емес, бағалаушы да емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Ұстаз шеберлігінің арқасында оқушының шығармалық қабілеттерін дамыта алады. Сабақтан тыс уақытта оқушылар шығармашылығын дамытатын іс шараның бір түрі-әр түрлі кездесулер мен ұйымдастырылған шаралар. Осындай іс-шаралардың барысында, әрбір балаға өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге, еркін ойларын жеткізуге мүмкіндік беру қажет. Осындай көптеген жұмыстар жүргізуде шәкірт бойындағы қабілет көзі ашылып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінші ізденуге зор әсерін тигізеді.

Ұстаз еңбегі – оқушы біліммен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі-әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір оқушының бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Жұмыс барысында, әсіресе бала қиялының шығармашылық жұмыста орны ерекше. Мағжан Жұмабаевтың жақсы бір сөзі дәлел болмақ: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген шатырдың астында, хош иісті кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті». «Баланың атаға тартуы рас болса, сикырлы даланың баласы-қазақ баласы қиялқұмар болуға тиісті». Сөз өнері - әдебиетке тікелей қатысты, Ұстаз шеберлігінің бірі - әр сабақты түрлендіріп өткізудің маңыздылығы ерекше[3]. Тиімділігін атап айтсақ: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс-әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу-танымдық тапсырмаларды орындауға ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқу уақытының үнемділігі. Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі. Ал бұл бағытта мемлекеттік тілдің алатын орны ерекше. Елге деген құрмет сезімдерін ояту, мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі орнын танытып, көрсетуде, оқушыға эстетикалық тәрбие беруде қазақ тілінде шығармашылық қабілетті дамыту басты орын алады..

Осындай шығармашылыққа баулитын жұмыс түрлері өте көп. Көбінесе тәрбие сағаттарында оқушыны жан-жақты тануға болады. Себебі: оқуға үлгерімі төмен оқушы дана қырынан өзін таныта алады. Көптеген табиғат талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Сондықтан да оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділіктерін арттыруда мұғалім үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуге әрқашанда дайын болуы керек. Әрине, атқарылған істер де аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын істер де жетерлік. Ендеше бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естеп шығармағанымыз жөн.

Қорыта айтқанда, оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

**Сапарғали А.Т.**

### **РАЗВИТИЕ И ВОСПИТАНИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ**

*Аннотация. Развитие и воспитание творческих способностей ученика – сегодня одна из актуальнейших проблем. Творчество – один из важных источников жизни. Результатом достижения творчества – является достижением даже тот период с начало разговорной речи до сегодняшнего дня человеческой жизни.*

ӘОК 37

Сарсекеева А.Ж.

«С. Торайғыров атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ Бұқар-Жырау ауданы, Қарағанды облысы, Қазақстан Республикасы

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАНАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Аңдатпа. Автор өзінің мақаласында білім саласының даму көшінен қалмай ілгерілеу мақсатын айқындап алған. Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын бірінші орынға қойған.*

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың сапалы білім алуы басты мәселе болып отыр. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Білімді, сауатты адамдар - бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» дегенінің өзі - үлкен көрегендіктің белгісі.

Білім саласының даму көшінен қалмай ілгерілеу басты мақсатымыз. Сол көшке ілесе алмасак - бізге сын. Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында.

Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірініші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздардың еңшісінде екені айтпаса да белгілі. Осы орайда ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің «Бала - балқытылған алтын» деген қанатты сөзі бірден ойға түседі. Балаға қалай бағыт берсең, солай өседі. Сондықтан баланың бойындағы жақсы қасиеттердің болуына, оның жан-жақты дамуына және баладан рухани бай тұлға қалыптастыра білу басты міндетіміз. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді дамыту керек. Қазіргі кезде заман талабына сай қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, бәсекеге қабілеті мол тұлға қажет. Ондай тұлға жалпы орта білім беру арқылы, немесе мектеп арқылы даярланады.

XXI ғасыр талаптарына сәйкес мектеп оқушылары бүгінгі заманда және келешекте қол жетімді табысқа жетуі үшін, бұрынғыдан да анағұрлым дағдыларды меңгеруін қажет етеді. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бірі-жаңартылған білім беру мазмұнына көшу болып табылады және оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылып, енгізілуде.

Сабақ - мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілетілігіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласыда шет қала алмайды.

Осыған байланысты бағдарламаның мақсаты: Бастауыш сынып пәндері бойынша білім беруді жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан педагогтардың жауапкершілікті түсіну мен олардың кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігін жетілдіруде және білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешуге қосқан үлес қосқан.

Бағдарламаның міндеттері:

- бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

- бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

- бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатына критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

- мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Оқудан күтілетін нәтижелер:

- мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

- бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

- бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсаттарында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

- мұғалімдердің орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына

жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді.

Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді.

Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани-адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады. Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы.

Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді». Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен. Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тапсақ, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме



пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Негізінен жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілік және сапаға бағытталған бағдарлама екендігіне көз жеткіздім.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
2. Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауы, 2012.
3. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.
4. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.
5. ҚР «Білім туралы» Заңы, Астана, 2007. «Білім технологиялары» № 3, 2014 ж.

**Сарсекеева А.Ж.**

#### **ОСОБЕННОСТИ СОДЕРЖАНИЯ ОБНОВЛЕННОГО ОБРАЗОВАНИЕ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ**

**Аннотация.** В своей статье автор определяет цель дальнейшего прогресса в развитии сферы образования. В соответствии с современными требованиями будущее поколение ставит обучение на первое место.

ӘОЖ 371.485

Телюқанов Ж.Е.

Астана Халықаралық Университеті, 2 курс магистранты  
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан  
[zhiger.telyukanov@bil.edu.kz](mailto:zhiger.telyukanov@bil.edu.kz)

#### **ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖЕТІЛУІНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘСЕРІ**

**Аңдатпа.** «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы білім алушылардың рухани-адамгершілікті дамуын қамтамасыз етуге, олардың бойында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, академиялық үлгерімді жоғарылатуға, әлеуметтендіруге, кәсіби бағыт беруге, сын тұрғысынан ойлауын дамытуға, экологиялық, салауатты және қауіпсіз өмір мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама білім беру ұйымының қызметкерлерімен, ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа да нысандарымен тығыз қарым-қатынаста болуы арқылы жүзеге асырылады.

Бұған не үшін қажеттілік туындады? Қазақстан Республикасы білім алушыларын тәрбиелеудің қазіргі жағдайына талдау.

«Рухани Жаңғыру», «Цифрлық Қазақстан» (2019) бағдарламаларын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес, оқушылардың денсаулығының барлық аспектілері бойынша (адамгершіліктік, физикалық, психологиялық, әлеуметтік) жүйелі төмендеуі байқалады: кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстың өсуі; ішімдік ішу, темекі шегу, есірткі тарту қиянаты; өз өзіне қол жұмсау жағдайларының көбеюі; жыныстық қатынасқа ерте түсу; түрлі бағыттағы діни көзқарастың көбеюі және басқалар.

ЮНИСЕФ-тің 2017 жылғы зерттеуінің деректері бойынша, Қазақстанда оқушылардың үштен екісі оқушылардың немесе мұғалімдердің тарапынан зорлық-зомбылыққа тап болғанын немесе оған куә болған. Ішкі істер органдарының есебінде жыл сайын 7 мыңға жуық кәмелетке толмағандар және жағдайы төмен 10 мың отбасы тіркеледі. 3 мыңнан астам бала қылмыстық құқық бұзушылық жасайды. 2018 жылы балаларға қатысты 2125 қылмыс жасалса, 2277 кәмелетке толмаған бала құрбан болды (2017 жылға қарағанда 5,5% - ға жоғары).

Балалардың өз-өзіне қол жұмсауының өсуі сақталып отыр (2018 жылы балалардың арасына өз-өзіне қол жұмсауының 178 жағдайы болды, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 6,6 %-ке жоғары).

Жоғарыда келтірілген деректер Қазақстан оқушыларына тәрбие беру жүйесіндегі қауіпті, алаңдатарлық статистиканың бірнеше мысалын ғана қамтиды. Тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздеріне (2019) сәйкес, жақын болашақта ұлттың денсаулығына, оның зияткерлік әлеуетіне, бәсекеге қабілеттілігіне және жалпы елдің ұлттық қауіпсіздігіне әсер етпей қоймайды. Сондықтан, білім беру ұйымдарында ұзақ жылдар бойы қалыптасқан кемшіліктерді жеңетін жаңа тәжірибе қажеттілігі туындайды.

*Мақсаты:* Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

*Міндеттері:*

1) Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, тұлғаны патриотизмге, Отанына адал қызмет етуге және оның мүдделерін қорғауға тәрбиелеу;

2) Тұлғалық қасиеттерді дамыту; бәсекеге қабілеттілікті, сын тұрғысынан ойлауды және функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өздігінен шешу қабілетін дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға қажетті жағдайлар жасау;

3) Білім алушыларды еңбекқорлыққа жетелей отырып, бойында өзін-өзі тану, өз-өзіне баға беру, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен даму, әлеуметтік жауапкершілік және әлеуметтену дағдыларын қалыптастыру;

4) Білім алушылардың да, ұжымның да табыстылығын және денсаулығы мен жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін, мектептің эмоционалды ахуалын жақсарту, білім беру ортасын дамыту;

5) Оқу-тәрбие процесінде ата-аналардың қатысу ролін арттыру;

#### **Бағдарламаның басым бағыттары**

Қазақстанның білім беру ұйымдарындағы тәрбие берудің қазіргі жағдайының ерекшелігі оның мазмұнын әлеуметтік сұранысқа орай, "Рухани жаңғыру" бағдарламасында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, тәрбиенің жаңартылған базалық мазмұны басты бағыт ретінде анықталған.

#### **1. Қазақстандық Патриотизм**

*Мақсаты:* Мемлекетке, туған жерге, өзінің мәдени ортасына сүйіспеншілігін қалыптастыру. Жас буынның бойындағы күш-қуатын, білімін Отан игілігі мүддесіне жұмсауға, жерін, тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрмет тұтуға тәрбиелеу.

#### **2. Ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту**

*Мақсаты:* Жас ұрпақтың санасы мен көзқарасында ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оларды заманауи жаһандық даму ағынымен келетін өзгерістердің бәріне ашық болуына дайындау.

#### **3. Білімнің салтанат құруы**

*Мақсаты:* Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, жаңашылдыққа жақын, үздіксіз білім алуға құштар, саналы әрі сапалы тұлға қалыптастыру.

#### **4. Бәсекеге қабілеттілік**

*Мақсаты:* Жаңа дәуір ұрпағын 21 ғасырға лайықты қабілеттерге, сандық сауаттылыққа, шет тілдерін үйренуге, мәдени ашықтыққа бағыттау.

## **5. Еңбекқорлық**

*Мақсаты:* Тұлғаның бойында ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, мақсаткерлік қасиеттерін сіңіруге, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық беру, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалануға ықпал ету.

## **6. Функционалдық сауаттылық**

*Мақсаты:* Білім алушының алған білімін практикалық жағдайларда және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік жасау.

### **Бағдарламаны ұйымдастырудың принциптері**

Құндылықтарға негізделген білім беруді ұйымдастырудың келесі принциптері, бағдарламаны жүзеге асыру барысында сақталуы міндетті болып табылатын бастапқы және маңызды ережелер болып саналады:

➤ **ізгілік принципі** - білім алушының еркін даму құқығының, ішкі адамгершілік дүниесінің неғұрлым толық дамуын мойындау;

➤ **құндылықты бағдар принципі** - білім алушылар мен мұғалімнің адамгершілік тәрбиесіне бағытталған құндылықтандыру;

➤ **шынайылық принципі** - білім алушы адамгершілік әрекеттің субъектісі ретінде шынайы өмірде мәдениетке жетуінің жолын өздігінен таңдайды;

➤ **рефлексивті бағдары принципі** - мұғалім білім алушылардың ойын, сезімдерін және іс-әрекеттерін дұрыс түсінуге және мақсатты түрде реттеуге ұмтылады;

➤ **субъектілік принципі** – педагог білім алушы қабілетінің дамуына, басқа адамдармен және алуан түрлілігін қоса алғандағы әлеммен байланысындағы өзінің «Менін» түсінуіне, өз әрекеттерін ұғынуына, өзінің және басқа адамдардың тағдыры үшін де олардың себеп-салдарын алдын-ала болжауына, өзін білімнің, сонымен қатар өз таңдауының субъектісі ретінде бағалауына барынша көмектеседі;

### **Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі кезеңдері:**

**1-кезең.** Білім беру ұйымы әкімшілігінің жауапкершілігімен ұйымдастыру тобы құрылады.

Ұйымдастырушы-жетекші топтың құрамында бола алады:

- педагогтар
- педагог-психолог
- әлеуметтік педагог
- әдіскерлер
- шаруашылық қызметкерлер
- ата-аналар
- білім алушылардың өкілдерінен тұратын жауаптылар

Жұмыс тобы білім беру ұйымында бағдарламаның орындалуына, мектеп оқушыларының құндылықтарды меңгеруіне педагогикалық жетекшілік жасауға, мазмұнына құндылықтар қамтылған қарым-қатынас орнатуға және қайта жаңғыртуға жауапты.

**2-кезең.** Оқу жылы барысында қолға алынатын құндылықтар таңдалады.

❖ Таңдау оқу-тәрбие процесіне қатысы бар барлық қызметкерлер, білім алушылар, ата-аналар пікірімен санасу арқылы жасалады.

❖ Бір құндылық кемі бір ай бойы дәріптеледі.

❖ Таңдауға төмендегі құндылықтар тізімі ұсынылады.

- 1) Патриотизм
- 2) Ұлттық құндылықтар
- 3) Құрмет
- 4) Ынтымақтастық
- 5) Жауапкершілік
- 6) Адалдық
- 7) Еңбекқорлық
- 8) Тазалық
- 9) Кішіпейілділік
- 10) Әділдік
- 11) Денсаулық
- 12) Батылдық
- 13) Жомарттық
- 14) Табандылық

- 15) Сүйіспеншілік
- 16) Эмпатия
- 17) Әдептілік
- 18) Кемелдену

**3-кезең.** Ұйымдастырушы-жетекші топ құндылықтарды білім беру ұйымының оқу-тәрбие бағдарламасындағы барлық жоспарларына кіріктіруге атсалысады.

- ❖ Оқу бөлімі процестерінің барлық жоспарында мақсатты түрде орындалуына
- ❖ Тәрбиелік шаралардың басты мақсаттары сол айдың құндылығына сай болуына
- ❖ Пәндік бірлестік шараларының мақсаттарында және орындалу барыстарында
- ❖ Ұжымдық шараларда
- ❖ Ата-аналармен бірлескен барлық шараларда
- ❖ Күнделікті айналымды жұмыс барысында

### **Бағдарламаны жүзеге асырудың шарттары мен механизмдері**

#### **Шарттары:**

1. Бағдарламаны жүзеге асырудың ең басты шарты - үлгі, өнеге болу.
2. Ұжым мен ата-ананың бір мақсатта бірлесе жұмыс жасауы.
3. Сабақтарды берілген құндылықтарға сәйкес өткізуі.
4. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс.

тұрғысынан берілуі тиіс.

#### **Механизмдері:**

- Әр айдың басында оқушыларға, ұжымға ай құндылығы жайында толық ақпарат беріледі.
- Білім беру ордасын ай құндылығына қатысты көрнекіліктермен безендіреді.
- Құндылық тақырыбына сай іс-шаралар ұйымдастырылады.
- Оқушылардың құндылықтарды күнделікті өмірде қолдануына жағдай жасалады.
- Құндылықты дәріптеу жұмыстарында ата-аналарды қатыстырады.
- Әр айдың соңында оқушылардан құндылықты меңгергендігін анықтау мақсатында кері байланыс алынады, сынып іші жұмыстарына анализ жасалады.
- Өткізілген құндылық айының қорытындысы жасалады.

#### **Бағалау жүйесі**

- Білім беру ұйымында құндылықтарды дамытуға арналған жазбаша жоспар болады.
- Мектеп құндылықтарының жоспары жыл сайын қайта қаралып, талқыланады. Қажет болған жағдайда өзгерістер енгізіледі.
- Құндылықтарға негізделген білім берудің оқушыларға әсерін бағалауда әртүрлі тәсілдер қолданылады (есеп карточкалары, анкета, әңгімелесу, ата-аналар конференциясы және т.с.с).
- Оқу жылының басында және соңында оқушылардың эмоционалды портреті шығарылады.
- Әр айдың соңында құндылықтарға негізделген білім беру процесін қорытындылау нәтижесі шығарылады.

#### **Күтілетін нәтиже**

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде білім беру ұйымдарында оқушы жастардың бойында

- қазақстандық патриотизм
- азаматтық сана-сезім
- толеранттылық
- жалпы және құқықтық мәдениет
- салауатты өмір салты
- шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру
- өзін-өзі кәсіби анықтауды қалыптастыру
- бос уақытын тиімді қамтамасыз ету бойынша даму сатыларының көрінісі күтіледі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ибрагимов, М. және т.б., 2019. Құндылықтарға негізделген мектеп. «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ХҚҚ. Алматы: Астана Кітап
2. Гимранова, А., 2019., Анализ работы по организации воспитательной работы в лицеях «Білім-Инновация», Нұр-Сұлтан

3. Гимранова, А., 2019. Анализ работы по вовлечению родителей в школьную деятельность в лицах «Білім-Инновация», Нұр-Сұлтан
4. Berkowitz, M. W., 2002. The science of character education. Içinde W. Damon (Ed. ), *Bringing in a new era in character education* (ss. 43–63). Stanford, Calif: Hoover Institution Press.
5. Lickona, T., 2009. *Educating for character how our schools can teach respect and responsibility*. New York: Bantam Books
6. Pearson, Q. and Nicholson, J., 2000. *Comprehensive Character Education in the Elementary School: Strategies for Administrators, Teachers, and Counselors*. *The Journal of Humanistic Counseling, Education and Development*, 38(4), pp.243-251.
7. Жұмабаев, М. ПЕДАГОГИКА, Алматы, 2005

**Телюқанов Ж.Е.**

### **ВЛИЯНИЕ ЦЕННОСТНО-ОРИЕНТИРОВОЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ К РАЗНОСТОРОННЕМУ РАЗВИТИЮ УЧЕНИКОВ В УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ**

*Аннотация.* Программа «Образование на основе ценностей» направлена на обеспечение духовного и морального развития студентов, растущих академических показателей, социализацию, профессиональное развитие, академическое развитие, развитие экологического развития, социальное развитие, развитие критического мышления, экологическая, здоровая и безопасная культура. Программа осуществляется путем работы с образовательной организацией с тесными отношениями с родителями, другими формами социализации.

ӘОЖ 371

Темір Ж.Т

Магистрант КарУ им.академика Е.А.Букетова,  
город Караганда, Республика Казахстан  
Научный руководитель к.п.н., доцент Баймуканова М. Т.  
[temir.jannur@mail.ru](mailto:temir.jannur@mail.ru)

### **БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ**

*Аңдатпа.* Мақалада жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқулары туралы түсінік беріледі, сонымен қатар олардың егде жастағы адамдармен, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде байқалатындығы қазіргі заманғы психологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Девиантты мінез-құлықты зерттеген ғалымдар туралы қазіргі психологиялық әдістердің негізгі қағидалары түсіндіріледі.

Тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан ұрпақтарын тәрбиелеу мен оларға сапалы білім берудегі ең негізгі бағыт жасөспірімдермен жүргізілетін әлеуметтік педагогикалық жұмыс. Жасөспірімдердің қылмыстық істерінің өршуі, әлеуметтік жетімдік пен жасөспірімдердің назардан тыс қалуы, бала тәрбиесінде жүрген қызметкерлерге үлкен міндеттер жүктейді. Нәтижесі-бақылаусыз қалған және тастанды балалардың санының өсуі, отбасы мен қоғамның мәдени моральдық бастауларын бұрмалау мен елемей, мінез құлықтың қоғам тәртібіне мүлдем сай болмауы.

Мұның барлығы нашарлыққа, ішімдікке салынушылыққа, жасөспірімдердің жезөкшелікке салынуына, ұрлыққа, бұзақылыққа және т.с.с. заң бұзушылыққа әкеледі. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықты мәселесін Қазақстандық педагог-психологтар мен әлеуметтанушылар да қарастырып жүр (А.Жұмабаев, Л.К.Керімов, Э.И.Шыныбекова, Г.А.Уманов, Ш.Е.Жаманбалаева, Д.Қазымбетова, Т.М.Шалғымбаев, А.М.Қарабаева) [1]. Бұл зерттеушілердің пікірінше девиантты сияқты жағымсыз қасиеттің қалыптасуына әлеуметтік-педагогикалық факторлардың әсер ететінін зерттеген. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтарын спорт, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, мектепке деген ықпалды күшейту, бойындағы белсенділікті арттыру, ұжымдағы әрекеттерге араластыру арқылы жеңудің әртүрлі жолдарын көрсетіп берген. Девиантты мінез-құлық соңғы жылдары жаппай сипатқа ие болып, бұл мәселені әлеуметтанушылардың, психологтардың, медицина қызметкерлерінің және құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің назарына жеткізгендігімен байланысты.

Жыл сайын балалар қылмысының, нашақорлықтың өсуі байқалады, девиантты мінез-құлықты балалар санының өсу үрдісі байқалады. Баланың мінез-құлқындағы ауытқулардың себептері қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тұрақсыздығының, жалған мәдениеттің әсерінің күшеюінің, жастардың құндылық бағдарларының мазмұнындағы өзгерістердің, қолайсыз отбасылық-тұрмыстық қатынастардың, мінез-құлықты бақылаудың болмауы, ата-аналардың шамадан тыс жұмыспен қамтылуы, ажырасу нәтижесінде туындайды. Мұның бәрі баланың өзіне, өзін-өзі реттеу қабілетіне, өмірлік маңызды жағдайларда өзін-өзі растауға, жалғыздық пен сенімсіздік сезіміне нұқсан келтіреді. Соңғы жылдары Қазақстанда жасөспірімдер саны өсті, олар үшін өмірдің мақсаты кез-келген жағдайда материалдық әлауқатқа жету болып табылады. Еңбек пен оқу әлеуметтік құндылығы мен маңыздылығын жоғалтты, прагматикалық сипатқа ие бола бастады - көбірек артықшылықтар, аз жұмыс істеу және оқу. Мінез-құлық ауытқуларымен жағдай елдегі экономикалық жағдайды одан әрі ушықтырады.

Соңғы жылдары Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласындағы жасөспірімдер қылмысының деңгейі едәуір өсті, мұнда қылмыстың объектісі азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің өмірінде ерекше маңызы бар меншік құқығы болып табылады. Көптеген жасөспірімдер жеке материалдық әлауқатқа, оны қамтамасыз ету әрекетіне, өзі қалағандай қағидаты бойынша өмір сүруге, кез-келген бағамен және кез-келген тәсілмен өзін-өзі растауға бағдарланумен сипатталады. Мұндай жағдайларда олар өздерінің мүдделері мен қажеттіліктерін қылмыстық жолмен қанағаттандыруға емес, қылмыс жасау үдерісін, қорқақ болмас үшін қатысуды және т.б. тартады. Соңғы жылдары біздің қоғамның әлеуметтік дағдарысына байланысты девиантты мінез-құлық мәселесіне қызығушылық айтарлықтай өсті.

Сондықтан девиантты мінез-құлықтың себептерін, формаларын, динамикасын мұқият зерттеу, әлеуметтік бақылаудың тиімді шараларын алдын-алу, түзету, оналту шараларын әзірлеу қажет. Девиантты мінез-құлық мәселесі ұзақ уақыт бойы зерттеліп келеді және бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді. Девиантты мінез-құлық, әдетте жасөспірімде қалыптасады, дәл осы кезеңде жасөспірім дамуының барлық кезеңдерінен өтетін балалық шақтан ересек жасқа, жетілмегендіктен жетілуге ауысу жүреді.

Сонымен қатар, жасөспірімдер халықтың ең аз қорғалған топтарының бірі екені белгілі. Девиантты мінез-құлық әрқашан адамның іс-әрекеті, қоғамда немесе топтарда кең таралған, мінез-құлық нормалары, ережелері, идеялары, көзқарастары, құндылықтары арасындағы сәйкессіздікпен байланысты. Қағида-бұл әлеуметтік жүйені сөзсіз өзгерістер жағдайында өміршең тепе-теңдік жағдайында ұстап тұратын механизм. Жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдарда қағида жүйелерді сақтау және өзгерту үшін рұқсат етілген шек, өлшем ретінде түсіндіріледі.

Девиантты немесе девиантты мінез-құлық (ағылш. deviation-ауытқу) - қоғамда белгіленген құқықтық нормаларға сәйкес келмейтін және құқық бұзушыны (девиантты) оқшаулауға, емдеуге, түзетуге немесе жазалауға әкеп соғатын іс-әрекеттер. Девиантты мінез-құлықтың негізгі түрлері: қылмыс, алкоголизм, нашақорлық, суицид, жезөкшелік, жыныстық ауытқулар. Синонимдер-девиантты мінез-құлық, ауытқу. Девиантты мінез-құлық ұғымы "құқық бұзушылық" (заңсыз, қылмыстық, қылмыстық мінез-құлық) және "қоғамға қарсы мінез-құлық" (қоғамға қарсы) ұғымдарына қарағанда кеңірек қолданылады[2].

М.А. Галагузова жасөспірімдердің "девиантты мінез-құлқы" және "девиантты мінез-құлық" ұғымдары "қиын" немесе "қиын" жасөспірімдермен синоним деп санайды.

Жасөспірімнің тәрбиесінің қиындығы-бұл ғылымда "ауытқу" құбылысы арқылы қарастырылатын педагогикалық әсерлерге қарсы тұру екенін баса айтады. Ауытқу-өзгергіштік құбылысының бір жағы. Әлеуметтік саладағы өзгергіштік әрдайым белсенділікпен байланысты және жасөспірімнің сыртқы және ішкі белсенділігімен делдал болған оның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін білдіретін адамның мінез-құлқында көрінеді.

Ғалым девиантты мінез-құлық әлеуметтік бейімделудің көріністерінің бірі екенін баса айтады. Девиацияға девиантты, делинквентті және қылмыстық мінез-құлық жатады [3].

Девиантты мінез-құлық күрделі өзара әрекеттесудегі әртүрлі факторларға байланысты күрделі құрылымға ие. Адамның дамуы көптеген факторлардың өзара әрекеттесуіне байланысты: тұқым қуалаушылық, қоршаған орта, білім, адамның өзіндік практикалық қызметі.

Кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқын анықтайтын негізгі факторларды анықтауға болады.

Биологиялық факторлар баланың денесінің қолайсыз физиологиялық немесе анатомиялық ерекшеліктерінің болуымен көрінеді, бұл оның әлеуметтік бейімделуін қиындатады. Оларға мыналар жатады:

- тұқым қуалайтын генетикалық-бұл ақыл-ой дамуының бұзылуы, есту және көру қабілетінің бұзылуы, дене ақаулары, жүйке жүйесінің зақымдануы болуы мүмкін. Балалар бұл зақымдарды, әдетте ананың жүктілігі кезінде, дұрыс тамақтанбау, алкогольді ішімдіктерді ішу, темекі шегу салдарынан алады;

- психофизиологиялық-адам ағзасына психофизиологиялық жүктемелердің, жанжалды жағдайлардың, қоршаған ортаның химиялық құрамының, әртүрлі соматикалық, аллергиялық, уытты ауруларға әкелетін энергияның жаңа түрлерінің әсерімен байланысты;

- физиологиялық-соның ішінде сөйлеу ақаулары, сыртқы тартымсыздық және адамның кемшіліктері, олар көп жағдайда басқалардың теріс көзқарасын тудырады, бұл баланың құрдастарының, команданың арасындағы тұлғааралық қатынастар жүйесінің бұрмалануына әкеледі.

Балада психопатологияның болуы немесе жеке белгілердің акцентациясы (шамадан тыс күшейту) кіретін психологиялық факторлар. Бұл ауытқулар жүйке жүйесінің қозғалыстығын арттыратын және жасөспірімнің жеткіліксіз реакциясын тудыратын нейропсихиатриялық ауруларда, психопатияда, шекаралық жағдайларда көрінеді. Адамның психикалық денсаулығының нормаларынан ауытқу болып табылатын айқын психопатиясы бар балалар психиатрлардың көмегіне мұқтаж.

Психикалық норманың экстремалды нұсқасы болып табылатын ерекше белгілері бар балалар әртүрлі психологиялық әсерлерге өте осал және әдетте тәрбиелік шаралармен қатар әлеуметтік-медициналық оңалтуды қажет етеді.

Баланың дамуының әр кезеңінде кейбір психикалық қасиеттер, жеке қасиеттер мен мінездер қалыптасады. Жасөспірімде психиканың дамуының екі үдерісі бар: ол өмір сүретін әлеуметтік ортадан алыстау немесе танысу. Егер отбасында бала ата-ананың, сүйіспеншілігі, назарының жоқтығын сезінсе, онда иеліктен шығару бұл жағдайда қорғаныс механизмі болады. Мұндай иеліктен шығарудың көріністері болуы мүмкін: невротикалық реакциялар, басқалармен қарым-қатынастың бұзылуы, эмоционалдық тұрақсыздық және суықтылық, айқын немесе шекаралық табиғаттың психикалық ауруларынан, психикалық дамудың артта қалуынан немесе кешігуінен, әртүрлі психикалық патологиялардан туындаған осалдықтың жоғарылауы.

Бас тарту, наразылық, топтастыру сияқты жасөспірімдердің сипаттамалық реакциялары, әдетте, эмоционалды тәуелді, үйлесімсіз отбасылық қатынастардың салдары болып табылады.

Адамгершілік құндылықтарды жасөспірімнің саласы, оның мүдделерін қабылдай бастады көбінесе ашкөз, күштеу немесе тұтыну бағыты. Мұндай жасөспірімдерге инфантилизм, пайымдаулардағы қарабайырлық, ойын-сауық мүдделерінің басым болуы тән.

Әлеуметтік-педагогикалық факторлар теріс тәжірибе жинақтай отырып, бала кезіндегі баланың ерте әлеуметтенуінде ауытқуларға әкелетін балалардың жыныстық жас және жеке ерекшеліктеріне негізделген мектеп, отбасы немесе қоғамдық тәрбиенің ақауларында көрінеді жасөспірімде танымдық мотивтердің, қызығушылықтар мен мектеп дағдыларының қалыптаспауына әкелетін мектеппен байланысы үзілген баланың мектептегі тұрақты сәтсіздігінде (педагогикалық немқұрайлылық). Мұндай балалар, әдетте бастапқыда мектепке дайын емес, үй тапсырмаларына теріс қарайды, мектептегі бағаларға немқұрайлықты білдіреді, бұл оқу қабілетінің бұзылуын білдіреді.

Оқушының оқу бейімсіздігі оның дамуында келесі кезеңдерден өтеді:

- оқу декомпенсациясы-мектепке деген жалпы қызығушылықты сақтай отырып, бір немесе бірнеше пәнді оқуда қиындықтардың туындауымен сипатталатын баланың жағдайы;

- мектептегі дезадаптация-оқытудағы өсіп келе жатқан қиындықтармен қатар мұғалімдермен, сыныптастармен қақтығыстар, сабақтан қалу түрінде көрінетін мінез-құлық бұзылыстары болған кездегі баланың жағдайы;

- әлеуметтік бейімсіздік-баланың оқуға деген қызығушылығы, мектеп ұжымында болу, қоғамға жат компанияларға кету, спирттік ішімдіктерге, есірткіге құмарлық толық жоғалғаны байқалатын жай-күйі;

Балаға физикалық зиян келтіретін ересектердің қатыгездігі (қорлау, немқұрайлылық) балалардың девиантты мінез-құлқының себептерінің бірі болып табылады. Мұндай әрекеттерге ұшыраған балалар өздерінің қалыпты дамуы үшін қажетті қауіпсіздік сезімінен айырылады. Бұл баланың жаман, ешімге қажетсіз екенін түсінуіне әкеледі. Балаларға қатысты кез-келген

қатыгездік әртүрлі салдарға әкеледі, бірақ оларды бір нәрсе біріктіреді-баланың денсаулығына зиян немесе оның өмірі мен бейімделуіне қауіп төндіреді. Балалар мен жасөспірімдердің қатыгездікке реакциясы баланың жасына, жеке қасиеттеріне, әлеуметтік тәжірибесіне байланысты. Психикалық реакциялармен қатар (қорқыныш, ұйқының бұзылуы) мінез-құлықтың бұзылуының әртүрлі формалары байқалады:

- агрессивтілікті арттыру;
- айқын түңілу;
- қатыгездік немесе өз-өзіне күмәндану;
- ұялшақтық;
- құрдастарымен қарым-қатынасты бұзу;
- өзін-өзі бағалаудың төмендеуі[4].

В.Ф.Сафин оқушылардың девиантты мінез-құлқының келесі себептерін сипаттайды: ата-аналардың бақылауының болмауы, қиын отбасылық жағдайлар, көшенің әсері, психикалық дамудағы ауытқулар, толық емес отбасы немесе отбасындағы зиянды атмосфера, ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа ену, ата-аналардың мәдени деңгейінің төмендігі, олардың тәрбиелік әсерді дұрыс қолдана алмауы, жұмыспен қамтылуы және ауруы. [5]

Отбасылық қиындықтар баланың дамуындағы ауытқу факторы болып табылады. Девиантты мінез-құлықты қалыптастыруға әкелетін отбасылық қатынастардың белгілі бір стильдерін бөліп көрсету керек:

- бір жағынан гиперопияны, екінші жағынан баланы жанжал жағдайларына итермелеуді біріктіретін тәрбие мен отбасылық қатынастардың үйлесімсіз стилі;
- толық емес отбасындағы, ажырасу, балалар мен ата-аналардың ұзақ уақыт бөлек тұруы жағдайындағы тәрбиелік ықпалдың тұрақсыз, жанжалды стилі;
- ішімдік, есірткі, азғын өмір салты, ата-аналардың қылмыстық мінез-құлқы, аз уәжделген "отбасылық қатыгездік" пен зорлық-зомбылықтың көріністері бар ұйымдасқан отбасындағы қарым-қатынастың асоциалды стилі.

Қатыгездік (қорлау, немқұрайлылық) - бұл балаға қамқорлық жасайтын немесе оған қамқорлық жасайтын адамдар тарапынан зиян келтіретін әрекеттердің кең спектрі. Бұл әрекеттерге азаптау, физикалық, эмоционалды, жыныстық зорлық-зомбылық, балаға физикалық зиян келтіретін қайталанатын негізсіз жазалар немесе шектеулер жатады. Мұндай әрекеттерге ұшыраған балалар өздерінің қалыпты дамуы үшін қажетті қауіпсіздік сезімінен айырылады. Бұл баланың жаман, қажетсіз, сүймейтін екенін түсінуіне әкеледі. Балаларға қатысты кез-келген қатыгездік баланың денсаулығына зиян келтіреді немесе оның өмірі мен бейімделуіне қауіп төндіреді. Балалар мен жасөспірімдердің қатыгездікке жауап беру түрі баланың жасына, жеке қасиеттеріне, әлеуметтік тәжірибесіне байланысты. Психикалық реакциялармен қатар (қорқыныш, ұйқының бұзылуы, тәбет және т.б.) мінез-құлықтың бұзылуының әртүрлі формалары байқалады: агрессивтіліктің жоғарылауы, айқын көріну, қатыгездік немесе өз-өзіне күмәндану, ұялшақтық, қарым-қатынастың бұзылуы.

Әлеуметтік-экономикалық факторларға әлеуметтік теңсіздік жатады, қоғамның байлар мен кедейлерге бөлінуі, халықтың едәуір бөлігінің кедейленуі, лайықты табыс табудың әлеуметтік қолайлы тәсілдерін шектеу, жұмыссыздық, инфляция және нәтижесінде әлеуметтік шиеленіс.

Моральдық-этикалық факторлар, бір жағынан, қазіргі қоғамның төмен моральдық деңгейінде, құндылықтардың жойылуында, қоғамның девиантты мінез-құлық көріністеріне бейтарап қатынасында көрінеді. Қоғамның немқұрайлылығының салдары, мысалы, балалар алкогольшілігі немесе жезөкшелік, баланың отбасына, мектепке, мемлекетке деген немқұрайлы қарауы, бос әурешілік, құмарлық, жастар топтарын қалыптастыру, басқа адамдарға агрессивті көзқарас, алкоголь, есірткі қолдану, ұрлық, төбелес, кісі өлтіру, өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері.

Осылайша, кәмілетке толмаған баланың мінез-құлқы әртүрлі факторлардың әсерінен өзара тәуелді, сондықтан жасөспірімдерді тәрбиелеу жүйесін жетілдіру қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу жүйесін дамыту үшін девиантты мінез-құлықты тудыруы мүмкін нақты себептерді нақты білу қажет. Балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын-алу, ең алдымен өзіне, қоршаған ортаға, салауатты өмір салтына деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру болып табылады. Девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімдер-бұл қоғамның құндылықтарын, әлеуметтік нормаларын, әсіресе бастапқы ұжымда, отбасында, мектепте және т.б. жеткіліксіз меңгергендер. Мінез-құлық бұзылыстарының күрделі сипатына байланысты оларды алдын-алу. Әлеуметтік және психологиялық алдын-алу шараларының жақсы



ұйымдастырылған жүйесін қажет етеді. Психологиялық көмек-бұл жүйенің деңгейлерінің бірі және онда байланыстырушы рөл атқарады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Р.М., Шынтас Н.Н. Девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептері және алдын алу жолдары – <http://www.rusnauka.com>
2. Меццержков Б. Большой психологический словарь / Б. Меццержков, В. Зинченко. - СПб.: прайм-ЕВРОЗНАК. - 2004.-560 с.
3. Галагузова М.А. Социальная педагогика: Курс лекций / Под общей ред. М. А. Галагузовой.- М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000.-416с.
4. Кулагина И.Ю. Возрастная психология (Развитие ребенка от рождения до 17 лет): Учебное пособие. 5-е изд.-М.: Изд-во УРАО, 2000-176 с.
5. Сафин В.Ф. Введение в психодиагностику личности школьника. – Уфа: Изд-во БГПУ, 2000-93 с.

**Темір Ж.Т.**

**ПРИЧИНЫ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ**

**Аннотация.** В статье дается представление об отклонениях подростков в их современном поведении, а также о том, что они наиболее заметны при общении со старшими, сверстниками, являются одной из современных психологических проблем. Об ученых, изучавших девиантное поведение, объясняются основные принципы современных психологических методов.

ӨОК 373.31

Фазыл М.Т.

«№74 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

**МЕКТЕПТЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада ағылшын тілін оқытудың әдіс-тәсілдері қарастырылған. Автор ағылшын тілі сабағының әртүрлі кезеңдерінде интерактивті оқыту технологияларын қолдану оқушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырып қана қоймай, сонымен қатар оқушылар мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсіністікке ықпал ететін көрсеткен.

Білім беруді жаңғыртудың басым бағыттарының бірі мектепте ағылшын тілін оқыту болып табылады. Ағылшын тілін үйренуге деген көзқарастың өзгеруі мемлекеттік білім беру бағдарламаларына енгізілген: бүгінде бұл тек оқу пәні ғана емес, өмірлік маңызды дағды. Бағдарламаға сәйкес, ағылшын тілін білу - бұл ережелер мен грамматикалық құрылымдардың жиынтығын білу ғана емес, сонымен қатар тілді күнделікті өмірде қолдана білу. Ағылшын тіліне деген көзқарастың жоғарлауы оқу процесіндегі құзыреттілік тәсілінің қазіргі тенденциясымен сәйкес келеді, оған сәйкес ағылшын тіліндегі байланыс жаңа мыңжылдықтағы адамның он негізгі құзіреттілігінің бірі болып табылады.

Қазіргі әлемде болып жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер білім беру үрдістеріне әсер ете алмады. Жоғары оқу орындарына сәтті түсу үшін және болашақта еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік үшін мектеп түлектері сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлана білуі, теорияны іс жүзінде қолдана білуі, өз көзқарасын анық және нақты білдіруі керек. Қазіргі әлемде педагогикалық үдерісті ізгілендіруге және оқушыға білім берудің басты субъектісі мәртебесін беруге байланысты оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістері енгізіле бастады. Ерекше тоқтала кететін әдіс-интерактивті оқыту әдістері.

Интерактивтілік термині бүгінде техникалық жағынан да, педагогикалық тұрғыдан да қолданылады. Бірінші жағдайда интерактивтілік - бұл пайдаланушының өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға арналған бағдарламалық интерфейснің қасиеті. Екінші жағында интерактивтілік термині оқытудың бірқатар әдістерін сипаттауда қолданылады, онда басты белгі адамның іс-әрекет, яғни мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс. «Интерактивті» сөзі ағылшынның «interact» сөзінен шыққан - өзара әрекеттесу, бір-біріне әсер ету.

«Интерактивті оқыту» лингвистикалық және коммуникативтік міндеттерді шешу мақсатында қарым-қатынас және оқыту процесінде мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі ретінде анықталуы мүмкін. Интерактивті қызмет оқу процесіне қатысушылардың әрқайсысы үшін маңызды мәселелерді шешуге, өзара түсіністікке, өзара әрекеттесуге бағытталған диалогтік сөйлеуді ұйымдастыру мен дамытуды қамтиды. Интерактивті оқыту, ең алдымен, топта диалогтық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған.

Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда, интерактивті түрде мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттестігі өзгереді. Мұғалімнің белсенділігі оқушылардың белсенділігіне жол ашады. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың іс-әрекеттерін үйлестіруші және модератор ретінде әрекет етеді, олардың мінез-құлқын дұрыс бағытқа бағыттайды. Интерактивті оқытудағы мұғалімнің негізгі міндеті-өзіндік әлеуметтік тәжірибені тарту арқылы нақты оқу міндеттерін шешу мақсатында оқушылардың өзара ыңғайлы қарым-қатынасы үшін жағдай жасау. Интерактивті оқыту кезіндегі оқу процесі іс жүзінде әрбір оқушы таным процесіне және жаңа білім алуға қатысатындай етіп өтеді.

Белгілі болғандай, бұл әдістің мақсаты оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады, ол ағылшын тілін өмірдің түрлі салаларында қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана білуді көздейді. Интерактивті әдістердің артықшылығы-олар ағылшын тілін қолдану кезінде психологиялық кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді және оқушыларға оны қолдану тәжірибесін игеруге мүмкіндік береді. Интерактивті әдістерді қолдану процесінде жаңа дағдыларды игере отырып, оқушылар оқу уақытының едәуір бөлігі ағылшын тілінде сөйлеу практикасына бөлінетін мұғалім ұйымдастырған сабақ формаларына үлкен ықыласпен қатысады.

Қабілеттің дамуы оны қажет ететін қызмет саласында және әрекетке үйрену үстінде көрінеді. Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің икемділік пен дағдының болуына байланысты болады.«Қабілет» ұғымына берілген психологиялық анықтамалар саны баршылық. Қабілеттер-деп әрекеттің талаптарын қанағаттандыратын және үлкен жетістіктерге жеткізетін адамның қасиеттерінің синтезін атайды.

Ең алғаш қабілеттер мәселесін көтерген С.Л.Рубинштейн іс-әрекеттің қабілет дамытудағы ролін нақтылады. Осыдан бастап қабілеттердің әрекетте дамитындығы жайлы теория қалыптасып, бұл екі теория біртұтастықта қарастырылатын болды. Қабілеттер жайлы ой пікірлерді әрі қарай өрбіте отырып, Б.Г.Ананьев қабілеттер тек білім, білік жиынтығы ғана емес, оларды қолдана білудегі дербестік, саналылық, шығармашылық деген пікір айтады. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін көтеру тәжірибе барысында, білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынумен байланысты түсіндіруге болады.

Креативтілік - бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері креативтіліктің нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізді.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық оқу тапсырмаларының негізгі мақсаты-бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соңғы шешімдер іздестіру болып табылады. Кеңестік психологтар мен ғалымдар Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, В.А.Крутецкий, Б.М.Тепловтың өз республикамыздағы көрнекті ғалымдар: Т.Тәжібаев, М.М.Мұқанов, Ж.М.Әбділдин, Қ.Б.Жарықбаев, Т.С.Сабыровтың еңбектерін жеке тұлғаны дамытудың теориясы және практикасының алтын қоры деп білеміз [4-6]. Г.С.Абрамов жастың өсуіне байланысты жаңа психикалық білімдердің қалыптасуын былай сатылап көрсетеді:

- 1-3 жаста заттық әрекеттерді меңгеру, белсенді тіл, өзіндік сана-сезім;
- 3-6 жаста символдарды қолдану, талдап қорыту нормаларынан хабардар ету, бірлескен мотивтер, шартты-диалогтық бағыт;
- 6-10 жаста өз еркімен сыртқы әрекетін жоспарлау, рефлексия (іштей өзіне-өзі сынмен қарау) дүниетанымы қалыптасады.

Осы даму ерекшеліктерінің өзі бір-бірімен тығыз байланысты, бірінсіз-бірі өтпейді және ең маңыздысы мынау деп қарауға болмайды. Бала психикалық даму кезеңдері 1-кестеде көрсетілген.

Егер мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу іс-әрекеті шешуші рөлді атқарады. Осыған орай баланың психикалық дамуы өзгерістерге ұшырайды. Себебі ойынға қарағанда оқу талабы бала үшін қиын. Сонымен қатар жаңа ортаға үйреніп, тәрбиешімен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауына психологиялық көмек қажет. Баланың танымдық іс-әрекетіне әсер ету арқылы оқытудың қиыншылықтарын жеңуге мүмкіндік жасаймыз.

Кесте 1 - Баланың психикалық даму кезеңдері

№	Балалық кезеңдері	Жас аралығы	Кезеңдердің басты шарттары
1	Тікелей эмоционалдық қарым-қатынас жасау кезеңі	Алғашқы күннен 1 жас	Сәбиде басқалармен қарым-қатынас жасау қажеттілігі, олармен психикалық ортақтығы қалыптасады.
2	Заттың манипуляторлық қызмет кезеңі	1-3 жас	Өзіндік “Мен” қалыптасуының негізі болып табылады, бұл жаста сана қалыптасуы қатар жүре бастайды.
3	Ойын қызметі кезеңі	3-6 жас	Баланың қиялдауы мен ақыл-ой қызметі жүзеге асырылады, тілі дамиды.
4	Ойын қызметі кезеңі	6-10 жас	Оқу арқылы оқушылардың теориялық санасы мен теориялық ойлауы, оқудың мотиві мен қажеттілігі дамиды.
Ескертпе – Немовтың Психология атты оқу құралынан алынды.			

Балалардың оқу материалын жүйелі және мәніне қарай ұғынуында салыстыру ой операциясы негізгі рөлді атқарады. Салыстыру бір нәрсенің өзге нәрседен айырмашылығын немесе екеуінің де ұқсас жақтарын айыру болғандықтан, ой процестерінің ерекше түрі болып саналады. Оқу мазмұнын салыстыруда ой операциясының бірнеше түрі кездеседі. Сондықтан оны баланың оқуға деген ынтасын арттыру үшін пайдаланамыз. Сонымен қатар шығармашыл балалар қатарына белгілі бір іс-әрекеттер арқылы аса жарқын жетістіктер көрсете білген бүлдіршіндерді де жатқызуға болады.

Қорытындылай келе, шығармашылық қабілеттің дамуы әрбір балаға қажет екендігін, әр тұлғаның қоғам дамуында өз орны бар екендігін біле отырып, балалардың тек өткенге емес, болашаққа да қызығушылығымен, іс-әрекеттердің жаңа тәсілдерін көбейтуге қабілеттерімен ерекшеленетіндігін атап өту қажет. Сонымен бірге бұл жеке тұлғалық дамудың мақсаттарына да жауап береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2020 № 412

2 А.Құнанбаев. Қара сөздер. Алматы 2016. 175б.

3 Академик Т. Тәжібаевтың 109-жылдығына арналған «Академия Т.Т.Тәжібаев қазіргі педагогика ғылымы» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. Алматы 2019. 509б.

4 Выготский Л.С. Воображение и творчество в дошкольном возрасте / – Санкт-Петербург.: Союз, 1997. – 92 с. 66

5 Запорожец А.В. Избранные труды: Психологическое развитие ребенка / Москва: Педагогика, 1999 – 320 с.

6 Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. Москва. -2013. 275с.

#### **Кушикбаева И.**

#### **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОСТИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

**Аннотация.** В данной статье, говорится о том, что артпедагогика имеет с общей педагогикой единые конечные цели, это - помочь ребенку научиться понимать себя и жить в ладу с самим собой, научиться жить вместе с другими людьми, научиться познавать окружающий мир по законам красоты и нравственности. Иными словами, помочь развивающейся личности в её социализации и самореализации. Развитие личности происходит на протяжении жизни человека и одним из важнейших критериев личности является творчество, поскольку в процессе человеческой жизни развивается воображение как внутренний механизм, обеспечивающий проявление творчества. Креативность - это характеристика личности, свидетельствующая о способности личности к творчеству.

Ламхаева П.Ю.  
Магистрант, Академии «Bolashaq»  
Город Караганда, Республика Казахстан  
[Lamhaevapetimat@gmail.com](mailto:Lamhaevapetimat@gmail.com)  
Научный руководитель к.п.н., доцент Бокижанова Г.К.

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СКАЗОК КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ СВЯЗНОЙ РЕЧИ ДЕТЕЙ СРЕДНЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

***Аннотация.** Статья посвящена проблеме использования сказок как средства развития связной речи детей среднего дошкольного возраста. По мнению автора, сказка раскрывает перед детьми меткость и выразительность языка, показывает, как богата родная речь юмором, живыми и образными выражениями. Акцентируется внимание на том, что присущая необычайная простота, яркость, образность, особенность повторно воспроизводить одни и те же речевые формы и образы определяют заставляя выдвигать сказки, как фактор развития связной речи детей дошкольного возраста.*

Дошкольный возраст является важным периодом для развития речи ребенка. В ходе своего развития речь детей тесно связана с характером их деятельности и общения. Развитие речи идет в нескольких направлениях: совершенствуется ее практическое употребление в общении с другими людьми, вместе с тем речь становится основой перестройки психических процессов, орудием мышления. У детей старшего дошкольного возраста речь достигает высокого уровня, накапливается значительный запас слов, возрастает удельный вес простых распространенных и сложных предложений; у детей вырабатываются критическое отношение к грамматическим ошибкам, умение контролировать свою речь. Развитие речи тесным образом связано с познанием окружающего мира, развитием личности в целом.

Под связной речью понимают смысловое развернутое высказывание (ряд логически сочетающихся предложений), обеспечивающее общение и взаимопонимание.

**Связная речь** – это такая речь, которая отражает все существенные стороны своего предметного содержания. Речь может быть несвязной по двум причинам: либо потому, что эти связи не осознаны и не представлены в мысли говорящего, либо эти связи не выявлены надлежащим образом в его речи.

Связная речь вбирает в себя все достижения ребёнка в овладении родным языком, его звуковым строем, словарным составом, грамматическим строем.

В процессе воспитания и обучения детей дошкольного возраста в детском саду обучению родному языку, развитию речи, речевому общению уделяется большое внимание. Работа состоит из решения ряда специальных, частных задач: воспитания звуковой культуры речи, обогащения, закрепления и активизации словаря, совершенствования грамматической правильности речи, формирования ( диалогической, монологической ) речи, развития связной речи, воспитания интереса к художественному слову, подготовка к обучению грамоте. Связная речь, являясь самостоятельным видом речемыслительной деятельности, вместе с тем выполняет важную роль в процессе воспитания и обучения детей, т.к. она выступает в виде средства получения знаний ,контроля за этими знаниями. Ребенок может научиться рассказывать: не просто назвать предмет, но и описать его, рассказать о каком-то событии, явлении, о последовательности событий доступным для понимания окружающими людьми.

Основная задача речевого развития ребенка дошкольного возраста- это овладение нормами и правилами родного языка, определяемыми для каждого возрастного этапа и развития его коммуникативных способностей. В основе развития речи лежит активный, творческий процесс овладения языком, формирования речевой деятельности, в формировании языковых обобщений и элементарного осознания явлений языка и речи. Необходимо вызвать у детей интерес к родному языку и обеспечить творческий характер речи, тенденцию к ее развитию.

Для дошкольника правильная связная речь является залогом успешного обучения грамоте. Являясь наиболее сложной формой речевой деятельности, связная речь вбирает в себя все достижения ребенка в общем развитии. Все знают, что дети с плохо развитой связной речью могут оказаться неуспевающими по разным предметам.

### **Влияние русской народной сказки на развитие связной речи.**

На развитие связной речи детей влияет много факторов. Одним из них является устное народное творчество. Наиболее интересным жанром народного творчества для детей дошкольного возраста являются сказки. Русские народные сказки раскрывают перед детьми выразительность и меткость языка, показывают, насколько разнообразна и богата родная речь живыми и образными выражениями. Удивительная сила языкового творчества русского народа проявила себя с такой яркостью именно в русских народных сказках. Характерная для сказок образность, яркость, простота, способность воспроизводить повторно одни и те же речевые формы и образы позволяют выставлять эти произведения устного народного творчества как фактор развития связной речи детей, имеющий важное значения. На примере сказочных персонажей можно доступно детям объяснить такие понятия, как «добро», «зло», «смелость» и т.д., заставляя вместе с героями пережить множество чувств. Всем известно, что сказки подразделяются на три основные группы: сказки о животных, волшебные сказки и социально-бытовые сказки.

#### **Список использованных источников:**

1. Алексеева, М.М. *Речевое развитие дошкольников* / М.М.Алексеева, В.И.Яшина. — М.: изд. центр «Академия», 2012. — 158 с.
2. Артемова, Л.В. *Театрализованные игры дошкольников* / Л.В.Артемова. - М.: Просвещение, 2006. —127 с.
3. Короткова, Э.П. *Обучение детей дошкольного возраста рассказыванию* / Э.П.Короткова. – М.: Просвещение,- 2009. -398 с.
4. Сидорчук Т.А, Хоменко Н.Н. «Технологии развития связной речи дошкольников»(методическое пособие для педагогов дошкольных учреждений) 2004г.

**Ламхаева П.Ю.**

### **ОРТА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ СӨЙЛЕУІН ДАМУҒА ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ЕРТЕГІЛЕРДІ ҚОЛДАНУ**

*Аңдатпа.* Орыс халық ертегілері бойынша Дзу-де келісілген сөйлеу проблемасымен жұмыс жасай отырып, орыс халық ертегілерін жүйелі қолдану келісілген сөйлеуді дамытудың тиімді құралы деп қорытынды жасауға болады. Орыс халық ертегілері мектеп жасына дейінгі баланың үйлесімді сөйлеуін дамытуда жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді, өйткені олар тілдің дәлдігі мен экспрессивтілігін ашады, ана тілінің әзілге, жанды және бейнелі өрнектерге қаншалықты бай екенін көрсетеді. Ерекше қарапайымдылық, жарықтылық, бейнелеу, бірдей сөйлеу формалары мен бейнелерін қайта ойнаудың ерекшелігі ертегілерді алғашқы мағынадағы балалардың үйлесімді сөйлеуін дамыту факторы ретінде ұсынуға мәжбүр етеді.

УДК 316.6

Лученко Я.А.

Магистрант, Сибирский университет потребительской кооперации (СибУПК)  
город Новосибирск, Российская Федерация  
yaluchenko@gmail.com

Научный руководитель к.п.н., доцент кафедры педагогики, психологии и социологии  
Коростелева Н.А.

### **ВОПРОСЫ ПРОФИЛАКТИКИ ПОДРОСТКОВОГО ЭКСТРЕМИЗМА И ТЕРРОРИЗМА**

*Аннотация.* Актуальность работы затрагивает глобальную проблему легкого вербования в экстремистские группировки подростков, находящиеся в сложной жизненной ситуации. В статье представлены профилактические меры по профилактике подросткового экстремизма и терроризма.

Сегодня все чаще в СМИ появляются новости, как один или группа подростков, как правило, под влиянием радикальной субкультуры или экстремистской организации, расстрелял

своих одноклассников, совершил самоубийство или подорвал себя в местах массового скопления.

Рассмотрим недавний реальный случай. Молодой человек устроил стрельбу в пермском университете. Утром в понедельник, 20 сентября 2021г., источники сообщили, что в Пермском государственном университете (ПГНИУ) произошла стрельба, студенты стали выпрыгивать из окон. Очевидцы рассказали, что стрелок беспрепятственно прошел в здание и расстрелял всех, кто был на первом этаже. Затем он забаррикадировался в одном из корпусов и открыл беспорядочную стрельбу внутри здания вуза [1].

Раньше такие пугающие новости поступали к нам из зарубежных стран. Данная проблема будто была не для нас и не про нас. С развитием интернета, а точнее, социальных сетей и виртуального общения в нем, и в нашей стране загорелся красный свет. Когда в середине XX века в СССР поведение подростков рассматривали, как хулиганство, и оно было менее социально опасно, то в современной России именно через интернет подростки стали узнавать и проявлять новые формы своей агрессии и ненависти [2].

Вербование подростков в экстремистские группы с каждым годом возрастает, пугая родителей. Даже если они уверены, что их детей не завербуют, то небезопасная обстановка в целом тревожит и озадачивает родителей. Потому что любой подросток может оказаться жертвой подростка-экстремиста.

Что же такое экстремизм и терроризм? Давайте разберем эти понятия, чтобы осознать суть проблемы и ее масштабы для реализации соответствующей профилактики данной задачи.

Экстремизм (от лат. *Extremus* - «крайний, чрезмерный») – приверженность крайним и радикальным взглядам, методам действий (обычно в политике). Экстремизму подвержены как отдельные люди, так и организации, преимущественно политические и религиозные [3].

Несмотря на юридическую силу термина «терроризм», у него нет однозначного определения. Но специалисты сходятся во мнении, что лучшее определение терроризма является: Терроризм - достижение насильственным путём политических, идеологических, экономических и религиозных целей.

В правовых российских документах терроризм определяется как идеология насилия и практика воздействия на общественное сознание, на принятие решений органами государственной власти, органами местного самоуправления или международными организациями, связанная с силовым воздействием, устрашением и/или мирного населения иными формами противоправных насильственных действий [4].

Основной движущей силой этих понятий является ненависть и агрессия. Подростковый возраст самый уязвимый в жизни человека. Завербовать взрослого человека в экстремистскую группировку в разы сложнее, чем подростка, в фазе гормонального созревания. В этот период они воспринимают конфликтные ситуации более агрессивно, резко, чем они есть на самом деле.

По оценкам экспертов, психическими расстройствами страдает каждый седьмой подросток в возрасте 10–19 лет в мире (14%), но эти проблемы остаются в значительной степени непризнанными и остаются без лечения.

Подростки с нарушениями психического здоровья особенно уязвимы для таких явлений, как социальная изоляция, дискриминация, стигматизация (ограничивающие их готовность обращаться за помощью), трудности в учебе, рискованные формы поведения, физическое нездоровье и нарушения прав человека.

Влияние СМИ и гендерных норм может усугублять несоответствие между действительностью, в которой живет подросток, и его устремлениями или представлениями о будущем.

В подростковом возрасте распространены эмоциональные расстройства. Наиболее распространены в этой возрастной группе тревожные расстройства (которые могут включать панику или чрезмерное беспокойство); они чаще встречаются в старшем, чем в младшем подростковом возрасте. По оценкам экспертов, тревожное расстройство развивается у 3,6% подростков 10–14 лет и у 4,6% подростков 15–19 лет. Депрессия встречается у 1,1% подростков в возрасте 10–14 лет и у 2,8% подростков в возрасте 15–19 лет. У депрессии и тревожности есть ряд общих симптомов, включая быстрые, неожиданные изменения настроения.

Тревожные и депрессивные расстройства могут привести к серьезному снижению посещаемости и успеваемости в школе. Социальная отчужденность может усугублять изоляцию и ощущение одиночества. Депрессия может приводить к самоубийству.



Самоубийства – четвертая по значимости причина смертности в старшем подростковом возрасте (15–19 лет).

Цифровые СМИ, как и любые другие средства массовой информации, могут играть значительную роль в усилении или ослаблении усилий по профилактике самоубийств [5, 6].

Основной причиной подросткового экстремизма стало развитие интернета и виртуального общения не только среди подростков, но и среди взрослых, которые несут ответственность за них. Да, именно взрослые также стали погружаться в мир интернета и становиться интернет-зависимыми.

Интернет-зависимость (или интернет-аддикция) – навязчивое стремление использовать Интернет и избыточное пользование им, проведение большого количества времени в Сети. Интернет – зависимость не является психическим расстройством по медицинским критериям (DSM-5 и МКБ-10), однако в МКБ-11 (май 2019г.) включены зависимость от видеоигр и зависимость от азартных онлайн-игр [7].

В семьях сокращается живое общение, что влечет за собой создание закрытой семьи, в которой не делятся эмоциями, переживаниями, тревогами и даже радостями. Каждый уносит это в свой виртуальный мир.

Если уязвимый подросток не находит отдушину в семье, то он идет в интернет и ищет ее там среди таких же, как и он: непонятых, озлобленных на весь мир, агрессивных подростков, которые становятся легкой добычей для вербовщиков. Вербовщики могут создавать группы для подростков под видом такого же подростка с фейковых страниц и совершать их руками своими экстремистские действия. Основная задача не доводить подростков до подобных действий в нашем обществе.

Существуют достаточно эффективные профилактические меры по борьбе с подростковым экстремизмом:

1. Информирование молодежи об экстремизме, об опасности экстремистских организаций.

2. Проведение педагогических советов с приглашением сотрудников правоохранительных органов, классные часы и родительские собрания, на которых разъясняются меры ответственности родителей и детей за правонарушения экстремистской направленности.

3. Особое внимание следует обращать на внешний вид ребёнка, на то, как он проводит свободное время, пользуется сетью Интернет и мобильным телефоном.

4. Пропагандировать среди молодёжи здоровый и культурный образ жизни: организация летнего отдыха и временного трудоустройства несовершеннолетних, проведение мероприятий по патриотическому и нравственному воспитанию детей и подростков, проведение спортивных и культурно-массовых досуговых мероприятий.

5. Развитие толерантности у подростков, повышение их социальной компетентности, прежде всего способности к слушанию, сочувствию, состраданию.

6. Снижение у детей предубеждений и стереотипов в сфере межличностного общения. Этому способствует совместная деятельность детей, творческая атмосфера в группе, использование дискуссий, ролевых игр, обучение методам конструктивного разрешения проблем и конфликтов в повседневном общении, ведению переговоров.

7. Научить детей ценить разнообразие и различия, уважать достоинство каждого человека.

8. Создание условий для снижения агрессии, напряженности.

9. Создание альтернативных форм реализации экстремального потенциала молодежи: (например, занятия творчеством или спортом, разнообразные хобби, клубы и т. д.) [8].

В заключении отметим, что обществу необходимо больше обращать внимания на современных подростков: на соседских детей, на детей своих знакомых, на друзей и одноклассников собственного ребенка. Разговаривать со своими детьми об их увлечениях, жизни, друзьях. Ведь они также могут рассказать вам о своем знакомом однокласснике, который кажется им странным. Возобновлять семейные традиции. Иметь общее хобби или увлечение с ребенком. Организовывать совместный досуг с ребенком и его друзьями. Дополнительная бдительность взрослого населения сможет предотвратить и спасти жизни других людей.

**Список использованных источников:**

1. Российское новостное интернет-издание «Лента.ру» <https://lenta.ru/brief/2021/09/20/shooting/>
2. Творогов А.Н Экстремизм. Терроризм. Подросток. Ульяновск, 2018, 123с.
3. Иванова А. А. Пенитенциарный подростковый экстремизм и его социальная детерминация // Вестник Владимирского юридического института. – 2008. – № 3(8). – С. 30-34.
4. Нилова Л. А. К вопросу о подростковом экстремизме и его профилактике // Colloquium-journal. -2018.- № 8-4(19). -С. 30-33.
5. Малыхина Т. А. О некоторых особенностях молодежи как специального объекта профилактики экстремистских проявлений // Научный дайджест Восточно-Сибирского института МВД России. - 2020. -№ 3(6). -С. 103-109.
6. Свирбутович Н. Ю. Экстремистские наклонности современных школьников // Современные научные исследования и разработки. -2017. - № 9(17). -С. 629-631.
7. Сурина А. А. Подростковый экстремизм в интернете // Вопросы устойчивого развития общества.- 2021. -№ 12. - С. 576-579.
8. Агишева Г. Ф. Формы профилактики правонарушений (проявлений экстремизма) в подростковой среде // Студенческий вестник. -2018. -№ 20-1(40). -С. 9-12.

**Лученко Я.А.**

**ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ЭКСТРЕМИЗМІ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМІНІҢ  
АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа.* Жұмыстың өзектілігі қиын өмірлік жағдайға тап болған жасөспірімдерді экстремистік топтарға оңай тартудың жаһандық мәселесіне әсер етеді. Мақалада жасөспірімдер экстремизмі мен терроризмнің алдын алу бойынша алдын алу шаралары берілген.

ӘОК 371

Мақсұтова Н.С.

ЖММ «Volashaq» академиясының студенті дДОВ 20-2с тобы  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі п.ғ.м. аға оқыт. Жанысбаева Р. М.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЖИНАҚ, САН ЖӘНЕ САН ТҮСІНІКТЕРІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ**

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру бағытындағы шаралар мен міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Қоғамымыздағы өзгерістер де қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесін мазмұндық жағынан өзгертуге ықпал еткен туралы ашылған.

Еліміз егеменді мемлекет болғалы бері барлық салаларда ауқымды өзгерістер жүріп жатыр. Мұндай өзгерістерден білім беру саласы да тыс қалған жоқ. Қазіргі білім беру (саласы) жүйесі әлемдік өркениеттің барлық талабына сай келетін, парасатты, білім мен біліктілігі жетілген мамандар дайындауды қажет етеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екендігі айтылған [1].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы негізгі ережелерінде айтып кеткендей, білім беру саласында мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды, коммуникативтік қасиеттер көрсеткішін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей, білім беру алдыңғы қатарлы, инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс. Осы негізде балаларды біліммен қаруландыру мектепке дейінгі шақтан басталады. Әр бір бала болашақта білікті маман болып, еліне септігін тигізетін азамат болып

қалыптастыру үшін балаларды ерте жастан бастап дұрыс ойлай білуге үйретудің, математикалық ұғымдарды меңгеруінде балабақшаның алатын орны ерекше [2].

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алғашқы буыны болып табылатын мектепке дейінгі кезеңде балалардың ақыл-ой қабілетін жан-жақты дамыту және тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілумен тақырыптың өзектілігі түсініледі. Өйткені, мектепке дейінгі кезеңде шаралардың басты міндеттері ең алдымен баланың танымдық қызығушылығын арттыру, баланың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу болып табылады. Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру бағытындағы шаралар да осы міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Қоғамымыздағы өзгерістер де қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесін мазмұндық жағынан өзгертуге ықпал етеді. Педагогикалық ғылымның аталған саласына В.А.Козлова, В.В.Волина, В.А.Степанов, Е.А.Носова, Л.Георгиев, Л.С.Метлина, Е.И.Щербакова, Б.Г.Ананьев және тағы да басқа ғалымдар өздерінің елеулі үлестерін қосқан [3].

Бала мектепте жақсы оқуы үшін, оған белгілі білік пен дағдылар қажет (алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталануын дағды деп атайды). Мектепте оқуға қажетті білік, дағдылардың белгілі бір пәндерге қажет арнайы (қосу, азайту, оқу, жазу, сурет салу және т.б.) жалпы түрлері бар. Бұл дағдылар толыққанды кейінірек қалыптасады, бірақ олардың алғышарттарын осы мектепке дейінгі кезеңнен бастап қалыптастыруды бастаған жөн. Балабақшада жүйелі түрде ұйымдастырылатын сабақтарда балалардың алған білімдері мектептегі оқу іс-әрекетінің біршама элементтерін игерудің негізін құрайды.

Арифметиканы оқыту методикасында санның қалыптасуындағы сандық фигуралардың ролі туралы мәселе баяғыда пайда болды. Сандық фигураларды қорғаушылар әдетте балалардың жиынды стимультандық жолмен қабылдауын жақтаушылар болды. Чех педагогы Я.А.Коменский (1952-1670) мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу жөнінде «Аналық мектебі» (1632) еңбегінің нәтижесінде бағдарламаға арифметика және геометрияның негіздері жөнінен алғашқы екі ондық көлемінде (4-6 жастағы балалар үшін) санауды түрлі сандарды игеруді, олардың тілінде аз бен көпті айыра білуді, таңдауы бойынша заттарды геометриялық пішіндерді салыстыруды, өлшеудің жаппай қолданылатын өлшемдерін үйренуді ендірген [4].

Балалардың сауатын ашу және математикалық білім беру арнайы ұйымдастырылған сабақтарда жүзеге асырылады. Олардың басты мақсаты - балаларда жазу мен санауды үйретудің алғышарттарын қалыптастыру. Мектепке дейінгі кезеңде бастапқы қарапайым математикалық ұғымдарға баулу сабақ барысында жүзеге асырылады. Балабақша бағдарламасы ең алдымен онға дейінгі сандарды игеруден басталады. Нақты бағдарлама мазмұнына сай балаларға жалпы сан және санау ұғымдары туралы мағлұматтарды балаларға қарапайым әдіс-тәсілдерді қолдана отырып бала бойын сіндіруге болады, балалардың қарапайым дағдыларды қалыптастыру және алған дағдыларын жаңа жағдайларды пайдалана білуге үйретуге мәселелері оқу мен тәрбиелеудің арнаулы мақсаттары ретінде қарастырылып үнемі оны жетілдіру жолдарын іздестіру қажет. Балалар элементар математикалық білім саласында мәнді нәрсені байқауға және ажырата білуге, жинақтаған білімдерін жалпылай және жүйелей білуге, оларды өзінің тұрмыстық және ойын әрекеттеріне пайдалана білуге, қарапайым ұғымдарды игеруге даяр болуы тиіс.

Ойлау шығармашылық және таным әрекетінің негізі болып табылады. Логикалық ойлау – адамның интеллектуалдық қабілеттерінің негізін құрайды. Дамытушы ойындар балалардың логикалық ойлау дағдыларын арттырады. Сол себептен балаларға логикалық ойындарды кеңінен және жүйелі пайдаланудың маңызы ерекше. Санай білуге үйрету тәсілдері. Балаларды әрі дұрыс, әрі тез санауға үйретудің алуан түрлі жолдары бар. «Қандай сан қалып қойды» Ойын сабағында тәрбиеші фланеллограф бетіне сан ретімен карточкаларды қояды. Сонан соң балаларға карточкалардың қалай тұрғандарын есіне сақтап қалуды ескертеді. Олар көзін жұмады, сол кезде тәрбиеші бір карточканы алып қояды. Балалар көзін ашады да, қай санның жоқ екенін табады. Кім бірінші жоқ санды атайды, сол бала жалауша алады. Ойын бірнеше рет қайталанып ойналады. «Көршілес сандарды тап», «Көршілес сандарды тап» атты ойында аталған санның көршілес сандарын атау мақсат етіп қойылады. Ең алдымен балалар шеңбер құрып тұрады. Жүргізуші шеңбер ортасында тұрып допты бір балаға лақтыра отырып, ойына келген бір санды атайды. Доп ұстаған бала сол саннан кейінгі санды атауы керек. Егер доп ұстаған бала дұрыс жауап бермесе, басқалары хормен жауабын айтады. «Ретімен санауға жаттықтыратын ойындар». Мақсаты: Реттік есепке жаттықтыру арқылы балалардың ақыл-ойын дамыту. Бұл ойынға түрлі-түсті орамалдар пайдаланылады.

Балалар сол орамалдарды бастарына тартып сапқа тұрады. «Бірінші, екінші» деп дауыстап санайды. Жүргізуші қай орамалды әпкенің, қай жерде тұрғанын ойына жаттап алып, шығып кетеді. Осы кезде «орамалды әпкейлер» орын алмасып тұрады, жүргізуші қайтып келіп, қандай өзгеріс болғанын табуы шарт. Қызыл орамал бесінші еді, ол енді екінші болыпты, ал екінші орамал бесінші болыпты». Жүргізуші дұрыс жауап берсе, келесі жүргізушіні өзі тағайындайды. Балаларды реттік есепке жаттықтыру, затты сипап білушілік қасиетке дағдыландыру үшін «Өз орныңа тұр» ойынын ойнатуға болады. 2-10-ға дейін түйме тағылған карточка пайдаланылады. Ойыншылар сапқа тұрады, қолдарын артқа қояды, олардың алдында он орындық қойылады. Тәрбиеші бәріне карточка үлестіреді. Балалар қолдарымен түймелерді сипап отырып, санын есептейді. Сонан соң тәрбиеші белгі береді «Есеп сандар, өз реттік орындарыңа тұрыңдар!». Ойыншылар өз реттік санына сай орындықтардың артына тұрады. Бұл беріліп отырған ойындардың міндеті – балалардың білімін бекітіп, сезімталдық қабілеттерін дамытады [5].

Жиын элементтерін сызықты, сондай-ақ сандық фигура түрінде орналастырғанда олардың арасындағы кеңістіктік қатынастарға әлі талдау жасай білмегендіктен бала түймелерді, бір-біріне тақастыра отырып, жиынның шекарасындағы ауданды толтырады, сол арқылы сәйкес емес санның үлгісін қабылдайды. Егер оқыту процесінде жиынның ішкі элементтерінің кеңістікке сәйкестенуіне қажетті мөлшерде көңіл бөлінбесе, онда мұндай сәйкестенудің болмауы жиынтықтың сандық жағын қабылдауда, бала тіпті, сан есім-сөздік көмегімен санауды үйренген кезеңнің өзінде де, біраз қателіктерге ұшыратады.

Балалар санауды жиын элементтерінің санын анықтау құралы ретінде пайдаланбайды, сандарды ретімен айтып, олар осы тізбекте басқа жиынтықты санаған кезде аталған санға естілуі жағынан сәйкес келетін сан есім - сөз қашан пайда болатынын күтеді. Оның үстіне бұл балалар үшін сан жиын элементтері санының көрсеткіші болып табылмайды. Екі жиынды қайта санау кезінде олардың тең еместігін нақтылай отырып, балалар оны сан есім-сөздерінің әртүрлі айтылуынан ғана бөлек байқайды. Балалар нәрселер мен натурал қатар сандарының арасына өзара - бір мәнді сәйкестік орнату әрекеті ретіндегі санау әрекетінің шынайы мәнін әлі де игере алмайды. Олар санау кезінде оңай шатасады, сан есім-сөзді жиынтық объектілерімен нашар байланыстырады: не сан есім-сөзді қалдырып кетеді немесе бір объектіге қатысты екі сан есімді бірден атайды. Балалар санауда белсенділік көрсететін сияқты болады, алайда олар санаудың мәнін түсінетін дәрежеге дейін көтеріле алмады. Санға дейінгі кезеңде-ақ жиынның әртүрлі операцияларының жүргізілуі мүмкін. егер жиынның барлық элементтері сапалық жағынан біртекті болса, балалардың жиынды бүтін бірлік ретінде қабылдайтыны жоғарыда көрсетілді. Егер мұндай тенденция жиынды қабылдаудан құрылымдық-бүтін бірлік ретіндегі жиынды қабылдауға өту кезінде өзін-өзі толық ақтаса, ол онда кейінірек одан әрі дамуға бөгет болады [6].

Жиын, сан және санау ұғымдарын қалыптастыруда әдістемелерді қолдану арқылы логикалық ойлауын, танымдық, ақыл-ой әрекетін жан-жақты дамытады. Жиын, сан және санау ұғымдары басқада салада көп қолданысқа ие. Қарапайым математикалық түсініктерді балалар табиғат тану және тіл дамыту сабақтарында бекітуге болады және бекітілуі тиіс те. Қызықты дидактикалық ойындар балаларға белгілі материалды бекітуге көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге білмекке құмарлығын оятып, ақыл-ойының икемдігін, инициативасын, жеке-дара ойлай білуін дамытады. Балалардың қарапайым математикалық білімдері күнделікті өмірде де бекітілуі тиіс. Кемелденген «жиын ұғымына» сүйеніп балаларды заттарды топтастыруға, ажыратып алуға, жиынтықтардың ішінен бөліп алуға үйрету қажет.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңы 2007ж. 27 шілде № 319*
- 2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы –Астана, 2016ж.*
- 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2016.13.05. берілген өзгерістермен), Астана, 2016 ж.*
- 4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы - Астана, 2016 ж.*
- 5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.-46 б.*
- 6. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-36 б.*

**Максутова Н.С.**  
**ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ ПОНЯТИЙ**  
**О МНОЖЕСТВЕ, ЧИСЛЕ И СЧЕТЕ**

*Аннотация.* Данная статья предусматривает реализацию мероприятий и задач, направленных на формирование элементарных математических представлений детей дошкольного возраста. Изменения в нашем обществе также способствовали изменению методики формирования элементарных математических понятий в содержательном плане.

ӨОК 373.21

Мателова Р.  
«Bolashaq» Академиясының 3 курс студенті  
Қарағанды қаласы, Республика Қазақстан  
matelova@mail.ru  
Ғылыми жетекші аға оқытушы, магистр Бақарамова С.А.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҮШТІЛДІЛІКТІ ЕНГІЗУ**

*Аңдатпа.* Мақалада қазіргі уақытта еліміздің негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі мектепке дейінгі мекемелерде білім беру жүйесін қайта құру және дамыту болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемесі үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан да мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мақсаты баланың жеке ерекшеліктерін, қабілетін, дарыны мен талантын ашуға және жан-жақты дамытуға бағытталған

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді.

Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал, ана тілін жақсы білмейінше, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың.

Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, өз халқы мен басқа халықтардың дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау керек, яғни полимәдениетті тұлға қалыптастыру керек. «Елу жылда ел жаңа...» демекші, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері әлемнің көптеген дамыған елдерімен мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан байланыс жасап келеді. Бұл қатынастардың оң нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтастығы, өзара түсіністігі, яғни тіл білуінен [1].

Қазақстан дамыған елдердің қатарына жету мақсатында қарқынды даму үстінде. Бұл қарқын еліміздің білім беру жүйесіне де өз ықпалын тигізетіні анық. Білім беру реформасы сатылы түрде кезең – кезеңімен алға жылжу жолында. Қазіргі өскелең ұрпақ – өмірге бейімделген, қоғамға қосар үлесі бар жеке тұлға болып қалыптасуда. Олардың нақты мақсаты – шапшаң дамыған, өзгеріске толы заман талабына сай, өмірде өз орнын таба алатын, халыққа кедергісіз қызмет жасай алатын алғыр да білімді болу. Білім берудегі өзгерістердің бірі – тілдерді меңгеруге деген ұмтылыс пен қызығушылықты ояту. Сондықтан балалардың ой – өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азамат етіп тәрбиелеу – әр тәрбиешінің міндеті. Қазір заман өзгеріске толы, қазіргі жылдамдықпен көшкен көштен қалмағанымыз жөн. Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің ұрпаққа шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһандандудың кепілі. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы – білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға заман талабына сай өзгерістер енгізіліп отыр. Қазіргі уақытта

еліміздің негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі мектепке дейінгі мекемелерде білім беру жүйесін қайта құру және дамыту болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемесі үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан да Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мақсаты баланың жеке ерекшеліктерін, қабілетін, дарыны мен талантын ашуға және жан-жақты дамытуға бағытталған.

Мектепке дейінгі мекемелерде мемлекеттік тілді үйренумен қатар шет тілдерін үйренулеріне барлық жағдай жасалынып отыр. Мектепке дейінгі мекемелерде үштілділікті үйрету кіші топтан басталады. Тілді дамыту жүйесі кешенді жүргізіледі, сондықтан баланың санасында адамзат тілдерінің әр алуандығы туралы түсінікті және оларға деген құрмет сезімін дұрыс қалыптастыру керек. Балалар бақшасында шет тілін игеріп, тілдік қатынасқа түсудің маңызды түрі – ауызша сөйлеу тіліне үйрету. Ал толық түрде жазбаша тілдік қатынасқа түсу, яғни айтылған ойды тез түсіну, тез жауап қату біртіндеп мектепте бастауыштық және орта білімдік сатыларда, тіпті баланың бүкіл өмірінде дамытылады.

Шет тілін оқытуда балалардың өзіндік ерекшеліктері болады. Ол балалардың өздерінің жасындағы психофизиологиялық дамуында негізделеді. Психологтардың пайымдауы бойынша, мектепке дейінгі ұйым балаларының қабылдауы, есте сақтау қабілеті және зейіні еріксіз түрде болып отыр. Балалар өздерінің қабылдауларын басқара алмайды. Өз бетінше белгілі затты (нәрсені, пәнді) анализдей алмайды. Балалардың есте сақтау қабілетіне көзбен көрген нәрсесін есте сақтап қалу тән, алайда балабақшадағы бала өзінің қабылдап отырған нәрселерін кейін қайта еске түсіру керектігі жайлы ойламайды [2].

Балалардың көңіл аударуының ерекшелігі, түр сипаты тартымды, бояуы қанық заттар арқылы оянады. Қабылдап отырған нысанға деген қызығушылық сақталып отырған жағдайда, затқа, материалға көңіл аударулары сақталады. Көптеген негізге алынатын тілдік дағдылармен іскерліктері әзірге мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға қол жетпестік болып отыр. Бұл балалардың күрделенген логикалық сөздер тізбегін жинақтай алмай, бір типті сөз орамындағы сөздерді ауыстыра (өзгерте) алмай, сөздерді лексикалық бірліктер ретінде қабылдауына және т.б. жағдайларға әкеліп соқтырады.

Сондықтан, үштілділікті оқыту барысында осы ерекшеліктерді ескере отырып, және бастауыш мектептегі оқытудан едәуір өзгеше болуын басты назарда ұстау керек.

Тәрбиеші немесе айналасындағы үлкендердің алғашқы эмоциялық қатынасы, баланың болашақта осы тілде сөйлеу мәнерінің қалыптасуына негіз болып табылады. Бір жастағы баламен қатынаста бұл кезеңде тіл немесе сөз заттардың нақты атауларын және бала мінезінің қалыптасуына басшылық жасайтын үлкендердің әрекеті кезіндегі сөздерін бейнелейді. Мысалы: отыр, тұр сияқты бұйрық сөздермен әрекетке, доп, орындық, стол деген нақты атауларға, допты ал, орындыққа отыр дегендей бұйрық мәнді етістік тіркестермен тілдік қатынастарға бала бірден тартыла бастайды.

Шет тіліне оқыту жұмысын ойдағыдай жүргізу үшін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, әрқайсысының зейін, қабылдау, еске сақтау, ойлау, қиялдау ерекшеліктерін, сезім, ерік, пен жеке дарындылық қасиеттерін жақсы біліп алу керек. Қай жастағы бала болмасын зейіні тұрақсыз, олардың кейбірінің сабақ үстінде әсерленуі күшті, ой бөлісу қабілеті тіпті жоқ десе де болады, сондықтан тілінің жекелеген сөздеріне қатысты тірек сызбаларды дұрыс іріктеу, олардың әрбірін мәніне қарата балаларға ажырата қолдануды әдетке айналдыру тиісті нәтижеге қол жеткізеді. Әңгіме оқығанда, тақпақ жаттағанда әрдайым қолданылып келген сызбаларды баланың өздері танып, зейінін тұрақтандыруы, олардың тіл үйренуге деген құлшыныстарын арттыра түседі.

Мнемотехникалық әдістің міндеті: шет тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын жаттықтыруы, сөз қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуы. Заман талабына сай мнемотехникада ақпараттық технологияны тәжірибеге енгізу негізінде «бейне көрсетілім» әдісі, интерактивті – мультимедиялық әдістерді қолданудың пайдасы зор. Интерактивтік жаттығулар-балаларға жаттағуларды дұрыс жасауға және өзін-өзі тексеруге қажетті құрал.

Үштілді меңгерту барысында сөздік жұмыстың алар орны ерекше.

Сөздік жұмысы –тіл дамытудың іргетасы, баланың жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға көмектеседі.

Әдіскер ғалымдар М.Т.Баранов, А.Р.Прудникова жаттығу әдісінің маңыздылығына тоқтала келіп, «Сөздік және лексикалық жаттығуларды бір-бірімен айыру қиыншылық

тудырады, олар тығыз байланысты. Өйткені екеуінің де негізі – сөзбен жұмыс жасау» – дей келіп, сөздік жұмыстарға тілді сезіну мен сөзді дұрыс түсінуі, орынды қолдана білуі, сөз тіркестерін жасау, сөйлем құрау, мазмұндама, шығарма жазуды жатқызады [3].

Сөздік жұмысының ерекшелігі: тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер т.б білу арқылы баланың тілі дамиды. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Ал, сөздік жұмысы баланың ойын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру балаларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сөздік жұмысы сөз арқылы баланы дәл ойлауға үйретеді, оның творчестволық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. «Сөз байлығы – қоғамның байлығы және сол сияқты әр адамның байлығы. Сондықтан балаларғы сөздік жұмысын жүргізудің маңызы зор.

Үштілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күннің ең басты қажеттілігі. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз. Үштілділік нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үштілді тілді алма-кезек қолдану құбылысы.

Қазіргі жаһанданған, ақпараттың дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңашылдықтар еліміздің экономика саласына да, білім беру жүйесіне де тың ізденістерді енгізіп отыр. «Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біз оларға дайынбыз. Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру», – деп Елбасымыздың Жолдауында айтылғандай, еліміз қай салада болмасын қарқынды дамып, әлемдік кеңістікке қарыштай қадам басып, еркін қанат сермеуде.

Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған. Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі [4].

Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек деп ойлаймын. Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда. Болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейте түсері сөзсіз. Олай болса бүгінгі талапкерлерге әлемдік кеңістікке қанат қағып, шет тілін меңгерсем деп талап білдіргендерге сәттілік тілейік.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. ҚР МЖМБС 1.001-2012 «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» негізгі ережелер*
- 2. ҚР «Тілдер туралы» Заңы 11.07.1997ж №151-1*
- 3. «Кішкентай Тілмаш» Үштұғырлы тілді дамыту әдістемелік құралы.*
- 4. Мейрманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технология А, 2005*

**Мателова Р.**

#### **ВНЕДРЕНИЕ ТРЕХЪЯЗЫЧИЯ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ**

**Аннотация.** В статье говорится, что в настоящее время одной из основных стратегических задач нашей страны является реконструкция и развитие системы образования в дошкольных учреждениях. Учреждение дошкольного воспитания и обучения первый уровень непрерывного образования. Поэтому основная цель дошкольного воспитания и обучения направлена на раскрытие и всестороннее развитие индивидуальных особенностей, способностей и талантов ребенка

Мескен Л.Н., Мадышева Ж.Қ.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» КММ педагог-психолог,  
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
[liakasoni@mail.ru](mailto:liakasoni@mail.ru), [kanatova.zhuldyz@inbox.ru](mailto:kanatova.zhuldyz@inbox.ru)

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ ТӘРБИЕ МЕН ЖАҒАНДАНУДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

*Аңдатпа.* Бұл мақалада өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен қалыптастыру мәселесі және оны шешу жолдары туралы мәселе көтеріледі. Мемлекеттік бағдарламаларды мұқият зерделеудің маңызды рөлі де қазіргі жас ұрпаққа Батыстың ықпалына балама жауап ретінде қарастырылады. Мақалада, әсіресе, мемлекеттік бағдарламалардың студенттерге іргелі білімдер дайындап, оқытуда ғана емес, сонымен қатар олардың бойында жақсы тәрбие, отансүйгіштік сезімін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге көмектесетін жақсы тәрбие, патриоттық сезім және басқа да әртүрлі қасиеттерді қалыптастыру және дамытуда.

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болудың биік мағыналы ұғым екені. Оның іргетасы – мемлекет, анығырағы ұлттық мемлекет. Әділіне көшсек, тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар. Ресейге отар ел болып тұрғанымызда “туған ұлт”, “ұлттық”, “ұлтшылық”, “ұлттық идея”, “ұлттық мүдде”, “ұлттық тәрбие” мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің “жасампаз” интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін.

Енді ұлттық биік сананы қалай қалыптастырамыз, оны жүзеге асырудың жолдары қандай деген мәселеге келейік. Қазір барлық елдер мен мемлекеттер біркіндікті жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде. Негізгі кіндігі еркін таңдау және жеке бастама жасай алатын жеке адам бостандығы идеясына негізделген Батыс өркениеті болып отыр. Соңғы жылдары жаһанданудың бір тетігі ретіндегі батыстану – бұл тек батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік реттеудің (адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұрпаты, діни сенімі, ұлттық төзімділік, әдептілік, т.б.) мәдени-өркениеттік қалыптар кешенінде қабылдау екенін түсінген дәстүрлі қоғамды жақтаушылардың табанды қарсылығына тап болуда. Өйткені, өткен ғасырдың орта шенінен айтыла бастаған өркениет бәсекесі қазір шын мәнінде ақиқатқа айнала бастады. Бәсеке бүгінгі күні экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте, білімде, ақпаратта, технологияда, тағы басқа салалар да қызу қарқынмен жүріп жатыр[1]. Рас, Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет, алайда, Батыс өркениетінің қоршаған ортаға тек пайда табу көзі деп қарауға үйретуі, оны технологиялық тұрғыдан бөлшектеп сату түрінде түсіндіруі, бұл мәселеде бізге үлгі бола алмайды. Сондықтан Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік жақсылықтың нышаны емес.

Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз.

Осы орайда айта кететін жәйт, Қарағанда политехникалық колледжінде іс-тәжірибеден өту барысында осы ұлттық тәрбиені дамытуға біршама қосуға тырыстық. Оның ішінде ең алдымен «Ұлттық құндылықтарымызды қадірлейік!» атты тәрбие сағатын өткіздім. Тәрбие сағатында бірнеше студент өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды айтқанда шорқақтық танытты. Бұл сабақтың студенттерге берген әсері мол болды. Ұлттық құндылық жайлы білімдерінің деңгейін бір сатыға болсын жоғарылатты. Сол сияқты колледжішілік «Бұрымды



қыз!» байқауын ұйымдастырдық. Қазіргі қоғамда «сәнге» айналып отырған мәселенің бірі қыз баланың шашын жайып жүруі деп білемін. Ал, бұрынғы кезде, қазақта шашын тек әйел адамның ері қайтыс болғанда ғана шаш жайған. Яғни, бұл сайысымыздың мақсаты өткен тарихымызды дәріптеп, құрметтеу. Дәстүрімізді аяқ асты етпеу болды. Өзімізге де, өзгелерге де көмегін тигізер тәрбиелік мәні мен ұлттық тәрбиені дәріптейтін осындай іс шаралардың маңызы зор деп білемін.

Осы орайда мынадай бір сауалға жауап беру маңызды деп есептеймін. Елдік сананы қалыптастыру үшін неге ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қоямыз? Біздің ойымызша, ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты екі бастаудан нәр алуға тиіс. Оның біріншісі, қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, жарасым, төзім, шапағат, парасат, ізет, бақыт туралы арман-аңсар. Таратып айтсақ, осындай арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымда түрліше көріністері болуы керек. Екіншісі, бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық ахуал[2]. Бірінші жағдайға қатысты ойымызды одан әрі өрбітер болсақ, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенім-нанымы мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарға басымдық сипат берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де оң шешімін табатын жолмен ілгері басуына кепіл бола алар еді.

Әрине, бүгінгі қоғамдық-психологиялық ахуал дегенде осы бағыттағы әлемдік тәжірибелердің озық үлгілері мен жетістіктері де назардан тыс қалмауға тиіс. Түсінген кісіге қазіргі заман көзімен қарасақ, қоғам түбегейлі өзгерген. Жастардың психологиясы, таным түйсігі мүлдем басқаша. Бүгінгі қоғамдық қатынастар өкшебасар ұрпақты бәрібір өз дегеніне көндіруде. Тіпті ұлттың құрамы да ала-құла. Ұлттың (отбасының) құрамы ала-құла болған соң, тілі де біркелкі емес. Осыған байланысты бүгінгі қазақ отбасының ұлттық тәрбиесі күрделі өзгерістерді бастан кешіруде. Мұндай өзгерістерге біз әрқашан дайын болуымыз керек. Ол үшін білім арқылы тәрбиелеудің әлемдік озық үлгілеріне арқа сүйегеннен ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық. Сонда ғана біз бәсекелестікке қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеуге қол жеткізе аламыз.

Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған жастар мен жас мамандардың мүддесі қатар тұруға тиіс. Өйткені, біз бұдан былайғы кезеңде бүкіл адамзат баласы жасаған өркениеттермен қатар дамуға тиіс мәдениеттің (қазақ мәдениетінің) мүшесі болып саналамыз. Ендеше, адамзат баласының осы уақытқа дейін жасаған ұлттық құндылықтарымызды қолдан келгенше түгел игеріп, қажетімізге пайдалануымыз керек. Сондай-ақ, ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жана дәрежеге, жаңа интеллектуалды сапаға көтеріп алу тиімді.

Халықаралық деңгейдегі білімнің басты ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау болса, оның алғы шарты білім арқылы тәрбие берудің ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз. Мұны дүние жүзілік тәлім-тәрбие берудің озық тәжірибелерін игермей ұлттық тәрбие идеясын толыққанды жүзеге асыра алмаймыз. Бүгінгі тарихи-психологиялық ахуал бізден осыны талап етіп отыр. Онсыз білім де, тәрбие де өз деңгейінде болмайды. Шын мәнінде тәуелсіздік дегеніміздің өзі ұлттық мәдениеттің сақталуы және халыққа рухани қызмет ету әлеуеті емес пе?! Ол-ол ма, ұлттық бостандық ұғымының түпкі мазмұн-мағынасы да осыған саяды. Жастарды ойдағыдай тәрбиелеуде біздің мүмкіндігіміз бар. Өйткені, ол үшін батыс мәдениетімен, білімімен бәсекеге түсе алатындай ХХІ ғасырда рухы биік мәдениетіміз бен білімі әлеуетімізді қалыптастыруды қолға алу өте-өте маңызды. Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең деңгейдегі ұлт жаһандану деген алып мұхиттың үстінде өзінің келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де болашағы жарқын. Ол үшін ұлттық тәрбиені дамытудың ғылыми негізделген тұжырымдамасын жасау керек. Тіпті бұл кезек күттірмейтін үлкен мәселе. Мұны Президенттің “Интеллектуалды ұлт – 2020” ұлттық бағдарламасындағы идеямен қаруланған Қарағанды политехникалық колледжінің ұжымы да қолға алып отыр. Әрине қиын, қиын да болса тәуекелге бел буып отырған жай бар. Сол мүмкіндікті пайдаланып бүгінде бізде тәрбие мәселесіне, оның ішінде ұлттық тәрбие проблемасына бірінші кезекте ден қойып отырмыз. Өйткені, ұлттық тәрбие бастауларынан нәр алған мәдениетті, парасатты жастар оқу-білімді өзінің өмірлік мұратына айналдырып, жан-жақты ізденетіні, ғылыммен шұғылданатыны сөзсіз. Білім мен ғылым шындығында, аса зор өндіргіш күш, үлкен байлық. Сондықтан да әлемдік жаңа идеология білім күшіне сүйенеді.

Сондай-ақ қазіргі замандағы білім беру жүйесінің міндеті қазіргі жастарымыздың білім алып қана қоймай, тәрбиелі, әдепті, ұлтжанды, бір сөзбен айтқанда, интеллектуалды болуын қамтамасыз ету.

Қысқаша айтқанда, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

“Біз дамыған елдерден озық технологияларды тартып, бірлескен өндірістер құрудамыз, инновациялық жобаларға қолдау көрсетілуде. Бірақ, біз экономикасы тұрақты дамыған елдер клубына өтеміз десек, бұл жеткіліксіз. Оның сыртында аса озық технологияларын бізге ешкім де әншейін бере салмайды. Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет”[3]. Міне, Нұрсұлтан Әбішұлының осы бір ой-толғамы түйіндеп отырғандай, бүгінгі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды, оның жаңа ұрпағын қалыптастыруда интеллектуалдық секіріс сөзсіз қажет. Олай болса, сол интеллектуалдықтың өзі ұлттық тәрбиемен келетін жеміс екенін ұмытпағанымыз абзал.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие //«Ана тілі», 20 қазан, 2011, 46 б.
2. Қапалбеков Б. Ұлттан тілді алса...-Алматы, 2006.- 138 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық //Егемен Қазақстан. 31 мамыр, 2008, 10 б.

**Мескен Л.Н., Мадышева Ж.Қ.**

### **ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ ТӘРБИЕ МЕН ЖАҒАНДАНУДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ**

*Аннотация.* В данной статье поднимается вопрос проблемы воспитания и формирования молодого поколения, а также пути решения данной проблемы. Также рассмотрена важная роль тщательной проработки государственных программ, как альтернативный ответ западному влиянию на нынешнее молодое поколение. Особенно в статье отмечена роль государственных программ не только в подготовке и преподавании фундаментальных знаний для учащихся, но и в формировании и развитии различных качеств как воспитанность, чувство патриотизма и других, которые помогают воспитать интеллектуальное подрастающее поколение.

UDC 37.016

Mishin D.E.

Student, South Kazakhstan University after named M. Auezov  
city Shymkent, The Republic of Kazakhstan

[d.mishin.03@mail.ru](mailto:d.mishin.03@mail.ru)

Senior lecturer, master. Yegemberdy Assel Alibekkyzy  
city Shymkent, The Republic of Kazakhstan

[Assel-arsen@mail.ru](mailto:Assel-arsen@mail.ru)

### **INNOVATIVE APPROACHES TO ORGANIZING THE PROCESSES OF UPBRINGING, TRAINING AND PERSONAL DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF LIFELONG EDUCATION**

*Annotation.* Currently, there are significant changes in the national education policy. This is due to the transition to the position of personality-oriented pedagogy. The educational potential, both social institutions and personal, is being actualized.

Addressing the problems of innovation and singling them out among the most important areas of modern scientific thought were the result of awareness of the growing dynamics of innovation processes in society. The development of scientific interests in this direction revealed the complexity and multidimensionality of this phenomenon, which led to the emergence of various approaches to its analysis.

The concept of "innovation" first appeared in the studies of cultural studies in the 19th century and meant the introduction of some elements of one culture into another. Innovation (from the English. Innovation-innovation, new) is a change within the system. The concept of "new" is one of the core concepts in innovative pedagogy.

Dictionary of S.I. Ozhegova gives the following definition: "first created or made, appeared or emerged recently, instead of the previous one, re-discovered". In the pedagogical interpretation, innovations mean innovations in the pedagogical system that improve the course and results of the educational process.

Innovative processes are aimed at the formation of a competitive, professionally and problem-oriented personality. A future specialist needs to be aware of his personal and social responsibility, set goals and see the ways to achieve them, understand tactics and strategy on the way to the goal, adequately perceive both freedom and risk, master brainstorming techniques, manage emotions, and concentrate attention.

This determined the need to realize that innovative processes require a systematic, holistic study, taking into account factors related to both the innovations themselves and their socio-cultural environment. The search for solutions to the pedagogical problems of innovation is associated with the analysis of the available research results of the essence, structure, classification and features of the course of innovative processes in the field of education.

Currently, our country is undergoing significant changes in the national education policy. This is due to the transition to the position of personality-oriented pedagogy. The educational potential, both social institutions and personal, is being actualized. Previously, the formation of knowledge, abilities, skills, informational and social skills that ensure "readiness for life", in turn, understood as the ability of an individual to adapt to social circumstances, were the unconditional guidelines for education. Now education is increasingly focused on the creation of such technologies and methods of influencing the personality, in which a balance is ensured between social and individual needs, and which, launching the mechanism of self-development, ensure the readiness and ability of the individual to realize his own individuality.

In the context of educational reforms, innovative activities aimed at introducing various pedagogical innovations have acquired particular importance in vocational education. They covered all aspects of the didactic process: forms of its organization, content and technology of teaching, educational and cognitive activity.

Innovative learning technologies include: interactive learning technologies, project-based learning technology, information and communication technologies.

In the psychological theory of learning, interactive learning is called learning based on the psychology of human relationships. Interactive learning technologies are considered as a way of assimilating knowledge, forming skills and abilities in the process of relationships and interactions between a teacher and a student as subjects of educational activity. Their essence lies in the fact that they rely not only on the processes of perception, memory, attention, but, above all, on creative, productive thinking, behavior, communication. At the same time, the learning process is organized in such a way that students learn to interact with a friend and other people, think critically, solve complex problems based on an analysis of work situations, professional tasks and relevant information.

In interactive learning technologies, the roles of the trainer (instead of the role of the informant - the role of the manager) and the student (instead of the object of influence - the subject of interaction) change significantly, as well as the role of information (information is not a goal, but a means for mastering actions and operations).

All innovative learning technologies are divided into non-imitative and imitative. The classification is based on the sign of recreation (imitation) of the context of professional activity, its model representation in training.

Non-simulation technologies do not imply the construction of models of the studied phenomenon or activity. The imitation technology is based on imitation or imitation-game modeling, that is, reproduction in learning conditions with one or another measure of the adequacy of the processes occurring in a real system.

**List of sources used:**

1. Adamskiy, A.I. *The era of new results. Journal "School Director", 2015, No. 7, 87-90 p.*
2. Klarin, M.V. *Innovations in world pedagogy: learning based on research, games, discussions: analysis of foreign experience / M.V. Clarin. - Riga: Experiment, 2013. -- 180 p.*
3. Polonsky, V. M. *The More, the Better? (to the assessment of the results of scientific activity) / V.M. Polonsky // Pedagogy. - 2014. - No. 2. - S. 35-39.*

4. Polonsky, V. M. *Innovations in education [Text]: (methodological analysis) /*
5. V. M. Polonsky // *INNOVATIONS IN EDUCATION I.- М. : [b. and.]*,
6. Polyakov S.D. *Pedagogical innovation: from idea to practice / SD Polyakov - М. : Center "Pedagogical search", 2011. - 176 p.*
7. Slastenin V.A., Podymova L.S. *Pedagogy: Innovation. - М. : IChP "Magister Publishing House", 1997. - 224 p.*
8. Rapatsevich, E.S. *Modern Dictionary of Pedagogy [Text] / comp. E.S. Rapatsevich. –М. : Modern Word, 2011. - 928 p.*

**Мишин Д.Е.**

**ӨМІР БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕ, ОҚУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ  
ДАМУ ПРОЦЕСТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР**

*Аңдатпа.* Қазіргі таңда мемлекеттік білім беру саясатында елеулі өзгерістер орын алуда. Бұл тұлғалық-бағдарлы педагогика позициясына көшумен байланысты. Институционалдық және тұлғалық білім беру әлеуеті жаңартылуда.

**Мишин Д.Е.**

**ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ОРГАНИЗАЦИИ ПРОЦЕССОВ ВОСПИТАНИЯ,  
ОБУЧЕНИЯ И ЛИЧНОСТНОГО РАЗВИТИЯ В КОНТЕКСТЕ  
НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

*Аннотация.* В настоящее время в государственной образовательной политике происходят существенные изменения. Это связано с переходом на позицию личностно-ориентированной педагогики. Актуализируется образовательный потенциал, как институциональный, так и личный.

УДК 372.2

Мусина Б.Б.

Студент, Академии ««Bolashaq»  
город Караганда, Республика Казахстан, [baxmadi@mail.ru](mailto:baxmadi@mail.ru)  
Научный руководитель, старший преподаватель Таликова Г.Т.

**СОСТОЯНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ  
ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФОРМ СУБКУЛЬТУРЫ ДЕТСТВА В СОВРЕМЕННОЙ  
СИСТЕМЕ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

*Аннотация.* В данной статье изучается влияние детской субкультуры на экологическое развитие детей дошкольного возраста, а также проанализировали авторские программы, в которых представлены психологические аспекты экологического образования дошкольников.

Субкультура - это система ценностей, установок, способов поведения и жизненных стилей, которая присуща относительно мелкой социальной общности, пространственно и социально в большей или меньшей степени обособленной. Субкультура детства – это проявление самовыражения личности ребёнка [1]. В период детства начинает складываться тонкий и чувствительный мир ребёнка, представляющий собой целостную и ценностную модель мира культуры, отражённую в системе представлений ребёнка «Я – Мир». Для того, чтобы определить воздействие культуры на формирование представлений ребёнка о мире и о себе, необходимо рассматривать культуру как на одно из важнейших условий его жизни.

Детская субкультура существует как стихия детских переживаний и не служит средством достижения какой-либо прагматической цели, в отличие от взрослой культуры. Дети самовыражаются лично и утверждают своё существование в коллективе сверстников, а также среди взрослого сообщества.

В настоящее время складывается многоуровневая градация субкультуры детства: дошкольная, школьная, подростковая и юношеская.

Специфическими проявлениями субкультуры детей дошкольного возраста мы можем назвать следующие: речевая деятельность ребёнка (словотворчество, сленг, стихи-дразнилки, считалки и т. д.), обычаи, коллективные игры, атрибутика, предметы собственных ценностей.

Возникновение детской субкультуры как целостного историко-культурного феномена обусловлено половозрастной стратификацией общества, уходящей своими корнями в глубокую древность, когда не прошедшие инициацию (особый обряд посвящения во взрослость) члены общины объединялись для осуществления совместных форм жизнедеятельности, тождественной взрослым. С развитием человеческого общества эти формы все более автономизировались, делая переход от прямого подражания трудовым, бытовым и ритуальным действиям взрослых - к игре как особой непродуктивной форме активности, благодаря которой осуществляется управление собственным поведением ребенка, его ориентация в смыслах человеческой деятельности и отношений (Д.Б. Эльконин) [2].

Таким образом, субкультура детства побуждает стремление знакомиться с окружающим миром, активно действовать в общении со сверстниками, участвовать в жизни взрослых, осуществлять свои мечты. Именно на этапе дошкольного детства ребенок получает эмоциональные впечатления о природе, накапливает представления о разных формах жизни, т.е. у него формируются первоосновы экологического мышления, сознания, закладываются начальные элементы экологической культуры.

Но происходит это только при одном условии: если взрослые, воспитывающие ребенка, сами обладают экологической культурой: понимают общие для всех людей проблемы и беспокоятся по их поводу, показывают маленькому человеку прекрасный мир природы, помогают наладить взаимоотношения с ним.

В связи с этим в 90-е годы было создано значительное количество программ, направленных на экологическое воспитание дошкольников. Рядом психологов созданы авторские программы, в которых представлены психологические аспекты экологического образования дошкольников. Программа А. Вересова «Мы земляне» имеет своей целью развитие в детях элементов экологического сознания, она демонстрирует всеобщую взаимосвязь природы, человека и его деятельности [3].

Н.А. Авдеевой и Г.Б. Степановой создана программа экологического образования и воспитания старших дошкольников «Жизнь вокруг нас», в центре которой личностное развитие ребенка. Дети получают информацию экологического содержания, на эмоционально-положительной основе у них развивается бережное и ответственное отношение к живой природе [4].

Творческий поиск педагогов и психологов в целом ряде программ направлен на развитие в детях эстетического отношения к природе и окружающему миру.

Программа В.И. и С.Г. Ашиковых «Семицветик» нацелена на культурно-экологическое образование детей, развитие в них начал духовности, богатой, творческой саморазвивающейся личности [5]. Авторы считают от того, как ребенок научится мыслить и чувствовать окружающий мир природы, как воспримет ценности мировой культуры, зависит то, как он будет действовать, какие поступки совершать, как он будет применять все знания и умения в жизни по отношению к окружающей природе, как он будет любить и беречь природу и свою Родину.

Программа предполагает совместную творческую деятельность детей и взрослых в детском саду, детских студиях или в семье. Каждый родитель, как и учитель и педагог должен научить своего ребенка любить и беречь природу, как свой родной дом. В процессе обучения дошкольники приобретают широкий кругозор, нравственное начало отношении к окружающему миру. Основой программы является восприятие красоты в природе, в созданных человеком творениях и самом человеке его внутреннем мире и созидательных проступках.

Программа «Наш дом-природа» состоит из десяти блоков. Каждый включает обучающий и воспитывающий компоненты-знания о природе и развитие детей разных аспектов отношения к ней (бережной заботы, умения видеть красоту и др.) Половина программы (пять блоков) рассматривает область неживой природы (вода, воздух, почва и др.), три блока посвящены живой природе - растениям, животным и экосистеме леса, два - взаимодействию человека с природой [6].

Программа имеет методическое обеспечение - разработку по созданию развивающей среды в дошкольной организации, рекомендации по ознакомлению детей с водой, воздухом. Ценным аспектом программы является то, что автор обращает внимание на отходы, которые в большом количестве производит человечество и которые составляют реальную опасность для природы планеты.

Одной из первых в 90-х годах появилась программа С.Н. Николаевой «Юный эколог», созданная на основе собственной Концепции экологического развития дошкольников [7].

«Юный эколог» включает две подпрограммы - программу экологического развития дошкольников, программу повышения квалификации дошкольных работников в области экологического развития детей, т. е. одновременно решается вопрос становления начал экологической культуры у детей и развития ее у взрослых, их воспитывающих (ведь воспитатель, являющийся носителем экологической культуры важнейшее условие развития детей).

Программа имеет обстоятельное теоретическое и экспериментальное обоснование, сориентирована на личностный подход к ребенку и всестороннее его развитие. Содержание программы отражает взгляд на природу, прослеживает взаимосвязь организма со средой обитания в разных аспектах как закономерные проявления морфофункциональной приспособленности любимых растений и животных к среде, как смену форм приспособительной взаимосвязи организма со средой в процессе его онтогенетического развития, как сходство разных живых существ, проживающих в однородной среде. Решить эти вопросы можно при наличии в жизненном пространстве детей (в помещении и на участке ДО) в достаточном количестве самих объектов природы - растений и животных.

Программа экологического развития детей содержит шесть разделов. Первый - это объекты неживой природы, которые рассматриваются и сами себе, и как компоненты среды жизни живых существ.

Показано, что без воды, воздуха, почвы невозможна жизнь растений, животных и человека, что планета Земля, в отличие от других планет Солнечной системы, имеет весь комплекс необходимых условий для жизни во всех ее формах. Последний раздел посвящен человеку - он рассматривает в трех аспектах как живое существо, нуждающееся в благоприятных условиях, как пользователь природы и как ее хранитель.

Разделы со второго по пятый - это познание собственно экологических законов (жизнь растений и животных в своей среде обитания и в сообществе) эти законы можно интересно познавать уже в дошкольном возрасте, чтобы их понять, приобщиться к ним в своем поведении и жить по ним на Земле.

Экологические знания - это не самоцель, это лишь средство формирования отношения к природе, которое строится на эмоционально-чувственной основе, проявляемой ребенком в разных видах деятельности.

В последнее время идет интенсивный творческий процесс в регионах Казахстана. Педагоги, экологи разрабатывают программы экологического образования детей с учетом местных природных и социальных условий, национальных традиций.

Эколого-краеведческая программа дополнительного образования «Лучики» для детей старшего дошкольного возраста. Составители: Надточий В.В., Мандрыкина М.А. Восточно-Казахстанская область [8].

Актуальность охраны окружающей среды не подлежит сомнению. Воспитание у детей экологической грамотности все больше выступает на первый план в современной системе образования. Объединение экологии и краеведения явилось одним из приоритетных направлений работы детского сада - это формирование у детей эколого-краеведческого миропонимания.

Работа объединения экологии и краеведения, основой которого является формирование у детей эколого-краеведческого миропонимания, является в течение ряда лет одним из приоритетных направлений педагогической деятельности коллектива нашего дошкольного учреждения.

Опыт практического применения игр направленных на экологическое воспитание дошкольников в ДО г.Караганды.

Посетив несколько детских садов, нами был сделан вывод о том, что не везде в практике ДО используются игры. Лишь в двух детских садах мы наблюдали создание воспитателями специальных игровых обучающих ситуаций с целью экологического воспитания дошкольников.

В целом нужно отметить, что работа по использованию различных форм субкультуры детства, направленных на экологическое воспитание, в современных детских садах региона ведется, но нужно отметить о недостатке методических пособий, не во всех группах имеется достаточный игровой материал, не везде есть уголки природы, хотя бы аквариумов с рыбами.

**Список использованных источников:**

1. Беляев И. А. *Культура, субкультура, контркультура*. – Оренбург: Филиал УрАГС в г. Оренбурге, 2002.– С. 5-18.
2. Эльконин Д. Б. *Психология игры*. – М.: Знание, 1999. – 258 с.
3. Вересов А. *Программа экологического развития дошкольников «Мы – земляне»*. – А., 2009. – 29 с.
4. *Жизнь вокруг нас / под ред. Н.А. Авдеевой и Г.Б. Степановой*. – М., 2009. – 23 с.
5. Ашиков В.И. *Программа экологического воспитания дошкольников*. – А., 2012. – 31 с.
6. Рыжова Н. *Программа экологического воспитания дошкольников «Наш дом – природа»*. // *Дошкольное воспитание*. - 1998. - № 7. – С. 15
7. Николаева С. Н. *Юный эколог: программа и условия ее реализации в детском саду*. – М.: Мозаика-Синтез, 1999. – 25 с.
8. Надточий В.В., Мандрыкина М. А. *Эколого-краеведческая программа*. – Восточно-Казахстанская область, 2012. – 23 с.

**Мусина Б.Б.**

**ҚАЗІРГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ СУБМӘДЕНИЕТ ФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУДЫ ЗЕРТТЕУ ПРОБЛЕМАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ**

*Аңдатпа.* Бұл мақалада балалар субмәдениетінің мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық дамуына әсері зерттеледі, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім берудің психологиялық аспектілері ұсынылған авторлық бағдарламалар талданды.

ӘОК 371.268

Мұқыжан Г.Б.  
Қосымша білім беру педагогі  
«Оқушылар сарайы» КМҚК  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
[gulbarshyn-m67@mail.ru](mailto:gulbarshyn-m67@mail.ru)

**ДЕҢГЕЙЛІК-САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ДАМУ**

*Аңдатпа* Баяндамада оқушылардың орындайтын тапсырмалар олардың оқудағы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік беретіндігі және жеке тұлғаны қалыптастыруға болатындығы туралы айтылған.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік

әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген.

Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея».

Майлс «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», — дейді. Тиімді де орынды пайдаланған оқыту технологиясының бірі, деңгейлеп- саралап оқыту – сапалық білім негізі бола алады.

Деңгейлік саралау технологиясы оқушының да мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Бұл әдіс-тәсіл оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Оқытудың жаңа технологияларын күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере, мақсат-мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Сондай педагогикалық оқыту технологиясының бірі – оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытатын профессор Ж. Қараевтың «Саралап-деңгейлеп оқыту» технологиясын алып отырмын.

Ж.Қараевтың технологиясы сабаққа қолдану арқылы оқушыларды өздігінен ізденіп, өз бетінше білім алуға дағдыландырады, оқушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деп жіктерге бөлуді жояды. Саралаудың негізгі ұстанымы оқыту мазмұнын тарылту емес, ол мұғалім тарапынан оқушыларға таразыланған көмек болуы тиіс. Негізінен тәжірибеде саралап оқытудың екі түрі кеңінен қарастырылады: деңгейлік және бағдарлық.

**Деңгейлік-саралау** – оқушылардың оқу материалын түрлі деңгейде меңгеруі. Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлау, елестету мен еске сақтау қабілеттерін, ынтасын, белсенділігін, білім сапасын дамытуға көмектеседі. Деңгейлік саралау технологиясы оқушының да мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Балалардың даму деңгейінің бірінғай болмауына және қабілеттеріндегі айырмашылықтар мен басқа да себептерге байланысты оқу үздіктері мен үлгермеушілердің пайда болатыны белгілі. Осыған орай, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы әр оқушының қабілетіне, мүмкіндігіне, деңгейіне қарай оқытуды көздейді. Сабақ барысында міндетті 3 деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасалады. Тапсырмаларға төмендегідей талаптар қойылады.

- жаттап алуға лайықталған болу керек;
- алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауға мүмкіндік берілуі;

- тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек.

Деңгейлік тапсырмаларды жүргізудегі негізгі мақсаты- баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асырамын.

- Оқушылардың өздігінен білімін толықтыра, жетілдіре отырып, жаңа білім алуы.
- Оқушылардың бір-бірімен білім алмасуына дағдылануы.
- Берілген білімді пысықтау.
- Оқушының білімін тексеру, бақылау.
- Шығармашылық қабілетін арттыру.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушының нені білетінін, нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі, соның нәтижесінде оқушыларда намыс оты оянып, басқалардан қалып қоймауды ойлап өз мүмкіндігіне қарай дайындық жасайды, әрі тырысады. Деңгейлік тапсырмалар дегеніміз - балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше оқушының біліміне, мүмкіндігіне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар жүйесі. Деңгейлік әдістің маңыздылығы - оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық



тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуға жетелейді, яғни оқу-танымдық құзіреттілігі қалыптасады.

Бұл технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекеше мән берілген. Оқу іс-әрекетінің негізгі түрі оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысы болып табылады.

Деңгейлеп оқыту технологиясы оқушының да, ұстазды да белсенді шығармашылық қызметін дамытуға арналған.

1-деңгейдегі тапсырма мемлекеттік стандарттық деңгей, бұны орындауға барлығы міндетті.

2-3 деңгей тапсырмалар бірте-бірте күрделенеді және бұл тапсырманы орындауға оқушылар құқылы.

4-деңгей тапсырмалар шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқушылар орындайды. Әрине, барлық оқушы 4-деңгейді түгел орындап шығады деу артық.

1-2 деңгейді түгел жуық орындайды да, белсенді оқитындар алға кетеді.

Өз тәжірибемнен мысалдар келтірсем; Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, «Оқушылар сарайы» КМҚК қосымша білім беру ұйымында мектепке дейінгі білім берудің STEM орталығында даярлық тобында сауат ашудан сабақ жүргіземін. Сабақ кезінде деңгейлік тапсырмаларды пайдалану тиімді. Деңгейлік тапсырмалар оқушыны сөйлете білудің шарттарына байланысты болады. Тапсырма түрлері оқушының ой желісін жетілдіріп, тілді сезіну қабілеттерін арттырады, тілдік грамматикалық тұлғаларды қолдануға көмектеседі. Деңгейлік тапсырмалар негізінде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту жұмысын жүргізу үшін сөйлеу тілі қабылдау қабілетімен, байқағыштық қасиетпен, зейінмен тығыз байланысты болатынын ескеру қажет.

Деңгейлік тапсырмалардың төмендегідей түрлері қарастырылады:

#### **Диалог құруға арналған тапсырмалар.**

Ләзат мектептен келді ме?

Қыс айлары қандай? Не істеу керек?

Желтоқсан айы қай жыл мезгіліне жатады?

Ойын барысында мұғалім оқушылардың бір-бірімен сөйлесу қабілетін өрбітіп, тапсырманы күрделендіре береді.

#### **Ойын «Диалог — әңгіме»**

Бір оқушы ойдан шығарып, бір әңгімені бастайды. Келесі оқушылар оны жалғастырады.

Динара: Көктем айлары – наурыз, сәуір, мамыр

Гаухар: Көктемде күндер ұзақ болады

Мақсат: Көктемде түндер қысқа болады

Гулмира: Жылы жаңбыр жауады

Раушан: Құстар ұшып келе бастайды.

#### **Әңгіме құруға арналған тапсырмалар:**

а) ақ қар, биік тау, көп бала, қызық ойын, сырғанақ, ауыл маңы т.б.

ә) мына сұрақтарды басшылыққа ала отырып, әңгіме құрындар.

Сен кімсің? Отбасында неше адам бар? Ата-анаңның аттары кім?

Әжең үлкен бе? Атаң үлкен бе?

Қайда тұрасыңдар?

Сен қай қалада тұрасың?

Сіздің ағаңыз бен апкеңіз кім?

Олар не істейді?

Деңгейлік тапсырмаларды құру жеңіл шаруа емес. Бағдарламаға сай тапсырмалар түрін сараптап, зерттеп, оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру талаптарыны басшылыққа ала отырып, ғылыми-әдістемелік түрде оқушы деңгейіне сай құрылуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар оқушы сұранысын қамтамасыз ететіндей, ықшам, әсерлі, жүйелі, түсінікті сипатта болуы қажет.

Қорыта келгенде деңгейлік тапсырмалар орындау негізінде оқытудың тиімділігі:

- оқушы өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады ;
- оқушының жеке қабілеті айқындалады;
- іштей бір-бірінен қалмауға тырысады;
- тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті артады;
- оқушылары толық бағаланады;
- әр бала өз деңгейіне қабілетіне қарай бағаланады.

Демек, жаңа технологиялық әдіс –тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттыруға тиімді әдіс. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бақыбекова.Н. « Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру».-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16б.
2. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007Кобдикова Ж.У. «Оқыту процесін технологияндыру». А:2000 ж.61б.
3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
4. Қараев. Ж.А., Кобдикова Ж.У. «Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода». А: 2005.34 б.
5. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004Республикалық ғылыми әдістемелік журнал, Қазақ тілі: әдістеме №5 2007(13)
6. Республикалық ғылыми әдістемелік журнал, Қазақ тілі: әдістеме № 2 2008 (16)
7. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. — //Қазақстан мектебі, №4, 2006.

**Мұқыжан Г.Б.**

**ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ, РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСТВА ЧЕРЕЗ УРОВНЕВО-ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ**

*Аннотация* В данном докладе говорится о том, что выполняемые учащимися задания позволяют выявить их успехи и недостатки в обучении и позволяют сформировать личность.

ӘОК 371.268

Мухаммедина С.Г, Шайлимбекова Н.Б.  
Қарағанды облысы. Қарағанды қаласы.  
«Балапан» бөбекжайы. КМҚК  
[msaulet1984@gmail.com](mailto:msaulet1984@gmail.com) [nurgul--71@mail.ru](mailto:nurgul--71@mail.ru)

**БАЛАЛАРДЫҢ ДЫБЫСТЫ ДҰРЫС АЙТУҒЫН ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ  
ТАЗА СӨЙЛЕУДІ МЕНГЕРТУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

*Аңдатпа.* Дыбыстар-адам сөйлеуінің негізгі құрылымы. Пікір алысу, қарым-қатынас құралы болып табылады.

Қазіргі жас ұрпақ біздің болашағымыз. Сондықтан жан-жақты рухани дамыған, сауатты, саналы және денсаулығы мықты азамат тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің басты нысанасына айналып отыр. Осыған орай, біздің балабақшада еліміздің жас ұрпақтарының барлық жағынан дамуына толық жағдай жасалған. Тәжірибе көрсеткендей, соңғы кездерде сөйлеу тілінде ауытқуы бар немесе тілінде кемістігі бар балалардың саны күн санап артуда. Олардың алдына алу немесе жедел түрде жәрдем беру мүмкіндіктері атқарылатын жұмыстарымыздың іс-жоспарында қарастырылған. Мұндай кемістігі бар тәрбиеленушілерге арнайы топтарда түзетушілік, педагогикалық, психологиялық, логопедиялық көмек көрсетіліп келеді.

Біз өз тәжірибемізде балаларды диагноздарына қарай топ-топқа бөліп оқыту тәсілін пайдаланамыз. Ол дегеніміз, ең алдымен, арнайы логопедиялық психологиялық және педагогикалық әдістерді қолдана отырып, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, дыбыстардың артикуляциясын анықтау және оларды дыбыстарды ажырата білуге, есте сақтауға, зейін, ес, қиялдау процесстерімен қоса, артикуляциялық жаттықтыру үлгілері салынған суреттер, плакаттарды көрсетіп, қолдануға ерекше көңіл бөлу. Сондай-ақ артикуляциялық дағдыларды және фонематикалық қабылдауын дамыту, ауызекі сөйлеуін қалыптастыру және сауат ашуға дайындау мүмкіндіктерін қарастыру. Осындай тәсілдерді пайдалану арқылы біз баланың түсінігін, танымдық аясын кеңейтеміз және тәрбиелік жағынан бауырмалдылыққа тәрбиелейміз. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың қалыпты дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады. Өкінішке орай, балалар арасында

сөйлеу тілінің бұзылуы жиі кездесетін құбылысқа айналып барады. Жалпы сөйлеу тілі бұзылған баланың белсенді қозғалуында жетіспеушіліктер, соның ішінде саусақтың ұсақ моторикаларын да ауытқушылықтар байқалады. Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады. Адамның бас миындағы тілдің моторлы орталықтары саусақтың моторлы орталықтарына жақын орналасқан. Сондықтан, біз ұсақ қол моторикасын дамыта отырып, баланың ішкі ағзасына ықпал етуге көңіл аударамыз. Жаттығу нәтижесінде бала саусақ қимылдарын өз бетімен және жеңіл орындайды. Ойын қимылдары әрдайым қызықты да тартымды болуы шарт. Сонымен қатар қол саусақтары қимылын жетілдіру үшін ұсақ таяқшалардан, жемістердің дәндерінен, түймелерден әр түрлі бейнелерді тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады.

«Өрмекші»

Өрмекші, өрмекші торын торлады. (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Жаңбыр жауып кетті, торынды жуды. (Қолдарын астына үстіне қимылдату барысында алақандарын бір-біріне соғады) Күннің көзі шықты, дала жылынды. (Қолдарын көтеріп жан-жаққа сілтейді) Өрмекші, өрмекші жұмысқа кірісті. (Екі қолдың саусақтарын бір-бірден бір-біріне тигізеді)

«Аю»

Қорбандаған аю жүр (Саусақтармен үстелдің үстіне жүргізеді) Маймақ болар, ол үлкен (Қолдарымен жарты шеңбер жасайды) Апанда ол тұрады, Балды жақсы көреді. (Тілімен үстіңгі ернін жалайды) Қоян көрсетті (Екі саусақты көрсетеді) Құйрығыда бір кесек (Жұдырықты көрсетеді) Бірде сұр ол, бірде ақ (Алақандарын көтереді, түсіреді) Ұзын құлақ сескеншек (Екі саусақты көрсетеді) Кеміреді сәбізді (Жымып тістің барлығын көрсетеді)

«Бақшада»

Бау-бақшада мен болдым (Саусақтарымен үстелдің үстінде жүргізеді) Көкөністерді мен таптым (Қолды жаяды) Міне қиярмен, сәбіз (Екі саусақтарымен сопақшаны келтіреді) Қызылша мен қызанақ (Домалақты келтіреді) Жаман емес бұл егін (Шапалақтайды) Аталмыш жаттығулар баланың жалпы және ұсақ моторикасының дамуына көп септігін тигізеді.

Әр баланың тілін дамытуға ерекше көңіл аударылуы тиіс. Олардың тіл дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру, балалардың назарын сөздік дыбыстық құрамына аудару, естіген сөздік материалды есте сақтап қалу, сөйлегенде жіберген өз қателіктерін естіп түзетуге үйрету мүмкіндіктері қарастырылады. Сонымен қатар балаларды қойылған дыбыстарды сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға машықтандырумен қатар, осы дыбыстарды ерекшеліктеріне қарай ажырата білуге үйретеді, әр оқу қызметінде сөздік дыбыстық құрамын анықтауға дағдыландыратын жаттығулар қолданылады. Алдымен балалардың назарын жеке дыбыстарға, сөз ішіндегі дыбыстарға аударған жөн. Сонан соң сөзге толық дыбыстық талдау жасау дағдыларын игертуге назар аударылады. Дыбыстық талдауға дайындау жұмысы келесі кезекпен жүргізіледі:

-Сөз басындағы дауысты дыбыстарды ажырату, бөліп айту.

-Сөздегі дауысты дыбыстардың орнын анықтау.

Сөйлесу барысында тілдің түрлі көркемдік құралдарын пайдалану қажет. Мысалы: мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, ерекше үнмен, ырғақпен мәнерлеп айту. Тіл дамытып, мәнерлеп сөйлеуге үйретуде мынадай міндеттерді дұрыс деп есептеймін:

1. Тіл дамуындағы дыбыстарды анық айта білуін анықтау.

2. Балалардың анық, байланыстыра сөйлеуін дамыту.

3. Балалардың өз ойларын анық әрі толық жеткізе білуге үйрету.

4. Дыбыстарды дұрыс айта білуге баулу.

5. Балалардың ойлауын, дүниетанымын жетілдіру, сөздік қорын дамыту.

Тіл дамытудың негізгі бағыттары мен мақсаттары бірінші лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы сөздік қорларын байыту, екінші есту, сөйлеу қабілетін дамыту, үшінші естіп, көріп, қабылдау қабілетін дамыту, төртінші, дұрыс емес дыбыстарды қою (түзету) коррекциялық жұмыстар, бесінші, дыбысты бекіту және дағдыландыру болып табылады. Балаларға мәнерлеп, мағыналы және таза сөйлеуді меңгерту – толыққанды тұлға ретінде қалыптасуда маңызы орасан. Жалпы дұрыс дамыған тіл баланың қалыпты жағдайда жетілуіне, қиялын шарықтауға, ой-өрісінің дамуына, тіл байлығын молайтуға үлкен септігін тигізеді. Демек, бала тілін дамыту

– бұл тек логопед пен психолог мамандарының ғана емес, ата-ананың да міндеті. Сондықтан, баланы өз ана тілінде дұрыс сөйлеуге, өз халқының салт-дәстүрлерін дұрыс қабылдап өсуі үшін ғасырлар бойы жинақталған атадан балаға мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ұлттық ойындардың алатын орны ерекше. Мәнерлеп сөйлеудегі тағы бір ерекше тәсіл-ол ертегілер. Балаға ертегі оқу, оның мазмұнын айтқызу-сөйлеу ырғағының дұрысталып, мәнерлі, мағыналы сөйлеуге үйретеді.

Қорыта айтқанда, балабақшада күнделікті жүргізілетін оқу қызметі барысында тілінде ауытқуы бар балалармен белгіленген әдіс-тәсілдер жүйелі түрде оқыту іс-әрекетінде қолданылатын болса, бала тілінің дамуы мен мәнерлеп сөйлеу тілі толыққанды бала бойына сіңері сөзсіз. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру қажет. Алға қойған мақсатына жетуін, тапсырманы орындауда қиындыққа кездесе мұнаймауға үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін бағалап, мадақтап қоюды ұмытпау керек. Тек әр баламен шығармашылықпен жұмыс жасаған жағдайда ғана оң нәтиже бермек.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Логопед» журналы. Алматы-2019ж.*
2. *Тулєбиева Г.Н. Оразаева Г.С «Практикалық логопедия» (Әдістемелік оқу құралы) Алматы-2019ж*

**Мухаммедина С.Г., Шайлимбекова Н.Б**

### **ВОЗМОЖНОСТИ КОРРЕКЦИИ ПРАВИЛЬНОГО ЗВУКОПРОИЗНОШЕНИЯ ДЕТЕЙ И ОВЛАДЕНИЯ ЧИСТОЙ РЕЧЬЮ**

*Аннотация. Звуки-основной строительный материал человеческой речи, и только при их четкой, точной передаче речь может быть понятно и правильно.*

УДК 373

Наурызбаева А.Б  
Қарағанды «Bolashaq» академиясының  
ДДОВ-19-3 тбының студенті  
roza-r-9@mail.ru  
ғылыми жетекші п.ғ.к., доцент Шалтаева Р.Ж.

### **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҰМЫСТАРЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК БАСШЫЛЫҚ ЖАСАУ НЕГІЗДЕРІ**

*Аңдатпа. Ұсынылған мақалада мектепке дейінгі мекемелердегі дене тәрбиесі бүкіл мектепке дейінгі мекеме ұжымымен бірге жүзеге асырылатындығы айтылған. Мектепке дейінгі балалық шақта мақсатты педагогикалық әсердің нәтижесінде денсаулық, жалпы төзімділік пен қабілеттілік, өмірлік белсенділік және тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуына қажетті басқа да қасиеттер қалыптасады. Физикалық қасиеттерді, моториканы және дағдыларды қалыптастыру баланың психикалық дамуымен, эстетикалық сезімдер мен тұлғаның адамгершілік-ерік қасиеттерін тәрбиелеумен тығыз байланысты.*

Мектепке дейінгі мекемелердегі дене тәрбиесі барлық ұжым қызметкерлерімен бірлесіп жүргізіледі. Меңгерушіден техникалық қызметкерлерге дейінгі барлық қызметкер әрбір баланың денсаулығын сақтауға, дене тәрбиесінің басқа да міндеттерін шешуге жәрдемдесуге міндетті.

*Меңгеруші.* Меңгеруші дене тәрбиесі бойынша барлық ұйымдастыру жұмысына жауапты. Ол жұмыстың жалпы жоспарын жасап, қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді және балабақша қызметкерлерінің қызметін басқаруды жүзеге асырады. Меңгеруші ойын алаңын, дене шынықтыру залын, топ бөлмелерін құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге міндетті. Олар: дене шынықтыру құрал-саймандары, ойыншықтар, атрибуттар, бөлмелердің ішіндегі, алаңдағы тазалық жағдайы, әдістемелік кабинет үшін әдебиеттерді, материалдарды таңдау. Тәрбиешілердің жұмысын тексеріп, көмек көрсету мақсатында меңгеруші дене тәрбиесі сабақтарына, ертеңгілік гимнастикаға, серуендеп жүргенде және дене тәрбиесінің басқа да

ұйымдастыру түрлеріне бақылау жасайды. Бақылау жазбаларын қорытындылап отырып, ол жетістіктерін, кемшіліктерін көрсетіп, жұмысты жақсарту жөнінде практикалық кеңестер береді. Меңгеруші сонымен бірге әдістемелік құжаттарды тексереді, тәрбиешілерге жоспар құруға, берілген есептерді талдап белгілеуге, т.б. көмектеседі[1-2]. Педагогикалық ұжымның білімдерін көтеру үшін кеңес, ашық сабақтар ұйымдастырып, дене тәрбиесінің кейбір мәселелерін педагогикалық кеңестің талқылауына қояды. Ол тәрбиешілер жұмысын талдауға және педагогикалық оқуларда баяндамалар жасауына жәрдемдесіп, мектепке дейінгі мекемедегі барлық топтардың дене тәрбиесі тәжірибесін жинақтап қорытады. Сонымен бірге, тәрбиешілерді аудан, қалаларда әдістемелік кабинеттер арасында болатын (дәріс, үйірме, семинар, т.б.) шараларға қатысуға жібереді. Меңгеруші өз мекемесіндегі барлық қызметкерлердің денсаулығына, дамуына, дайындықтарына үнемі көңіл бөліп отырады. Ол балабақшаның қызметкерлерімен әңгіме, кеңестер ұйымдастырады (дене жаттығуларын және оларды жүргізу әдістемесін таңдап алады), денсаулық топтарындағы, спорт секцияларындағы сабақтар туралы ұсыныстар беріп, өзі үлгі көрсетеді. Дене тәрбиесі бойынша теориялық және практикалық дайындықтың тиісті шамада болуы мектепке дейінгі мекемелердегі қызметкерлерге өз міндеттерін неғұрлым жетік атқаруларына, балаларға үлгі көрсетулеріне көмегін тигізеді.

*Әдіскер* - ірі балабақшада (8-10 топқа дейінгі) балалардың дене тәрбиесі бойынша тәрбиешілердің жұмысына тікелей басшылық жасайды. Тәрбиешілердің білімдерін жетілдіру, олардың жұмыстарын бақылау сияқты көрсетілген шаралардан басқа ол әдістемелік кабинетті керекті әдебиеттермен, құжаттармен: дене жаттығуларының бір жылға бөлінген жоспар-графикін, апталық жоспар, сабақтардың, ертеңгілік гимнастиканың, қимыл-қозғалыс ойындарының жоспар-конспекттері, сергіту минуттары, серуен, кешкі бос уақыттар, мерекелер, денсаулық жағдайын есепке алу журналын, денесінің дамуы, дайындығын; дене жаттығуларының техникасы мен жүргізу әдістемесін бейнелейтін суреттері, фотолары бар альбомдар: дене шынықтыру алаңдарының макеттері, ата-аналар үшін материалдар (әдебиеттер тізімі, балалар киімінің сызбасы, т.б.) жабдықтауға көңіл бөледі. Әдіскер тәрбиешілердің жұмысын зерттеп, есеп пен жоспарлау бойынша құжаттарды талдайды, сонымен қатар дене шынықтыру сабақтарына, ертеңгілік гимнастикаға, дене тәрбиесінің басқа түрлерін жүргізуге бақылау жасайды. Бақылау барысында ол тәрбиешінің түсініктемесінің бәрін жазып алады, дене жаттығуларының сапалық көрсеткішін, мөлшерін белгілейді және хронометраждау жүргізеді [3]. Балалардың қозғалыстарды орындау сапасын, олардың мінез-құлқын анықтайды. Бұлар сабақты талқылау мен баға қою үшін сонымен қатар тәрбиешілерге нақты нұсқаулар құрастыруға мүмкіндік береді. Әдіскер жұмыстың жақсы тәжірибелерін жинақтап, оны таратуға көп көңіл бөледі. Ашық сабақтар жүргізіп, оны бақылауды ұйымдастырады, тәрбиешілерге өз тәжірибесін қорытып, педагогикалық оқуларда баяндама жасауға немесе шығып сөйлесулеріне көмектеседі. Әдіскер әдебиеттердің жаңа түрлерін іріктеп, аудан, қалалардағы әдістемелік кабинеттерде, ғылыми мекемелерде болатын жиналыстарға қатысып, балабақшадағы дене тәрбиесі жұмысын жақсартуға атсалысады. Өзінің де дене жаттығуларымен шұғылданып, балабақшаның қызметкерлеріне өнеге көрсетуінің және оларға қажет мезгілінде көмектесуінің маңызы да өте зор.


1. Доронова Т.А. *Защита прав и достоинств маленького ребенка. Методика.* – М.: 2006. - С. 67-68.

2. Ковалев А.Г. *Психология семейного воспитания.* - М.: 2009. – С. 4-5.

**Санджиева А.С.**

#### **ВЛИЯНИЕ СТИЛЯ СЕМЕЙНОГО ВОСПИТАНИЯ НА РАЗВИТИЕ РЕБЕНКА**

*Проблема актуальности данной работы определяется часто возникающими трудностями в воспитании ребенка у родителей и педагогов. Специальное исследование данной темы и многолетний опыт работы авторов показывают, что воспитательные ошибки связаны с тем, что родители и педагоги не всегда учитывают индивидуальность ребенка, ориентируются больше на свои потребности, отталкиваясь от своих личностных особенностей.*

УДК 373.2

Сағынаева Т.М.

«Bolashaq» академиясының 1-курс студенті

Қарағанды Қазақстан Республикасы

[Sagynaevatahmina@gmail.com](mailto:Sagynaevatahmina@gmail.com)

Ғылыми жетекші: Бокижанова Г.К

#### **«ҰЛТТЫҚ ОЙЫННЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕГІ МАҢЫЗЫ»**

*Аңдатпа. Заман талабына сай ойындар жеткілікті болғанмен, өз ұлтының ойындарын балалар қызыға ойнайды. Ойын арқылы жаңалық ашумен қатар, өзін шығармашылық жағынан дамытып, өз елінің рухани құндылықтарымен танысып, оны қастерлей білуді үйренеді. Сонымен қатар, денесін шымырландырып, ептілікке, шапшаңдыққа, ашық жарқын болуға, көпшіл болуға үйренеді. Ал, осы мақалада мен ұлттық ойындардың бала тәрбиесінде алатын орнын, оның замануи орындарға қарағанда қандай артықшылыққа ие екенін талқылаймын.*

Қазақ халқы бала тәрбиесіне аса мән берген халық. «Баланы-жастан...», «Тәрбие-тал бесіктен» деп те бекер айтпаған дана халқымыз. Бала ананың бойына бір тамшы қан болып біткен күннен бастап, алдымен ананы тәрбиелеген. Болашақ ананы тәрбиелей отырып, балаға да жақсы жағдай жасап, оның мықты денсаулық пен сапалы өмір негізін қалап бастаған. Яғни, ана жаман нәрсе жасамауы керек, арам зат ұстамай, бойын таза ұстап, харам етілген тамақтарды татпай, ұйқысын қанық етіп, тамағын дәмді әрі дәрумендермен толықтырып отырған. Оның бәрі өмірге келетін баланың дені сау, өмірі ұзақ, көңілі жарқын, болсын деген тілек-ниетпен жасалатын іс-әрекет. Тіпті жұрт жас келіннің, яғни болашақ ананың көңіліне тиіп, ауыр сөз айтпас үшін, оның белінде бала барын білдіру үшін. Отауының сыртына ақ

орамал байлап, белгі қойған. Үнемі той-думанға, жақсы жиын-отырыстарға апарып, жақсы-жайсаңдармен бірге жүрген. Ананың көңілі тоқ болса, бала да тыныш, сабырлы, көңілді болады деп ырымдаған. Осылайша, тәрбиені бала өмірге келмей тұрып, бастап кеткен. Ал, бала жарық дүниенің есігін ашқан соң, халық ауыз әдебиетінен мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш айтып, жасынан құлағына сіңіре берген. бесік тербе отырып, ақ жаулықты әжелеріміз:

«Әлди-әлди ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат бөпем,  
Жілік шағып берейін,  
Жілігіңнің басына,

Үкі тағып берейін...», - деп әндетіп, балаға ұлтының ауыз әдебиетінен айтып отырған. Оның бәрі рухани тәрбиенің, ұлттық тәрбиенің көрінісі. Тіпті, баланың тілі ерте шықсын, таңдайы тақылдаған, елді аузына қарататын сөзге шешен, тілге шебер болсын деп, сойылған малдың тілін, таңдайын кесіп, балағаалып беретін болған. Бұл ырымның да тәрбиелік мәнісі өте зор, ұғына білген адамға. Бала 4-5 жасқа жақындағанда, ер баланы ерттеулі атқа мінгізіп, тізгін ұстай білуді үйреткен. Асық атып ойнаған бала алғыр болатын болса, ат құлағында ойнайтын бала шымыр, шапшаң, тұлпар сияқты еркін болады деп ырымдаған. Қыз баланы тігінге, шеберлікке, қолөнерге баулып, он саусағынан өнер тамған бойжеткен етіп өсіруге тырысқан. Және осы атқаратын жұмыстың бәрін бұйрық, талап түрінде емес, ойын ретінде ұйымдастырып отырған. Әрбір маңызы бар мерекелерде балаларды әдемі киіндіріп, өздерімен бірге алып жүретін болған. Өйткені, ауыл ақсақалдары бата беріп, салиқалы әңгіме айтып, үлгі-өнеге көрсетіп, балаларға басынан өткен қызықты әңгімелерін, жыр-дастандарын айтып отырған. Үлкендерден бата алып өскен баланың жолы ашық болатынын ата-әжеміз әлі күнге дейін құлағымызға құйып отырады.

Ал, қазір... Қазіргі таңда, балабақша бар, мектеп бар. Дайын оқулық, дайын ойын, дайын ойыншық. Осындай бейбіт елде, ақ аспанның аясында, балаларымыз қалаған ойынын ойнап, биін билеп, әнін айтып өсуде. Болашағына бағдар беретін әке-шешесі, ата-әжесі және қоғамдағы маңызды рөл атқаратын маман иесі «тәрбиеші». Жалпы, қазіргі таңда, балабақшада болсын, үйде болсын ойнайтын ойын түрлері өте көп. Ойындар да, ойыншықтар да сан алуан. Ойынның түрлерін атап айтар болсам: үстел үсті ойыны, сюжетті - рольді, дидактикалық, құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар, шығармашылық ойындары, педагогикалық ойындар, саусақ ойындары, айта берсең өте көп. Осы ойындармен қатар, рухани жаңғыру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, қастерлеу, отанға деген махаббат пен сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ұлттық ойын элементтері кіргізілген ойындар да қарқынды түрде қолданылып келеді. Жалпы, балабақшаларда өткізілетін ұлттық ойындардың мақсаты қандай? Осы сұраққа тоқтала кетсем...

- ақыл-ойды дамыту
- баланың тілін дамыту
- отансүйгіштікке, Отанға деген шексіз сыйластыққа тәрбиелеу
- денені шынықтыру
- баланы мәдениетке, қоғамдағы этика әдептеріне, қоғам мәдениетіне үйрету
- ашық жарқын болуға, көпшіл болуға үйрету
- өз ұлтының ұлттық ойындарын білуге, оларды дәріптеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

Яғни, ұлттық ойындар балалардың көңілін көтере отырып, оларды тәрбиелейді, үлкен өмірге бейімдейді, әрі білімге баулиды.

Қазіргі заман жаңа технологиялар заманы. Оған дәлел неше түрлі ойыншықтар, өздері жүретін, өздері күлетін, өздері айтқаныңды қайталап, істе дегенінді істеп тұратын қызықты қуыршақтар мен технокөліктер. Сонымен қатар, бейне кітаптар, мультфильмдер, жаңа технология бойынша жасалған жазу, оқу дәптерлері, түрлі бейнеоқулықтар шығып жатыр. Балаларға арналған мультфильмдер ішінен атап айтқым келетіндері, мыналар: «Торғай ТВ»- «YouTube» қосымшасындағы қазақ тілді балаларға арналған телеканал десем де болады. Оның ішінде көптеген сергіту сәттері, жаттығулар, ойындар, мультфильмдер, оқу іс-әрекеттеріне бейімделген қызықты ақпараттар бар. Балалар соны көру арқылы қазақ тілінде мультфильм көріп, өз елінің тарихымен танысады.

«Балапан ТВ» - «YouTube» қосымшасындағы балаларға арналған қазақша контент каналы. Осы канал арқылы да балалар, қазақша ән жаттап, ойын ойнап, мультфильм көреді.

«Мұзбалақ», «Қасқыр мен түлкі», «Қошқар мен теке», «Алдар көсе», «Бай мен кедей», және тағы да басқа мультфильмдерді көру арқылы балалар көптеген жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, үлгі-өнеге алады.

Ал, қазір балабақшаларды өткізілетін ойындарға келетін болсақ, олар да баланың өзінің жасына, ерекшеліктеріне қарай сан алуан түрлі. Ойындардан бұрын сіздерге қазіргі кезде көп қолданылып жүрген жаңа технологиялардың бірі болып табылатын «Асық терапиясы» туралы айтқым келіп отыр. Жалпы, «терапия» деген сөз «емдеу» деген мағынаны білдіреді. Яғни, балабақшада балны асықпен ойнай отырып, оның денсаулығын жақсартуға белгілі бір мақсатта қадамдар жасалады. Ал, «Асық терапия»-сының мақсаттары қандай?

- баланың тірек-қимыл жүйелерінің қозғалысын дамыту
- кеңістікті бағдарлай білуді үйрету
- сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастыру
- шығармашылық ойлауды дамыту
- сабырға дағдыландыру
- бірлесе әрекет етуге үйрету

Асық терапиясы барысында балалар асықпен, жалпы оның ерекшеліктерімен, оның түсу реттілігімен таныстырады. Яғни, алшы, тәйке, бүк,шік ұғымдарын біліп, оны терапия барысында қолданады.

Ал, жалпы, оқу іс-әрекеттерінде асықтан құрастыруға болатын ойындар:

- асық арқылы санау
- есеп құрастырып, оны шешу
- асық үстімен жүру
- асықтарды бояп, оның түстерін ажырату
- кеңістікті бағдарлау

-көптеген қимыл-қозғалысты, дидактикалық ойындар құрастырып, тіпті балаңызбен үйде де ойнауға болады.

Асық терапиясынан бөлек, күнделікті ұйымдастырылатын оқу іс-әрекеттерінде де дидактикалық, үстел үсті, саусақ ойындары кезінде де ұлттық ойындардың элементтерін кірістіру арқылы баланың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруге болады. Тіпті шаттық шеңбері, қарапайым ас ішу, қол жуу кезінде де, мақал-мәтел айтып, қабылдау кезінде, сергіту сәті кезінде ұлттық ән, би, өлең-жыр үзінділерінен жаттатып, қызықты әрі көңілді етіп өткізуге болады.

Жалпы, мен өз ойымды қорытындылай келе ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі маңызды рөл ойнайтынын жеткізгім келеді. Еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болуы үшін, біз алдымен жарқын болашағымыздың кепілдігі ретінде балаларымызға сапалы білім, мықты тәрбие мен ұлттық руханиятымызды олардың бойына сіңіріп, Отанға деген мықты махаббат негізін қалауымыз керек. Сонда балаларымыз білімді, өз елін сүйетін, жақсы азамат пен азаматша болып өседі. Ол үшін, балабақша болсын, үйде болсын, әр бос уақытыңызды, әрбір сәтіңізді баламызға бөліп, оның бізбен мықты қарым-қатынас жасауына мүмкіндік жасай алуымыз керек. Жаңа технологияларды пайдалана отырып, оған ұлттың не екенін, халық, ел, жұрт, руханият, мемлекет, болашақтың не екенін түсіндіру-баршамыздың парызымыз. Тіпті, баламызбен бірге бала болып ойнап, оған өзіне деген сенімділік пен рух берсек, баламыз да біз үшін, елі үшін тырысып, одан әрі биіктей бергісі келеді. Мақаламды, тоқсан ауыз өздің түйіні ретінде, өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Асық ойнап озат болған балалар,  
Оны айтқан дана, дара, бабалар.  
Ұлттық ойын бәрімізге белгілі,  
Рухани құндылық боп саналар.  
Ат үстінде, көкпар тартып өскен ел,  
Оны естіген біраз халық сескенер.  
«Ханталапай», «Асық ату» ойнайды,  
Балақайлар, болашағына нық сенер.

Жаңа кітап, жаңа ойын барлығы,  
Технология заманымен жаңғырды.  
Ұлттық ойын элементін қолданған,  
Ойындар бар, алуан алуан, сан түрлі.

Ойын ойнап өсер бала өседі,  
Ұлтық ойын, бабамыздың, кешегі.  
«Қанша асық жинап қойдың, балам-әй?»  
Сол емес пе, «балалардың» есебі.

Денелерін шынықтырып алады,  
«Қара жорға» билегенде барлығы.  
Ойлары да бір-бір сергіп қалады,  
Жаңарғанда күнделікті ән-жыры.

Дамытады, ой-өрісін ақылын,  
Үйретеді, мақал-мәтел, нақылын.  
Ұлттық ойын ойнасыншы балалар,  
Болмасын деп, руханияттан мақұрым...

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ұлттық ойындардың электрондық жинағы, *bilimkids.com* галамтор беті
2. Қазақ халқының ұлағатты сөздері жинағы, Алматы қаласы, Атамұра баспасы, 2007 жыл
3. Балабақшадағы ойындар мен оның маңызы, электрондық оқулық

**Сағынаева Т.М**

#### **ЗНАЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИГРЫ В ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ**

*Аннотация. Народные игры – традиционное средство воспитания детей дошкольного возраста. В народных играх отображается образ жизни народа, его быт, труд и разные обычаи. Играя в эти игры, у детей развивается память, мышление, воображение, они становятся более выносливыми, ловкими, сильными. У них проявляется желание быть первыми, быть сильными, так же знать историю своего народа*

ӨОЖ 74.00

Санай А.

Қарағанды «Bolashaq» академиясының

ПМНО-18-2 тобының студенті

[a.sanai@mail.ru](mailto:a.sanai@mail.ru)

Ғылыми жетекші: Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу кафедрасының п.ғ.к.,  
доценті Шалтаева Р.Ж

#### **МҰҒАЛІМ МЕН АТА-АНА АРАСЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

*Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекеті мен қарым-қатынас процесінде өзара әрекеттесуі туралы айтылады. Нәтижесінде оның екі жағы да дамиды. Демек, мектеп пен отбасының өзара әрекеті олардың дамуының қайнар көзі және маңызды тетігі болып табылады. Баланың өмірі екі маңызды саладан тұрады: мектеп пен отбасы өзгеріске, дамуға ұшырайды. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде отбасылық құндылықтардың басқалармен бірге жоғалуы демографиялық проблемалардың басты себептерінің бірі болды. Сондықтан маңызды және өзекті мәселелердің бірі-мектеп пен отбасының ынтымақтасуы.*

Отбасы – баланың тұлға ретінде қалыптасуының бастапқы кезеңі. Баланың балалық шағында алатын нәрсесі ол өмір бойы өтетін жүк болады. Бала құқықтары туралы конвенцияда: «Өз тұлғасының жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін бала отбасылық ортада, бақыт, сүйіспеншілік пен түсіністік атмосферасында өсуі керек» делінген. Тұлғаның іргетасы отбасында қалануы керек[1].

Мұғалім мен ата-ана арасындағы байланыс бүгінгі қоғамымызға лайықты азаматтар өсіріп, тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Кез келген мектептің оқу-тәрбиелік

бағдарламасында бұл мәселе назардан тыс қалмайды. Дегенмен соңғы кездері осы қатынасқа ештеңе сызат түскендей көрінеді. Бүгінгі ата-ана бұрынғыдан басқаша, баяғыда «еті сенікі, сүйегі менікі» деп баласын мұғалімге сеніп тапсыратын» деген пікірлерді жиі еститінбіз. Расында, қоғам өзгерді ме, адам өзгерді ме, кейбір ата-ана балаларының тәрбиесіне де, оқу үлгеріміне де мұғалімдер жауапты деген түсінікте. Мұғалім болсын, ата-ана болсын, алдымен ел азаматтары, болашақ үшін жауапты тұлғалар. Сондықтан бұл жерде педагог пен ата-ана арасында тығыз қарым-қатынастың болуы, түсіністіктің орнығуы тәрбие мен білімінің мектепте де, түзде де балаға бағытталуының басты шарты дер едік.

Бірақ ата-аналардың көпшілігі кәсіби тәрбиеші емес, сондықтан олар үшін балалармен байланыс орнату қиын, дұрыс сөз табу қиын, дұрыс шешім қабылдау қиын. Сондықтан біз – болашақ ұстаздар жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-анаға тәлім-тәрбие беру, жетелеу, көмектесуіміз қажет.

Мұғалімнің міндеті отбасымен бірге әртүрлі мәселелерді шешудің ең ұтымды және нәтижелі жолдарын табу болып табылады.

Оқушылардың ата-аналарымен жұмыстың мақсаты – баланы тәрбиелеу мен қалыптастыруда отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру.

Міндеттері:

- ата-аналарды немесе заңды өкілдерін мектеппен бірлесіп оқу іс-шараларына тартуға;
- ата-аналарға құқықтық тәрбие беру;
- отбасы тәрбиесінде ата-аналарға жан-жақты көмек көрсету;
- балаларды әлеуметтік қорғауға бағытталған ата-аналармен бірлескен іс-шараларды өткізу;
- баланың отбасында және мектепте салауатты өмір салтына бағытталған жұмысты ұйымдастыру[2].

Оқушыларды тәрбиелеудің табысты болуы мұғалімнің кәсіби дайындығының деңгейіне және мұғалімнің өз міндетіне деген көзқарасына ғана емес, сонымен қатар балалар өмір сүріп, тәрбиеленетін ортаның әсеріне де байланысты. Отбасы баланың жеке басының қалыптасуына адамгершілік із қалдырады, өйткені бала өмір сүретін, алғашқы тәжірибені игеретін және мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын бойына сіңіретін бастапқы ұжым болып табылады.

Мектепке келген бірінші сынып оқушысы ненің жақсы, ненің жаман екенін алдын ала біледі. Ал мұғалім олардың қандай жағдайда қалыптасқанын білуі керек, сондықтан мұғалім баланың ата-анасымен қарым-қатынас орнатуы, оларды оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда өзінің одақтасы етуі қажет. Мектептің рөлі отбасында қалыптасқан адамгершілік қасиеттерді дамытуда немесе олардың өзгеруінде, т.б. баланы қайта тәрбиелеу керек. Бала тәрбиесінде мұғалім маңызды рөл атқарады, бірақ, өкінішке орай, кейде оқушылардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен байланыс табу қиынға соғады.

Сондықтан мұғалімдер оқушылардың ата-аналарымен тиімді өзара әрекеттесу үшін кейбір ережелерді есте сақтауы керек:

- Ата-ана ең алдымен қолдауды, түсіністікті және мейірімді кеңесті қажет етеді;
- Ата-аналармен байланыс орнатуға ұмтылу керек;
- Ата-аналарды балалармен оқу іс-әрекетіне белсенді түрде тарту, олардың тәжірибесі мен көмегіне сүйенуге тырысу;
- Ата-аналар жиналысында кейбір балалардың ғана емес, бүкіл сыныптың жоспарлары мен мәселелерін айту;
- Барлығына ашық болыңыз, бірақ ата-анаңызбен таныс қарым-қатынасқа түспеңіз;
- Барлық ата-ананы бірден қуантуға тырыспаңыз, әйтпесе олар сізге адалдық пен мінездің беріктігі жетіспейтінін түсінеді[3];

Менің ойымша, әрбір мұғалім «проблемалық» балалардың ата-аналарымен жұмыс істеуде қиындықтарға тап болды. Олар әдетте өз мінез-құлқын уақыттың аздығымен, әсер ететін жолдардың жоқтығымен ақтайды, мектепті баланың әдепсіздігі үшін айыптайды және т.б. Мұндай жағдайларда ең бастысы - барлық кінәні өз мойнына алу емес, қорғаныс позициясын ұстану емес, ата-анамен бірігіп, баланың жақсаруына көмектесуге тырысу қажет.

Ата – ана мен баланың қарым – қатынасының берік болуы, ата – ананың әрдайым баламен жұмыс жасауы оқушының мектептегі өміріне үлкен әсерін тигізеді. Баламен қарым-қатынас жасаудың көптеген қиындықтарының артында баланың да, ата-ананың да жаман ниеті болмайды, олардың негізі әдет болады. Баланы белгілі бір жолмен елестету, оның

ерекшеліктерін бағалау, онымен белгілі бір түрде қарым-қатынас жасау әдеті. Ата-аналардың баламен қарым-қатынасында үлкен қарқындылық болуымаңызды. Бала өмірінің алғашқы күндерінен бастап біз үнемі жанында боламыз: тамақтандырамыз, ойнатамыз, киіндіреміз, шомылдырамыз, сөйлесеміз, яғни онымен бірге тұрамыз. Бірақ бірдей әрекеттерді қайталау қарым-қатынасты автоматтандыруға әкеледі. Ата – ана өзін сырттай бақылауды, баламен қарым – қатынасын өзгертуді тоқтатады. Ал бала өсіп, әрдайым өзгеріп отырады. Ата – ана артта қалып отырады. Сөйтіп бала өз бетінше, ата – ана өз бетінше өмір сүреді. Д. В. Морозовтың айтуынша: Бала әлемге қалай қараса, біз де уақыт өте келе балаға бірліктің жарқын сезімдеріне, махаббатқа ұласатын сүйіспеншілікпен, сеніммен қарауымыз қажет. Содан соң арада түсінбестіктер туады, бұл өз кезегінде қарым қатынаста қиындықтар туындауына әкеледі. Д. Гранинаның айтқан: «Ата – ана болу – ең жауапты жұмыс, ал оны әркім өз мүмкіндігіне қарай, махаббаттың қауіпті кеңестерін басшылыққа ала отырып, әртүрлі жасайды».

Ата ана мен бала қарым – қатынасында туындайтын проблемалар өте көп: өзара түсінбестік, жартылай толық емес отбасының болуы, ата – ананың балаға салғырт қарауы, баланың өміріне қызығушылығы мүлдем болмауы және т.б. Бұл проблемалардың барлығы оқушының мектептік өміріне, сабаққа деген құлшынысына өте үлкен әсерін тигізеді. Сол себепті бұндай кездерде педагогтар ата анамен байланысқа түседі. Педагогикалық мамандықтың ажырамас, маңызды және сонымен бірге қиын бөлігі – ата – аналармен қарым – қатынас. Мұғалімнің жоғары психологиялық мәдениеті болуы керек: қарым-қатынас жасай білу, әңгімелесу, әңгімелесушіні тыңдау және түсіну, өзара әрекеттесу және әрекет ету. Бұл жағдайда әңгімелесуші ретінде нақты кім әрекет ететіні маңызды емес: оқушы немесе оның ата-анасы. Осы жағдайлардың барлығында ол психологиялық тұрғыдан сауатты әрекет етуі қажет. Балаға тікелей әсер ететін екі орта, яғни отбасы және мектептегі ортасы өзара тоғысуы қажет. Ол үшін мұғалім отбасы ортасының бөлшегі, яғни балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға ең жақын кеңесші ретінде, болуы қажет. Ал ата – ана өз кезегінде жалпы білім беру процесінің қатысушысы ретінде мектептегі ортасының бөлшегіне айналуы қажет. Қандай жағдай болмасын мұғалім отбасындағы нақты моральдық жағдайды білуі керек, ал ата-аналар мұғалімнің педагогикалық және моральдық талаптарын білуі керек. Сол кезде оқушының айналасында шынайы өзара түсіністік, қамқорлық, сыйластық, өзара көмектесу деген сияқты т.б. мәдениет, адамгершілік қарым қатынасты тудыратын заттар болуы мүмкін.

Ата – ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас бұл - мұғалімдер мен ата-аналардың бір-біріне беретін өзара түсіністікке қадам, сенімге қол жеткізу, рухани және эмоционалды құндылықтармен алмасу, педагогикалық тәжірибені, білімді игеру. Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде. Мұғалім мен ата-ананың қарым-қатынасында негізгі рөлді педагог атқарады, өйткені тәрбие жұмысы – оның негізгі мамандығы. Мұғалім ата-аналармен жұмыс істей жүріп, балаға, оның қылықтарына, оқудағы табыстары мен көзқарасына, тағы басқаларға баға беріп отырады. Әрбір жағдайдан шығудың, оны түзетудің жолдарын табуы қажет. Тәрбие сағаттарында, аналар жиналыстарында ұсыныстар мен кеңестер, сауалнамалар, ойындар, пікір-таластар, ой ашар сұрақтары, тренингтер т.б. жұмыстар жүргізіп отыру қажет.

Баланың адамгершілік тұрғысынан өсіп жетілуі өмір сүріп жатқан ортасына байланысты. Баланың өмірінде әртүрлі көптеген орталар болады: мектептегі ортасы, қосымша курстардағы, секциялардағы ортасы, өз достарының ортасы, одан үлкен оқу орындарындағы ортасы, жұмыстағы ортасы, т.б. Бірақ отбасы ортасы ең өзгермейтін және бала өміріндегі өзінің үлкен ізін қалдыратын ортасы, оның адамгершілік – психологиялық тұрғысынан дамуының түп негізі болып табылады.

Көбінесе мұғалімдер қиын балалардың ата – аналарымен жұмыс жасайды. Ал егер оқушы моральдық нормалардан ауытқуды көрсетпесе, мұғалім оның тағдыры үшін алаңдамайды, үйіндегі тәрбиеге, отбасылық қатынастарға аз қызығушылық танытады. Бірақ отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің мұндай тәжірибесін қолайлы және тиімді деп санай алмаймыз.

Балаға тікелей әсер ететін екі орта, яғни отбасы және мектептегі ортасы өзара тоғысуы қажет. Ол үшін мұғалім отбасы ортасының бөлшегі, яғни балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға ең жақын кеңесші ретінде, болуы қажет. Ал ата – ана өз кезегінде жалпы білім беру процесінің қатысушысы ретінде мектептегі ортасының бөлшегіне айналуы қажет. Қандай жағдай болмасын мұғалім отбасындағы нақты моральдық жағдайды

білуі керек, ал ата-аналар мұғалімнің педагогикалық және моральдық талаптарын білуі керек. Сол кезде оқушының айналасында шынайы өзара түсіністік, қамқорлық, сыйластық, өзара көмектесу деген сияқты т.б. мәдениет, адамгершілік қарым қатынасты тудыратын заттар болуы мүмкін[4].

Мен өзара әрекеттесудің кейбір психологиялық ерекшеліктерін атап өткім келеді.

Қарым-қатынас жасай білу – мұғалімнің кәсіби қасиеті.

Біз бәріміз адамбыз және өз эмоцияларымыз бен сезімдерімізге қарамастан, мұғалім мектеп оқушыларымен де, олардың ата-аналарымен де қарым-қатынас жасауда жоғары мәдениетті болуы керек: бейтарап, байсалды және салмақты әңгімелесу, әңгімелесушіні тыңдау және оны түсіну, әңгіме жүргізу психологиялық сауатты болу.

Баланы ынтымақтастыққа тартыңыз.

Оқушылардың ата-аналарымен жиі сөйлесе отырып, мұғалім әңгімені императивті «мұғалім» үнімен бастайды, оларды сөгіседі және оқытады. Бұл жағдайда ешқандай өзара әрекеттесу туралы мәселе болуы мүмкін емес. Өкенің немесе ананың сезімін түсініп, олардан қолдау табуға тырысып, бірлескен әрекеттерді құруға кірісу керек. Ақылмен мейірімділік танытыңыз, бұл ынтымақтастықтың алғашқы қадамы болады.

Адамдар өз құндылығын сезінгенді ұнатады.

Ата-аналарға олардың осы үдерістегі маңыздылығын, бала тәрбиесі мен дамуындағы рөлін түсіндіру. Ата-аналар табандылық пен шыдамдылық танытып, баласына көмектесе алатынына сенімді болу керек. Ата-анаңызға олардың баласына оң көзқараста екеніңізді көрсетіңіз[5].

Қорытындылай келе баланың өзін танып, қоғамға керекті үлкен азамат болуы үшін мұғалім мен ата-ана байланысының шынайы тереңдігі, жауапкершілігі орнығуы керек. Ата-аналар ортасындағы арақатынасты одан әрі нығайтуға негіз боларлықтай тартымды да қызықты іс-шаралар өткізіліп отырған дұрыс. Отырыстар мен тренигтер ата-аналармен мектеп арасындағы алшақтықты жақындатар ең төте жол боларын нағыз нық сеніммен айта аламын. Әке де, ана да баласы үшін ұстаз! Осы қағиданы ұмытпау қажет деп ойлаймын.

#### ***Пайдаданьлған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Балалар құқығы туралы конвенция. 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II қазақстан республикасының заңы.*
- 2. С.С. Тілеуова Әліпбек А.З. «Педагогика» Шымкент 2016 ж.*
- 3. Воликова Т.В. Учитель и семья. – М.: Просвещение*
- 4. Қ. Жарықпаев. «Жалпы психология». - Алматы, 2010 жыл*
- 5. Мектептегі психология. №11 [65] 2013 жыл*

**Санай А.**

#### **ОБЩЕНИЕ МЕЖДУ УЧИТЕЛЕМ И РОДИТЕЛЕМ КАК НЕОТЪЕМЛЕМАЯ ЧАСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

*Аннотация. В этой статье говорится о взаимодействии школы и семьи как взаимосвязь педагогов и родителей в процессе их совместной деятельности и общения. В результате его развиваются обе стороны. Следовательно, взаимодействие школы и семьи-источник и важный механизм их развития. Жизнь ребенка состоит из двух важных сфер: школа и семья, которые подвергаются изменению, развитию. На современном этапе развития общества потеря семейных ценностей наряду с другими стала одной из основных причин демографических проблем. Поэтому одной из важных и насущных проблем является сотрудничество школы и семьи.*



Саят Ж.С.  
 ПМНО-18-2 тобының студенті  
 «Bolashaq» Академиясы  
 Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
[zhadyra.sakenovna01@mail.ru](mailto:zhadyra.sakenovna01@mail.ru)

Ғылыми жетекші: Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу кафедрасының п.ғ.к.,  
 доценті Шалтаева Р.Ж

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ НЕГІЗІ

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қазақ халқының отбасылық құндылықтары, салт-дәстүрлері ұлттың нағыз қазынасы болып табылатындығы айтылған. Сондықтан оларды сақтап, балаларыңызға беру өте маңызды. Әрбір рәсім терең мағынаға ие және белгілі бір уақытта, белгілі бір себеппен және белгілі бір ережелерге сәйкес орындалуы керек – бұл бұрыннан бері басталған. Егер біз ұрпағымызды білімді және тәрбиелі, адамгершілік және құрметпен, мейірімді және жанашыр, қонақжай етіп тәрбиелегіміз келсе, онда біз халықтық дәстүрлер мен олардың тәрбиесіне ерекше назар аударуымыз керек.

Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрлері, көнеден бастау алатын сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі әдет-ғұрыптары бар. Олардың ішіндегі ең өміршені отбасылық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар болып отыр. Өзінің ұзақ тарихында кең даланың тұрғындары баланың дүниеге келіп, ержетуіне, қонақ күту, тұрмыстағы әр түрлі ғұрыптарға және адамның үйленуі мен қайтыс болуына байланысты отбасылық өмірдің тұтас бір ритуалдық жүйесін құра алды. Біздің **мақсатымыз** — осы тұтас ритуалдар ішінен бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтпай, негізінен берік және толық сақталып отырған баланың туылуы мен тәрбиесіне және жерлеуге қатысты отбасылық ғұрыптарды қарастыру.

**Атам қазақ «Балалы үй — базар, баласыз үй — қу мазар»** деп айтқандай, қазақ әйелдерінің тұрмысқа шыққан соңғы басты міндеті көп баланы дүниеге әкелу болып табылды. Әйелдің бедеулігі өзі мен ері үшін үлкен бақытсыздық саналды. Сондықтан қазақ халқы әйелдің қалыңдық болып, оң босағадан аттап шыққан кезінен бастап, барлық маңызды кезеңде оны, ең алдымен, болашақ баласыздықтан сақтау үшін көзден, тіл-сұқтан, зиянкестен қорғау шараларын қарастырған. Олардың қатарына қызды үйінен басынан тұз айналдырып шығару, қалыңдық қайын атасының үйіне алғаш кіргенде отпен аластау, бөстекке отырғызу және оның бет-жүзін бүркемелеп ешкімге көрсетпеу жатады. Сонымен бірге үйлену тойы барысында ырыммен бедеу, айықпас ауруы бар, кесапат саналатын әйелдер маңызды істерге араластырылмайды. Этнограф-ғалым Р.Снесарев атап көрсеткендей, «бедеуліктен құтылудың жолы оны екінші әйелге өткізу» [1]. Үйленуге байланысты көптеген әдет-ғұрыптарды өсіп-өнген, балалы-шағалы әйелдердің атқаруы осындай сенімге байланысты келіп шыққан.

Қазақ мәдениетінде аяғы ауырлаған келінге, бір жағынан, қамқорлық жасалғанымен, екінші жағынан, ол барлық үй шаруасын көп жағдайларда ауыр жұмыстармен қосып атқаруын жалғастыра берген. И.Ибрагимовтың көрсетуінше, «қазақтарда жүкті әйел тіпті өзінің жүктілігінің соңғы күніне дейін жұмысын жалғастыра береді. Мықты дене бітімінің болуы және нәзіктіліктің жоқтығы көптеген жағдайда қазақ әйелдеріне барлық ауыртпалықты көтеруге көмектеседі, бірақ кей жағдайларда әйел қатты жапа шегіп, үй жұмыстарын орындай алмайтын халге жетіп, ұстамалы ауруларға да ұшырайды» [2]. Дегенмен келінге қаталдау қараған қазақ халқында аяғы ауыр әйелге көрсетілетін қамқорлық түрлері де аз болған жоқ. Ең алдымен, әйелдің жерік асына деген сұранысы толық орындалатын және іштегі балаға зиян келмесін деген оймен кейбір астарды пайдаланудан, мысалы, түйе етінен бас тартқызатын. Себебі, түйе етін жеген әйелдің толғағы уақтылы болмай, босану уақтысынан созылып кетуі мүмкін. Аяғы ауыр әйелдің өзін күн батқан соң жалғыз түнде сыртқа шығармаған, адамы жаңа қайтыс болған үйлерге жібермеген, оны шошып қалудан және шайпау мінезді, баласыз әйелдерден аулақ жүргізген, шаштарын қидырмаған. Көз, тіл-сұқтан аман жүрсін деп бойтұмар жасап берген. Бұның барлығы да болашақ сау баланың дүниеге келуі мен оның анасының денінің саулығы үшін жасалатын сақтық шаралары еді. Енесі келіннің аяғы ауыр екенін сезе салысымен, қуанып ауыл әйелдері арасында «құрсақ шашу» тойын өткізетін. Оған келген әйелдер жас келінге бата-тілектер арнап, кішігірім сыйлықтар тапсырды.

Толғақ басталған заматтан тәжірибелі жасы үлкен ауыл әйелі шақыртылып, босануға көмектескен. Арнайы ырымдар жасалып, толғақ жеңіл болсын деген ниетпен түюлі тұрған заттың барлығы шешіледі. Енесі жылы-жұмсағын салып, «жарыс қазан» асуға кіріседі, бұл шаралардың мәні «әбдіре ашылғандай, тең шешілгендей, түйін тарқатылғандай, шай қайнатымда, сүт пісірімде, ет піскенше, жарыс қазанмен бірге жарыса тез босансын» деген ниеттен туған ырымдар»[3]. Жалпы қазақ әйелдерінде толғақ жеңіл өткен, баланың туғанда шетінеуі аз кездескен, бұл туралы қазақ даласын зерттеген этнограф-дәрігер И.Колбасенко: «Қазақ әйелдері толғағының жеңіл өту себептерін тұрмыс-тіршіліктің жалпы гигиеналық жағдайларымен қатар, қазақ балаларының (қыздардың да) салт атқа ерте мініп, қыз-келіншектердің де ер азаматтар секілді көбінесе ертоқымсыз жүре беретіндігімен түсіндіруге болады. Осының бәрі ұрпақтан ұрпаққа қарай адам бөксесінің үйлесімділігін өзгертіп, ақыры осы айрықша ерекшелік бала туудың жеңілдеу өтуіне себепкер болса керек» деп жазып қалдырған [4].

**Баланың кіндігін кескен әйел «кіндік шеше» аталады.** Қазақтар кіндік шеше таңдауға үлкен мән берген, сенім бойынша жаңа туылған баланың мінез-құлқы кіндік шешесіне тартып кететін болған. Кіндік шеше бір жыл өткенде балаға көйлек кигізеді және дәстүр бойынша ата-анасынан қалаған нәрсесін сұрап ала алады. Бұл салт «қалау» деп аталады. Жаңа туған әйелдің белі тез бекісін деп белін тартып байлап, төсекке жатқызған, үйді жылы ұстап, бар күтімін жасаған. Қазақтардың түсінігі бойынша, туған әйел «лас, таза емес» деп есептелгендіктен, баланы бірінші рет басқа әйел емізді. Үш күн өткен соң әйел қайнатқан сумен жуынып, тазаланады, содан кейін ғана ол таза саналып, бұрынғысынша тамақ дайындауға араласып, тіршілікке араласа бастады.

Босанған әйел әл-қуат жинап, белі тез бекуі үшін оған арнайы мал сойылды, қалжа берілді. Сойылған қойдың мойын омыртқасынан жас әйелдерге ауыз тигізіп, таза мүжілген омыртқаның өзін жоғары жерге іліп қояды, оның мәні нәрестені мойны тез бекісін дегенді білдіреді.

Қазақ халқында дүниеге келген жас нәрестенің құрметіне жасалатын рәсімдер, салт-дәстүрлер мен ойын-тойлар өте көп болып келеді. Соның бастамасы жарыс қазаннан кейінгі өткізілетін шілдехана саналады, оны кейде шілде күзету деп те атайды. Қазақтардың жас босанған әйелді жын-перілер жағалағыш болады, сондықтан оны алғашқы түндері олардан күзету керек деген түсінігінен пайда болған бұл салт бойынша жастар үш түн өлең айтып, ойын-сауық құрған. Келе ол өңін өзгертіп, жас нәрестенің дүниеге келуіне байланысты өткізілетін тойға айналып кеткен.

Қазақ халқының жаңа **туылған бөпеге ат қою** дәстүрінен халықтың ұлттық ерекшелігін, таным-түсінігін, ой-арманын айқын байқауға болады. Балаға атты ата-әжесі, міндетті түрде ол үлкен немере болғанда, құрметті қариялар, кейде «Қырықтың бірі — қыдыр» деп рәсімнің үстіне түсіп қалған қонақ та қойған. Балаға көз тимесін деп Итбай, Күшікбай деп, дәулетті болсын деп Байбол, Қойбағар, күшті де батыр болсын деп Арыстан, Жолбарыс, Аюбай деп, қыз балаға сұлу болсын деп Ажар, Әсем деп, талап, тілек-мақсатқа орай басқа түрлі аттар қойып отырған. Кейін келе балаға ислам дінінің ықпалымен мұсылманша ат беру жиі кездесетін болды және ат қою рәсімі шарифатқа сай өткізілді, «жас нәрестеге ат беру үшін молданы шақырады.

Баланың кіндігі түсіп жазылуына байланысты, бір жеті ішінде оны бесікке салу рәсімі өткізіледі. Бұл жағдайда ерекше салтанат не той болмайды, кішігірім бесік той деп аталатын мереке ұйымдастырылады. Оған негізінен ауылдағы абысын-ажын, сыйлы әжелер мен апалар, келіндер шақырылады. Баланы бесікке салу сыйлы, парасатты әйелге сеніп тапсырылады, ол отырған бала-шаға, ауыл әйелдеріне түбек тесігінен өткізілген тәттілерді таратады. Бұл тәттілер «тыштыма» деп аталады. Баланы бесікке салар алдында оны міндетті түрде отпен аластап тазалайды, бесікке баланы жын-шайтаннан, тіл-сұқтан, шошынудан қорғайтын тұмар, тағы басқа түрлі қорғаушы заттар тағады. Бесіктің көшпелі қазақ өмірі үшін ықшамдылығын, тазалығын, баланы түрлі тері ауруларынан оңтайлы қорғайтынын қазақтар өмірін зерттеген орыс дәрігерлері де мойындаған [5].

**Қырық күн өткен** кезде баланы қырқынан шығару рәсімін жасайды. Ұл баланы 37 не 39 күнде, ал қыз баланы қырық күннен сәл асырып қырқынан шығарған. Бұл рәсімнің мәні қырық күн өткен соң нәрестенің мойны қатайды, қатерлі күндер артта қалды деген халық түсінігіне байланысты шыққан

### - Ерулік

Ерулік — жаңа көшіп келген көршілерге арналған ас. Оларды жергілікті тұрғындар жаңа ортаға тез бейімделу үшін өздеріне қонаққа шақырады. Ерулік көршілерді жақындастыру керек. Тағам жылқы етінен, қазы-қарта, жал-жая немесе қой етінен жасалады.

### - Ат тергеу

Қазақтарда әйелдер күйеулерінің туысқандарын атымен атамайды. Оның ағаларына, әпкелеріне еркелету атауларын ойлап табуы керек. Келін жаңа туысқандарын «мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «тентегім», «еркежан», «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым» деп атайды.

### - Абысын асы

Бұрын күйеулерінің рұқсатынсыз әйелдер көңіл көтеруге бара алмайтын. Ер адамдар тойға аттанғанда, айтта ауылда тек әйелдер қалады. Ол кезде олар өздеріне мереке жасайтын: дәмді ет пісіріп, самауырын қойып, ән айтып, қалжындасады. Бұл қазақ әйелдерінің бірлігі мен достығының көрінісі. «Абысын асы» әйелдерді біріктіреді және жақындастырады.

### Асату

Әдетте ақсақалдар өз қолдарымен табақтан бешбармақ қалдықтарын алып, балаларға береді. Бұрын балалар қонақтардың тамақтанып болғанын күтетін. Жазушы Сәбит Мұқанов бұл дәстүрді өз шығармаларында кеңінен насихаттайды.

### - Үлкен баланы ата-әжесінің тәрбиелеуі

Қазақ дәстүрлеріне сәйкес, отбасында бірінші немересі ата-әжесінің тәрбиесіне беріледі. Бала туғаннан бастап әже мен атасында тұрады, олар оны өз баласы ретінде өсіреді. Бала тіпті оларды анасы мен әкесі деп санаған.

### Бала беру

Тағы бір дәстүр, қазақтар өз баласын туған-туыстарына тәрбиелеуге берген. Әдетте, балалары көп болған отбасылар балалары жоқ туыстарына өзінің кіші баласын береді. Және бала бөтен отбасында өз баласы ретінде тәрбиеленді.

Қорыта келе, ата салтың – асыл қазынаң жалпы, бұл менің білгенім: бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі- қазақ халқы. Оның тәрбие-тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектерін жазып шығу үлкен еңбек. Сол жұмыстың бір тамшысы ретінде ұлттың тәрбие ісіндегі «Бала тәрбиесіне байланысты салт- дәстүр» туралы жаздым. Ата дәстүрі бойынша әрбір ұрпақ қазақтың тарихын, салт- дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі- өнеге тұтуға тиіс. Балаға қатысты салт- дәстүрін зерттей келе менің көңілге түйгенім және ұққаным, оның адам өміріндегі алатын орнының маңызды екені, тәрбиелік мәнінің зор екені.

Қорытындылай келе, елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени салт- дәстүрлерімізді ұмытпауымыз керек. Ата тегін ардақтау дәстүрі, көбінесе отбасында, мектепте, балабақшада сөз болып отырса, кейінгі ұрпақ қазақтың салт-дәстүрлерін бойына сіңіріп, тәрбиелік мәнін білер еді деп ойлаймын. Халқымыздың тәрбиелік мәні бар дәстүрлеріне ізгі ниетпен қарап, оның пайдалыларын дәріптеуден ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований в семейной обрядности у узбеков Хорезма. — М.: Наука, — С. 81

2. Ибрагимов И.И. Қазақ халқының этнографиялық очерктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 416 б.

3. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). — Алматы: Ғылым, 1973. — 88 б.

4. Колбасенко И.С. Қазақтардың акушерлік маңызы бар кейбір әдет-ғұрыптары мен ырымдары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 88 б.

5. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2005. — 71 б.

Саят Ж.С.

## СЕМЕЙНЫЕ ОБЫЧАИ И ТРАДИЦИИ В КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЕ

*Аннотация.* В этой статье говорится о том, что настоящим сокровищем нации являются бережно передающиеся семейные ценности, обычаи и традиции казахского народа. Поэтому так важно сохранить их и передать своим детям. Каждый ритуал имеет глубокий смысл и должен выполняться в определенное время, по определенному поводу и по определенным правилам – так, как это было заведено издавна. Если хотим воспитать наше поколение образованными и воспитанными, нравственными и уважаемыми, добрыми и сострадательными, гостеприимными, то должны уделять особое внимание народным традициям и их воспитанию.

ӨОК 37.022

Серікбаева Ж.А.

«Bolashaq» академиясының студенті

Қарағанды қаласы, Қазақстан

[gulnur24.10.84@mail.ru](mailto:gulnur24.10.84@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі п.ғ.м., аға оқытушы Нүркенова Г. К.

## ӨЗДІГІНЕН БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Аңдатпа.* Мақала үздіксіз білім беру жүйесіндегі мұғалімнің өздігінен білімін жетілдіру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған.

Жаһандану теңізіне желкенін жайған мемлекетіміздің ертеңгі алға бастайтын мықты ескегі болатын өткелен ұрпақты тәрбиелеу мен оқу-білім қайнарымен сусындататын осынау абыройлы мамандық иегерлері біздер педагогтар болып табыламыз. Біз тәуелсіз татулығы жарасқан осынау дархан мекеннің болашағы үшін жастардың оқу – тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Ал жастарға қоғам талабына сай білім мен тәрбие беру үшін педагог үнемі білімін жетілдіріп отыруы тиіс.

Үнемі өздігінен білімін жетілдіру – «қазіргі заманғы ағымнан» қалыс қалмауға көмектесетін қазіргі заманғы адам өмірінің айқындаушы активі. Кәсіби қызметтің ең тән ерекшелігі ақпараттық ресурстар мен технологиялардың өзгеруіне байланысты оның қозғалмалылығы болып табылады және біз бұрынғы кәсіби біліктер мен дағдылар тез ескіретінін, жұмыстың басқа түрлері мен әдістерін, аралас ғылымдардың теориялық білімін және т.б. талап ететіндігін айқын түсінеміз. Осы үрдістерді оқып үйрену үшін адамда үнемі оқу қажеттілігі туындайды.

Педагогтің өздігімен білімін жетілдіру мәселесін А.Дистервег А.Г. Мысливченко, И.Л.Наумченко, Н.А. Рубакин, А.П.Владиславлев, Б.С.Гершунский, А.К. Трошева, А.В. Даринский, Ю.К.Кулоткин, Г.Н.Сериков және т.б. көптеген ғалымдар қарастырған.

Өздігімен білім алуда бір жағынан мақсат жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу болса, екінші жағынан әлеуметтік негативтілік, апатия және инженерлік-педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін талап етпеудің өсуі орын алуда. Осыған орай педагогикалық қарама-қайшылық туындайды. Бұл аталған қарама-қайшылық қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында педагогтің өздігінен білім алу мәселесінің өзектілігін айқындап отыр.

Мұғалімнің өзін - өзі жетілдіруі дегеніміз педагогтың кәсіби шеберлігін арттырудың бір түрі. Өздігімен білім алу арқылы пәнді оқыту сапасы артады, педагогикалық шығармашылыққа дайындық жүзеге асырылады, кәсіби және мансаптық өсу байқалады, заманауи жаңашыл мұғалім, мұғалім – шебер, мұғалім-тәлімгер имиджі құрылады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі үшін өздігінен білім алудың маңызына келесілер жатады: пәнді оқыту сапасын арттыру; педагогикалық шығармашылыққа дайындық; кәсіби және мансаптық өсу; заманауи жаңашыл мұғалім, мұғалім-шебер, мұғалім-тәлімгер имиджін құру; мұғалімнің қоғам мен мемлекет талаптарына сәйкестігі.

Өзін-өзі жетілдіру ерікті, саналы түрде жүзеге асырылады, жоспарланады. Оны педагогтың өзі басқарады және бақылайды. Өздігінен білім алу қандай да бір қасиеттер мен дағдыларды жетілдіруде аса қажет.

Өздігінен білім алу мынадай іс-әрекет түрлері арқылы жүзеге асырылады: педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен танысу; қандай да бір тақырып бойынша өздігінен білім алу жұмысы; ақпараттар ағымы болып табылатын ғаламтордағы ақпараттарға шолу жасау; семинарларға, конференцияларға, әріптестердің сабақтарына қатысу; пікірталастар, кеңестер, әріптестермен тәжірибе алмасу; біліктілікті арттыру курстарынан жүйелі түрде өту; білім беру технологияларын меңгеру (оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, құралдарын іріктеу); ашық сабақтар өткізу және оларды талдау; желілік қоғамдастықтағы әріптестермен қарым-қатынас; кәсіби конкурстарға қатысу [1].

Өзін-өзі жетілдіру үздіксіз, бірақ оны кезең-кезеңмен жоспарлау керек. Осыған орай педагогтердің өздігімен білім алуын ұйымдастыру технологиясы келесі кезеңдерден тұрады:

1 кезең-диагностикалық: ол өздігімен жұмысқа белгілі бір көңіл-күйді құруды қамтиды; кәсіби қиындықтар мен мүдделерді талдауды; мәселе қою, жұмыс мақсатын таңдау, жеке тақырыпты тұжырымдау, өз іс-әрекетінің реттілігін ұғындыруды (нәтижелерді жоспарлау және болжау) көздейді.

2 кезең-педагог таңдаған білім беру мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен танысады; қаладағы, өңірдегі, елдегі әріптестерімен тәжірибе алмасу; педагогикалық фактілерді жинақтау, оларды іріктеу және талдау, тақырып бойынша картотеканы қалыптастыру.

3 кезең-практикалық, теориялық материалды нақты жағдайға (пәнге) бейімдеу; таңдалған жұмыс әдістерін тәжірибеде байқаудан өткізу; мониторинг, сауалнама жүргізу. Практикалық жұмыс әдебиеттерді оқумен қатар жүреді. Осы кезеңде жинақталған фактілерді түсіну, талдау және жинақтау жүріп жатыр. Әріптестермен оқыған педагогикалық әдебиет пен сынақтан өткен тәжірибені ұжымдық талқылауды ұйымдастыру орынды.


4 кезең – енгізу, онда педагог одан әрі жұмыс істеу барысында өз тәжірибесін пайдаланады, сондай-ақ оны таратумен айналысады. Теориялық материалға (дидактикалық материалдар, сабақ әзірлемелері, сыныптан немесе аудиториядан тыс іс-шаралар және басқа да әдістемелік жұмыстар) сүйене отырып, таңдалған тақырып арнасында өзіндік жұмыс жасау; апробациялау, түзету, нәтижелілігін бақылау жатады.

5 кезең-қорытынды (немесе қорытынды-бақылау), онда педагог өз білімін жетілдіру тақырыбы бойынша өзінің дербес әдістемелік жұмысына талдау жүргізуі, нәтижелерін, әріптестеріне арналған ұсынымдарды ресімдеуі тиіс. Бұл кезеңге әдістемелік бірлестіктердің, педагогикалық кеңестердің отырыстарында мониторинг жүргізу, сауалнама жүргізу және материалдарды таныстыру кіреді [2].

Өздігінен білімін жетілдіру мәселесіне педагогикалық ұжымымыздың өзіндік көзқарастарын анықтау мақсатында өзім қызмет атқаратын мектептің ұстаздарынан шағын сауалнама алдым.

Өздігінен білімін жетілдіру мәселесіне педагогтардың өзіндік көзқарастары келесідей көрсеткіштер арқылы анықталды:

- I. Зерттеу процесінде рефлексия жасау қажет.
- II. Зерттеушілік іс-әрекет кәсіби дағдыларды жетілдіреді.
- III. Зерттеушілік іс-әрекетпен үнемі шұғылдану керек.
- IV. Lesson study (LS) технологиясын әр педагог оқу барысында қолдануы тиіс.
- V. Lesson study (LS) педагогтардың кәсіби шыңдала түсуіне көмектеседі



*Өздігінен білімін жетілдіру мәселесіне педагогтардың өзіндік көзқарастарын анықтаудың диаграмалық бейнесі*

Сауалнамадан алған нәтижелерден көріп отырғанымыздай педагогтардың басым көпшілігі өздігінен білімін жетілдіру мәселесіне байланысты оң көзқарастар байқатты. Алайда өздігінен білімін жетілдірудің қаншалықты маңызды екенін әлі де сезіне бермейтін мұғалімдер де байқалды. Бұл мұғалімдер жас мамандар болып табылды. Сондықтан да өздігінен білімін жетілдіру ерікті, саналы түрде жүзеге асырылуы тиіс болғанымен, жас мамандарға бұл тараптан бағыт бағдар берілгені маңызды деп ойлаймыз. Сондай-ақ кейбір ұстаздар өздігінен білімін жетілдіруге уақытының жоқтығымен байланыстырды. Сол себепті өздігінен білімін жетілдіру мәселесінің маңызын аса бағаламайтындығы байқалды.

Сонымен қорытындылайтын болсақ, педагогтың өздігінен білімін жетілдіру оның зерттеу әлеуетін арттыру мен кәсіби дамуында маңызы өте зор. Педагогтардың үнемі ізденіс үстінде болуы олардың кәсіби құзыреттілігін дамытады.

#### ***Пайдаланылған әдебиетер тізімі:***

1. Гуслова М. Н. *Инновационные педагогические технологии; Академия -Москва,2010. - 288 с.*

2. Матяш Н. В. *Инновационные педагогические технологии. Проектное обучение; Академия - Москва, 2012. - 160 с.*

### **Серікбаева Ж. А. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЯ ЧЕРЕЗ САМООБРАЗОВАНИЮ**

*Аннотация.* Статья посвящена проблеме формирования профессиональной компетентности учителя через самообразование в системе непрерывного образования.

УДК 371.38

Сечина Е.С.

студентка, АФ «Московский педагогический государственный университет»  
город-курорт Анапа, Российская Федерация  
Научный руководитель старший преподаватель кафедры ППО Эльрих И.В.

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КВЕСТА КАК ЭФФЕКТИВНОГО СПОСОБА ВОВЛЕЧЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕСС ОБУЧЕНИЯ**

*Аннотация.* В статье рассматриваются педагогические возможности использования квеста как эффективного способа вовлечения младших школьников в процесс обучения. Авторы отмечают, что на сегодняшний день квест является одним из самых эффективных методов обучения, развивающим творческий потенциал младших школьников, логическое мышление, способность справляться с различными проблемными ситуациями, в том числе и образовательными.

На современном этапе развития образовательной системы появляются новые технологии и деятельностные формы взаимодействия с обучающимися, в основе которых лежит их активизация и включение в образовательный процесс. Наиболее востребованными становятся интерактивные формы, позволяющие задействовать всех участников образовательного процесса, реализовать их творческие способности, воплощать имеющиеся знания и навыки в практической деятельности.

Одной из таких форм является квест. Квесты развивают в детях коммуникативные навыки, логическое мышление, умение адаптироваться в разных проблемных ситуациях, что помогает ребенку легче влиться в общество и позднее во взрослую жизнь.

Квест в переводе с английского языка означает поиск. Это, по сути, приключенческая игра, требующая от игрока внимания и полного погружение в сюжет. Игрок должен решать разного рода умственные задачи, для того чтобы пройти уровни дальше по сюжету. При этом сюжет может быть predetermined или же зависеть от выбора игрока.

В мифологии и литературе термин «квест» использовался как определение одного из способов построения сюжета - путешествие персонажей через препятствия и проблемы к желаемой цели (например, «Миф о 12 подвигах Геракла», «Миф о Персее»). Большую

популярность подобные сюжеты получили в рыцарских романах, в частности, один из наиболее знаменитых квестов рыцарей Круглого Стола - поиски Святого Грааля.

Примером квеста в современной литературе можно назвать роман-эпопею английского писателя Дж. Р.Р. Толкина «Властелин колец» и роман Б. Акунина «Квест».

Можно считать, что первые квесты появились еще в эпоху древних цивилизаций и сопровождают человечество всю его историю. Ведь, квест - это головоломка, а головоломки людям приходилось разгадывать во все времена. В разное время люди пытались отыскать клад, зарытый пиратами и оставившими зашифрованную карту или, верили, что можно найти сказочное дерево или какой-либо предмет, которые могут принести счастье и т.п.

В 1970х годах термин «квест» был заимствован разработчиками компьютерных игр, их целью являлось передвижение по игровому миру к определенной цели, для этого нужно преодолевать препятствия, взаимодействовать с другими персонажами, собирать предметы и использовать их, решать головоломки.

Революция в этом вопросе произошла благодаря компьютерным технологиям. Компьютерная компания «Sierra» в 90-е годы прошлого века выпустила серию игр King's Quest, Space Quest, Police Quest и т.п., которые пришлись по вкусу геймерам.

Все начиналось с квестов, в которых главный герой должен был решить определенную задачу, к примеру, обезвредить дракона. Для достижения этой (или какой-либо другой) цели герою необходимо было выполнить ряд второстепенных заданий (скажем, найти меч или раздобыть снотворное, чтобы усыпить дракона), а выполнение этих задач было в свою очередь сопряжено с рядом следующих действий и т.д.

Также по всему миру начали появляться невиданные до этого развлекательные учреждения, где клиентам было предложено попытаться выйти из запертой комнаты, разрешив множество трудных задач. Такие заведения стали называться «эскейп-румами». Таким образом, квесты стали завоевывать сердца людей.

Эскейп-рум (Real-life goom escape) - это интеллектуальная игра, в которой игроков запирают в помещении, из которого они должны выбраться за время, находя предметы и решая головоломки. Некоторые представители жанра также включают в себя детективный или иной сюжет, чтобы погрузить игроков в уникальную атмосферу. Игры такого типа возникли из идеи перенести в реальность браузерный квест типа escape the room, которые были популярны в начале 2000-х гг. (например, Crimson Room).

В образовательном процессе квест - это специальным образом, организованный вид исследовательской деятельности, для выполнения которой обучающиеся осуществляют поиск информации по указанным адресам, включающий и поиск этих адресов или иных объектов, людей, заданий и пр.

Образовательный квест - это совершенно новая форма обучающих и развлекательных программ, с помощью которой дети полностью погружаются в происходящее, получают заряд положительных эмоций и активно включаются в деятельность.

Живой квест не только позволяет каждому участнику проявить свои знания, способности, но и способствует развитию коммуникационных взаимодействий между игроками, что стимулирует общение и служит хорошим способом сплотить играющих.

В квестах присутствует элемент соревновательности, а также эффект неожиданности (неожиданная встреча, таинственность, атмосфера, декорации). Они способствуют развитию аналитических способностей, развивают фантазию и творчество, так как участники могут дополнять живые квесты по ходу их прохождения. Использование квестов позволяет уйти от традиционных форм обучения детей и значительно расширить рамки образовательного пространства [1].

Есімдіктің сөзжасамының өзіндік ерекшелігі, сөзжасам мүмкіндігінің аздығы. Үстеу сөзжасамға кедей сөз табы. Үстеудің сөзжасамдық түрлері: аналитикалық, синтетикалық тәсілдер, көнеру арқылы үстеуге көшудің белгілі орын алатындығы. Үстеудің жасалуына негіз болатын сөз таптары: үстеу, зат есім, сын есім, есімдік, сан есім. Есім сөздерден үстеу жасайтын жұрнақтар, олардың мағыналары. Қосымшалардың түбірге көнеруі арқылы үстеудің жасалуы. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған үстеудің түрлері:

- 1) біріккен үстеулер;
- 2) қосарланған үстеулер;
- 3) тіркесті үстеулер.

Қорыта айтқанда есім сөздердің сөзжасамын оқыту әдістемесінің тиімділігін атай отырып, төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

1) Есім сөздердің сөзжасамын оқыту тапсырмалары арқылы меңгертуде оқушылардың білімі тереңдейді;

2) Есім сөздерді оқыту тапсырмаларын қолдану арқылы жоғарғы сыныпта қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға болады; Оқушылардың есім сөздерді оқыту тапсырмалары арқылы тіл мәдениетін, сөздік қорын жетілдіруге болады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Бұзаубақова Қ.Ж. *Жаңа педагогикалық технология. Тараз, 2003 ж.*
2. Құрманәлиева З. *Реңк мәнді туынды зат есімнің мағыналық құрылымы, Алматы, 2004 ж.*
3. Салқынбай А. *Қазақ тілінің сөзжасамы, Алматы, 2008 ж.*
4. Исаев С.М. *Қазіргі қазақ тілі. Алматы, «Қайнар» 1993ж.*
5. Исаев С.М., Назарғалиев К., Дәулетбекова Ж. *Қазақ тілі. 6-сынып, (оқулық) Алматы, «Атамұра» 2002ж*

**Актаева М.Т.**

#### **СУЩЕСТВИТЕЛЬНОЕ И ЕГО СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР**

**Аннотация.** *Во введении к статье речь пойдет о словообразовательных, именных словах. В общем, мысль о том, какие классы слов преобразуются в классы слов. В основном разделе рассказывается о том, какие особенности в словообразовании каждого слова, в том числе и имени. Речь идет о том, что каждое слово имеет свою категорию, в том числе словообразование именных слов включает в себя существительное, прилагательное, преобразование местоимений и наречий.*

Жанпейсова А.Ә.  
zhanpeisovaaizhan@mail.ru  
«Bolashaq» академиясы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қарағанды қаласы  
Ғылыми жетекші: қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,  
п.ғ.м. Абдрахманов Рүстем Хасенұлы «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы

## МАҒЫНАСЫ КӨМЕСКІЛЕНГЕН СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

*Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі мағынасы көмескіленген сөздер мен сөз тіркестеріне жеке-жеке талдау жасалып, анықтама беріледі. Қазақ шығармалары мен туындыларында кездесетін көмескіленген сөздер талданады. Мағынасы көмескіленген сөздер мен сөз тіркестерін жіктеп, әрқайсысына жеке-жеке анықтама беріліп, қысқаша тоқталады.*

Қазақ тілі еліміз бен ұлтымыздың рухани байлығын ғасырлардан-ғасырларға жалғастырып келе жатқан, халықтың өткені мен болашағының айқын көрінісі болып табылады. Тілді құрайтын әрбір сөз, қазыналы байлығымыздың асыл мұрасы. Тіл арқылы адамзат баласы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды тани алады. Қоғамдағы болып жатқан алуан түрлі өзгерістер, тілдің сөздік құрамының дамуына әртүрлі әсер етеді. Көпшілік жағдайда, тілдің лексикасы жаңа сөздермен үнемі толығып отырса, енді бірде кейбір сөздердің көмескілеуіне алып келеді. Көмескіленген сөздер бірден болатын құбылыс емес, алдымен, ауызекі немесе жазбаша стильде қолданылуы бәсеңдеп, келер ұрпақтың барлығына бірдей еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмыт бола бастайды. Ұмыт бола бастаған сөздер, біртіндеп тілден жоғалып кетуі мүмкін. Сондай сөздерді көмескіленген сөздер деп атаймыз. Мағынасы көмескіленген сөздер мен сөз тіркестері көмескілену дәрежесіне қарай үш түрлі болады:

1. Қоғамда мүлдем ұмытылып, қолданыстан біржола шыққан сөздер. Бұндай көмескіленген сөздердің мағынасын белгілі деректерге сүйену, немесе сұрап білу арқылы болмаса, қазіргі қоғамға мүлдем түсініксіз болады да, ешқандай туынды сөз жасауға қатыспайды. Мысалы, Керекейді атпа, қонжығы жетім қалады (мақал). Асабасы жоқ асқа жарымас (мақал). Бірдің кесірі мыңға, Мыңның кесірі түменге (мақал). Осындағы керекей – аюдың ұрғашысы, қонжық – аюдың күшігі, асаба – дастарқан ағасы, тамада, түмен - оң мың деген ұғымды білдіреді.

2. Туынды сөз түбірінде сақталып, жеке түбір ретінде айтылмайтын көмескіленген сөздер - баланадай (бадана), сүйікті (сүйік), алпамсадай (алпамыс), еңгезердей (еңгезер), дардай (дар), абажадай (абажа), добалдай (добал), қаршадай (қарша), зәредей (зәре), шырадай (шыра), т.б.

3. Тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтел құрамында қолданылатын, жеке сөз ретінде қолданыстан шығып қалған көмескіленген сөздер: торқа-жібек, жарак-қару, қунау-сергу, қырым-алыс, сауға-араша, кент-қала, жарлық-бұйрық, азар-өкпе, зейнет-рақат, түлен түртті - сор.

Қазақ тілінің лексикасы көмескіленген сөздерге бай. Қазақтың батырлар жырынан, діни қиссаларынан, тарихи ертегілері мен романдарынан, мысалы, Бұхар-жырау, Дулат, Махамбет, Шернияз, Шортанбай, Сүйінбай еңбектерінен және Абай туындыларынан, XX ғасыр басындағы көрнекті жазушылар Ж.Аймауытов, Б.Майлиннің еңбектерінен, М.Әуезов, І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Д.Досжановтың романдарынан қазақ тілі лексикасының көмескіленген сөздерге бай екендігіне көз жеткізуге болады.

Бұхар жырау шығармаларында кездесетін көмескіленген сөздер: пусырман (мұсылман), маһи (аксүйек), мамыр (сабыр, сактық), морты (кішірейтілген, кішкентай), кәләм (тағдыр сөзі), һоммәт (баяу, әлсіз, аянышты), шөншіт (насыбай салатын былғары сөмке), талас (сиыр терісінен), кебе (қабаба) - Жаратушының мекені.

Дулат Бабатайұлының шығармаларында кездесетін көмескіленген сөздер: ғақыл (ақыл, ақыл), ғазиз (өкініш), ғафыл (түсініксіз, білінбейтін), ғаділ (әділ), ғадет (әдет), қиямет (басқа дүниенің басы), жолан (бөтен).

Абай шығармашылығында қазір қолданыста жоқ көмескіленген сөздер: нәпіл (күн батқаннан кейінгі дұға); бергек (жаулық); паруардигар (Құдай, жаратушы); жықа (бір нұсқасы бойынша жаулаушы, басқа нұсқасы бойынша -батыр дулығасының жағасы); бадалық



(мактану); сұхбат (жанды әңгіме); өлекшін (әйел ит немесе жыртқыш аң); ғиззат (құрмет, назар); райыс (рақат); мәліш (ұсақ-түйек); нәфрәті (үлгілі); серменде (серуен); қатпа (уағыз); шардақ (дәрменсіз); баһра (пайдасы, қосқан үлесі), бөңгі (мылқау, саңырау) және т.б., сондай-ақ Абайды білмей, көптеген араб, парсы, діни және философиялық терминдерді түсіну мүмкін емес.

Есет Құдайбергенұлының «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында кездесетін көмескіленген сөздер:

Тазшамен ойнас болып жамандатты,  
Күймеде Баян деген бақыты қараң  
Жасымнан ерке болып өсіп едім,  
Жақпас қонақ келдесін кесіп едім.  
Нетесің босқа сұрап Сарыбайды,  
Сұрасаң Сарыбайды мәрғау кеткен.

бұл жырда, қазір қолданбайтын, яғни көнерген бақыты қараң-бақытсыз, келдесін кесу - басын алу және мәрғау кету - келмеске кету, олу мағыналарын білдіреді.

Көмескіленген сөздер көнеру сипаты мен қолдануына қарай архаизмдер мен тарихи сөздер болып бөлінеді. Архаизм сөздер тілдің даму процесінде атауы басқа сөздермен алмастырылған сөздер. Архаизм сөздердің пайда болу себебі – тілдің дамуы, яғни жаңа сөздердің қолданысқа ие болып, бірін-бірі алмастырып, ол сөздердің көмескіленіп қалуында. Архаизм сөздердің қазақ тілінде мынадай түрлері бар:

1. Өдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты архаизмдер: өлітірі, қырықжеті, байғазы, қалың мал, көрімдік, барымта, шашу, бастаңғы, тасаттық, беташар, жеңгетай т.б.

2. Мата атауына байланысты архаизмдер: тұқаба, патсайы, манат, ақсақ, борлат, биқасап, мауыты, пайы, шайы, мақпал, торқа т.б.

3. Ыдыс-аяқ, киім-кешек атауларына қатысты архаизмдер: күпі, кебіс, жарғақ, аба, көбіс, сапты, аяқ, қазан қап, қол жаулық, шара аяқ, асадал, талыс, шөншік т.б.

4. Мал атауы мен үй тұрмысына қатысты архаизмдер: лашық, итарқа, жаппа, шошала, иткірмес, дағара, қақыра, шопан ата (қой), қамбар ата (жылқы), ойсыл қара (түйе), зеңгі баба (сиыр), шекшек ата (ешкі) т.б.

5. Діни ұғымға қатысты архаизмдер: қиямет қайым, мүңгір-нәңгір, қазірет, зікір, жаназа, акирет, қажы, жарапазан, әзірейіл, періште, сәресі, ораза, иігір, бойтұмар, жар болу, аян беру, кітап ашу, құран бағыштау, дем салу, үшкірту, аптау, ұшықтау, шарифат, ақтық байлау, жайнамаз т.б.

6. Түркі тілдеріне тән архаизмдер: толағай, адақ, дарқан, мешан, ұлық, жұрт, будун, ұлыс, тәңра, бек т.б.

7. Өртүрлі ұғымға қатысты архаизмдер: аламан, алапа, алаш, аластау, ақсарбас, дат, ақсақалдық, ақшом, ақшомшы, ақтаяқ, ақыретшіл, жаушы, жоралғы, тоғанак, томыртқа т.б.

Қоғамда мүлдем қолданыстан шығып, бұрынғы заманмен бірге жоғалған сөздер тарихи сөздер деп аталады. Бір кездері олар белгілеген заттар мен ұғымдар қазіргі қоғамда жоғалып кеткен немесе маңыздылығы жойылған сөздер. Тарихи сөздер тек тарихи шығармаларда, шежірелерде, өткенге қатысты әдеби шығармаларда, ескі газет-журналдарда ғана қолданылатын көмескіленген сөздер. Тарихи мен архаизм сөздерінің негізгі айырмашылығы, тарихи сөздердің синоним сөздері болмайды және болуы да мүмкін емес. Тарихи сөздердің қазақ тілінде мынадай түрлері бар:

1. Әкімшілік басқаруға байланысты тарихи сөздер: хан, ханша, ханым, ханзада, тақ, уәзір, бек, бекзада, патша аға сұлтан, ауылнан, болыс, старшын, би, қазы, атшабар шабарман нөкер, құл, күң, орда малай, бикеш, бәйбіше, тоқал, дуан, елубас т.б.

2. Әскери атақ пен қару-жараққа қатысты тарихи сөздер: садақ, жақ, жебе, қорамсақ, оқшантай, сауыт, қалқан, айбалта, найза, жасақ, қосын, шеру, сарбаз, дулыға, байрақ, адырна, қозы жауырын, ақберен, шарайна, наркескен, кіреуке, аламан, білтелі мылтық, шиті мылтық, алдаспан т.б.

3. Совет тұсында пайда болған тарихи сөздер: алшылар комитеті, кедейлер комитеті, партия ұясы, қызыл әскері, қызыл отауы, нәп, нәпман, қосшы, өзара салық, ұя қатшы, старба, қара айғыр, төраға т.б.

4. Өртүрлі ұғымға қатысты тарихи сөздер мен оларға анықтама: астақта-қамыр илейтін, пісіретін төмен үстел; бөртпе-қалған ұн мен ашытқы сақталатын ыдыс; қамырбұрыш-ашытқының бір түрі; рапида-ыстық тандыр пісіру кезінде қолданылатын арнайы қолғаптар;

шөрек-нан өнімдерінің бір түрі; ақсыл-белок; кәуір-қызған тандыр пешінің жалы, бодық-қыздырылған таста ет пісірудің дәстүрлі әдісі, антсүйек- қаңқаның артқы жағы. Азада - жүрісі жайлы жылқы. Айыршоқ – тымақтың төбесіне үкінің айналасына қадайтын қоңыраугүл пішінді күміс әшекей. Ақберен – мылтықтың түрі. Аққаптал – көпке танымал, беделді кісі. Алапай – жаугершілікте қолға түскен олжа. Бойра – қамыстан тоқылған төсеніш бұйым. Бөлтек – шағын егіндік алқап. Серете – ертедегі тас үйген қорым. Сәрінжі – матаның бір түрі. Сәйгел – жазда сиыр малына маза бермейтін сона. Қылшан – белбеудің екінші қапталына бекітілген жебе салуға арналған кіші қорамсақ. Қылқара – асыл мата. Ешкімек – ешкінің асығы.

Қазақ тілінде тек көмескіленген сөздер мен қатар көмескіленген сөз тіркестері де бар. Сөз тіркестері архаизмдер мен тарихи сөздерден бола алады.

Архаизмдік сөз тіркестеріне қолданыстан шығып қалған, көбінесе салт-дәстүр, әдет-ғұрып және діни ұғыммен байланысты сөз тіркестерін қамтиды.

Діни ұғыммен байланысты келетін сөз тіркестеріне: бесін намаз, сегіз жұмақ, жеті тамық, қыл көпір, ақыр заман, топан су, құрбан айт, құрбан шалу, құрмалдық айту, көк қошқарың болайын, әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып т. б.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен байланысты сөз тіркестеріне ұрын бару, ірге көру, отқа май құю, шашу шашу, қол ұстатар, бет ашар, шаш сипатар, бауыздау құда, өлі-тірісін беру, қос қатын алу, тоқал алу, төсек жаңғырту, сүйек жаңғырту немесе ат-шапан айып, үйірімен үш тоғыз, заманың қалай болса, бөркінді солай ки, аузы-қисық болса да бай баласы сөйлесін, құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас, әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа, байтал шауып бәйге алмас, шынжыр балақ шұбар төс, алтын басты әйелден бақа басты ер артық т. б.

Тарихи сөз тіркестеріне қазір қолданыста көп қолданылмайтын құбылыс немесе тарихи кезеңдегі заттарды жатқызуға болады. Тарихи сөз тіркестеріне бай баласы, жарлы баласы, ата баласы, қара шаруа, қара шекпен, басы байлылық, кедей теңдігі, әйел теңдігі, өз ара салық, тап жауы, халық жауы, кедейлер комитеті, жер аудару, төре аға, жүз басы, өкімет, қызыл отау т. б. жатады.

Қазақ тіліндегі мағынасы көмескіленген сөздер мен сөз тіркестерінің лексикасына жүргізілген талдау барысында, белсенді қолданыста жүріп, қолданыстан шыға бастағаннан, олар бірден ұмытылмайтыны анықталды. Тілден сөздердің және олардың жеке мағыналарының жоғалуы баяу жүреді және бірден тіл лексикасынан сөздің жоғалуы бірден болмайтын күрделі құбылыс болып табылады. Біріншіден, белсенді лексикадан сөз пассивті сөздікке айналады және осы кезеңде ана тілінде сөйлейтін ұрпаққа әлі де болса түсінікті болады. Алайда, ауызекі адамдармен қарым-қатынас кезінде пассивті сөзді қолданудың қажеті жоқ болады. Нәтижесінде, тіл лексикасынан сөздер біртіндеп ұмытыла бастайды да, тілден мүлдем жоғалады. Алайда, барлық ескірген сөздердің толығымен қолданыстан жойылуы туралы айту қате пікір саналады. Ол сөздер қазақтың батырлар жырынан, діни қиссаларынан, тарихи ертегілері мен романдарынан, ақын-жазушылардың шығармаларынан кездестіруге болады. Әдетте, қазіргі қоғам үшін мұндай сөздерді түсіну өте қиын. Шығарма жазылғаннан бері неғұрлым көп уақыт өтсе, онда ескірген сөздердің пайызы соғұрлым көп болады. Көмескіленген сөздердің құрамы үнемі өзгеріп отырады. Тарих бойында көмескіленген сөздердің барлық категориялары өз құрамында өзгеріске ұшырап, ұмыт бола береді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Боранбаева, Гүлнұр (1994), XV-XVIII ғ. Қазақ поэзиясы тіліндегі көмескіленген сөздер. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы. – 169 б.
2. Жұбанов, Есет (1978), Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым, – 184 б. Қазіргі қазақ тілі (1954). – Алматы: Ғылым. – 564 б.
3. Сыздық, Рабиға (1997). Сөз құдіреті. – Алматы: Санат. – 224 б.

**Жанпейсова А. О.**

#### **СЛОВА И СЛОВСОЧЕТАНИЯ С НЕЯСНЫМ ЗНАЧЕНИЕМ**

**Аннотация.** В статье дается индивидуальный анализ и дается определение слов и словосочетаний с неясным значением в казахском языке. Анализируются неясные слова, встречающиеся в казахских произведениях. Классифицируя слова и словосочетания, смысл которых неясен, каждому дается отдельное определение и кратко останавливается.

## МАҒЖАН ӨЛЕНДЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа. Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын – М.Жұмабаев.*

М. Жұмабаев шығармашылығы – отаршылдық кезеңінде күйзелген қазақ әдебиетін әлем әдебиетінің деңгейіне көтерген, психологиялық-көркемдік иірімдер мен әлем поэзиясына жаңа өрнектер мен бояулар қосқан эстетикалық құбылыс, көркемдік жаңалық. Ол поэзиямыздың эстетикалық әлемін тың бояулармен, күрделі сезімдік әлеммен байытып, жаңа биікке көтерді. Қазақ поэзиясының ғасырлар бойы қалыптасқан бай дәстүрінен, фольклор мен ауыз әдебиеті құнарынан еркін, табиғи нәр алған ақын Шығыс пен Батыс әдебиетінен де мол сусындап, өзіндік эстетикалық әлем қалыптастырды [1].

Ақын шығармашылығының өзіндік эстетикалық әлемін айқындаған қазыналар ретінде бірден көзге түсетіні – өзіндік образдар және толғам сарындары, түрікшілдік, лирикалық кейіпкердің рухани мөлдірлік қуаттандырған асқақтығы (Мағжанға дейінгі ақындарда мен – күнмін, пайғамбармын..., деп келетін сарындар бұлайша өр дауыспен айтыла бермейді) мен көлгірсуден аулақ сыршыл сезімталдығы. Оның лирикалық кейіпкерлері бұған дейінгі қазақ өлеңдеріндегі ешкімге ұқсамайды. Бұған дейінгі қазақ жырындағы кейіпкер субъективті өмірі жайында әсіресе жан дүниесіндегі құпияларды жайып салуға, бар шындығын ағыл-тегіл ақтарып салуға соншалықты пәрменді құштарлық білдіре қоймаса, енді лирикалық кейіпкер өзінің осалдығын да, қуатын да жасырмайды, күлбілтелеп, күмілжімейді. Бойын кернеген саналуан сезім-толғаныстарын, толғамдарын іркіп, өзін өзі сақтандырып немесе тежеп, тиып ұстаудан мүлдем аулақ. Әсіресе ынтық сезімдерді жасырмай, ақтарып айтуға құлықты. Жан сырын жарық дүниеден қымтамай, тұмшаламай, көз жасындай мөлтілдетіп, таң шығындай мөлдіретіп жеткізеді, не айтса да ағынан жарылып, адалын айтады. Лирикалық кейіпкер субъективті толғаныстарын былай қойғанда, әмбеге ортақ, драмалық сезім арпалыстары арасында да өз түйсігімен, өз түсінік-тұрпатымен дараланады.

Бойындағы осалдығын да, озаттығын да бүгіп қалуды, демек, көлгірсуді білмейтін кейіпкер ашықтығымен, адалдығымен, сыршылдығымен бөлекше бітім танытты. Толқымалы, өзгермелі көңілдің бүгін былай, ертең олай құштарлықтары Мағжан Жұмабаевқа дейінгі қазақ поэзиясында дәл осыншалық ағыл-тегіл, дәл осыншалық үздіксіз, жүйелі төгіле бермейтін.

Орхон-Енесай ескерткіштеріндегі басқаға бас июді білмейтін жауынгерлік рух, Ж.Баласағұн, А.Иассауи, А.Иүгінеки, С.Бақырғани, Хорезми, С.Сарай, т.б. дастандарындағы заман – қоғам – адам үштігін мәңгілік мұраттар, ислам идеялары тұрғысынан терең таразылауға ұмтылған философиялық пайымдаулар, осы бағыттағы көркемдік ізденістерді одан әрі жалғастырған «кітаби» ақындар шығармаларында аталған үштік мәселесін айнымас асыл гуманистік мұраттар тұрғысынан бажайлап, адам мен қоғамның этикалық тазалығын, нормасын іздеген, бұларды өмірлік қажеттілік пен тіршілік дағдысына айналдыруды көздеген, соның жолдарын табуға құшырланған лирикалық кейіпкерлердің толғаныстарында көбіне заман қалыптастырған ішкі сабыр, тереңде жатқан ұстамдылық аңғарылатын.

Махаббат кешулерін өмірдің белгілі бір кезеңдегі эстетикалық-субъективті рухани нысанасы ретінде сұлулап сырлаған сал-серілер (Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, үкілі Ыбырай, т.б.) поэзиясы да қалыптасқан дәстүр мен заман нобайлаған шеңберден аса қоймайтын. Тек Абай шығармашылығында ғана ежелден бергі рухани-тарихи даму орнықтырған дәстүр шеңберінен шығып, лирикалық кейіпкердің тек өзіне ғана тән субъективті сезім буырқаныстарын айқын, айбынбай ажарлау мен айшықтау көріне бастады. Абайдың ұстамдылығы заман нормаларына, заңына бағыну, көз жұмып, соған мойын ұсынудан емес, өз көңілі ұйыған, өз көзі жеткен сенімнен, болмыс құбылыстарын таразылаған өз танымынан туған. Жеке адам немесе мораль типтері, махаббат, табиғат, т.т. қай-қайсысы да лирикалық кейіпкерлерді ең алдымен философиялық аяда толғандырады да, ақын поэзиясы әсіресе осы қырымен айрықшалаанады.

Ақындық «меннің» сипаты мен сырынан хабар беретін лирикалық кейіпкер сомдауда бұрыннан мол тәжірибе жинақтаған қазақ поэзиясына Мағжан жырлары әкелген кейіпкер өз бойында жоқты бар ғып көрсетуге ұмтылып тыраштанбайды, ақылгөйсемейді. Ақтарып айту бар да, асыра айтудан аулақ. «Гүлмін», «күнмін» деуі – күшенуі емес, тарихынан тамыр алған, оның бағасын таныған отаншыл рухтың өз қадірін өзі сезініп, асқақ парлауы, еңсесін езгіге бастырғысы келмеген өр кеуденің ноктаға мойын ұсынғысы келмеген арда асаудай аспанға шапшып қарсыласуы.

Осынша өр, асқақ кейіпкер – енді бірде бала, енді бірде дана. Қол созым жердегі ғашығына қолы жетпей, жалындап жаны күйіп, азап шеккенде, төгілген көз жасын да жасыра алмайды. Бұл – жан дүниесінің тазалығы, мөлдірлігі, «адалымды айтсам, жақпай қаламын-ау» деген қауіп-ойдан аулақ сенгіштігі. Лирикалық кейіпкер осындай адалдығымен, риясыздығымен баурайды, сендіреді. Осындай соны бітімді кейіпкер – М.Жұмабаев поэзиясындағы жаңалықтардың бірі деп айтуға лайықты. Шығармаларындағы белгі берген түрікшілдік те онымен тұстас немесе алдындағы ақындарда дәл Мағжандағыдай айқын дауыспен аршындап, алға шығып көріне бермейді [2].

Бұл орайда ғасыр басындағы және сол тұстағы түркі халықтары зиялылары көтерген идеялар Мағжанға жақсы таныс болғаны, ақынның өмір шындығын, тарихын бел-белестерді өз сүзгісінен өткізгені, сенімі өлеңдегі сырына айналғаны аңғарылады. И. Гаспиринскийдің толғаныстары қазақ даласына да жетіп, М. Жұмабаевқа да әсер еткенге ұқсайды. Автор бұл жайында арнайы атап көрсетпегенімен, кезінде белең алған идеялық сарынның жалпы қазақ зиялыларына да жақсы таныстығы тарихтан мәлім.

Ақын өзіндік мүмкіндіктерін кәдеге жаратумен бірге өмірлік мегзеуі машақатсыз-ақ табылатын астарлық-жинақтаушылық қуат қосып, лирикалық кейіпкердің субъективті сезімі немесе ой-аңсарымен табиғи өрілген суреткерді бейнелейтін астарлы байыптау дарыту арқылы таза эстетикалық ағым ғана емес, ауқымы одан әлдеқайда кеңірек эстетикалық-философиялық жүйеге көтерді деп айтуға болады.

Ақынның лирикалық кейіпкері субъективті толғанысымен бірге әмбеге ортақ, жалпыға мәлім драмалық сезім кешулерімен ерекшеленеді. Бұл сипат Қазан төңкерісіне дейінгі де, одан кейінгі де өлеңдеріне тән. Жиырмасыншы жылдарда кемеліне келген ақынның «Мені де өлім, әлдиле» секілді туындыларынан күрделі құрылымы, ой ишаралау тәсілдері мен бейнелеу құралдары белгілі бір өмірлік құбылыстарды қалыптастырғаны аңғарылады.

Жиырмасыншы жылдардағы қазақ поэзиясына Мағжан Жұмабаев әкелген жаңалықтардың бірі – бейнелеу мүмкіндіктерін молайтатын, көркемдік әлемді байыта түсетін көркемдік концепцияны жеткізуге шебер пайдалануы. Мәселен:

Қыз Жібектің ақтығы  
Наурыздың ақша қарындай.  
Ақ бетінің қызылы  
Ақ тауықтың қанындай.  
Төсінде бар қос анар  
Нар бураның санындай.  
Бет ажарын сұрасаң,  
Жазғы түскен сағымдай...

деп келетін тіркестер – бір-бірімен сабақтасқан теңеулер арудың ажарын айшықтайды, әрі эстетикалық сезіну сәті. Арудың ажарын «айқындаған», «анықтаған» мұндай эпос туындысының жалпы көркемдік әлемнің қажетті көркемдік компоненті қызметін атқарады. Мұндай сипаттар Мағжанға дейінгі поэзияда молшылық.

Айталық, «Мені де, өлім, әлдиле» атты өлеңіндегі әр өлімнің өз шежіресі, трагедиясы бар. Солардың бәрі қосыла келіп, автордың осы шығармадағы көркемдік әлемін құрайтын эстетикалық туындыға айналған. Бұған дейінгі поэзияда жалпы көркемдік мазмұнға кірпіш қызметін атқаратын бейнелеу қазыналарының енді қоғамдасқаны соншалық, әрқайсысы жеке-дара деп бағалауға лайықты бір-бір «ансамбльдердің» басын біріктірген, бұған дейін төл поэзиямызда болып көрмеген тосын, суық сызымен сұсты, құрылымы жаңа, өзіндік бір әлем жасаған. Мәселен, кезінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы жазылғаны сезілетін өлеңдерінің бірі – «Жаралы жанда» мынадай жолдар бар:

Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,  
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.  
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,

Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан [3], немесе одан кейінгі уақытта жазылған “Сүйемін” атты өлеңіндегі:

Орманы жоқ, шуы жоқ,

Тауы да жоқ, суы жоқ,

Мәңгі өлік сахарасы, – секілді шумақтар мен «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңіндегі мысалдарды салыстырғанда, алғашқыларында «өлік, өлім» сөздерінің символдық мәнде қолданылғаны, алайда тек өз бояуымен ғана тұтасып тұлғаланған әлемді емес, лирикалық кейіпкердің ақындық “менінің” аңсарын аңғарту үшін қажетті компонент қызметін атқарғаны байқалады. Ал, «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңіндегі әлдекімнің өлгені, жалғыз жас қайыңның құлағаны, ұланның майданда қайтқаны, бетпақ шөлдегі жалғыз жанның өлімі, он бестегі жас сұлудың жасқа тұншығып өлуі, қозының көз тиіп өлуі, сұлуларды құшқан жастың ажал құшуы... бірінен кейін бірі кезектескен, бірден бірге ұласқан өлім ситуациялары арқылы өлеңнің аңсарын тереңге тұндырған ақын шеккен азап алуан:

Бетімнен тәтті бір сүйіп,

Алдыңа алшы әлдилеп,

Келші, өлім, тезірек.

Жан ұшудан тоқтады,

Жынданып енді соқпайды

Кешегі асау жас жүрек.

Бетімнен тәтті бір сүйіп,

Алдыңа алшы әлдилеп...

Балқиды жаным бұл күйге,

Мені де, өлім, әлдиле...

Мені де, өлім, әлдиле!... [3]

Жиырмасыншы жылдарда көркемдік тәжірибесі де, шеберлігі де толысқан ақынның мұндай туындыларынан болмысты сезіну аумағы айрықшалықтарын, осы сезінуі бейнелеудегі соны ізденістерге бастағанын көреміз.

М. Жұмабаев шығармаларының жалпы қазақ поэзиясына, оның ішінде жиырмасыншы жылдар әдебиетіне қосқан үлес-жаңалықтарының бірі әрі бірегейі. Қарапайым да қайратты сөз енді өзінің мән-қуаты арқылы ойды жеткізудің құралы қызметін атқаруды «місе тұтпай», құрамында әлсін-әлсін дараланып көрінуі арқылы эстетикалық-философиялық мазмұнға, сол арқылы эстетикалық-эмоциялық қуатқа ие болады. Мәселен, от, қара, қараңғылық, жер, жел, жол, жұлдыз, күн, түн, сәуле, зар, өлім, т.б. Біраз тұстарда философиялық категорияларға да айналады. Шығармаларындағы әлпештеу мен иірімдер, икемдеулері, көркемдік қуатына қарай әр сәтте алуан бояу сәулесімен нұрланады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992.
2. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын баспасы», 1997.
3. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
4. Аймауытов Ж. «Лениншіл жас» журналы. №5, 1923.
5. Қаһарманұлы Ф. Сүйген сұлу // Жұлдыз, 1991, №2.
6. Әлкебаева Д. Мағжан поэзиясының тілі. - Алматы: Қазақ университеті, 1997.

**Журагат А.**

#### **СОДЕРЖАНИЕ И ОСОБЕННОСТИ СТИХОТВОРЕНИЙ МАГЖАНА**

**Аннотация.** Литературное наследие выдающегося казаха не кануло в лету. Его труды выдержали сложные испытания временем и органично вошли в историческое наследие поэтической культуры Казахстана, став неотъемлемой частью достояния казахского народа.

Көңілжан Т.  
[koni021231@mail.ru](mailto:koni021231@mail.ru),  
«Bolashaq» академиясы «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының»  
2 курс магистранты, Қарағанды қаласы.

## СЕЙДІЛ ТАЛЖАНОВ – АУДАРМА САЛАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

*Аңдатпа.* Автор мақаласын Сейдәл Талжановтың аударма саласындағы еңбектеріне арнаған. Оның аударған көркем шығармалар арқылы қазақ тілінің табиғатында жаңа бір оралым, жаңаша сөз тіркестері пайда болғандығын аңдаймыз деп ой түйеді автор.

Бүкіл болмысы, тірлік-тынысы туған халқының тарихымен тұтаса бірігіп, айырып алғысыз пішінге ие болатын тұлғалар бар. Жұртшылықтың жадында сақталып, көптің көкейіне ұялаған мұндай ардагерлер қазақ халқының тарихында да баршылық. Белгілі жазушы, зейінді аудармашы, зерделі ғалым Сәйділ Омарұлы Талжанов сондай зиялылардың алдыңғы сапында болған. Өмірден көргені мен тоқығаны мол, болмысы бөлектеу білімдар жанның, өмірдің соқтықпалы-соқпақты сүрлеуін шарлап, ащы мен тұщыны жеткілікті татқан ғалымның өмір жолында әсіресе кейінгі ұрпаққа ой салар өнегелік үлгілері мол.

С.Талжановтың 70 жылдығына орай жариялаған мақаласында қазақтың классик жазушысы Ғабиден Мұстафин: “Менің көз алдыма әманда өз тұстастарының көбінен білімді, оқығаны, тоқығаны көп, бүкпесіз адал да аңқылдаған ақ көңіл Сәйділ елестейді” [1,127] деп суреткерге тән танымдылықпен әділін айтып, ақтарыла жазған екен. Алайда тумысынан алғырлыққа, адалдыққа баулынған С.Талжанов ал дегеннен білімді, білікті азамат бола қоймағаны белгілі. Өзінің 70 жылға таяу жасаған өмірінде тағдыр оны талай тар жол, тайғақ кешулерден өткізіп, шыңдап, ширатып шығарғаны мәлім.

Омар Талжанов отбасында дүниеге келген жеті ұлдың ең кенжесі Сәйділ Омарұлының өмір жолдарын ой елегінен өткізсеңіз, ең алдымен, сол кездегі көп зиялылардың болмысына тән тарихты, екіншіден, тұлғаның өзіне ғана тиесілі өмір соқпақтарын танимыз. Ол оқуды 1921 жылы Орынбор қаласында салауатты ағасының бірі, коммунист Әшім Омаровтың қолында жүріп, орысша бастайды. Сөйтіп, 1928 жылы Петропавлда 9 кластық орыс мектебін бітіреді. Дәл сол жылы Ташкент қаласындағы САГУ-дің Шығыс тілдері факультетіне түседі. 1931 жылы оның иран тілі бөлімін аяқтаған соң, кездейсоқ жағдайларға байланысты, ол диплом алуды да күтпей Алматыға аттанады. Алматыға келісімен қызмет істей жүріп, 1934 жылы КазПИ-дің толық курсына бітіріп шығады. Ол бұл кезде (1931-ден 1933 жылға дейін) халық ағарту комиссариатында, сосын ауылшаруашылық институтында тіл, әдебиет кафедрасының алдымен ассистенті, кейінірек (1934 жылдан 1937 жылға дейін) доценті, меңгерушісі болып ұстаздық жұмыспен айналысады. 1956-1958 жылдары Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында проза бөлімінің редакторы, аға редакторы қызметін атқарады. [2, 214]

Ал 1958 жылдан өмірінің соңғы сағатына дейін ол Қазақ КСР ҒА Тіл білімі институтында еңбек етті, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер ретінде, ғылымның мүлде жаңа саласы аударма мәселесімен айналысты.

Сәйділ Омарұлы шығармашылық жұмыспен 21 жасында, яғни 1927 жылдан бастап шұғылданған. Ең әуелі өлең жазады, сосын әңгімеге ауысып, ара-арасында сын мақалалар бере бастайды. Сөйтіп, әдеби үдеріске өзінің көзқарасын білдіріп төрелік айтуға да ыңғайы бар екенін танытады. [3]

Жалпы, С.Талжановтың бүкіл ғылыми-шығармашылық қызметін негізгі үш түрлі салаға жіктеп қараған дұрыс тәрізді. Ол белгілі жазушы, білікті маман, аудармашы, танымал ғалым.

Сәйділ Омарұлының жазушылық өнерін шындай түскен бірегей сала – аударма деп тану керек. Ол ең алдымен – аудармашы. Мәдени өміріміздің қат-қабат шаруасы мол сонау бір кезеңдерде С.Талжанов өзінің білімі мен сауатын аудармашылық өнерге жұмсаған. Аударма дегенде оның сала-саласы көп қой. Соның қай-қайсысында да аудармашы Талжановтың қолтанбасы қалып отырған. Ол өзінің саналы өмірін түгелге жуық осы өнерге сарп етті десек те болады. Орыс тілін жете меңгерген және оның рухани мәдениет үлгілерін құмарлана, құныға оқып, бойға сіңірген жас талапкердің осы тұстағы еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай. Ә

дегеннен-ақ мәдени революция армиясының сапында болудың өзі оны өмірдің қайнаған қазанына салып жібергендей.

Қазақстанның алғашқы қалыптасу жылдары онша жеңіл бола қоймағаны тарихтан мәлім. Білімге сусаған қазақ халқының алдында, ең алдымен, жаппай сауаттану міндеті тұрды. Сосын мәдени мағлұматын кеңейтіп, дүниетанымын тереңдете түсу қажет еді. Шаруашылықты, экономиканы, ғылымды дамыту үшін де сауат керек болатын. Міне, сол себепті, көптеген басқа зиялылар қатарында Талжановтың аудармамен айналысуы осындай елдік мүддені орындаудан туса керек. Мәдени өре, дүниетанымды кеңейтуге септігін тигізер әрқилы әдебиетті ана тілімізге аудару Талжанов тәрізді азаматтардың халық алдында сіңірген еңбегін әйгілей түседі. [4,127]

Сәйділ Омарұлы кезеңнің дәуірдің қажетін өтеуге тиісті әдебиеттің (шаруашылық, мәдениет, медицина, халық ағарту т.т.) қандайын болса да аударма жүріп, біртіндеп өзінің икемі көркем аударма жағында екенін түсінеді. Халқына алдымен жеткізгісі келген жазушылары М.Горький, Ф.Достоевский, А.Пушкин, В.Белинский. Осының өзінен-ақ жас аудармашының талғамы мен батылдығын аңғаруға болады. Аудармадағы тырнақалдысы – М.Горькийдің “Суайт саршымшық пен шыншыл тоқылдақ туралысы” (1929). Сәкеңнің кеудесіне шығармашылық сенім ұялатқан тәрізді. Әйтпесе, осыған іле-шала ол мейлінше күрделі де терең толғанатын психолог жазушы Ф.М.Достоевскийдің “Бишарасына” (1935) баруын қалай түсіндіруге болады? Бұл да шығармашылық саласында жиі кездесе бермейтін жүректілік. Мұны аудару арқылы ол орыс ойшылының құдіретін танытса, екіншіден, сол құдіретті ойды бір де бір бәсеңдетпей қапысыз бере алатын қазақ тілінің қауқарын көрсетті. Сөйтіп, екі тілді тел еміп, ел кәдесіне жаратудың жақсы үлгісін жасай бастаған азамат, осыдан былай қарай бұл істі өмірлік кәсібіне айналдырады. Пушкинге, Белинскийге, Чеховке, Тургеновке, Шолоховқа қол созу да осындай игі мақсат көздеуден туған [5,126].

С.О. Талжановтың аудармашылық өнерін сөз еткенде шығыс әдебиетінің інжу-маржаны – “Қалила мен Димнаның” жөні тіпті бөлек. Біздің жыл санауымыздан бұрын дүниеге келген атақты “Махабхаратаның” он екі кітабынан алынған бұл мұра әуелде “Панчатантра” деген атпен әлемге тараған болатын. Кейін “Қалила мен Димнаға” айналған мұның шарламаған жері жоқ. Әлем әдебиетінің қай-қайсысы да бұдан нәр алып, сусындап отырған. Осындай өнегесі мол дүниеге батылдықпен барып, оны ана тілімізге аудару кезінде ұлттық мәдениетіміздің табысы деп бағаланған [6, 47].

С.О. Талжановтың өзге аудармашы-жазушылардан озық тұратын бір артықшылығы, екі тілден бірдей ерсілі-қарсылы аударма алатындығында. Қазақ әдебиетінің айтулы туындыларын орыс тіліне аударып, сол арқылы ұлттық өнерімізді баршаға баян ету – оның екінші қыры. Қазақстандағы революциялық қозғалыстың эпопеясы деп бағаланып жүрген С.Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешуі” орыс тілінде Сәйділ Омарұлының аударуында жарық көрген. Орысшадан қазақшаға, ана тілімізден керісінше аударылған сан түрлі шығармаларды санамалап жатпай-ақ, осы сөз болған басты-басты дүниелердің өзі-ақ аудармашы Талжановтың тұлғасын таныта алса керек. Ал ол туындылардың тіл шеберлігі, стиль ерекшелігі, мағыналық реңкі, т.т. тәсілдерінің сапасы жайында әңгіме қозғау келелі зерттеу жұмысын талап етеді. [3]

Аударма саласындағы мол тәжірибе Талжановты осы өнердің әрқилы заңдылықтарын ашып, соған сәйкес теориялық түйін түзуге жетектей беретін. Тіпті 1935 жылғы лингвистикалық жинаққа енген “К вопросу влияния персидского языка на казахский язык” (“Парсы тілінің қазақ тіліне жасаған ықпалы туралы мәселе төңірегінде”) деп аталатын алғашқы мақаласынан бастап-ақ, ол өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілеті бар екенін танытқан еді. Сөйтіп, аударма практикасы және іс үстінде толқытқан ойлар оны ғылымға алып келді. Иә, ол ғылымға кездейсоқ емес, осылай заңды жалғастықпен келді. Сөйтіп, С.О.Талжанов өзінің мол тәжірибесін жинақтай келе, қазақ аударма ғылымының дамуы, қалыптасуы, тарихына қатысты пікір таратып, қағидаттарын түзуге тырысқан бірнеше еңбек берді. Н.В.Гоголь шығармаларының ана тілімізге аударылу сапасын зерттеген “Көркем аударма туралы” (1962) монографиясы оған кандидаттық дәреже алып берсе, “Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері” (1975) деген кітабы докторлық диссертациясы болатын. Бұл кейінгі еңбек қазақ аударма ғылымының тарихында докторлық атақ әперген тұңғыш еңбек.

Автор бұл еңбегінде тіл мен әдебиетті диалектикалық бірлікте, өзара тығыз байланысты құбылыс есебінде қарастырып, қыруар мәселенің басын ашады. Әдеби байланыстың тіл дамуына да тиімді жақтары болатынына осы еңбек арқылы тағы бір көз жеткізесіз. Себебі сол аударылған көркем шығармалар арқылы біз қазақ тілінің табиғатында жаңа бір оралым, жаңаша

сөз тіркестері пайда болатынын байқаймыз. Ал тілдер арасындағы байланыс пен қарым-қатынасты зерттей отырып, ол мұндай эсердің тіл дамуына бөгет бола алмайтынын, қайта мүмкіндікті аша түсетіні турасында тұжырым жасайды.

Жалпы С.О. Талжановтың зерттеуші ретінде әйгіленетін бір қасиеті – объектіге алған мәселесін жеке-дара қазбаламай, оны өзге салаларымен қабаттастыра, байланыстыра қарап, аумағымен түгел тексеретіні. Жасыратыны жоқ, бұл әдіс, бір жағынан, ұтымды көрінгенмен, екінші бір жағынан, жинақтап нақты бір түйін жасап, белгілі бір ақиқат тұжырымға жетуге келгенде кемшін соғатын жайы да бар. Сондықтан да қабаттастыра, қатарынан қарастырылып жататын мәселелердің қайсыбірі түбегейлі зерттелінбей, ашылмай шашырап жатады. Алайда, бұл ауқымды талдау, аумағымен қарастыру Талжанов зерттеушінің өзіндік ізденісін, тәсілін танытатын ерекшелік деп білеміз. Дегенмен бұл монография ғалым Сәкеңнің көп жылдарғы көз майын тауысқан зерттеуінің нәтижесі. Әлемдік мәдениет тарихынан мол хабары бар ғалымның бұл кітабы кейінгі ұрпаққа әлі талай жол азық болары сөзсіз [3].

Ол заманында кітапты мейлінше көп оқыған және сол оқығандарын, көргендерін көкейіне түйе білген адам болатын. Міне, сондықтан оның айтатыны да, жазатыны да жетерлік еді. Түрлі себептермен ғылым саласына біраз кешеуілдеп келсе де, қыруар іс тындырды. Өмірінің соңғы он-он бес жылға таяу шамасында ол өзінің мүмкіндігінің әлі де мол екенін, ғылыми ой-пікірлерге бай екенін, керемет еңбексүйгіштігін танытып үлгерді. Демек, белгілі жазушы, білікті маман, айтулы аудармашы, теоретик, танымал ғалым, туған әдебиетіміз бен орыс әдебиетінің, әлемдік әдеби мұраның білгірі, ішкі психологиялық кейіптеуге шебер тарихи мемуарлар авторы, бірнеше туыс тілдерді меңгерген түрколог, әрі шығыстанушы, тіл мен әдебиет насихаттаушысы, шешен (оратор), қазақ журналистикасы мен баспа жұмысының ардагері Сәйділ Омарұлы Талжановтың шығармашылық мұрасы мәңгі жасай береді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Мұстафин Ф. Жылдар, ойлар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 354 б.
2. Қазақстан жазушылары. Анықтамалық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 714 б.
3. Айтбаев Ө. Жазушы, аудармашы, ғалым. / «Егемен Қазақстан» газеті, 13.03.2010. №90-93.
4. Кәрібаева Б. Талап деңгейі. – Алматы: Жалын, 1992. – 184 б.
5. Жақыпов Ж. Аударматануға аңдатпа. – Қарағанды: Санат, 2002. – 188 б.
6. Талжанов С. Көркем аударма туралы. – Алматы: Ғылым, 1962. – 128 б.

**Көңілжан Т.**

#### **СЕЙДИЛ ТАЛЖАНОВ – МАСТЕР ПЕРЕВОДА**

**Аннотация.** *Статья автора посвящена переводческим произведениям Сейдала Талжанова. Автор доказывает, что в его переводных произведениях замечается новые словосочетания, новые фразы казахского языка.*

ӘОК 82  
ГТАХР 17.01.09

Коптлеева А.

aida.koptleeva@mail.ru

«Bolasaq» Академиясының «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы»  
2 курс магистранты, Қарағанды қаласы

#### **ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЗМ НЕГІЗДЕРІ**

**Аңдатпа.** *Автор жазушы Оралхан Бөкейдің әңгімелері мен повестерін талдау арқылы мифтің көркем әдебиеттегі мәні мен мазмұнын анықтай түсіп, ол құбылысты өз хал-қадірінше түсіндіруге ұмтылады.*

Оралхан Бөкей шығармаларында табиғат пен адам проблемасы өзекті идея болғаны мәлім. Сол табиғат пен адам ара қатынасын бейнелеп беруде жазушы мифтік желіні, мифтік бейнелеуді оқиғаға араластырса, енді бірде мифтік сенімге негізделген таным-түсініктерді көркемдеу құралы түрінде пайдаланады. «Айпара-ана», «Қамшыгер» әңгімелерінен бастап,



«Атау кере» повесіне дейін желі болып тартылған табиғатты жанды кейіпкер түрінде бейнелеу – жазушы шығармашылығындағы мифологизмнің бір қыры.

Жазушы «аңызнама», ал біз «әңгіме-миф» деп атаған «Айпара-анаға» тоқталайық. Бұл әңгімеде Айпара-ананың сырласары – дала. Жау шапқыншылығын көрген ел тағдырын дала суретімен беру шығарманың мифтік сипатын анықтай түскен. «Дала ақыл-естен айрылып жатыр. Жым-жырт. Бейне бір алып батырдың ұзақ жолдан оралып, ат соғып шалдығып, көз шырымын алғаны секілді. Осы дала-батыр, осы мең-зең есеңгіреген ұйқысынан мәңгі оянбай қоятындай елестеді Айпара-ананың көз алдына. Мынау мәңгірген казактың жайсаң даласы – төрткүл дүниенің асырап алған жетім баласы іспетті. Ұзақты күн қой соңында жүріп, жалқы сәт мызғып, көз шырымын алғаны секілді» [1, 77].

Жазушы даланы бірде ұзақ жолдан оралып, ұйықтап жатқан батырға, бірде қой соңында жүріп, ұйықтап кеткен жетім балаға ұқсатады. Далаға адамға тән іс-әрекеттің таңылуы, бұл жерде, дәл сол кездегі халық өмірімен, оның басындағы ауыр халмен байланыстырылған. Көне мифте жер-анаға кейіптелсе, Оралханда дала батырға, балаға кейіптеледі.

Жоңғарлар Жандосты отқа тастап, өртемекші болғандағы табиғат құбылысы былай беріледі: «Киіздің екі қабаты жанғанша ләм деп үн шығармай, шыдап жатқанында, табиғат-ана бүрк-сарқ долданды да, мынау өзі жаратқан пенделердің біріне-бірі жасар жауыздығына шыдай алмай, ағыл-тегіл жылады-ай. Аспанның ағыл-тегіл жылаған көз жасынан от сөніп, жарқылдаған найзағайдай шошынған жоңғарлар баспанасына зытып еді» [2, 95]. Жылау – адамға тән көңіл-күй болса, енді сол көңіл-күй табиғатқа ауыстырылады. Жаңбырдың жаууы секілді табиғат құбылысы «аспанның ағыл-тегіл жылауы» болып суреттелген. Табиғат құбылысын адам көңіл-күйімен ұқсастырудың әңгіме мазмұнын ашудағы мәнді орнын атамай кетуге болмайды. Даланың немесе табиғаттың жанды кейіпкер түрінде суреттелуі жазушы шығармасының мазмұнында жиі ұшырасады. «Ай астында: марғауланып, ер мен елдің осыншама еркелігін, осыншама қасіретін мамырстан кеудесіне сыйғызып, казактың күреңселі даласы жатты» [3, 24]. «Тау мүлгіп тұр», «...қоңылтақ самал қараша үйден қаңғырып шыққан жас еттің иісін лып еткізіп, іліп ала жөнелер», «Қараша үй де, каракөк аспан да, қарауытқан тау мен қара барқын орман да – бәрі-бәрі бір сәтке ұйықтап кетеді. Ұйқысы қандай керемет дейсің» [3, 29]. Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адамға тән көңіл-күй, іс-әрекетпен көрінуі (жылау, ала жөнелу, мүлгу, ұйықтау) көне мифтік тұрғыдан келгенде, барлық құбылыс пен заттардың рухы, жаны бар деген сенімнен туындаған шындық, көркемдік ойлау жүйесі тұрғысынан келгенде, мифтік танымға сүйене отырып, табиғат суретін бейнелеп беру, яғни, бейнелеу, кейіптеу тәсілі. О.Бөкей назарына жиі ілігетін дала, тау, жел, т.б. жанды-жансыз заттар мен құбылыстар жазушы қаламына іліктіргенде суреткер мифтік санаға тән анимизмді шеберлікпен құбылтып, кейіпкер психологиясын таныту, шығарма мазмұнын ашу барысында тың ой туындатады. Көне мифтердегі түсінік-танымды сол қалпында пайдаланбай, мақсатты түрде өзгерістер жасау повесть, әңгімелерінен көп ұшырасады. Өзіміз жоғарыда келтірген даланы, аспанды адамға тән іс-әрекетпен бейнелегенде, тек анимистік сенімге сүйене отырып, өзіндік тәсілін аңғартады. Көне түркілік мифтерде аспан-әке, жер-ана түрінде көрінеді. Ал, аспанның жекелей сипаты дараланбайды, тек адамға тән әрекетімен көрінеді. Анимистік сенімнен бастау алған кейіптеулер «Сайтан көпір» повесінде авторлық шеберлікпен өрнектелген. Алтай қысының әрбір сәті жазушының назарына жай ғана ілігіп қоймай, жан-жүрегі, сезімі бар кейіпкерге айналып шыға келеді. Қарлы боранды: «Айқай дүниенің бар билігі өзіне тиген, сол өзіне тиген сәттік билігіне масаттанған қарлы боран мың-миллион қамшысын үйіріп, оң жамбасына келгеннің бәрі-бәрін осқылап, көк айыл долылық қысып, өзгеше өкпелі қатыгез мінезбен осқырынады» деп сипаттап, «кезіккеннің жон арқасынан таспа тілген, табанына салардай зілзала ашуға мінген» [4, 136], адуынды, алапат ашу иесінде кейіптейді. Қыс мезгіліне тән кейіптеулер ашулы, қатыгез адам мінезіне ұқсатылады. Адамға тән мінез-қылықтың табиғат құбылысына теліне бейнеленуі кейіпкердің көңіл-күйін таныту үшін ең тиімді тәсіл болып тұр. Сыншы Е. Аманшаев «Атау кере» повесінде Алтай тауы – жанды кейіпкер» [5, 144] десе, біз бұл пікірді О.Бөкейдің барлық шығармаларына қатысты айтамыз.

«Сайтан көпір» повесінде боран басылғаннан кейінгі Алтайдың сипаты «ұзақ жөтелден ептеп сергіп, қарағай, самырсындарын арқалап алып, бүлкілдеп, ұлы зұлматтан тірі қалғанына масаттанғандай» деп берілген. Алтай суреті повесть оқиғасының даму, шиеленісу барысында әр түрлі қырымен көрінеді. Табиғаттағы бүкіл тіршіліктің, іс-әрекеттің орталық тұлғасы – Алтай. Көне мифтерде табиғаттағы барлық зат пен құбылыстың иесі болады деген түсінік бар болса, осы түсінік ежелгі адамдар санасына рух түрінде сіңген. Жазушы мифтік санаға тән ойлау желісін көркемдік бағытта өңдеп, таудың өзін сезімі, ойы бар объектіге айналдырған.

Алғашқы қауым адамдары үшін «маңайдағы дүниенің бәрі, аспан да, жер де, тау да, су да, жұлдыз да – атам заманнан келе жатқан, өздері қалай өмір сүрсе, олар да солай тірлік ететін нәрселер болып көрінген» [3, 169]. Жазушының көркемдеу тәсіліне негіз болған осы анимистік сенім. Оның мақсаты – көне мифтік ұғымды жаңғырту немесе түсіндіру емес, көркемдік-идеялық мақсат. Алтай тауы жанды кейіпкерге айналған соң оның айналасындағы күллі табиғат объектілері де жандандырылып кейіптеледі. «Қалың тоғайды қақ жарып, сыландай аққан Бұқтырма – Алтайдың ару қызы – төркініне екпелеген қалыңдықтай тұншыға жылайды» [3, 135]. Өзеннің ағысын «тұншыға жылаумен» бейнелеу «Айпара-анадағы» аспанның жылауын еске түсіреді. О.Бөкей шығармаларының көркемдік қуатын арттыра түсетін осындай адам мен табиғат болмысының ұштастырыла суреттелуі екенін баса айтқан жөн. Бұқтырма – Алтайдың ару қызы деген метафорамен берілсе, Алтай – оның төркіні, ал, Бұқтырманың ағысы – төркініне өкпелеген қалыңдықтың тұншыға жылауы түрінде суреттелуі көне мифтің қазіргі әдебиеттегі көркемдік қызметі, анимистік көзқарастың кейіптеуге, метафораға негіз болуының бір көрінісі. Өзенге қалыңдықтың мінез-кылығын телу Су иесі Сүлейменнің сұлу қыздары су түбін мекендейді деген мифтік сенім елесі болса керек.

Ай мен күннің жаралуы туралы мифтерді ғалым С.Қасқабасов рух-иелік мифологияға жатқызады: «Бұл екеуін кейде жасампаз қаһарман жаратады, кейде екеуі заттан немесе адамнан пайда болады» [6, 155]. Ай мен күн біреуі еркек, біреуі әйел, кейде екеуі де әйел, кейде ерлі-зайыптылар деп те айтылады. Алгонкиндер мифологиясында, керісінше, күн – ері, ай – оның әйелі. Айдың қолында ұлы бар. Сол ұлы айдың жүзін қараңғылап тұрады. Кейде күннің жарығы азаятыны ол айдың қолынан ұлын алады. Үндістер мифологиясында Күн мен Ай – ағасы мен қарындасы. Грек мифологиясында күн құдайы – Гелиос. Мұнда күнді кәдімгі адам түрінде бейнелеу басым. Күнді адам бейнесіне кейіптеу мексикандарда да бар. С.Қасқабасов келтірген қазақ мифінде Ай мен Күн егіз туған керемет сұлу екі әйел болады. Айдың сұлулығы артығырақ болып, ол Күнге мақтанады. Күн қызғанып, оның бетін тырнап алады. Ай бетіндегі қарауытқан дақ содан қалған делінеді [6, 156]. Көпшілік мифтерде Күн мен Ай ежелгі заманда адам болып, жерде өмір сүрген. Кейіннен өздерінің ғажайып ерекшеліктерімен аспанға шығып кеткен, немесе күнәлі болу салдарынан Күн мен Айға айналып кеткен. Көне мифтерге жүгінсек, бәрінде Күн мен Айдың әу баста адам болғаны айтылады. Мұның өзі Ай мен Күннің жаны, рухы бар делінетін анимистік сенімге негіз болған мифологиялық ұғым. Табиғаттағы объектілердің барлығына саналы ойлау тән деген мифтік түсініктің өзі сол объектілердің адамнан пайда болуы туралы көне мифтерден бастау алғаны дау тудырмаса керек. Бұл жерде тағы бір мәселені анықтау қажеттігі туындайды. Табиғаттағы барлық заттар мен құбылыстардың жаны, рухы бар деген түсінік мифтік сананың алғашқы кезеңіндегі табиғат пен адам тең деген мифтік танымға негізделген. Және де бұлайша түсіну не нәрсенің пайда болуы адамның екінші түріне ауысуына байланысты делінетін мифтік түсінікке байланысты. Бірақ осы екінші түрге айналуының өзі сол тендік заңымен сабақтас.

Күн мен Ай туралы көне мифтерден бастау алған поэтикалық суреттемелер фольклорлық мұралардан көркем жазба әдебиетке дейін жалғасын тапты. О.Бөкей прозасының қай-қайсысында да күн мен айды суреттеуге маңызды орын берілген. «Сайтан көпір» повесінен күн мен айдың әр қалыпта суреттелуіне мысалдар келтіруге болады.

«Ақ түтектің ар жағында, тұтқында қор болып тұрған күн жарықтық боран салған лаңнан әлі де сауыға алмай, бозамық аспандағы шаңытқан шарбы перденің артынан жасқана сығалайды» [3, 38]. Көне мифтерде күн – тіршілік көзі болса, повесте көшкінге ұрынып, дәрменсіз жатқан кейіпкер Аспан үшін – үміттің, тіршіліктің нышаны.

«Мұзтау» повесінде: «Анда-санда тұтқынға түскен Күн жазғанның көз жасындай аспаннан қаңғылестеп, жетім-жесір тамшылар ағады» [2, 67]. «Қар қызы» повесінде: «Айнала аппақ таудың бауырында арпалысып, күресіп жүрген үш жігітті мазақтай күліп, күн ұясына бағана кіріп кеткен» [3, 209] деп келетін кейіптеулерден мифтік мазмұн аңғарамыз. Миф бұл қолданыстарда өзіндік қызметінен айырылып, көркемдік сипатқа көшкен. Күнді кейіпкерге айналдыру мифологиялық стилизация тәсілінде жүзеге асып тұр. «Сіреу болған өзен бар жақсылықты Күннен ғана күтті. Ал Күн болса қор болған пендесін уақсыз уақ жарылқай алмады. Тек анда-санда жансыз сәулесін шашып, «шыда, шыда, жарқыным» деп хабар жіберетін» [3, 500].

Ш.Уәлиханов күннің қазақтар ұғымында құрметке бөленетіндей құдіреттілік, қасиеттілік сипаты жоқ екенін атап көрсетеді [7, 180]. Бірақ, отты киелі деп санаған сенім ежелгі халықтардың бәріне тән сипат екенін ескеруіміз қажет. «От – күннің жарықшағы» [7, 291]. Күнді рух түрінде танудың бір негізі – оны тіршілік нұры деп қараудан туған наным десек, от –

өмір, жылу, жарық. О. Бөкей шығармаларында дәл осы межеде танылған. Күн көп жағдайда қиналған қысылшаң кезде үміт күтер нысанаға айналады. Күнді қастерлеу сенімінен туындаған от туралы нанымдар, оған қатысты ырым-тыйымдар жазушы шығармаларында өз өрнегін тауып отырады.

Күн бейнесі О. Бөкейде басты мотив болмаса да, белгілі дәрежеде мифтік белгілерімен көрінгеніне келтірген мысалдар дәлел бола алады. Табиғат О. Бөкейде тұтастай жанды кейіпкерге айналса, сол табиғаттағы әрбір зат пен құбылыс жазушы назарына жанды, саналы объект болып ілінеді, яғни кейіптеу арқылы кейіпкерге айналады. Күнді назарға алғанда О. Бөкей көне мифтік санадан туындаған ұғымдардан мүлде алшақ кетпейді. Кейде оны жарық сыйлаушы күш ретінде көрсетсе, кейде жай қарапайым пендеге тән іс-әрекетпен бейнелейді. Жазушының Күнді бейнелегенде халықтық дүниетаным аясынан ауытқымағанын да атап айту қажет. Түркілік танымда Күннен гөрі Айға деген ілтипат ерекше екеніне мифтердің өзі дәлел.

«Табиғаттағы дүниенің бәрі бірдей деген алғашқы мифтік сана әлемдегі жанды және жансыз, өлі мен тірі нәрсені анық жіктемеуден туған. Бұл түсінік мифтік санаға тән анимизмді, яғни дүниедегі нәрсенің бәрінің жаны бар деген сенімді туғызса» [6, 68], О. Бөкей туындыларындағы табиғаттың саналы, жанды кейіпкер түрінде тұлғалануын анимизмнің қазіргі әдебиеттегі көркемдік мұраттарға қызмет етуінің жарқын мысалы дей аламыз.

«Мұзтау» повесіндегі Ақтанның оқшау бітімі мен күллі психологиясы оны қоршаған табиғатты жанды бейнеге айналдыру барысында танылады. Повесть оқиғасының мазмұнында Ақтанның «арғы жақтан келген» жұмбақ адаммен кездесуі бар. Жұмбақ адамды атуға оңтайланып, мылтығын кезеген Ақтан бәрібір оны ата алмайды. Кейіпкердің осы сәттегі көңіл-күйін жазушы табиғатпен егіздей берген: «Тұлан тұтқан табиғат құр долылықтан түсер пайданың аздығын шамалады ма, әне ...бейшара, ақыл-есін жиды...» [2, 66]. Ақтанның әрбір сәттегі көңіл-күйін табиғат құбылысынан ажыратамыз.

Кейіпкер бойындағы бір-біріне қарама-қарсы ой-сезімдердің тайталасын табиғат арқылы бейнелеу бұл повесте жиі ұшырасады: «Таудың алты ай сұлап жатар қысы күшіне біржола енгендей, аса бір ауыр да тұнжыр мінез танытады табиғат» [2, 71]. Ақтан болмысын Мұзтау биігімен ұқсастыра суреттеу оның ерекше бітімін таныта түсу үшін қажет болған сияқты. Мұзтау – Алтай табиғатының ерекше бітімі болса, Ақтан – тобырдан саяқ, рухы биік, ерекше тұлға, авторша айтсақ, «ертек адамның соңы». Табиғат пен Адам бірлікте деген ұғымға тірелетін мифтік сана ұшқыны қаламгер суреттеуінде солай болуға тиісті заңдылықтай көрініп, оқиғаның қан тамырындай тарамдалып жатыр.

О. Бөкей мифологизмінің бір ұшы кейіптеу тәсілімен ұласқан психологиялық параллелизмде жатыр. «Жасын», «Құм мінезі» туындыларынан адам мен табиғат болмысын егіздей беру тәсілі айқын көрінеді. Біз «Мұзтау» повесіндегі Ақтан мен табиғаттың егізделуін айтып өттік. Осы повестегі егіздеу басқа да шығармаларына тән. «Құм мінезінде» құмның жазушы қаламына ілігуі жайдан жай емес.

«Құм үнсіз жыласа, Бархан тұншыға ызаланады, тұншыға назаланады. Ақырында құм көшеді, Бархан буырқанады. Әдемі, астарлы параллелизм», – дейді бұл турасында сыншы Б. Ыбырайымов [8, 28]. Бархан мен құмды егіздей суреттегенде жазушы құмға адамға тән әрекетті дарытады. Құмды жанды кейіпкерге айналдырудың негізі анимистік көзқараста жатыр. Бұл жердегі құм кейіптеу тәсілімен бейнеленіп, психологиялық егіздеу түрінде шығарма мазмұнына арқау болған.

Жазушының адам мен табиғатты егіздей суреттеуі – табиғаттан алшақтау бүкіладамзаттық қасіретке ұрындырып, қайғы әкелетіндігін ұғындыру санаға сіңіру үшін ұстанған көркемдік тәсілі. Жалпы, мифологизм О. Бөкейде жақсылық пен жамандық арасындағы бітіспес күрестің түп-тамырына үңілу, бүгін мен болашақты кешегі күн көзімен бағамдау мақсатында көрінеді. Бұл сияқты сипаттар Барханда да («Құм мінезі»), Нұржанда да («Қар қызы»), Ақботада да («Жетім бота») бар. Осындай жоғары саналы, сезімтал кейіпкерлер болмысы қалай болғанда да бүгінгі күнмен, бүгінгі тіршілікпен үйлесім таппай жатады. Сондықтан да олар адамдардан гөрі табиғатқа жақын. Бархан мен құм, Ақтан мен күллі табиғат егізделе суреттелгенде, мифтік белгілер шешуші мәнді иеленеді. Көне мифтік санаға тән анимистік сенім көркемдік ойлау жүйесінде кейіптеуге, кейіптеу тәсілімен жасалған аллегория, метафора, символға айналғанына О. Бөкейдің әңгімелері мен повестерінен дәлелдер келтіру мифтің көркем әдебиеттегі мәні мен мазмұнын анықтай түсуге мүмкіндік береді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

*1. Бөкеев О. Үркер. – Алматы: Жазушы, 1971. – 324 б.*

2. Бөкеев О. Мұзтау. – Алматы: Жазушы, 1975. – 248 б.
3. Бөкеев О. Біздің жақта қыс ұзақ. – Алматы: Жалын, 1984. – 504 б.
4. Бөкеев О. Үркер ауып барады. – Алматы, 1981. – 356 б.
5. Аманшаев Е. Албасты туралы аңыз. – Астана: Фолиант, 2001. – 412 б.
6. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 248 б.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. II том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 412 б.
8. Ыбырайымов Б. Сын мұраты. / Сөзстан. Алматы: Жалын, 1985. – 224 б.

**Коптлеева А.**

### **ОСНОВЫ МИФОЛОГИЗМА В ПРОЗЕ ОРАЛХАНА БОКЕЯ**

*Аннотация.* Анализируя рассказы и повести писателя Оралхана Бокеева, автор стремится определить смысл и содержание мифа в художественной литературе, старается по-своему объясняет это явление.

ӘОК 398; 801.8

Кабай К.

Kabai.kunnur@msail.ru

Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қарағанды қаласы

### **БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС**

*Аңдатпа.* Әр халықтың өзінің бай ауыз әдебиеті, фольклоры болса, сол фольклорлық шығармаларында халықтың тарихы, діні, тілі, салт-дәстүрі көрініп тұрады.

Қазақ фольклорының тарихи сипаты басым көркем де құнды саласы-эпостық жырлар.

Халық поэзиясын көпшіліктің өзі тудырғандықтан, ол елдің тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болған. Сол жырларға қарап, елдің әдет-ғұрпын, ой-санасы мен түрлі сезімдерін дәл танып білуге болады.

Әрбір халықтың өзіне тән фольклоры болады. Адамзат жаратылыстың сыр-сипатын, жұмбағын қоғам өміріндегі түрлі болмыстың мәнін ашатын көркем сөз өнері десек, соның ішінде ерекше өмір құбылыстарын образдық ой арқылы жеткізген, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен фольклорлық шығармалардан танып білеміз.

Міне, сондай фольклорлық шығармаларымыздың бірі – батырлық эпостардың жиналып, зерттелуіне тоқталар болсақ, «Н. Ильминский 1859 жылы батыс өңірінің әйгілі жыршысы Марабай жырауды әдейі шақырып, одан «ЕрТарғын» жырын жазып алады, оны 1862 жылы Орынборда бастырып шығарады. Ал, 1906 жылы Орынбор архивы ғылыми комиссиясы сол кездегі атақты жыраулардың біразын Орынборға әдейі арнайы шақырып олардан 50-ден аса батырлық жырлар жаздырған» [1,8].

Халық үшін жасалған осындай игілікті істерді Ы. Алтынсарин еңбектерінен де көреміз. Ы.Алтынсарин 1860 жылдары ел арасын көп аралап, белгілі ақын - жыршылар мен жиі кездесіп, өте көп мақал - мәтел, халық өлеңдері мен аңыз - ертегілер, эпостық шығармалар жазып алады. Кейін 1879 жылы осы материалдарды жинақтап «Қырғыз хрестоматия» деген кітабында жариялайды [2].

«Қобыланды батыр» жырының ең тамаша тарауы «Тайбурылдың шабысы» да ең алғаш осы Алтынсарин хрестоматиясында жарияланған. Қобыланды жырының 29 нұсқасы болса, оның ең негізгі Марабай сюжеті екендігі ғылымда дәлелденген.

Ал, «Қамбар батыр» жырының 10-15 ке жуық нұсқасы бар. Ә.Диваев бұл жырдың тілі көркем, идеясы тартымды әрі толығырақ нұсқасын 1922 жылы Ташкентте бастырады. Сонымен бірге 1933, 1937, 1938 жылдары С. Сейфулин, С. Мұқанов, М. Әуезов бастырған батырлық жыры жинақтарына да енгізілген. Қазақтың батырлық жырларын жинау, зерттеу, жариялау мәселелері С.Сейфулин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Ы.Ысмайлов, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, М.Ғабдулин, Р. Бердібаев, Т. Сыдықов, еңбектерінде мол қамтылған.

Батырлар жырының алғашқы жинақтары 1922, 1932, 1939 жылдары жарияланды. Бұл 1957 жылы қайта қолға алынып, 1977 жылға дейін бірнеше рет жарияланды.

Қазақ халық поэзиясын молынан жинауда көп еңбек еткен кісінің бірі - Әбубәкір Диваев. Ол Шымкент, Аақмешіт, Қазалы, Әулиеата мен Сырдария аймағын және Түркістан аудандарын

түгел аралап халық поэзиясының асыл қазынылары батырлық жырлардан, ертегі, мақал-мәтел жұмбақ, салт өлеңдерін тағы басқа толып жатқан жанрлардан мол материалдар жинаған.

Қазақтың батырлар жырын алғашқы рет топтап бірнеше кітап етіп 1922 жылы Ташкентте жариялаған да Әбубәкір Диваев. («Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Шора батырлар» осы жылы жарияланған).

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ эпосын жинау, орыс тіліне аударуда азды-көпті еңбек еткен адамдар А.Левшин, И.Белинцин, Г.И.Спаский, Н.Ф.Костымцкий, С.Б.Брокевский, В.Феодоров, П.Золотов, Н.М.Карамзин, И.П.Шаншин, т.б. болды.

Эпостық жырлардың қолжазбаларын жинауға, қағаз бетіне түсіруге қазақ оқымыстары ішінен Шыңғыс Уәлиханов, (Шоқан әкесі), Ахмет Жантөрин, Әбдуәлі Дербісәліұлы, Садуақас Анайұлы, Мұстафа Бүркітбайұлы, Бейбіт Дауылбайұлы, т.б. атауға болады.

Ел, халық санасымен жасалған «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Көрұғлы» сияқты батырлық жырларда ел бірлігі мен тәуелсіздігін сыртқы жаулардан қорғау сарыны үстем болса, екінші жағынан, хандар мен халық арасындағы қайшылық таңбасы да бар. Осының нәтижесінде қазақ эпосы халық тарихының көркем ескерткішіне айналған. Эпоста әлуметтік ішкі тартысты бейнелеу батырлық жырларға мүлде жат емес. Көшпелі қоғамның ішкі талас-тартысын жырлау қаһармандық эпостың басты нысанасы болмағанымен, әлуметтік теңсіздік негізінде туған қайшылықтар жырда кездеседі, әрі ондай оқиғалардың батыр тағдыры үшін арқалайтын жүгі бар.

Жырда батырлар көбінесе аса тұлғалы болып келеді, және олар мұрат-мақсаттарына жетіп отырады. Батырлардың бәрі дерлік бүкіл ру, тайпа, ел атынан сөйлеп, әрекет жасайды. Жырда жеке мүддеден гөрі ру, тайпа, ел мүддесін жоғары қою үстем. Батырдың шыққан ортасы, әке-шешесі әлуметтік тегіне қарамастан жақсы жағынан көрінеді. Хан болса әділ, бай, бек қайырымды, кедей момын шаруа өзгеге залалы жоқ.

Қандай да бір батырлық жыр болмасын,оның ең негізгі ортақ бейнесі, жыршылардың өте бір мән бере бар ықылас сүйіспеншілігіне бөлей жырлайтын бейнесі батыр тұлғасы. Ол - әрқашан да отанын, елін сүйетін, туған жері, елі үшін жанын аямай күресетін алуан патриот, жақсылыққа жаны құмар ізгі жан. Ол жауына қаншалықты қатал, мейрімсіз болса, от басы, ел жұртына соншалықты мейірімді, жұмсақ, аңғал да ақкөңіл.

Эпоста батыр жалғыз суреттелмейді. Батырлық жырлардың үлкен бір ерекшелігі мұнда әрқашан да батырмен қоса бірдей тұрақты суреттелетін күрделі бейнелер бар: ол, ең алдымен, батырдың жары – ол асқан сұлу, махаббатқа берік, батырдың айнымас досы, ең сенімді серігі (Құртқа, Ақжүніс, Гүлбаршын, Назым т.б ). Олар да батырдың өзі сияқты ел камын жеген ерендер.

Жырда ол былайша суреттеледі:

Арғы астында бұл таудың  
Қызылбастың елі бар,  
Жасыл байтақ жері бар,  
Айдынды шалқар көлі бар,  
Көктім аймақ ханы бар  
Неше мың сан жаны бар  
Қаншама жиған халқына  
Көрсетіп тұрған сәні бар.  
Құртқа деген қызы бар,  
Жұртына жайған назы бар.  
Ай астына аспанға  
Құрды баққан қақтырып,  
Алтын теңге аттырып.  
Теңгені атып түсірген  
Құртқаны сұлу сол алар [3,79].

Батырдың екінші бір егізіндей бірге суреттелетін сенімді серігі – оның астындағы тұлпары. Ат қасиетін суреттеу, оның батырға жасайтын достық әрекеттері, батырды тілеген жеріне «көзді ашып-жұмғанша» алып баратын құстан жүйрік шабысы – бәрі де батырлық жырлардан ең көрнекті, ең құрметті орын алады. Атап айтсақ Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Ер Тарғынның Тарланы, Қамбардың Қарақасқасы т.б бұлар да осы жырлардағы қаһармандар әлемін құрайды.

Айт, жануар, шұбарым,

Мойында алтын тұмарың,  
Тасып-толып тарқасын,  
Бүгінгі күні құмарым.  
Сенің шұбар күніңді,  
Менің жүрер күнім-ді,  
Он бестегі күнімді,  
Жайнатты құдай гүлімді [3,73].

«Ер қанатты – ат» - деп халқымыз жылқыны ерекше қастерлеген. Міне сол үрдіс, дәстүр эпостық жырларда ерекше суреттеледі. Тайбурылдың тууы мен тәрбиесіне жырда үлкен мән берілген. Тайбурыл өз иесімен адамша сөйлеседі, батырдың барлық сертін орындайды (қырық күншілік жолды бір күнде алу) ол жырда ел қамын жейтін тұлпар болып суреттеледі.

Мұнан байқайтынымыз қай батыр болса да ел, жер тайпа мүддесін жоғары қойғандығы. Батыр болу үшін адам алдымен сол елдің қамын көбірек жеуге тиіс.

Міне, жоғарыда аталған «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сынды батырлар жырындағы кейіпкерлердің ішіндегі басты образ, негізгі қаһармандар – батырлар және оның жары, аты. Қай жырды алып қарасақ та басты тұлға батыр яғни туғанда, оның дүниеге келуінің өзі бір ерекше болады. Олардың негізгі мақсаттары дұшпандардан елін, жерін, ата-анасын, туған-туысын қорғау.

Ел намысын қорғауда қашанда өз жеке басы мүдделерінен ел мүддесін биік ұстау. Бұндай қасиеттер тек батырларға ғана тән қасиет екені айқын. Жырды оқу барысында біздің байқағанымыз батырлардың аса тұлғалы болып келетіні және бәрі дерлік мұрат-мақсаттарына жетіп отырады.

Міне, сондықтан да халық эпосы, ондағы батырлар бейнесі халық тарихының көркем ескерткішіне айналған. Әрбір эпостың негізгі геройы – жас батырдың бойынан қиялдағы асқақ – адалдық, батылдық, алыптық сияқты ардақты қасиеттерді табамыз.

«Батырлық эпосты халық жасайды және халық үшін жасайды. Оны жасаушы да, орындаушы да өзінің тегі жағынан, қоғамдық тәрбиесі жағынан, дүние танымы, дүниеге көзқарасы жағынан халық бұқарасымен біте қайнап, бірге өскен қарапайым адамдар», -деп жазады академик В.М.Жирмунский [4, 7].

Тарихи шындық болсын, немесе қиялдан тусын, әйтеуір әр кезде өмір сүрген батырлардың ерліктері халық эпосының негізгі өзегі болады, терең идея, мазмұнды мағына береді. Сөйтіп эпостағы халық батырының қаһармандық сом тұлғасын жасайды. Қандай да бір батырлық жыр болмасын, оның ең негізгі орталық бейнесі, жыршылардың өте бір мән бере бар ықылас сүйіспеншілігіне бөлей жырлайтын бейнесі – батыр тұлғасы.

Қайтпас қайсарлық, берік махаббат, ізгі – арман, арамза дұшпанға қарсы арпалыстағы батыр қанша қиыншылықтарға кез болғанымен ең соңында жеңіп шығады. Осы айтылған оқиғалардың бәрі жалаң суреттелмейді ел өмірі, халық дәстүрімен тығыз байланысты жырланды. Қазақ жұртының бейбіт тұрмысы, әдет-салт, көрікті әсем табиғаты да көрініс тапқан. Салт-санаға байланысты батырдың балалық шағы, үйленуі, дос-жаран, туған-туысқандар арасындағы сан алуан дәстүрлерде көрініс тапқан.

Атап айтсақ үлкенді сыйлау, сөз бастарда, тіпті жаумен жепке-жекте соғысар сәттің өзінде де батыр жасы үлкендігін сыйлап өз кезегін береді. Батырлық жырда ежелден келе жатқан жөн-жосықтар, әдет-салттар, халықтың энциклопедиялық тұрмыс заңдары, дәстүрлері молынан жырланып, осы кезге дейін сақталып келген.

Жырда кездесетін салт-дәстүрлердің ішінде батырдың дүниеге келуі ерекше аталып өтеді.

Қазақ эпосында елдің тіршілігі, енбегі, кәсібі ғана емес сонымен бірге этнографиясы мен салты, ой-сезімдері мен психологиясы көрсетілген. Қазақ эпосы қазақ халқының көркем тарихына айналған.

Ел, халық санасымен жасалған «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» т.б батырлық жырларда халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-санасы, әдет-ғұрпы, наным түсініктері де көрініс тапқан.

Ол әр жағдайда батырдың үйлену салты, жауға аттануы, жау қасынан қашып шығу т.б ерліктері мен туған-туысқандары, халық арасындағы қарым-қатынастарда жиі ұшырасып отырады.

Ғалым Ә.Қоңыратбаев «Қандай ғана аңыз, жыр болмасын, соның негізінде бұлдыр түрде болса да белгілі бір дәуірлердің нанымдары, өмір шындығы бар десек, ондағы заман түсініктерін анықтау аса мәнді» деген болатын.[5,124].

Сөзімізді түйіндей келе батырлар жырында халқымыздың ұлттық наным – сенімі, ырым, жоралары, әдет – ғұрыптары, батырдың ерлік істері мен бірге жырдың оң бойында әдемі өріліп отыруы арқылы ұлттық болмысымызды терең танытады демекпіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ақсауыт. Батырлар жыры. II-том, Алматы, 1977.
2. Алтынсарин Б. Қазақ хрестоматиясы. –Алматы: Білім, 2003.
3. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993 Бердібаев
4. Р. Қазақ эпосы. –Алматы, 1982.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. –Алматы, 1987.
6. Батырлар жыры. I-том. –Алматы, 2000.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. –Алматы, 1991.

**Кабай К.**

**ИДЕНТИЧНОСТЬ В ЭПОСЕ ГЕРОЕВ**

**Аннотация.** Будь то исторический факт или вымысел, подвиги героев всех времен составят ядро народного эпоса, придадут ему глубокую мысль и смысл. Таким образом создается богатырский образ народного богатыря в эпосе. Какова бы ни была богатырская песня, ее главный центральный образ, образ героя, который с большой тщательностью воспевадается певцами, есть личность героя.

ӘОК 81'366

Қазбекқызы Н.

«Bolashaq» академиясы

«Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының» 4 курс студенті, Қарағанды қаласы

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Хамзин Мәуен «Bolashaq» академиясы

**ҰЛТ КӨСЕМІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ:  
ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕС**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов мұраларының бүгінгі өмірмен сәйкестігі туралы өз пікірлерімен байланыстырыла отырып айтылған. Көреген саясаткер, мықты басқарушы, Алаш зиялысы қазақ елінің даму жолында халықты жігерлендіріп отырған.

«Әлихан Бөкейханов кім? Егер Латын Америкасы үшін Симон Боливар қандай болса, Әлихан Бөкейханов қазақ үшін сондай тұлға. Егер Ататүрік қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай. Егер Махатма Ганди Үндістан үшін қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай тұлға». Мәмбет Қойгелдиев

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға, ұлт азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы, Ресейдің алдыңғы қатарлы зиялы қауымына аты мәшһүр болған Әлихан Бөкейханов 1870 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысына қарасты 7-ші ауылда, қазақ хандарының тікелей ұрпағы Нұрмұхамедтің отбасында дүниеге келген. Абай туған топырақтан жаралып, Тоқырауын толқынын кешіп өскен жас Әлихан халықтың бай ауыз әдебиеті мен шығыстың қисса-дастандарын жаттап өсті. Зерек бала Омбы қаласындағы төрт жылдық техникалық училищені де ойдағыдай бітіреді. Өте жақсы оқуы және ерекше тәрбиелілігі арқасында ол 1890 жылы Дала генерал-губернаторы кеңесінің ұсыныс хатымен Санкт-Петербург Императорлық орман институтына түседі.

Болмысы, бітімі де ерекше тұлға. Тіпті анадан осы қалыпта туа салғандай. Әлихандай қазақтың қара домалақ баласының тұлға боп жаратылуының сыры халықтың қасиеті мен даламыздың дархандығының куәсі болар.

Осындай «елім» дейтін ер болмаса, елдігіміздің іргесі әлдеқашан сөгілер еді. Ата-бабамыз аманат еткен жеріміз тоз-тоз болып, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетер еді. Ал бұл жолда талай соғыс, нәубетті бастан кешірдік. «Басы барды идіріп, тізесі барды бүктіре білдік.» Абылайдың ақ туының астында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білдік.

Қазыбек би тілімен айтсақ, «ешбір дұшпан басынбаған елміз, басынан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз.» Қайраткердің: «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана»-деп «Алаш» туы астына барша қазақ баласын жинап, өзге елдің боданында жүрген елін біріктіріп, «ұлттық рухтың» сақталуына бар күш-жігерін арнаған жан.

Әлихан Бөкейхан – қазақтың жаңа тұрпатты ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Ол ұлтының азаттығын мұрат еткен жастарға: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», - деп кеңес берген-ді [1]. Бұл орыс боданынан, отарлау саясатының езгісінен, өктемдігі мен әділетсіздігінен туған заңды құбылыс болатын.

Алаштың Әлиханы атанған ұлтымыздың ұлы перзенті халқына жасаған ұшан-теңіз еңбегі, рухани асыл мұралары қазақ өз елінің иесі болып тұрғанда мәңгі жасай бермек. Оның ұсынған идеялары Алаштан – Тәуелсіздікке дейінгі алтын көпір іспетті.

Оның: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді»- дейді [2]. Қойнауы кенге, үсті дәнге толы қазақ даласы қашан да қазаққа ата қоныс. Қараңғы қазақ көгіне күн болып шыққан алыптар тобымен қатар, халықтың ғылым мен техникаға ұмтылуына бірден-бір жол сілтеген көреген азамат. Халық даналығында «Жерге еткен жақсылық жерде қалмайды» деген сөз бар. Не көрсем де Алаш үшін көргенім деп қиын-қыстау кезеңдегі қазақ жеріне жасаған жақсылығын бүгінде ұрпақтары біздер көріп отырмыз. Алтай мен Атырау арасындағы Сарыарқа төсіне астана салып, бәйтерегінің басына қыран құс ұя салған бейбіт те, мамыражай мемлекетке айналған жайымыз бар.

Жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек деп: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын [2]. Біз бұл арманға да қол жеткіздік. Аузын айға білеген алпауыт елдермен тереземізді тең ұстап, білгенімізді жаратып, білмегенімізді үйреніп, еліміздің өркендеуі жолында аянбай жатырмыз.

«Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек», яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуып, ұлттық құндылықтарымыз қайта жаңғырып, бәркімізді аспанға атып та жатырмыз [2].

Әлихан Бөкейхановтың қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек деген ойлары «Мен қазақпын» деген әр жастың жүрегінде найза болып қадалып, найзағай болып жарқылдауы керек. Қиын-қыстау кезеңде өлмеген тіліміз, дініміз, діліміз бүгінгі бейбіт заманда қасиетін жоғалтпайтыны сөзсіз. Сұлтанмахмұт Торайғыровша айтсақ:

Өлер жерден кеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз!  
Жасайды алаш, өлмейміз!  
Жасасын, алаш, жасасын!

Әлиханның жалынды да, ұран сөздері бүгінде жастарға рух, жігер беруде, тәуелсіз елдің болашағын тәрбиелеуде таптырмас құрал. Оның «Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды», «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» , «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды» - деген сөздерінен халыққа адал қызмет ету, өсер елдің ұрпағының, ел келешегінің басты мұраты екенін айқындайды. Әрқашан адалдық пен еңбекті ту еткен ұлылар «көзі соқырдан, көңілі соқыр жаман» дейді. Сондықтан бүгінгі бейбіт заманда оқу-білімге жағдай жасалып, айшылық алыс жерден хабар, отынсыз тамақ, сусыздан сусын ішетін, бәсекеге қабілетті, көкірегі, көңілі ояу, заманның ағысына ілісе алатын ұрпақтар өсіп келе жатқанына қуанамыз.

«Өз күшіне сенбеген халық та, адам да ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды» - дейді қайраткер, ендеше биіміз түзу, билігіміз әділ болсын десек, әуелі әділдікті өзіміз жақтайық. Бүгінгі алмағайып, бәсекенің заманында «тіршілік – бәйге: жүйрік алар, шабан қалар»- демекші егеменді еліміздің ұлыларын ұлағаттап, ұлттық құндылықтарын ұлықтайтын ұрпақ тәрбиелейік.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. <https://qazaq1913.com/2021/08/27/s-jinshi-endi-lihan-b-kejhan-atynda-y-universitet-bar/>
2. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/14447>



Казбекқызы Н.

## ЛИДЕР НАЦИИ АЛИХАН БУКЕЙХАНОВ: БОРЬБА ЗА НЕЗАВИСИМОСТЬ

*Аннотация.* В этой статье рассказывается о преемственности наследия деятеля Алаш Алихана Букейханова с сегодняшней жизнью. Дальновидный политик, сильный правитель, алашская интеллигенция воодушевляла народ на пути развития казахского народа.

ӘОК 81'373; 001.4

Кутжанова Г.Г.

«Bolashaq» академиясы «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының»

2 курс магистранты, Қарағанды қаласы.

Ғылыми жетекші: Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.к.

Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы «Bolashaq» академиясы

## ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА ҚҰРАУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ

*Аңдатпа.* Мақаланың кіріспесінде сөзжасам, есім сөздер туралы сөз болады. Жалпы, сөз таптарының ішіндегі қай сөз таптарының түрленетіні жайлы ой қозғалады. Негізгі бөлімде әр сөз табының оның ішінде есім сөздердің сөзжасамында қандай ерекшеліктері бар екені айтылады. Әр сөз табының өзіне тән категориясы бар екені, соның ішінде есім сөздердің сөзжасамына зат есім, сын есім, есімдіктің және үстеудің түрленуі жататыны туралы сөз болады.

Кез келген халықтың мәдениеті ғасырлар қойнауынан бастау алады. Материалдық мәдениет сол халықтың шаруашылығымен байланысты болды. Қазақ халқының қалыптасуына байланысты, оның өзіне тән материалдық мәдениеті дамып отырады және рухани мәдениеті жетіліп отырады.

Қазіргі этнолингвистиканың теориялық және практикалық қажеттіліктерінің негізінде этномәдени лексика қарастырылып, лингвистикалық талдаулар жүзеге аса бастады. Сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстық сипаты этнолексика аясында қарастырылады.

Ұлт дәрежесіне көтерілген «қазақ» этносының тілдік деректерін этнолингвистикалық аспектіде зерттеуді ғалым Ә.Қайдар «оның (қазақ этносының – Ж.М.) басып өткен ұзақ та сатылы даму жолын (ретроспективті бағытта) саралай түсудің, тарихи этнотұлға ретінде танудың бірден-бір дұрыс жолы, кепілдігі», - деп санайды [1, 11].

Көненің көзіндей тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған, осы дүниенің сыры мол тіл әлемінің тереңіне үңіле отырып, тарихымен тұтас алып қарап сырын ашу – этнолексиканың зор үлесі.

Қазақ тіліндегі ұлттық мәдениетке қатысты алуан түрлі лексика-семантикалық топ құрайтын атаулар нақты заттармен, бұйымдармен байланысты туған.

Қазақ салт-дәстүрі, діни-наным сенімі, тұрмысы көшпенділік өмірмен тікелей байланысып жатты. Көшіп-қону мал өсірушілерге маусымдық жақсы жайылымдарды пайдаланып отыруға мүмкіндік берді. Көшіп-қону көбінесе меридиан (оңтүстіктен солтүстікке) бағытымен жүрді. Ірі рулар мен олардың бөлімшелерінің қоныстары негізінен бір территорияда болды. Әрбір рудың өзінің көш жолдары болды. Қазақтың мал шаруашылығының өріс, қоныстары жылдың төрт маусымына қарай қыстау, көктеу, жайлау және күзеу деп төртке жіктелді.

Киіз үй – көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан-қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама баспана. Оның қабырғасы айқыш сағанақтардан көктелген керегеден тұрғызылды. Кереге жиналмалы болып бөлек-бөлек қанаттан жасалды. Ал керегеден жоғары сидам жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан қаусырыла күмбез шығарылды. Уықтардың аяғы дөңгелене жайылған керегенің аша басына айқастыра байланып, ұшы (қаламшасы) шаңырақтың көзіне шаншылды. Шаңырақ – үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Үй ағашының сыртынан арнаулы киіздер, қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түндік жабылды. Үйдің ортасында ошағы, оң жағында төсек, оның тұсында тұскиіз ұсталып, төсекті қоршап шымылдық тартылады. Үйдің төріне жүкаяқ қойылып, оның үстіне көрпе-жастық жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазан-аяқ, саба сияқты ыдыстар қойылып, ол шимен қоршалады.

Көшпелі мал шаруашылығына күрделі еңбек құралдары керек болмады. Жылқы ұстау үшін құрық, арқан пайдаланылды, қайыстан немесе жылқының жал-құйрығынан тұсау мен шідер жасалды, құлын мен бота байлауға жуан арқан мен ноқта қолданылса, мал суғаруға науа мен қауға жұмсалды. XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласына орыстардың қыста шөп дайындауға арналған шалғылары біртіндеп тарала бастады. Ал, XIX ғасырдың орта шенінде шалғымен қоса темір айыр да кеңінен қолданылды.

Қазақстанда суармалы егіншіліктің ежелгі ошақтары ертеден болып келген. Осыған байланысты қазақтарда егіншілік құралдарының қарапайым түрлері болды. Мәселен, тісағаш, егін оратын орақ, ағаш күрек, сыпыртқы егіншілік құралдарына жатқызылды. Егісті суғару үшін суды көтеріп шығаратын әр түрлі құралдар – атпа, шығыр, сондай-ақ кетпендер мен күректер пайдаланылды. [2, 27].

Салт атқа арналған әбзелдерді санамағанда қазақтың мал шаруашылығына және егіншілікке байланысты негізгі еңбек құралдары Қазақстанның бүкіл аумағында бір-біріне ұқсас болды. Қазақтың ат-тұрман әбзелінің ішіндегі ердің сыртқы түрі мен дайындау тәсілінде жергілікті ерекшеліктер көрініс тапты. Ердің ең көп таралған түрі – қайыңнан шауып жасалған, алдыңғы қанаты кең «қазақ ері» болып саналады. Оңтүстік Қазақстанда ердің «құранды ер» дейтін түрі таралған. Ер-тұрман әбзелдерін жасау, негізінен, ершілердің ісі болған. Олар тек қана ердің өзін емес, сонымен бірге бүкіл ат әбзелдерінің бәрін – тоқым, құйысқан, өмілдірік, айыл, үзеңгі, таралғы, жүген, қамшы және т.б жасап, оларды әсемдеп, көркемдеп отырған.

Көшпелі тұрмысқа бейім шаруашылықтың үстемдігі алуан түрлі колөнерінің – тоқымашылықтың, киіз басудың, ағаш, металл, тері, киіз басумен көбіне әйелдер қауымы айналысты, олар негізінен алғанда үйге керек-жарақтардың тоқымашылық пен ісмерлікке қатысты заттарын: киіз үй ішіндегі алуан түрлі басқұрлар, бау-шулар, текеметтер, сырмақтар, аяққаптар, кілемдер, алашалар, шекпендер және т.б дайындады.

Қазақ халқының ұлттық киім-кешегі адамның жас шамасына қарай ерекшеленген. Киім-кешек үшін негізінен малдың жүнімен терісі пайдаланылады. Сонымен қатар сән-салтанатқа арнап құнды маталардан да киім тіктіретін болған. Қазақтың киім-кешектеріне, тақия, сәукеле, кимешек, бөрік, тон, шапан, мәсі, етік жатады. Олардың кейбіріне тоқталып өтейік. Қысқы киімдері қойдың немесе түйенің жүнінен тоқылатын сыртқы киім қалың матамен тыстап тігілген – тон, ішік, шекпен. Қой терісінен тігілген шалбар, түлкі теісінен тігілген тымақ, құнды аң терісінен астарлап тігілген тон, ішік [3, 9].

Мал шаруашылығына негізделген қазақтардың тұрмысы олардың ішетін тамақтары мен ыдыс-аяқтарынан айқын көрінеді. Негізгі тамақтары ет-сүт өнімдері болды. Қазақтар ыдыс пен керек-жарақтарды көбінесе сынбайтын материалдардан: ағаштан, теріден, киізден және шұғадан жасаған. Олар: торсық, саба, күбі, қазан, таба, ожау, астау, ағаш табақтар, мес, мал сауға арналған көнек және т.б. Көшкен кездерінде ыдыс-аяқты сыртқы беті түрлі-түсті құрақтармен өрнектелген арнаулы киіз қаптарда (аяққаптарда) сақтаған. Сусымалы мал өнімдері үшін тоқыма қаптар дайындаған. Сүр ет пен сары майды ағаштан жасалған кебезелерде сақтаған [4, 12].

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің түп тамыры өте тереңде жатыр. Қазақ мәдениетінің қалыптасып дамыған аймағы осы ұлттың қазіргі мекені, соның төңірегі. Оның дәлелі археологиялық, палеоэтнографиялық деректер. Біздің жерімізде мекендеген андронов тайпаларының қыш құмыраларындағы ою-өрнектер кейінгі қазақтың бау, басқұрларындағы нақыштарға ұқсас келеді. Андроновтықтардың тастан салған үйлері, шаруашылық құрылыстары, құдықтары кейінгі қазақтың осындай құрылыстарында көрініс тапқан. Одан бергі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының да мәдениеттерінің қазақ дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуына әсері аз болмады. Ерте орта ғасырларда бүгінгі Қазақстан жерін және көрші аймақтарды мекен еткен таза түркілік этностар және мемлекеттер тұсында бүгінгі қазақ халқы дәстүрлі мәдениетінің, тілінің негізі қалыптасты.

Материалдық мәдениет лексикасын құрайтын атаулар сан-салалы. Көркем шығармада бұл топ кеңінен көрініс табады. *Жаман текемет үстіңдегі қызыл шымт көрпеден монтиған қолдары шығып, домаланып, томпиған, үш жасар Медеудің танауы делдиіп, аузы ашылып, ерні қожалақтанып, шот маңдайы тоқырайып, жылтырап жатқаны да жарастықты көрінді* [5, 28]

*Жалғыз әйнек жаман үй, төсеніші - жалаң ши. Жаман шидің төр жағы - ала сырмақ текемет, текеметте – Күнікей, жалғыз әйнек түбінде* [5, 30].

Текемет – сәндік-қолданбалы өнер туындысы, бетіне түрлі түсті ою-өрнек басылған киіз үй жиһазы. Текеметтің алатын орны өзгеше болған: ол қазақтың дәстүрлі баспанасы – киіз үй

ішіне жылылықпен қатар әсемдік те әкеліп әрі киіз үйдегі адамдарды астынан өтетін сыздан қорғап, аурудың алдын алу ролін де атқарып отырған. Текеметке ою-өрнек пен түр салудағы тепе-теңдікті қатаң сақтау қағидасы қазақ халқының ерте замандағы дүниетанымдық дуализмін де айқын аңғартады [ҚТТС, 178].

Сырмақ – «Сыр-мақ» атауы оны дайындау әдісінен алынған. Қазақта «сыру» деген сөз арасын жиі етіп тігетін тігістің түрі, жиі етіп бастырып тігу дегенді білдіреді. Арнайы басылған киізге басқа түсті киізден, матадан қиып дайындалған ою-өрнекті сырып тігу арқылы жасалады. [5, 30].

Яғни автор қолданып отырған «сырмағын сырып» тіркесі атауынан алынғаны белгілі. Сырмақ, текеметтен басқа да төсеніш ретінде киіз, кілем, алаша төсенген.

Арнайы басылған киізге басқа түсті киізден, матадан қиып жасалған ою-өрнекті сырып тігу арқылы жасалған сәнді бұйым сырмақ деп аталады. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» сыру сөзіне «арасын жиі етіп тігетін тігістің түрі», ал сыры атауына «жиі етіп бастырып тігу» деген анықтама беріледі. Демек, сырмақ атауының өзі оны дайындау технологиясынан алынған болып тұр.

Сырмақтың пайда болуының тарихын шолу арқылы оның этномәдени мазмұнын ашып көрсетуге болады.

Киіздер мен текеметтер қай заманда да тұтынушылардың қажеттіліктерін өтеп келгендігі дау тудырмайды. Дегенмен, қоғам дамуы мен тұрмыс мәдениетінің өсіп-өркендеуіне қарай бұл бұйымдардың осы күйінде кейде тазалыққа тұтынуға тиімсіздігі көріне бастаған. Осыған орай адамдардың тұрмыс деңгейінің, талап-талғамының өсуінің әсерінен пайдалануға ыңғайлы, жеңіл әрі көркем, көлемі шағын келген төсеніштер пайда болды. Сырмақтың пайда болуына о баста тұрмыста кездесетін қарапайым жағдайлар себепкер болған тәрізді. Айталық, көнерген киіздерді қабаттап төсеу, одан соң оны қобырай бермес үшін қабаттап көктеу. Осындай жағдайдан бара-бара қабаттауды белгілі бір пішінге келтіріп, ықшамдап төсеніп, көктеуді де бірте-бірте жиі тігістерге ауыстырып, одан әрі сыруға көшкен деп санауға болатындай. Алғашқы сырмақ пішіні осылай қалыптасқан. Бұдан әрі басылған кесек киіздерден қалаған мөлшерде кесіп алып, оны қабаттап сырып, шағын төсеніштер жасала бастаған. Зерттеушілердің айтуы бойынша, мұндай сырмақтар алғашында, әрине, орта салынбай жасалды. Бүтін күйінде ығына қарай сырылуы, сондай-ақ сол кездегі таңба – белгілер, нанымдар бойынша оюлар түсірілген. Мәселен, ашамай, х белгі, күн бейнесі, т.б. айналдыра сыру тәсілі қолданылды. Бірте-бірте қабатталған киіздердің жиектерін жөрмеу, төрт шетін бойлап, қабаттарын бекітіп, сырудан түскен сызықтарға сәйкес сыру түсіру арқылы сырмақ ортасынан төртбұрыш шығарылған, сырмақты қазақ тұрмыста өте жиі қолданған. Одан кейін сырмақ шеттерін нығайтып бекіту үшін жіп есіп алып, сырмақтың шетін жию пайда болды. Кейінірек ақ, кара түсті жүндерді пайдаланып, карама-қарсы түстерді шабыстырып қолдану тәсілімен сырмақтың шетін жиектеу келіп шықты. Оның ішкі жағына да сәйкес жиек басып, су тарту арқылы сырмақтың бетіне төртбұрыштар түсіріліп, жиектердің ара-арасы сырылып отырды (шабыстырып қолдану – карама-қарсы түстерді қиыстырып келтіру, жиектеу – түсті жіппен тігіп жиек салу, көмкеру, су тарту – оюды қатарлап орналастыру үшін яки алма-кезек түсіру үшін бүкіл ою тұлғасының желісін үзілдірмей, ұластырып салу. Су – бүкіл ою тұлғасының сабағы, желісі, өзегі. Сырмаққа қатысты желі атауы жиі қолданылады. Ал кесте өнерінде мұндай желіні су деп айтады. Қазақ сырмақтарының ою-өрнегі осы желі, яғни суы арқылы жасалады).

Сырмақ сырудың, яғни сырып тігудің негізгі үш тәсілі кеңінен тараған. Олар: қайып сыру, тепшіп сыру, қабып сыру. Бұларды негізінен жіп салып сыру және жіп салмай сыру деп екі түрге топтастырады.

Алаша — әртүрлі түске боялған мақта, жүн жіптерінен өрмекпен тоқылатын төсеніш мүлік болса, Киіз – жүн және түкті тері қалдықтарын илеу арқылы немесе минералды мақтаға тұтқыр материал қосып, жылумен өңдеп, қалыптау тәсілімен жасалған аралық төсем, тығыздау арқылы дыбыс пен жылуды оқшаулау үшін пайдаланылатын зат. Дайын киізден сонымен қатар, туырлық, үзік, түндік жасалады. Т. Айдаровтың зерттеуінше тақыр алаша-ою-өрнексіз тоқылған, бір түс алаша. Алашаның мұндай түрін кей жерде тақта алаша деп те атайды. Тақыр алашаны көбінесе есік жаққа салады. Солай екені «Абай жолында» да айтылады. *Есіктен төрге шейін жайылған тақыр алаша, манат мақпалмен оюлап сырған үлкен-үлкен сырмақтар* [6, 48].

Жаңа заманға сай даму үстінде жатқан мәдениетімізге негіз болуға тиіс ұлттық арналардың бітелуі (қазақ мектептерінің азаюы, қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің

әлсіреуі, ұлттық сана мен ой-өрісті менсінбейтін нигилистік топтың бой алуы т.б.) – ұлттың мәдениетінің болашағы үшін күн тәртібіндегі мәселелер.

Осымен байланысты мәдениеттің қалыптасуындағы «ұлттық» рухтың мәнін анықтау барысында оны тілден бөліп алып қарау мүмкін емес. Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше де маңызды. Бұлай дегенде біз кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп көрінетіні, ұрпақтан ұрпаққа жеткізілетінін тіл арқылы ұжым мүшелерінің санасында қалыптасқан ортақ психикалық заңдылықтардың көрінуін түсінеміз.

Мағжан Жұмабаев: «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» деген [7].

Тұрмыстық лексика – ұлттық мәдениеттің реликті, әрі материалдық байлығымыздың түбірі. Жүйедегі сөздер тек атауыштық қана қызмет атқарып тұрмағанын байқаймыз. Себебі, қазақ тіліндегі материалдық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық колөнер бұйымдарын бейнелеп, ұлт тілінде олардың танымдық көрініс айқын көрінеді. Ал, олар қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші. Ал, олардың тіл арқылы көрінісінде «халықтың рухы» сипатталады.

Қай ұлттың да өзіндік этномәдениеті қай уақытта болмасын тілде танбаланады. Сондықтан да әрбір халықтың интеллектуальды ерекшелігін оның өз тілінен іздеу қажет. Халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы тілі арқылы барынша айқын танылады. Этностың бар байлығы тіл. Демек, этностың мәдени құндылықтарының аталымы, жылдар бойы қалыптасқан ұрпақтан ұрпаққа тек қана тілі арқылы таныла түсетінін көруге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998.
2. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. Алма-Ата, 1982.
3. Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері. Іле халық баспасы, 2006.
4. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері: филол. ғылым. доктор.
5. Аймауытов Ж. Ақбілек: повесть, роман. Алматы: Атамұра, 2003. 280 б.
6. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. I, II, III, IV – том. Алматы: Жазушы, 2002.
7. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.

**Кутжанова Г.Г.**

### **НАЦИОНАЛЬНАЯ МАТЕРИАЛЬНАЯ КУЛЬТУРА В ФОРМИРОВАНИИ ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ ЛЕКСИКИ**

*Аннотация. В предисловии к статье речь идет о словообразовательных, именных словах. В общем, мысль о том, какие классы слов преобразуются в классы слов. В основном разделе рассказывается о том, какие особенности в словообразовании каждого слова, в том числе и имени. Речь идет о том, что каждое слово имеет свою категорию, в том числе словообразование именных слов включает в себя существительное, прилагательное, преобразование местоимений и наречий.*

ӘОК 930.2

Қосылбеков Н.Б.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының» 4 курс студенті  
Ғылыми жетекші: қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, п.ғ.м.  
Абдрахманов Рүстем Хасенұлы «Bolashaq» академиясы

### **ҚЫПШАҚ-НОҒАЙ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ-БҰЛҒАР ТОБЫНДАҒЫ ТІЛДЕРДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

*Аңдатпа. Мақалада жалпылама қыпшақ және ноғай, қыпшақ және бұлғар тобындағы тілдердің дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктері баяндалады. Бұл топтағы тілдердің дауысты дыбысқа тән яғни семантикалық құрылымға сай, лингвистикалық терминнен алынып, түрік тіліндегі кірме және қаратпа сөздер аясындағы қолданысқа енген*

*топаралық дыбыстар болып саналады. Басты ерекшеліктері айтылуы және жазылуы сонымен қатар, сөздік қатарда дұрыс қолданулары, терминология үдерісіндегі сөз бен сөйлемнің, дауыс пен дыбыстың дұрыс айтылып жеткізілуіне көп мән беріледі. Сондықтан да жалпы дауысты дыбыс аралық ерекшеліктері зор. Қыпшақ және ноғай топ аралығындағы дауысты дыбыстың сонымен қатар қыпшақ және бұлғар топтарындағы тілдеріндегі дауысты дыбыстың рөлінің жалпылама көрінісі және сипаты сөз етіледі.*

Жалпы қыпшақ және бұлғар, сонымен қоса қыпшақ және ноғай топтарындағы тіларалық жасалымдағы сонымен қатар мағыналық принципта дауысты дыбыстардың басты ерекшелігі өте бейім. Қыпшақ тілдеріне башқұрт, бұлғар, ноғай және татар тілдері жатады. Сондықтан кіріспеде бұлғарлар мен ноғайлардың халықтық тілдеріне жалпы сипаттама беріледі, олардың негізгі белгілері, қалыптасу және зерттелу тарихы сипатталады.

Жалпы мақаланың бірінші тарауы прототүркі қауымы ыдырағаннан кейінгі түркі тілдерінің қыпшақ тобын сипаттауға арналған. Мақалада қыпшақ тілдерінің әрбір тобы мен топшасының орны тарихи фонетика мен морфология сұрақтарына негізделген глоттохронология әдістерін пайдалана отырып көрсетілген. Жайық-Еділ қыпшақ тілдері, оның ішінде диалектілері бар бұлғар және ноғай және оның диалектілері басқа қыпшақ тілдерінен бөлек тұрады деген тұжырым жасалады. Одан әрі қыпшақ реконструкцияларын талдау негізінде бұлғар және ноғай тілдерінің тарихи фонетикасы бойынша материалдар, қыпшақ тілдерінің негізгі белгілері айқындалады. Сонымен қатар, Жайық-Еділ өңірінің әрбір тіліне тән ерекшеліктер атап өтілген. Атап айтқанда, бұлғар ноғай қыпшақ тілі үшін оны түркі тілдерінің оғыз, сібір топтары тілдеріне жақындататын фонетикалық белгілер анықталды. Негіздік көзқарасқа салып олардың жалпылама дыбыстық және дауыстық нысандарына қарайтын болсақ: қыпшақ тілдерінің лексикалық ерекшеліктерінің қалыптасуын сипаттауларына арналған. Баршамызға белгілі қыпшақ тілдерінің лексикалық қабаттары мен жалпы түркі лексикасы тікелей дауысты және дауысыз дыбыс негізінде қамтылады.

Тілдер мен диалектілердің жіктелу принциптері түркі тіл білімінің де, жалпы тіл білімінің де дамымаған мәселелерінің бірі болып табылады. Тілдің түрін, сондай-ақ оның кіші бірліктерін бөліп алудың заңдылығын анықтау үшін жеткілікті теориялық негіздемелер жоқ. Белгілі бір тілге қолданылатын тип ұғымы көп қырлы болуы мүмкін. Мысалы, қыпшақ және ноғай тілі ең алдымен түркі тектес тіл ретінде анықталады, яғни оны басқа барлық түркі тілдерімен біріктіретін, сол арқылы бұл тілдерді герман, роман, роман тілдерінен ажырататын белгілі бір белгілер жиынтығы. «Фин-угор» сөзі ноғайлықтардың кірме сөзінен енген, сонымен қоса бұнда тек бір ғана дауысты дыбыс бар бірақ олар үшін «и» және «у» әріптерінде дауысты. Ал, қыпшақ тілдері тобына жататын өзбек тілі, оның спецификалық диалектісін айғақтайтын кейбір белгілерді қамтиды, диалектінің де өзіне тән типтік белгілері бар. Мысалы, бұлғар әдеби тілінің негізін құрайтын диалекті басқа диалектілерде тоғыз емес, алты дауысты фонемасы бар «оқая дара емес» диалектілер деп аталатын топқа кіреді. Әдеби қазақ тілі h > шиш > с ауысуы жүзеге асатын диалектіге негізделген. Әдеби татар тілі велярлық к және ги q жоқ, т.б. диалектке негізделген.

Тілдегі белгілі бір топтық белгілермен сипатталатын диалектілердің топтарын ажыратуға болады.

Мысалы, ноғай тілі диалектілерінің шығыс тобына мұрындық дауыссыз және веляр у дыбыстарының болмауы, жалаң дауыстылардың тар дыбыстарға ауысуы т.б.; ноғай және бұлғар тілі диалектілерінің батыс тобына сөз ортасында b>v ауысуы, соңғы саңырау дауыссыз дыбыстардың спирализациялануы, т.б. шеткері орналасқан диалектілердің көрші түркі тілдеріне жақындататын белгілері болуы мүмкін. Қыпшақ және ноғай тілінің солтүстік диалектілерінің қазақ тілінің диалектілеріне ортақ кейбір ерекшеліктері бар, ұйғыр тіліне жақын өзбек диалектілері де бар. Қырғыз тілінің оңтүстік диалектілерінде өзбек тілінде кездесетін ерекшеліктер бар. Бұлғар тілінің шығыс диалектілері қазақ тіліне тән кейбір ерекшеліктерге ие және т.б. Осылайша, жіктеу иерархиясы бар: үлкен топтың типтік белгілері, содан кейін кішірек - диалектілер мен диалектілер. Осыған байланысты белгілі бір тілдің барлық диалектілері мен диалектілерін қамтитын тип мәселесі еріксіз туындайды. Сонымен, өзбек, қазақ, ноғай, қыпшақ татар т.б. тіл түрлері әсіресе дауысты дыбыстарының түрлері туралы айтуға болады, бұл бізге, мысалы, қыпшақ тілінің түрі қазақ тілінен, әзірбайжан тілінің татар тілінен қалай ерекшеленетінін білуге мүмкіндік береді. түрі және т.б. е. Және осы тілдердің де фонетикалық принциптері дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Этнонимдер

үшін бұл дыбыстар айтарлықтай рөл атқарады. Дауысты дыбыстар негізгі болып қыпшақ және ноғайлықтарда қалыптасты, ал бұлғар және башқұрт елдерінде дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстардың рөлін атқарады. Осы тұста тағы да мәртеңі диалектілікке аударамыз, себебі дыбыс жасаушы сөздер диалект негізінде қалыптасып, әр этноста әрқалай аталады.

Әрине, классификацияның сенімділігі ондағы тіл түрлерінің қаншалықты толық көрсетілгеніне, типтік белгілердің қаншалықты ғылыми негізделгеніне тікелей байланысты. Төменде көрсететініміздей, қолданыстағы диалект классификацияларында белгілі бір тілдің түрін анықтаудың нақты критерийлері жоқ, кез келген жағдайда бұл мәселе дамудың бастапқы кезеңінде. Зерттеушілер көбінесе әртүрлі диалектілер мен олардың топтарының ерекше белгілерін анықтаумен шектеледі.

Е.Д.Поливанов қыпшақ тіліндегі генетикалық жағынан бір-бірінен айырмашылығы бар үш диалектіге тоқтала отырып, үш топтың әрқайсысына да, оларға кіретін диалектілердің топшаларына да тән тілдік белгілерді атап көрсетті: «түрік тілдерінің оңтүстік-шығыс немесе шағатай тобына тән. тегі сөз формалары арқылы түрік тілдерінің тобына дағ және сарь (са:рь), ...солтүстік-батыс немесе қыпшақ, түрік тілдерінің тобына тав және сарь сөз формалары тән. сарь самарқанд-бұхара, ішінара Ташкент типтерінен айырмашылығы нг дыбысы (мұрын артқы-тілді) сарбқ;... оңтүстік-батыс, немесе оғыз айырмашылықтарына тән болған. Тіл білімі тұрғысынан алғанда, барлық қыпшақ-ноғай тілдері бір тілдің диалектілері болып есептелетіндей бір-біріне жақын. Келесі тілдер мен диалектілер ерекшеленеді (қазіргі - батыстан шығысқа қарай):

- 1)ноғай тілі;
- 1)киіз үй-ноғай тілі;
- 3)бұлғар тілінің қыпшақ диалектілері;
- 4)қыпшақ тілі мен оңтүстік ноғай диалектілері.

Қыпшақтар мен бұлғарлардың кейбір топтары да ноғайлардан шыққан, мысалы, нағайбақтар [1][2].

Қазіргі әдеби ноғай қазақ тілінен фонетикасымен (біршама жеңілдетілген) және Солтүстік Кавказ тілдеріне тән ерекшеліктерімен ерекшеленеді), лексика - қазақ тілімен салыстырғанда парсы және араб тілдерінен алынған сөздердің аз болуы, Солтүстік Кавказ тілдерінен және орыс тілі. Соған қарамастан ол қазақ жоғалтқан кейбір ортақ ноғай-қыпшақ белгілерін сақтап қалды. Басты назарда бұл топтардағы тілдердің біршама дауысты және дауыссыз деп бөлінетіндері белгілі. Бірақ бөліну барысында көптеген ерекшеліктер мен көптеген өзгерістерге ұшырайтын дыбыстар қатары: «а»,»о» бұл ноғай, қыпшақ, бұлғар елдеріндегі тілдік қатына үшін. Жалпылама түрде лингвистика және монофаза саласында дауысты дыбыстар әр елдің тобында әртүрлі екендігі баяндалған. Осы тұста бұл халықтың да өзіндік тілдік нормалары мен өзіндік ерекше әріп пен дыбысаралық дауыстылықтары да бар. Басқа елге қарағанда өте өзгеше және басқа жуандылық пен жіңішкелікке қарай өзгеріске ұшыраған.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1.А.Н.Абдрахманова «Тілдік қатынас», «Дыбыс түрлері» шаңын инфоурок,материалды 12нұсқасы.

2.И.Самиров «Гласные и согласные»,Казахский язык,бкласс.

3.«Қазақ тілі ережелері» жасыл кітап (Оқулық),А.Қошанов, «Тіл» баспасы.

4.«Қазақ тілі» кітабы(оқулық) дыбыстық жүйе,көне түркі дыбыстары,түркілік және басқаұлттық тілдер мен дыбыстар,11 сынып, «Атамұра»баспасы,23-25б.

5. «Ноғай-қыпшақ этнонимі» мақаласынан,35б

**Косылбеков Н.Б.**

### **ОСОБЕННОСТИ, СВЯЗАННЫЕ С ГЛАСНЫМИ В ЯЗЫКАХ КЫПЧАКСКО-НОГАЙСКОЙ И КЫПЧАКСКО-БУЛГАРСКОЙ ГРУППЫ**

**Аннотация.** В статье излагаются особенности языков кыпчакской и ногайской,кыпчакской и булгарской групп, связанные с гласными.Язык в этой группе имеет характерную для гласного т. е. семантическую структуру, заимствованную из лингвистического термина и вошедшую в употребление в турецком языке в рамках заимствованных и заимствованных слов.Основные особенности произношение и правописание

*кроме того, большое значение придается правильному произношению слова и предложения, голоса и звука в процессе терминологии, правильному использованию словарного ряда. Поэтому общие межголосные особенности огромны. Речь идет об обобщенном выражении и характере роли гласного в Кыпчакской и ногайской группах, а также в языке кыпчакской и болгарской групп.*

ӘОК 82  
ҒТАХР 17.01.09

Мейрамбекова М.Е.

«Bolashaq» Академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Қарағанды қаласы

### **Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚАЙНАРЛАРЫ**

*Аңдатпа. Мақалада автор Әбіш Кекілбаев шығармашылығы жөніндегі өзінің құнды пікірлерімен бөліседі. Жазушының көркемдік тәсілдерінің түп бастауларына үңіледі.*

Қазіргі қазақ прозасы тақырыптық жағынан да, жанрлық жағынан да, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан да даму үстінде. Бұрынғы кеңестік дәуірде жарық көрген шығармалардың бәрі де жаңаша пайым мен бағалауды қажет ететіні сөзсіз.

Әбіш Кекілбаев шығармашылығы жайында өзінің құнды пікірлерін айтып, әдебиеттегі орнын айқындауда өз үлесін қосқан сыни-зерттеу еңбектері баршылық. Соның бәрінде де қаламгердің өзіне тән шығармашылық ерекшеліктері дәлелді түрде сөз болады.

Ә. Кекілбаев шығармашылығына тән сипат – кейіпкердің ішкі жан дүниесін психологиялық тұрғыдан терең талдап, жан диалектикасын ой тасқынымен ашу. Шығармаларында көбірек көзге шалынатын көркемдік тәсіл – баяндаушылық сипатта көрінген ішкі монолог. Автор қаһарманның ішкі болмысына бойлауда оны өз-өзімен сырластыруға бейім. Адамның ішкі жұмбағын, сезім қалтарыстарын өзінен артық, өзінен терең ешкім білуі мүмкін емес. Сондықтан да қаламгер қаһармандарының ойына еркіндік бере отырып, түрлі сезім күйлерін басынан кештіре отырып, өз тылсымына өзін бойлатады.

Әдебиетші ғалымдар суреткердің «Құс қанаты», «Бір шоқ жиде», «Шеткері үй», «Бәйгеторы», «Күй», «Бәсеке» повестерін психологиялық проза қатарына жатқызып жүрген себебі де осыдан. Бұл туындылардан диалогты жиі кездестіре алмайсыз. Көбінесе монологтық баяндауы басым түсіп жатады. Автор қарапайым көзге іліне бермейтін елеусіз құбылыстың өзінен терең философиялық ой түюді стильдік машығына айналдырған.

«Әбіш Кекілбаев – бауыр етіндей жақын халықтық характерлер галереясын жасаған зергер қаламгер. Жазушы адам сезімінің палитрасының қай бояуын да қысылмай-қымтырылмай шеберлікпен тап басады. Әрбір адамды тек жеке тағдыр иесі деп қана емес, күллі адамзат тағдырының заңды қожасы ретінде танытуға тырысады».

Психологизм, лиризм өрнектері Ә. Кекілбаевтың шығармаларында жақсы белгілер қалдырды. Қай туындысына үңілсең де, кез-келген қаһарманның өзгеге ұқсамайтын дара болмысына бойлатады.

«Азаматтық тұрлау, рухани қайсарлық Әбіш Кекілбаевтың кез-келген кейіпкерлерінің бойынан табылады десек, қателеспейміз. «Бір шоқ жиде» повесіндегі Тілеу, зергер, күлте сақал қорықшы Күдері, жоқ іздеген қауға сақал албан шал саулаған жүзінен иманы төгілген, қолы ашық, тірі жанға қиянат жасамаған, адамдық ар, адамгершілік тағылымымен есінде қалады»

Повесте нақтылық та бар, бірақ көркемдік дәлелінің табиғилығы, заттылығы, дәлелділігі көкірегіне нұр себеді. Аз ғана қаһармандарының әрекеті болмыс-бітімінен көрініс беретін характер шындығы тағдыр логикасымен барынша үйлесімді шыққан. Сұлулық дүниесінің жұпар иісіне, бояуына, үніне, діріліне тәнті болмау мүмкін емес.

Ә. Кекілбаев шығармашылығындағы тың көркемдік ізденістің бір көрінісі «Күй», «Бәйгеторы», «Бәсеке» шығармаларынан аңғарылады. «Күй» повесінде романтикалық сарын бар. Адам қанын төксе де, шімірікпейтін, қатыгез Жөнейіттің жанының қалтарыс-қалтарысын қазбалайтын, бір сәт те болса жүрегін шымырлатып, иліктіретін – тұтқындағы қазақтың тартқан күйі. Ол күйді өнері тасығандықтан тыңдамайды. Оның көңілін күйге бұрып тұрған – соңғы

тұяғы Дәулеттің «ботамдатқан» қазасы. Дәулет те – өнер сүйген жас. Қазақ күйі оның есіне Дәулеті тартқан сазды әуенді, қаңырап қалған қаралы шаңырағын, ұрпақсыз қалған тұл өмірін түсіреді. Оны жан азабына салатын да – күй сазы. Күй әуені мен кейіпкердің сезім толқынысы қатар өріле келе, Жөнейіттің ішінде қордаланып қалған тоғышарлық пен қатыгездіктің бет пердесін ашады.

Жазушы Жөнейіттің мінез қырын даралауда да түс көру, елес, тылсым әуен элементтерін көркемдік тәсіл ретінде пайдаланған. Бұл тек повестерінде ғана емес, «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» секілді көлемді прозасында да кездеседі. Тіпті тұтас шығармашылығына тән стильдік тәсіл. Мысалы, Әбілқайыр ханның образын сомдаудағы түс пен елестің көркемдік қызметі осы тұжырымымызға дәлел.

«Бір шоқ жиде» туындысының эпиграфына И.Буниннің «Кім жөнінде айтсақ та бәрібір емес пе? Жер бетіндегі әрбір жұмыр басты пенде жайында айтуға әбден болады» деген сөзін келтіруі тегіннен-тегін емес. Шындығында бұл шығармалардың кейіпкерлері, былайша қарағанда, қарапайым, елеусіз адамдар. Бұлар жазушының тарихи балладаларында кездесетін қаһарлы қаһармандар секілді, адам қақпақылға салуға шамасы жетпейтін, зор шындықтар мен идеяларды арқаланбақ, пәлендей ерекше мінез, дарындары да жоқ, алдарына пәлендей ірі міндеттер қоймаған қатардағы адамдар.

Дала төсінде қиыншылыққа толы адал өмір кешкен момын кәрі Тілеу («Бір шоқ жиде»), құлан жортқан құла түзге ирек-ирек жол салып, далалықтар үшін жаңалық болып көрінетін мамандықты игерген Жақан («Автомобиль»), өмір ағымына еріксіз еріп кетіп, жеңілтектік кесірінен жалғыздық зардабын тартқан сұлу Зуһра («Шеткері үй»), баласының соңынан еріп қалаға келген кәрі кемпірдің көзбен көріп, көңілге түйгендері («Құс қанаты») – осының бәрі бүгінгі тіршілікті әр қырынан көрсетіп, рухани әлемдегі психологиялық-әлеуметтік, этикалық, моральдық өзгеріс-қозғалыстарды көркемдік шындық аясында суреттеуге негіз болған.

Автор кейіпкерлер өмірін қарапайым баяндап шығады. Бұлардың күнделікті күйбең тірлігінде ерекше оқиға, ерекше қақтығыс байқала бермейді, бірақ осындай сырт көзге елеусіз көрінетін өмірде қиыр-қиыр мағыналардың, қатпарлы ой-сырлардың мол екені де сөзсіз. Аталмыш шығармалардың беттерінен ауыр қиналыстардан соң ақиқаттың ауылын іздеп тапқан кейіпкерлердің шытырман іздерін іздеп табасыз. «Бір шоқ жиде» повесіндегі Тілеу шал, мысалы, туған жер алдындағы парыз бен қарызды жете түсінген, жеке адамның өмірі келте болғанмен жер бетіндегі тірлік әуенінің мәңгі үзілмейтінін жақсы білетін, сондықтан айналасындағы әулетінің қу құлқынының құлына айналып, күнәкарлықпен күнін өткізбеуін қалайтын кісі. Ол – ғасырлар бойы жасап келе жатқан дәстүрлер мен мұраттар адам баласының тыныштығы мен қамсыз тұрмысына қызмет етсе ғана құнды деп білетін тілеуқор кісі.

Ә.Кекілбаев өз халқының ежелгі әдет-ғұрып, дәстүр-тағылымдарын егжей-тегжейлі, кейде қызыға суреттеуге шебер, ол көшпенділер өмірінің қазір ұмытыла бастаған этнографиялық детальдарына ерекше мән береді. Сол детальдардың әлеуметтік-философиялық мән-мағынасына үңіліп, халық өмірін, адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысады.

Ә.Кекілбаевтың шығармашылығына тән қасиет – терең философиялық түйін, астарлы ой, жан диалектикасын ашатын психологизм, нәзік лиризм. Ол – қазақ әдебиетіндегі психологиялық прозаны жандандырып, ондағы адам проблемасын өзгеше концепциямен, дара стильмен шешуде үрдісті мектеп қалыптастырған дарынды суреткер. Ерекше атап өтерлік жайт – оның ұлттық санамыздан өшіп бара жатқан рухани құндылықтарымызды қарапайым өмір құбылыстары арқылы жаңғыртуы. Адамның «аспанды тіреп тұрған құдіреттілігін» оның шені мен атақ-лауазымынан іздемей, адамгершілік табиғатынан, ішкі рухани дүниетанымынан, адамдармен, ата-анасымен қарым-қатынасынан іздейді. Қаламгер шығармаларының өміршендігінің өзі осында жатса керек.

Әбіш Кекілбаев прозасы, жалпы алғанда, өмір құбылыстарына байсалды ой-парасат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас, диалектикалық бірлігін тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл проза қазақ тілінің ауызша, жазбаша озық өнегелеріне арқа сүйейді. Содан да ол философиялық интеллектуалдық мағыналарға бай болып келеді.

Әбіш Кекілбаев шығармашылығының көркемдік қайнарлары айтқанда оның қазақ халқының аса бай, құнарлы тілін айрықша меңгерген, жоғары биікке көтерген сүлей суреткер ретіндегі тілдік тұлғасына ерекше тоқталған жөн. Шығарма иесін тілдік тұлға ретінде тану үшін оған қойылатын бірнеше критерийлері болуы тиіс.

Белгілі ғалым-мамандардың ойынша, тұлға – интеллектуалды ерекше жаратылыс иесі. Кез-келген адам мен болмыс тұлғаның деңгейін («тұлғаны» «жеке адам» ұғымымен шатастырмау керек) бере алмайды. Кез-келген шығармашылық адамы жеке-дара тұлға бола



алмайтыны белгілі. Тұлғаға ең алдымен даралық қасиет тән. Яғни ол «өзгелер» деп атауға болатын жалпылама ортақ болмыстан ерекшеленіп бөлініп шыққан өзіндік бітім-болмысымен айқындалуы қажет.

Екіншіден, тұлға адамзатқа тән құндылықтарды тап басып тани білуі, сезініп қабылдай алуы тиіс. Және сол құндылықтар үдесінен өзі де көрініс беруі керек.

Үшіншіден, тұлға тудырған интеллектуальды таным нәтижесі белгілі бір мәдениет түрінде (сөз өнері, сурет, мүсін, музыка т.б.) танылуы қажет.

Өзінің шығармашылық тұлғасымен де, адамдық болмысымен де, елден ерек тұлға-тұрпатымен де қазақ деген тағдыр-талайы талқыға түскіш «құдайдың сүйген құлының» табиғатын таныта алатын, көп азулының шамына тигіш осы бір ұлттың сырбаздығы мен тектілігін, кірпияздығын, соған қарамастан кең қолтық кеңдігі мен замананың жазылмаған заңдарына сия бермейтін шектен тыс сахилығын бір бойына жинаған, Маңғыстау деген өңірде дүниеге келгені өзіне бек жарасатын қазақтың біртуар перзенті, «Айдаса қойдың көсемі, Сөйлесе қызыл тілдің шешені, Ұстаса қашағанның ұзын құрығы, Қалайыланған қасты орданың сырығы» (Қазтуған «Мадақ жыры») Әбіш Кекілбайұлының тілдік әлеуеті, қазақтың сөз қазынасындағы әрбір дүниені орнымен қиыстыра білудегі ешкімді қайталамайтын, ешкімге қайталата алмайтын қас шеберлігі тіл өнеріндегі бөлекше әлем деуге татиды. Сөзді ойната білу шеберлік, шешендік болуы мүмкін, бірақ ойды ойната отырып, белгілі бір ұлттың концептуалдық дүниетанымындағы когнитивтік кеңістікті тілдік астармен әдіптеу кез келген суреткердің пешенесіне жазылмаған қабілет болса керек. Бұл – біз жоғарыда санамалап өткен талаптардың үдесінен табылатын тілдік тұлғаға ғана тән бірегейлік. Ә. Кекілбаевтың тілдік тұлғасы – тұтас бір ғылыми зерттеудің нысаны.

Кез келген тілдік құбылыс, тілдік даралық мәтін арқылы танылатыны белгілі. Әрбір көркем мәтін дүниені тану мен ұйымдастырудың индивидуалды-авторлық концепциясын танытады. Автордың дүние туралы ұғымы, білімі көркем мәтін арқылы белгілі бір танымдық жүйе түрінде адресатқа беріледі. Сонда көркем мәтінде дүниені концептуализациялау, бір жағынан, дүние бейнесін құрудың (дүние моделін жасаудың) әмбебап заңдылықтарына бағынса, екінші жағынан, жеке-дара, тіпті қайталанбайтын қиялдағы идеялардың табиғатын танытуға ат салысады. Дүниенің концептуалдық бейнесінің (суретінің) екі жағы – индивидуалды және әмбебап сипаты бір-бірімен барлық уақытта сәйкесе бермеуі, тіпті мүлде сәйкеспеуі мүмкін. Сондықтан көркем мәтінге концептуалды талдау жасау: біріншіден, мәтіндегі кілт сөздерді табу, екіншіден, мәтіннің семантикалық кеңістігіндегі базалық концептілерді анықтау, үшіншіден, базалық концептілер арқылы танылған концептуалдық кеңістікті сипаттау түрінде жүргізілуі тиіс.

Ә. Кекілбаев тілдік тұлғасындағы өзекті когнитивті бірлік – ғалымдардың пайымдауымызша, «қазақ» концептісі. Қазақ туралы танымдық ақпарат өзім/өзге оппозициялық контекстінде бағалаушылық сипатта айқындала түседі. Өзім – бұл жерде қазақтың өзін-өзі бағалауы, өзге – қарсы жақ, қазақ үшін жат жұрт болып есептелетін жоңғар, қалмақ, орыс т.б. Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романында қазақ концептісінің өзім/өзге контекстінде сипатталуын арнайы дискурс негізінде талдап көрсетуге болады.

Қазақ концептісі «өзім» контекстінде: «Айғайлай сөйлесіп, алшаңдай басып, бұтқа толып қалған немелерге етек-жеңдерін жинақы ұстап, есеппен сөйлеп, еппен қимылдап, сызылып тұрғаннан асқан тауқымет бар дейсің бе?» «Қазақ қуанса, өз етегіне өзі сүрініп, далбақтап бітеді ғой». «Бас-басына шалқаюды бостандық, бет-бетіне шіренуді еркіндік көреді» «Көңілдерінен шыға алсаң жақсы... Ал шыға алмасаң, тез тойынып, тез аритын жылқы мінезді жұртыңның сәл нәрседен көңілдеріне дық қашып, тұмсықтарын шүйіріп, шегіншектеп шыға келуі ғажап емес...». «Жүйрік мініп жарысып өскен қазақтың әңгімесінің де желі мен желпінісі көп боп келетін әдеті...» «Аруағы аттың жалындағы отыз мың қазақ қолы орға бас сауғалаймын деп, өзінен он есе аз қалмақ қолынан төмпеш көруде...» т.б.

Қазақ үшін ел болудың басты шарты – бірлік. Қазақтың тарихтағы талайсыз тағдырының бірден-бір себепшісі – алауыздық. Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романының басталуындағы Әбілқайыр ханның қазақтың алдағы болашағын болжалдап салған құмалағының «шілдің боғындай шашырап түсуі» қазақ елінің «арты соқпақ, алды жар» тағдырының қыл үстінде тұрған сәттің өзінде де басы бірікпей, «бас-басына би болған» әрі-сәрі күйін меңзейді. «...Сөйтіп, қазақ талай заманнан бері өз бірлігін өзіне-өзі өкпелеген шалдуар қызыл сөзге қызыл иттей талатумен келеді»– дейді автор.

Мәтін «ғұмырының» ұзақтығы оның қалай қабылданғанына, реципиент санасында қандай дәрежеде зерделенуіне байланысты. Академик Р. Нұрғалиев: «Өнер туындысы дүниеге келгеннен кейін оның мазмұны суреткер арқылы емес, түсініп, қабылдаушы арқылы өсіп

дамиды»– дейді. «Кез келген ұғынудың қатарында ұғына алмаушылық жүреді. Түсіну, сонымен бірге түсінбеу болып шығады»– деп жазады белгілі ғалым Р. Бердібаев.

Әлбетте, шынайы суреткер өзіндік келбетімен, стилімен, өрнегімен, нақышымен танылады. Ә.Кекілбаевтың шығармашылығы туралы сөз еткенде, оның тіл ерекшелігіне, көркем тілінің айшық бедеріне тоқтамау мүмкін емес. Жазушының тіл ерекшелігін зерттегенде сөздердің қолдануын контексте алып қарастырамыз.

Ә.Кекілбаев романдарындағы тіл кестесі, стильдік ізденіс ондағы айтылатын ойдан, авторлық идеядан туындайды. Қаламгердің шығарманы лирикалық леппен, сырлы сазбен, азаматтық үнмен жазуы оның өзіндік қолтаңбасын өрнектейді. Туындыларының көркемдік стиліне өзіндік сипат берген психологизм, лиризм жазушының тіл құдіретін кеңінен қолдана білуімен айғақталып тұр. Ендеше суреткердің тіл көркемдігі образ шынайлығына әсер ететіні сөзсіз. Автор шығарманы тек өз атынан ғана баяндамай, кейіпкер сөзіне де жүгінеді. Ал қаһарман тілінен адамның характері, психологиясы, дүниетанымы ғана емес, суреттеліп отырған дәуірдің келбеті, уақыттың тынысы, беталысы да танылып жатады.

Шығарманың көркемдігі суреткердің шеберлігіне қатысты мәселе. Ә.Кекілбаев романдарының тіл көркемдігі туралы сөз еткенде, алдымен оның халық ауыз әдебиетінің мол мұраларын қолдану ерекшелігін атап өту орынды. Оларды автор мақсатсыз пайдаланбаған, олар оқиға логикасына, характер психологиясына орай көрініс тапқан. Бұл үрдіс көбінесе жазушының тарихи романдарына тән тәсіл.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы, 1975. – 224 б.
2. Қирабаев С. Ә.Кекілбаевтың повестері туралы. 2 томдық. 2-том.–Алматы, 1992.– 356 б.
3. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. –Алматы: Жазушы, 1991. –256 б.
4. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. –Алматы: Санат, 1996. – 254 б.
5. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 234 б.
6. Кекілбаев Ә. Үркер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 586 б.
7. Нұрғалиев Р. Сырлы сөз. – Алматы: Жазушы, 2000. – 412 б.

#### **Мейрамбекова М.Е.**

#### **ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ТВОРЧЕСТВА А. КЕКІЛЬБАЕВА**

*Аннотация. При анализе романов использовались структурно-семантический и метод сопоставительного анализа. С помощью этих методов были выявлены жанровые признаки романов, определены единый конфликт и циклический герой. Углубленное прочтение позволяет более полно выявить отразившееся в романах мировоззрение автора. А также понять суть его представлений о связи бытия и сознания, воплотившихся в циклических идеях и образах, в сюжетных ходах и героях.*

УДК 821.512.141.09

Рәшитова Ә.Н.

БДУ-ның Стәрлетамак филиалы студенты  
Стәрлетамак қалаһы, Башқортостан Республикаһы  
aynurut@mail.ru

Филми етәксеһе - филол.ф.к., доцент А.Ф. Үтәев

#### **БАШКОРТ ӘЗӘБИӘТЕ ДӘРЕСТӘРЕНДӘ ШИҒРИ ӘСӘРЗӘРЗЕ ӨЙРӘНЕҮЗӘ ИНТЕРНЕТ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*Аннотация. Интернет технологияларын кулланыу үзенсәлектәрен өйрәнәу вақытында башкорт шигриәтенә арналған мәкәләләр тикшерер өсөн бирелгән. Лирик әсәрзе анализлау методикаһының методологик һәм теоретик анализ үткәрәу кимәле юғары булыуы һәм мәғлүмәт технологиялары башкорт әзәбиәте дәрестәрәндә.*

Интернет технологиялары кулланып үткәрелгән дәрес, традицион дәрестән айырмалы рәүештә, тематикаға бәйле булған мәғлүмәттә анык үзләштерәүгә булышылык итә. Контроль

һәм баһалау эштәре үткәрәү максатында ла компьютер йәки интернет технологияларын кулланыу отош- ло: укыусының башкарылған эше теге йәки был программа ярзамында объектив баһалана һәм вақытты ойоштороу яғынан да эш күпкә еңел һәм тиз үткәрелә.

Интернет технологияларын дәрестә укыусыларзың үз аллы эшен ойошторғанда кулланыу уңайлы. Бындай эш төрө укыусыларзың белем кимәленә нигезләнә һәм уларзың артабанғы үсешенә булышлык итә. Әлбиттә, заман технологиялары укытыусы эшен күпкә еңеләйтә һәм уның бик күп эшен башкарыуға булаша. Тик шуны иҫтән сығармаҫка кәрәк: ком- пьютер йәки интернет технологиялары бер касан да укытыусы эшмәкәрлеген алмаштыра алмаясаҡ, ә тик дәрестә ярзамсы сара буларак кына кулланыла ала. Дәрес һәм укытыу процессының иң мөһим өлөшө – ул иң беренсе укытыусы менән укыусы араһында булған йәнле аралашыу, теге йәки был эшмәкәрлекте берзәм башкарыу.

М.И.Баһауетдинова һәм Г.Н.Йәғәфәрова [1] башкорт әзәбиәте дәресендә шиғри әсәрҙәрҙе өйрәнгәндә түбәндәге интернет программаларын кулланыр- ға тәкдим итә:

I.Һүзлек байлығын арттырыу, телмәр үстөрөү.

Һүзлек байлығын арттырыу эшендә бигерәк тә электрон һүзлектәр файзаланыу отошло.

II. Аудио, видео материалдар кулланыу.

Шиғри әсәр менән танышыр алдынан укыусылар шағирзың тормош юлы һәм ижады менән танышалар. Әлбиттә, дәрестлектәрҙә йәки бышқа сығанактарҙа мәғлүмәт туплау еңел, тик видео аша еткерелгән мәғлүмәттә укыусылар зур иғтибар һәм кызыкһыныу менән кабул итә һәм был укыусыға кәрәкле мәғлүмәттә озақка иҫендә калдырырға ярзам итә. Мәсәлән, Салауат Әбүзәрҙең тормош юлы һәм ижады менән танышыу барышында ютуб селтәрәндә “Намазлығым – донъя” тип аталған кинофильмды күрһәтергә мөмкин. Укыусылар Салауат Әбүзәрҙең үзен, уның ғаиләһен һәм үзенәң шиғирҙарын укыу процессын күрә алалар.

Шиғирзың менән танышқан осорҙа уның йөкмәткәһен тулыраҡ асыу максатында түбәндәге тематикаға бәйлә видеолар күрһәтеү мөһим. Мәсәлән, Салауат Әбүзәрҙең «Орден» шиғырын укыр алдынан Чечня һуғышы тураһында кысқак кына видеоролик карап китеүҙәрә мөмкин.

III. Электрон китаптар, гәзит-журналдар кулланыу.

Башкорт әзәбиәте китаптарына бай булған электрон китапханалар за шулай ук интернет селтәрҙәрәндә бар. Шуларзың бер нисәһен карап китәйек.

Зәки Вәлиди исемендәге онлайн китапханаға түбәндәге һылтанма <http://ebook.bashnl.ru/dsweb/HomePage> буйынса кереп, төрлө шиғри әсәрҙәр менән танышыу мөмкин. Әлбиттә, был онлайн китапхана укыусыға дәрескә әзерләнгәндә лә, укытыусыға дәрес материалын туплау өсөн дә бик файзалы.

Зәйнәб Бишева исемендәге китап нәшриәте менән яқыныраҡ танышыусылар өсөн <http://www.kitap-ufa.ru/> һылтанмаһы зур ярзамға киләсәк. Укыусыға лә, укытыусыға ла был онлайн китапханала ярайһы ук шиғриәт буйынса бай материал тупланған.

<http://ebook.bashnl.ru/dsweb/HomePage> һылтанмаһында аудиокитаптар, видеоматериалдар теркәлгән. Ресурска заявка калдырып, кәрәкле китаптың, журналдың, аудио, видео күсермәһен алырға мөмкин.

bashnl.ru был сайтта укыусылар хәзергә заман авторҙарының ижади емештәрән таныша алалар. Китаптар pdf-форматында теләгән кешегә асыҡ. Укыусылар был һылтанма аша шулай ук теләгән шағирзың китабын табып уның ижады менән таныша алалар.

bashaudiokitap.ru был һылтанма шиғриәт донъяһы менән танышыусылар өсөн кәрәкле. Шиғирзың яңғырашын автор йәки тасуири укыған кеше башкарыуында ишетеү шиғри әсәр өйрәнгәндә һәр яклап та файзалы. Укыусылар шиғри әсәрҙе тыңлағанда шағирзың тонын, тембрын үзерең күңелә аша үткәрә, шиғирзың эске төзөлөшөн, авторзың уй-кисерештәрән тойорға ярзам итә.

Укыусы, мәсәлән, Тамара Ғәниева, Салауат Әбүзәр, Ғәлиә Кәлимулли-на-Фәйзуллина, Рәйес Түләк кеүек шағирҙарзың йыйынтыҡтарын һис шикһез табып була.

IV. Интернет ярзамында укыусыларзың белемдәрән тикшерөү, баһалау. Ғәзәттә, бында тест программалары күз уңында тотола. Мәсәлән Sun Rav Test Office Pro программаһын файзаланып була. Тестар хәзергә заман берзәм дәүләт имтиханы заманында бигерәк тә файзалы, сөнки укыусыларзы тест эшләү технологияһына, тест һорауҙарына яуап биргәндә аптырап калмаҫка өйрәтә.

Шулай ук хәзергә заманда билдәлә булған һәм башкорт теле һәм әзәбиәте укытыусылары тарафынан әүзем үзләштерелгән һәм дәрес барышында зур кулланылыш тапқан программалар

<https://learningapps.ru>, [agidel.rbsmi.ru](http://agidel.rbsmi.ru), [bashnl.ru](http://bashnl.ru), [bashaudiokitap.ru](http://bashaudiokitap.ru) кеуек сайттарзы ла күз уңында тоторға кәрәк.

V. Интернет селтәрзәрәндә булып үткән шиғриәт буйынса конкурстар-за, ғәмәли конференцияларза катнашыу. Хәзерге заманда укыусыларзың төрлө конкурстарза актив катнашыуы юғары баһалана. Шиғри әсәр өйрәнәү барышында ла, ошондай сараларзың роле ғәйәт зур. Шуларзың бер нисәһе менән танышып китәйек. Мәсәлән, быйыл Стәрлетамак филиалы Башкорт дәүләт университетының башкорт һәм төрки филологияһы факультеты Тамара Ғәниеваның 70 йәшлек юбилейына арналған Республика конкурсы узғарзы. Төрлө йәштәге укыусылар Тамара Ғәниеваның шиғырзарын ятлап, инглиз теленә тәржемә итеп һөйләп, интернет селтәрзәрәнә видеоязмалар һалдылар.

Шулай итеп, башкорт әзәбиәте дәрестәрәндә шиғри әсәрзәрәе өйрәнәүзә яны, заман, информатион технологиялар, компьютер кулланыу укыу сифатын күтәрәргә ярзам итә, укыусыларзың үз алдына эшләү һәләтен үстәрә, үз-үзәнә ышаныс, фәнде өйрәнәүгә кызыкһыныу уята

#### **Кулланылған әзәбиәт исемлеге:**

1. Баһауетдинова М.И. Йәғәфәрова Г.Н. Башкорт теле һәм әзәбиәте дәрестәрәндә яңы технологиялар кулланыу. – Өфө: НМЦ «Педкнига», 2008. – 204 бит.

2. Тимерғалиева С.И. Особенности буктрейлера и социального ролика // Современные проблемы преподавания башкирского языка как родного и государственного в Республике Башкортостан и других регионах Российской Федерации. - Уфа: РИЦ БГУ, 2019. - 378 с.

3. Толombaев Х.А. Укыусының телмәр культуранын үстәрәү. Башкорт теле һәм әзәбиәте дәрестәрәндә укыусыларзың танып-беләү эшмәкәрлеген активлаштырыу. - Өфө, 1983. – 200 бит.

**Рәшитова Ә.Н.**

### **БАШҚҮРТ ӘДЕБИӘТІ САБАҚТАРЫНДА ПОЭТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ЗЕРТТЕҮДІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

*Аңдатпа.* Бұл мақала башқұрт поэзиясын зерттеуде интернет технологияларын қолдану ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Башқұрт әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологиялар мен лирикалық шығармаларды талдау әдістемесі жоғары теориялық және әдіснамалық деңгейде талданды

**Рәшитова Ә.Н.**

### **НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ИЗУЧЕНИЯ ПОЭТИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ НА УРОКАХ БАШКИРСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ**

*Аннотация.* Данная статья посвящена на исследование особенностей использование интернет технологий при изучении башкирской поэзии. На высоком теоретическом и методологическом уровне проведен анализ информационных технологий и методики анализа лирических произведений на уроках башкирской литературы.

ӘОК 81'25

Төрәбаева А.О.

«Bolashaq» академиясы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қарағанды қаласы.

[torebaeva.assyl@mail.ru](mailto:torebaeva.assyl@mail.ru)

Ғылыми жетекші: «Қазақ тілі мен әдебиеті»

кафедрасының доценті, п.ғ.м. Абдрахманов Рүстем Хасенұлы «Bolashaq» академиясы

### **АУЫЗША АУДАРМАДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАР МЕН КЕЗДЕЙСОҚТАР**

*Аңдатпа.* Мақалада ауызша аудармадағы заңдылықтар мен кездейсоқтар туралы айтылады. Сондай-ақ аударманың жанрлық-стилистикалық ерекшеліктері мен тілдік

*әрекеттерінің жазба және ауызша түрлеріне қарай психолінгвистикалық ерекшеліктері бойынша жазба және ауызша формаларға бөлінетіндігі жайында мәліметтер келтірілген.*

Бүгінгі күні еліміздің тәуелсіз ел ретінде дамуы оның қай саладан болсын өзіндік сара жол іздеуіне, өз тандауын қалыптастыруда әр түрлі жолдар іздеуге итермелейді. Сондай атқарылып жатқан жұмыстардың біреуі ол тіл мәселесіне қатысты. Яғни, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасуы мен оның аудармадағы проблемалары. Айта кететін бір жағдай, аударма деп біз нені танымыз, мысалы көркем әдебиеттердің аударылуы тілімізге жаңа бір құндылықтар әкелетін болса, жаңа көзқарастар мен тың ойларға түйткіл болатын болса, онда ол аударманың ұтатын жері.

Ал, іс құжаттардың аудармалары дұрыс әрі толыққанды болмайтын болса, ол біздің ұтылатын жеріміз. Жалпы іс құжаттары аударылуы керек пе? Аударыла қалған жағдайда қандай принциптер ұстану керек, ол принциптер қандай?

Жалпы аударманың қажеттігі туралы айты келе мына бір сөзге көңіл аударып өтсек. Кеңес Юсупов өзінің («Толғауы тоқсан қызыл тіл...» мақаласында Егем. Қаз. 2001.03.05) «...Өркениетті елдер аударманың қадірін, маңызын ежелден байыпты бағалап келеді. Айталық, немістер өз прозаларының қарыштап дамуын Лютердің Зәбүрді (Библияны) аударған сәтінен басталады деп санайды. Аударманың парқын білетін ілгері елдердің өзінде – ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттерде шыққан барлық кітаптардың 39 пайызы аударма екен» - деп жазады [1, 8].

Жалпы қандай да болмасын аударманың тілімізге берері көп екені сөзсіз. Мысалы, Абай поэзиялық шығармаларды аударуға, немесе еркін тәржімалап сарындас өлең жазуға келгенде үлкен талғампаздықпен таңдап, кейбір өлеңдерді іріктеп қана алған. Көркем аударманы орыс тілі қанына сіңген кезде бастаған Абай, қол жетпес үлгілер жасай білді. Ол аударма атаулыны жарысқа түсіріп, жалаң еліктеуден, көлбегей көшіруден, болымсыз бөгелуден құтқарады. Табиғатынан эстетик Абай аудармалары тілімізді байыта түсті. Ол шығарманың мәнмәтіні мен мәтінкенішін мейлінше жатық етіп бере білушілікті танытады. Сондай-ақ жаңа ұғымдар, теңеулер, соны сөз орамдарын, сөз айшықтарын туғызады. Поэзиямызда жаңа ырғақ, жаңа әуен пайда болды. Өкінішке орай көркем аударма жасау мәселесі бүгінгі күні дұрыс деңгейге көтерілмей отыр.

Аударманың ең бірінші пайдасы - ел мен елді жақындастыруы. Қандайда бір басқа тілде сөйлейтін елдің мәдениетін өз халқыңа жеткізе білу. Адамзат түсінігіне жаңа бір ұғым әкелуі. Аударма барысында екі тілдің ғана қатысы жүрмейді, сонымен қатар екі түрлі мәдениеттің де қатысы жүреді, затқа деген, табиғатқа, қоршаған ортаға, жалпы болмысқа деген басқаша түсінік аударма арқылы ғана енеді.

Ал, бүгінгі күнгі сөз етіп отырғанымыз ол біздің еліміздің ерекшелігі десек те болатын орыс тілінде жасалған құжатты қазақ тіліне аударуы немесе құжат қазақ тілінде жасалған болса оны орыс тіліне аудару мәселесі де бізді айналып өтіп отырған жоқ. Егер көркем аудармада немесе басқа да бір ресми емес мәтіндердегі аудармада біздің ұтарымыз көп болған болса, ресми аудармаларда ұтылатын жақтарымыз көп. Неге десеңіз қай тілде болмасын заңдық күші бар ресми құжат екінші тілге аударылғанда мағынасына нұқсан келуі мүмкін ол аударма заңдылықтарына немесе ондағы кетіп жататын кездейсоқтықтарға байланысты болып жатады. Бұл жерде қандайда бір тілде жазылған ресми құжаттарды екінші тілге толыққанды аудару үшін аудармашының шеберлігі мен аударма жасаудағы тәжірибесінің молдығы өте қажет.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері барлық құжаттар тіпті барлық заңдарымыз да тек орыс тілінде жасалып, олар қазақ тіліне аударылып келді. Сонау отызыншы жылдары Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі мәселесін көтеру үшін мемлекеттік қызметке қазақ азаматтарын алу керек деген қаулы шығарған екен. Біздің жағдайымызда мемлекеттік мекемелерде жұмыс істеп жүрген қазақ азаматтары көп болғанымен өз тілінде еркін сөйлеп ой қозғай алатын, сауатты құжат жасай алатын азаматтардың саны аз. Осындай қоғамдағы жағдайлар құжаттарды орыс тілінде жасап оны қазақ тіліне аударуға итермелеп отыр [2, 41].

Жалпы біз аударатын құжат сөзінің екі мағынасы бар: 1. тар мағынадағы –жеке бас құжаттары; 2. ауыс мағынадағы не нәрсені болсын, толық куәландыратын, қызметтік құжаттар немесе іс қағаздары – заңдық, әкімшілік басқару, ғылыми-техникалық құжаттар.

Іс қағаздарын аудару барысында кездесетін құжаттар: 1) қызметтік құжаттарға негізінен директивті өкілдік құжаттарға жататындар, заңдар, қаулылар, шешімдер, бұйрықтар т.б. 2) әкімшілік-ұйымдастырушылық құжаттар, жоспарлар, жарғы, ереже, акт, есеп беру, хаттама, қызметтік хаттар т.б.. 3) қызметкерлерің жеке құрамы бойынша жасалатын құжаттар, өтініш,

өмірбаян, жеке бас құжаттары т.б. 4) қаржылық құжаттар есептеу, есепке алу құжаттары. Қызметтік құжаттардың ең ерекшелері халықаралық қатынастарды реттеуші құжаттар болып табылады. Біз аударатын барлық қызметтік құжаттар ресми түрде қабылданған немесе заңдастырылған (үлгілермен) формалармен жасалады. Бұл құжат жасаудағы бірінші талап. Исқағаздарды аудару барысында бейтарап сөздер көп кездеседі. Жекелік сипаттағы эмоционалды-экспрессивті сөздер іс-қағаздарында көп қолданылмайды. Аударма барысында ауызекі сөзді немесе диалектіні, фразеологизмді қолдануға жол беруге болмайды. Бұл жерде іс-қағаздарды аудару барысында тек қана бейтарап сөздер қолданылады дегеніміз емес. Исқағаздары кейде өтініш, алғыс айту, талап ету болуы да мүмкін. Іс-қағаздарда тілдік бірліктің шектелуі жеке бір тілдік форманың қайталанып келуін көрсетеді. Мысалы сауалнама, тізімдеме немесе кесте түріндегі құжаттарда адам есімдері, заттар атауы немесе мекеме, ұжым аттары басым болады. Іс қағаздарын аудару барысында халықаралық терминдерді қолдануда оның формасын өзгертуге немесе кәсіби сөзбен алмастыруға және жаргондарды қолдануға болмайды. Іс қағаздарының сөз тіркестерінің лексикалық мүмкіндігі шектелген: хаттама (жиналыста) – жүргізіледі, (жазылмайды), қылмыстық іс жүргізу барысында хаттама - толтырылады, (жазылмайды), қызметтік хат жазылады (толтырылмайды), жолданады (жіберілмейді), сөгіс– жарияланады, лауазымға–тағайындалады (алынбайды), іссапарға – жолданады (жіберілмейді), еңбек демалысына – шығарылады (кетпейді), бала күтімі бойынша демалысқа - шығарылады (жолданбайды).

Осындай тұрақталған тілдік бірліктердің арқасында фразеологиялық тіркес тұрақты болып, дайын тілдік нормаға, графаретке, штампқа айналады.

Ісқағаздарының стандартталуы көбіне құжаттың ақпараттылығын арттырады да оны мамандардың қабылдауын жеңілдетеді және құжат айналымын тездетеді. Менің ойымша іс құжаттарын стандарттарға сәйкес аударудан әдеби тіл нормасына өзгеріс енеді деу дұрыс емес. Бұл жағдай барлық даму эволюциясының заңдылықтарына сәйкес келіп отыр, мысалы өндірісті қазіргі заманғы технологияға байланысты техникаландыру өндіріс көлемін арттырып өндірісті дамытатын болса, осы жағдайды ақпараттандыруда оны құжаттандырудағы жаңа сөздер жаңа атаулар да жаңалықпен қоса енеді.

Жеке тәуелсіз мемлекет бола отырып құжаттарымыздың басым көпшілігі орыс тілінде жасалатын болғандықтан өз заңдарымыз бен құжаттарымызды аударма арқылы тануға мәжбүр болып отырмыз. Сондықтан бүгінгі күні заңдарды, ресми құжаттарды, сөйлеген сөздерді аудару барысында біршама талаптар туындап отыр. Заңдар мен құжаттарға аударма жасау барысында ең бір қалтқысыз ұстанатын жағдай ауыз екі сөзді немесе диалектіні, қолданудан сақ болу. Сөз жасау оның ішінде әдемі сөз жасау, затқа әдемі ат беру, көп білімді талап етеді. Ол шығармашылық деңгейге парапар. Адамзат өз тарихында жаңа затты ойлап тауып оған көбіне өз есімін бергенін сіздер білесіздер немесе қандай да бір сала өз дамуында жаңа заттар ойлап тауып оған жаңа атау берері сөзсіз мысалы кісі атымен аталатын заттар дизель (Дизель), кольт – (Кольт), жандарм - (Жандарм), хулиган – (Хулиган), макарон (Марк Арони итальян.), пастеризация – (Пастер), галифе – (Голифе), жебе – (Жебе адам есімі), жантық – (Жантық), Фаренгейт – (Фаренгейт), мартен пеші – (Мартен), меценат – (Меценат. Рим.), қайсар – (Цезарь), вандализм –(Вандал герм. тайпасының аты), бойкот – (Ч.К. Байкот ағылшын, оның шығарған үкіміне халық наразы болып көшеге шығады), никотин – (Никот француз), садизм – Саад фр. жазушысы т.б.. А. Байтұрсынов айтқандай «Тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес».

Іс құжаттарын аудару барысында жекелеген сөздердің қай мағынада тұрғанын тура немесе ауыс мағынада тұрғанын анық білу маңызды. Сөздің мағынасының дәлдігі – құжаттың құқықтық құндылығын, мағынасының толықтығын көрсетеді. Қате аударылған сөз мағынаға нұқсан келтіреді, сөзді екі мағынада түсінуге әкеп соқтырады, құжаттың мағынасын түсінуді қиындатады. Паронимдерді аударма алмау да сөз мағынасын өзгертеді. Паронимдер –айтылуы ұқсас сөздер.

Аударуда ұстанатын заңдылықтар мыналар:

1. ресми тіл нормасын ұстану
2. ауыз екі сөздерді қолданбау
3. диалектіні қолданбау
4. сөздің қай мағынада, ауыс немесе тура мағынада тұрғанын анық білу
5. мағынасын дәл жеткізу
6. ұтымды сөз табу

7. тавтологияны болдырмау
8. халықаралық терминдерді аудармау.

Ресми тіл нормасын ұстану құжаттарға аударма жасау барысында қойылатын ең бірінші талап. Аудармада ауыз екі сөзді қолдану аудармашының сөздік қорының аздығын көрсетеді. Диалект сөздер де аудармашының әдеби тілді меңгермегенін, тіпті сөйлеу мәдениетінің төмендігін көрсетеді. Аударма жасау барысында ұтымды сөз табу шеберліктің ісі. Тавтология да құжаттың мәнін кетіріп мағынасын көмескілендіреді. Іс-құжаттарды аудару барысында халықаралық қолданыстағы терминдерді аударуға әуес болмаған дұрыс. Аударма жасау барысында құжаттарды үш сатымен толық жасаған дұрыс олар: аудару, жетілдіру-редакциялау, бақылау-редакциялау, осы жұмыстардан кейін ғана аударманы сапалы әрі толыққанды болмақ.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. -Алматы. 1998.
2. Жақыпов Ж. Аударматануды аңдату. –Қарағанды, 2002.
3. Р.К.Миньяр-Белоручев. Французский язык. Курс устного перевода. М., 2005
4. Р.К.Миньяр-Белоручев. Общая теория перевода и устный перевод. М., 1980г.
5. Л.К. Латышев. Технология перевода. М., 2001г.
6. Олег Мешиков. Практикум по переводу с русского на английский. М., 2002г.
7. А.Ф. Ширяев Пособие по синхронному переводу. Фр. Яз. М., 1989
8. А.Д. Швейцар. Перевод и лингвистика. М., 1973

**Торебаева А.О.**

#### **ЗАКОНОМЕРНОСТИ И СЛУЧАЙНОСТИ В УСТНОМ ПЕРЕВОДЕ**

*Аннотация.* Статья рассказывает о закономерностях и случайностях в устном переводе. Приведены также сведения о том, что перевод подразделяется на письменную и устную формы по жанрово-стилистическим особенностям и психолингвистическим особенностям в зависимости от письменных и устных видов языковой деятельности.

ӨОК 81'366

Орал Н.Ж.

«Bolashaq» академиясы

Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қарағанды қаласы.

Ғылыми жетекші: «Қазақ тілі мен әдебиеті»

кафедрасының профессоры ф. ғ.д М. Хамзин«Bolashaq» академиясы

#### **ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІ**

*Аңдатпа.* Мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысында ғұмыр кешкен, бірлік пен ерлік поэзиясының символы, атақты ақын, батыр қайраткер Махамбет Өтемісұлына өлең, жыр арнамаған қазақ ақыны кемде-кем, ал проза саласына келсек, Б. Аманшин, Н. Әбутәлиев, Ә.Әлімжанов, Т. Әлімқұлов т.б. қаламгерлердің шығармаларын айрықша атар едік. Әсіресе, жоғарыда көрсетілген соңғы екі автордың шығармасы яғни Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы және Т.Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесі ерекше орынға ие, себебі, біріншісі ақын өмірін кең ауқымда, ірі эпикалық сипатта кескіндеген, екіншісі ұлы ақынның соңғы күнін яғни трагедиясын бейнелеген. Сондықтан да аталмыш мақалада аз да болса екі туындыға көбірек тоқталуға тырыстық.

Қоғам дамуына сай әдебиет те үнемі өрлеп, өрістеп отырады. Сондықтан да қазақ әдебиеті халқымыздың рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде үнемі жүйелі де жан- жақты зерттеуді қажет етеді.

Өткен ғасырдың 60-80-жылдарындағы қазақ әдебиетінің алдында әлемдік әдебиетті айтпағанның өзінде, көркем сөз алыптарының дәстүрлі мектебі болды. Солардың тәжірибесін, өнегесін игерген қазіргі қазақ әдебиетінің қол жеткізген сапалы жетіктіктері аз емес.

Махамбет поэзиясы XIX әдебиеті қорына өзіндік жаңа леп пен тың идея қосқан жаңашылдығымен құнды. Әрбір сөздерінің образдылығы, қиып түсер өткірлігі, қызу қанды жігерлілігі, дауылдай долылығы оның поэзиясын өзгеше пафосқа көтерді.

Ә.Әлімжанов романы (1) сол тұстағы тарихи, саяси оқиғаларды Махамбет бейнесімен тығыз байланыста алған, ал, сондай мақсатты көздеме де, Т.Әлімқұловтың әңгімесі (2) аса ірі әлеуметтік проблеманы шеше алған. Ал, қысқаша тұжырымдасақ, жоғарғыдағы үздік әңгіменің авторы туралы Т.Токбергеновтың (3), Қ.Әбдезұлының (4), ал, тарихи және тарихи сипаттағы романдар жайлы жазылған еңбектерге Р.Бердібаевтың (5), М.Хамзиннің (6), Ж.Дәдебаевтың (7) зерттеулерін атаған жөн.

Махамбеттің өмірі мен заманы туралы көркем шығармалардың ішінде Төкен Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесі айрықша дара тұрады. Ақын өмірінің соңғы сәтінің суретін жасауда Т. Әлімқұловтың басқа жазушылардың шығармаларынан қай тұрғыдан да ерекше табиғатымен дараланады. Жазушы шағын әңгіме жанрында Махамбет өмірінің аяқталар тұсындағы ақтық сәтінің шындығын психологиялық тұрғыдан өте шынайы және шебер жинақтайды, ақын бойындағы буырқанды толғанысты проза тілінде бейнелеуге аянбай тер төккен.

Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы жанрлық табиғаты, көркемдік әлемі жағынан өзіне ерекше назар аудартады. Жазушы Махамбеттің тағдыр талайына қатысты, заманына қатысты оқиғалардың мол тобын қамтиды. Көркем туындыда қамтылған уақыт шындығы- қазақ тарихындағы ең бір дүрбелең де, қым-қуат күрделі, ұлт үшін қасіретті кезең. Қоғамның осы тұсы романдағы басты кейіпкер тағдырымен біте қайнасып, өріле сипатталады. Романда қазақ хандығының ақырғы демі, орыс отарлауының жойқын күш ала бастауы сияқты ұлы дүбірлі қақтығыстар көрініс беріп, осы тартыс шығарма басынан ширьға түседі.

Жазушы сомдауындағы Махамбет- жай, батыр ақын ғана емес, негізгі идея қозғайтын, қол бастайтын тау қопарар күш.

Т. Әлімқұлов- қазақ әдебиетінде өзгеше құбылыс. Оның бүкіл шығармашылығынан, сөз саптауы мен ой түйінінен де нағыз ұлттық жазушы екенін аңғарамыз. Оның шығармаларынан тұнып тұрған ұлт өмірін, ұлттық тыныс-тірлігін, мінез-тәрбиесін, сезім- сенімін көреміз. Ол қолданған образды сөздің нақыш-нақысынан қазақтың өз өрнегі, өз өмірі анық көрініп, атойлап тұрады. Т.Әлімқұлов өзінің «Қараойымен» классикалық әдебиетке қадам ұрды.

Махамбеттің өмірі мен заманы туралы көркем шығармалардың ішінде Төкен Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесі айрықша тұрады. Бұл шағын әңгімеде Махамбеттің соңғы сәттері суреттеледі. Суреткер сезімталдығының шын куәсі де- осы әңгіме. Әзірге қазақ прозасында бұл қысқа жанрда Махамбетке арналған мұндай дүниенің енді қайтып жазылу, жазылмауы екіталай. Айтпағымыз-бұл әңгіменің біртуар, озық дүние екендігі.

«Қараой» әңгімесі - тұнып тұрған сурет, мейлінше қанық бояуға салынған кесек картина. Мұнда терең ойға малшынған сөйлемдер тұтасқан динамиканы бейнелеп, ширьға ширатылып жатыр. Астарлы сөз, айшықты теңеулерден асыл бір дүние оянып, жайнап, түлеп сала бергендей. Қып- қысқа, қоп- қою, жұп- жұмыр. Бұл шығармада басы артық бір сөз жоқ. Сан сапырылысқан ой- теңіздей шашырап жатпай, шарадай жерге қалайша сыйып тұр деп таң қаласың.

«Ақыраптың ұзақ түнінде Махамбеттің ұйқысы шала болды. Әлденеге көңілі алағаржақтанып, жүрегі өрекіп, дөңбекшіп шықты. Құлқын сәріде төсектен тұрып, тысқа шығып еді. Үйінің жанында біраз тұрып қалыпты.» (2.115) Осы бір ауыз сөзден кейін-ақ әңгіме-новелланың желісі ширатыла түскендей. Дөңгеленген «Қараойдың» өзі алақандағыдай анық кескін тауып, образға кірігіп, тіріле түседі.

Қараой- жер атауы. Қаралы оқиға да осы жерде өтеді. Әңгімеде Махамбет өмірінің соңғы сәттері сөз болады. Ең бастысы, мұнда қайсар ақынның ешкімге бас иеген асыл рухы асқақ көрінеді. Ешқашан хан- сұлтан алдында төмендемеген, аласармаған ар намысы соңына түскен көп тобырдың қолы жетпес биікте қалады.

Аңғарғанымыз, бұл әңгімеде автор «сана ағымын» суреттеуге көп мін берген. Мақсаты- Махамбеттің жан дүниесін тереңнен тартып, қопарып көрсету. Аз уақыт ішінде Махамбет өткен өмірінің өзек өртер кезеңдерін ойша шолып шығады, аз өмір жолын өзі саралап, өзі бағалап бағамдайды. Ісінің бірін оң көрсе, бірін теріс көреді. Аласқан, қалт басқан шағының кейінгі трагедиялық, қасіретті салдарын еске түсіріп өкінеді, күйзеледі. Тіпті қазіргі шағында жасап тұрған әрекеті Ықыластың достық ниетіне сену болса, енді бұған да күдікпен қарап, өз сырын, өз жайын терең танып тұрса да, дос болып жүрген Ықыласты жете тани алмай, екі ұдай



күй кешеді. Жазушы осының бәрін, кейіпкердің ойы мен сезімінің қалың ағынан бір бағытта ғана өрмей, оларды өзара шарпылыстырып, ой мен сезім үзіктерін толқынды толқын қуғандай, үздіксіз даму, өзгерту үстінде суреттейді. Махамбет өмірінің осы сәтін суреттеуде бұл тәсіл өте тиімді көркемдік қызмет атқарған. Кейіпкерінің «жан диалектикасын» дәл осы жерде ашуды да үлкен суреткерлік таным мен талғам жатыр.

Ең ауыр трагедия- қазасының суреттелетін тұстарында қаламгер сұңғыла шеберлік танытады, әңгіменің құнарлы тіл өрнегін дәл табады. Оқиға мүмкіндігінше сығымдалып, қысқа қайырылады, кейіпкерлердің іс- әрекетін, қимыл- қозғалысын, ой- арнасын жазушы қысқа-қысқа диалогтар, сана ағымы арқылы жеткізеді. Әсіресе, кейіпкердің мінез- құлқын аз сөзбен өте дәл жеткізетін психологиялық талдау тәсілін ұтымды қолданған. ( 2.44)

Уақыт тезге салып, замана түзей алмас қасірет- аярлық пен аккөңіл сенімнің айқасы шағын жанрдың шамасынан тыс қуатпен сипатталған, «Қараой» әңгімесінен шамамен тарихи кезең, рухани деңгей, ұлттық үрдіс, билік болмысы деп жіктей қараған адамға осынау шағын туындыдағы үлкен прозаның, шебер суреткердің болмысы бірден көзге ұрары хақ. Жазушы замана тудырған текетірес бейнесін оған тікелей мұрындық болған жандардың психологиялық ширығуы мен ішкі әлемнің көзден таса құпиясын зерделеу арқылы жасаған.

Махамбеттің ақындығын, күрескерлігін қатар қамти отырып, жазушы оның азаматтық позициясын танытатын эпизодтарды ұтымды қолданған. Әңгімедегі аз ғана кейіпкерлер шоғыры тарихи кезеңдердің бір арнаға түйісіп, бір жүйеге тізілген болмыс- бітімнің атынан сөйлеп тұрғандай әсер етеді.

Жиендей желіккен тобырдың ертең де таңы атады, күні шығады... Төленің тексіз ұлы Ықыластардан да ұрпақ тарап, өсіп- өнеді. Өмір жалғасады. Қараойдағы сүренсіз күздің суреті айтқанға- ұят, айтпағанға- қиянат қалпымен тарих бетінен орын алады. Т. Әлімқұловтың үздік туындысы- «Қараой» әңгімесі осындай ойға жетелейді.

Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы қазақ даласы, Ресей патшалығы, Хиуа хандығы арасындағы қарым- қатынасты, оның Махамбет бастаған көтеріліске қатынасын, Махамбеттің жеке өміріндегі орнын ашып көрсетуде қыруар еңбекті талап еткен. Осы еңбек жайында Т.Рақымжанов: «Осы ұлы оқиға көптеген ақын- жазушылардың көркем туындыларына арқау болды. Міне, осындай қазақ тарихында ерекше орын алатын Исатай мен Махамбет көтерілісін Ә. Әлімжанов та шығармасына өзек етіп, тақырып ретінде таңдап алған. Дегенмен, осы тақырыпты өзек еткен өзге жазушылардың шығармаларынан сол дәуірдің тұрмыстық, саяси- әлеуметтік құбылыстарын қамту жағынан болсын, әйтеуір, Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романының дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Өйткені, Ә. Әлімжанов өз романынла өзге жазушылардай емес, Махамбет Өтемісұлының өмірін жылнамалық қатаң тәртіппен сипаттай, сол дәуірдегі қазақ халқының салт- санасын, қоғамдық қарым- қатынастарды және тарихи- әлеуметтік құбылыстарды қоса- қабат суреттей отырып, ақын тұлғасын жасауға тырысқан, айтайын деген ойын оқырмандарына сәтті де дәл жеткізуге күш салған деп», -өзінше баға береді.

Ә. Әлімжанов романында әлі де болса, талай нарға жүк болатын идеялар жатыр. Жазушы стилінде трагедия мен психологияны ұштастыру бағыты орын алып, басты кейіпкер ақиқатты, әділетті іздеумен болады. Бұл шығарма оқырманға эстетикалық сезім беріп қана қоймай, оқырманның ой- иіріміне жол тауып, қоғам алдында белгілі бір тақырып төңірегінде проблемалық дәрежеде ой қозғауға мүмкіндік береді. Атап өтерлік бір мәселе - жазушы сол қозғалысқа себеп болған жағдайларды кең қамтуға, заман шындығын мол қорытуға талаптанған.

Қорыта келгенде, Махамбет ақынның рухына арналған шығармалар арасында бұл туындылардың орны бөлек екенін ерекше айтқан жөн.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Әлімқұлов Т. Кертолғау. Алматы: Өнер, 1988
2. Әлімжанов Ә. Махамбеттің жебесі. Алматы: Жазушы, 1981
3. Тоқбергеев Т. Төкен Әлімқұлов. Алматы: Рауан, 1992
4. Әбдезұлы Қ. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80- жылдардағы қазақ прозасы. Алматы: Ғылым, 2001
5. Бердібай Р. Тарихи роман. Алматы: Санат, 1997
6. Хамзин М. Махамбет және ұлттық рух. Егемен Қазақстан, 2003
7. Дәдебаев Ж. Қазіргі кезеңдегі қазақ тарихи прозасының дамуындағы Әуезов дәстүрі. Алматы: Ғылым, 1981

Орал Н. Ж.

## ОБРАЗ МАХАМБЕТА В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

*Аннотация.* В статье говорится о казахском поэте Махамбете Утемисове, который жил в первой половине XIX века, как о символе единства и героизма, знаменитом поэте и герое. А в жанре проза можно отметить таких писателей как Б.Аманшин, Н. Абуталиев, А. Алимжанов, Т. Алимкулов. Особо хотелось бы выделить произведения Алимкулова и других писателей. Произведения двух последних авторов, такие как роман А. Алимжанова «Стрела Махамбета» и повесть Т. Алимкулова «Караой», занимают особое место, так как первое изображает жизнь поэта в большом эпосе, второе-последние дни трагедии великого поэта. Поэтому в данной статье мы постарались остановиться как минимум на двух работах.

ӨОК 81'366

Оспанова К.Д.

«Bolashaq» академиясы «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты, Қарағанды қаласы.

### КҮРДЕЛІ ТУЫНДЫ САН ЕСІМДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМЫ ТУРАСЫНДА

*Аңдатпа.* Басқа тілдердегі сияқты қазақ тілінің де сөз байлығы әр түрлі себептерден пайда болған сөздермен толығып отыратындығы белгілі. Олай болса, қазақ тілінің сөзжасамы да белгілі жүйе болып қалыптасқан. Ал қазақ тілінің сөзжасам жүйесі тілімізде пайда болған жаңа сөздерді айқындауға көмектеседі. Қазақ тіліндегі сөздердің жасалу жолдары тілдегі сөзжасам жүйесіне бағынады. Қазақ тілінің лексикалық құрамына енетін сөздердің бәрі туынды мағыналы сөздер-жасалу жолдарына қарай топ-топқа сараланып, сөзжасам тәсілдеріне жіктеледі.

Сан есім сөзжасамында аналитикалық тәсіл негізгі орын алатындықтан, бұл сөз табы күрделі сан атауларына өте бай. Осы сөз табын негізінен күрделі сөздерден тұрады деуге боларлықтай, өйткені мұнда дара сан атаулары өте аз. Сондықтан аналитикалық тәсіл нәтижесінде жасалған күрделі сан атауларын арнайы сөз ету керек.

Тіліміздегі сан есім сөз табын құрайтын сөздердің жиырма шақтысы ғана дара сандар. Олар бірліктер мен сандық қатарлардың аты. Бірінші сандық қатар бірліктер болса, олар түгел дара сандардан тұрады, мұнда күрделі сан жоқ. Екінші сандық қатар - ондықтар, олар да тоғыз ондықтың атынан тұратын дара сандар. Мысалы: *он, жиырма, отыз, қырық, елу, алтыс, жетпіс, сексен, тоқсан*. Екінші қатар ығи ондықтардың атынан тұрғанымен, бір ондықтан екінші ондыққа өте отырып, үшінші қатарға жету үшін, екінші мен үшінші қатар арасындағы сандарда екі сан араласады, олар: ондықтар мен бірліктер, яғни бұл күрделі сандар екі компоненттен тұрады. Мысалы: *отыз бес, қырық сегіз, жетпіс тоғыз, сексен сегіз, тоқсан тоғыз* т.б.

Үшінші сандық қатардан бастап, әр сандық қатардың өз ішіндегі сандар да, бір сандық қатар мен келесі сандық қатардың арасындағы сандар да күрделі сандардан тұрады және олардың компоненттік құрамы да барған сайын өсе береді. Тек үшінші сандық қатарға жататын жүздіктер аты ғана екі компоненттен тұрады: *екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз тоғыз жүз*. Бір жүздіктен екінші жүздікке, одан төртінші қатар мыңға дейінгі аралықтағы күрделі сандардың компоненттері үштен басталып, төртке дейін жетеді. Мысалы: *жүз алтыс бес, тоғыз жүз тоқсан тоғыз* т.б.

Сөйтіп, тіліміздегі сандық қатарлардың көбі күрделі сандардан тұратыны анықталды. Оның үстіне әр сандық қатарлардың арасындағы күрделі сандар да қосылады Осының бәрі тілімізде күрделі сан атаулары көп екенін көрсетеді. Оқулықтарда бұл сөз табының сөздік құрамы туралы ешбір нақтылы мағлұмат берілмейді, көбіне нақтылы көрсетіле алатыны жиырма-отыз шақты дара сандар ғана, ал миллионға дейінгі күрделі сандар 999980 екені анықталып отыр. Сан есім – сөзге бай сөз табының бірі, ол есімдік, шылау, үстеу, одағай сияқты сөз таптарынан әлдеқайда бай. Бірақ сандық ұғымды білдіретін сөздер негізінен күрделі атаулар болғандықтан, олардың дербес сөз ретінде танылмауы бұл сөз табының құрамын белгісіз қалдырып келеді. Осы олқылық жалғыз қазақ тіліне ғана қатысты деуге болмайды,

мұндай жағдай көптеген тілдерге ортақ.

Екі я онан да көп сандардың бір-бірімен тіркесіп, құрамындағы сандардан басқа сандық ұғымды білдіретін түрі күрделі сан атаулары аталады. Мысалы: *алтыс бес, жүз тоқсан жеті, төрт жүз сексен сегіз, үш мың төрт жүз елу алты* т.б. Мысалда келтірілген төрт күрделі сан атауының біреуі - екі сөзден, екіншісі - үш сөзден, үшіншісі - төрт сөзден, төртіншісі - алты сөзден тұрады. Осы төрт күрделі атаудың құрамдары түрлі болғанымен, төртеуінің әрқайсысы да бір ғана күрделі сандық ұғымды білдіреді, яғни төртеуі – төрт түрлі санның аты. Күрделі сан атауының құрамы ең кемі екі сөзден тұрады, бұл - міндетті шарт, одан кем болуы мүмкін емес. Мысалы: *он бір, жетпіс екі, жүз бес, жүз отыз, мың бір* т.б.

Бірақ күрделі санның құрамы екіден әлдеқайда көп бола береді. Мысалға миллионға дейінгі күрделі сандардың ең көбі тоғыз сөзден тұрады: *тоғыз жүз сексен жеті мың алты жүз елу төрт, бір жүз он үш мың төрт жүз жиырма жеті* т.б. Мысалға келтірілген екі күрделі санның әрқайсысы тоғыз сөзден құралған. Миллионға дейінгі күрделі сандардың құрамы тоғыздан аспайды. Ал миллионнан асқанда ғана, одан жоғары болуы мүмкін. Ал миллионға дейінгі күрделі сандардың құрамы тоғыздан жоғары болуы мүмкін емес. Бұдан шығатын қорытынды - күрделі сан атауларының құрамы екі сөзден басталып, тоғыз сөзге дейін жетіп, миллионнан асып, триллионға дейін, одан да жоғары болуы мүмкін. Бірақ күрделі сандардың құрамы неғұрлым көбейген сайын күнделікті өмірде оның қолданылуы сирей береді. Күрделі сандардың мыңға дейінгі түрлері өмірде көп кездеседі, көбірек қолданылады, ал миллионға дейінгі күрделі сандар олардан әлдеқайда сирек қолданылады.

Күрделі сандардың құрамы қанша сөзден құралса да, олар тұтас бір сандық ұғымды білдіреді. Мысалға *он бір* деген мен *он екі* деген екі түрлі сандық ұғымды білдіреді. Бұлардың әрқайсысының мағынасы оның құрамындағы сандардың мағынасынан басқа-басқа. Он бір деген сан - *он* және *бір* деген сандардан мүлдем басқа сан және оның сандық ұғымы компоненттерінің сандық мәнінен үнемі жоғары болады. Сол сияқты *он екі* деген де жеке алған *он* және *екі* сандарының ешқайсысына тең емес және олардан сандық ұғымы жоғары. Олай болса бір сан мен екінші сан тіркескенде, үшінші бір олардан жоғары санның аты жасалады. Бұл күрделі сандардың жаңа мағына беруінің нағыз куәсы.

Тілдегі күрделі сандардың - әрқайсысының өзіндік мағынасы бар, әрқайсысы да белгілі санды білдіреді. Оларға синонимдік қасиет тән емес. Мысалы, тілдегі *қырық бес, елу бес, алтыс жеті, алтыс сегіз, жүз елу бес, екі мың алты жүз сексен тоғыз* сияқты күрделі сан атаулыны қанша тізе берсек те, олардың ешқайсысының білдіретін сандық ұғымы бірімен-бірі түйіспейді. Бұл арада күрделі сан атауларының мағына дербестігі тағы да дәлелденіп отыр, өйткені тілдегі әр күрделі сан атауының өзіндік мағынасы, өзіндік тұрақты құрамы бар, олар бірімен-бірі еш уақытта толық сәйкес келмейді. Күрделі сандардағы бұл құбылыс жалпы сөз атаулыға қойылатын ортақ шартқа сай келіп тұр. Тілдегі әр сөздің өзінше дыбыстық, морфемдік құрамы, мағынасы болу, сол арқылы сөз бір-бірінен ажырауы белгілі жалпы заң. Бірақ тілдік түрлі процестер бұл заңдылық өзгеріс енгізгені, түсінікті, сондықтан да тілде қазір құрамы да, мағынасы да ұқсас, сәйкес сөздер кездесетіні белгілі жағдай. Ал күрделі сандарға ондай өзгеріс енбеген, әр күрделі сан атаулары мағына жағынан да, құрамы жағынан да алғашқы қалпын сақтаған. Күрделі сан атауларының осы қасиеті оның сөз статусына қойылатын талапқа нақтылы сәйкестігін көрсетеді.

Күрделі сан атаулары бүгін ғана жасалған сөздер емес. Оның негізі тым әріде жатқаны жоғарыда айтылды. Әрине, күрделі сандардың бәрі бірден жасалды деген пікірден аулақпыз. Дегенмен күрделі сандардың жасалу тәсілі, модельдері ертеден келеді. Мысалға орхон жазбаларындағы күрделі сандарды келтіруге болады; ондықтар - *екон, учон, йетмиш, сегіз он; ондык*, пен *бірлік* аралас сандар *йеті йегірмі, секіз йегірмі, алты отуз, йеті отуз, екі отуз, уч отуз, біс йегірмі, алты йегірмі, бір отуз, жүздіктер: йеті йуз, беш йуз, мыңдықтар - йеті бің, екі - үч бің, алты бің, бес түмен (елу мың)* т.б. [1, 5-10].

Бұлардан ондық пен бірлік аралас сандарға өзгеріс енгені түмен сөзі біздің тілімізде сақталмағаны сияқты ерекшеліктер байқалады, бірақ күрделі сандардың жасалуындағы негізгі тәсілдер, модельдер, заңдылықтар сақталғаны анық. Бұған қарап күрделі сандардың тілде ұзақ уақыттарды қамтитыны байқалады. Бұл жағдайды да есептен шығаруға болмайды.

Күрделі сандардың дербес сөзге жататынын оларға сөйлемде қосылатын қосымшалар арқылы да дәлелдеуге болады. Тіліміздің жалпы заңдылығы бойынша сөйлемдегі сөздерді бірімен-бірін байланыстырушы қосымшалар сөз соңына жалғанады.

Күрделі сандар бір сөз болғандықтан, қосымшалар күрделі сандарды аяқтаған соңғы

компонентіне жалғанады. Мысалы. Биыл олардың саны *екі жүз сексен екі мыңнан* асып отыр. Келтірілген мысалда шығыс септік жалғауы *екі жүз сексен екі мың* деген бес компоненттен тұратын күрделі санды аяқтап тұрған *мың* деген компонентке жалғанған. Бұл заңды, өйткені *мың* күрделі санның соңғы шегі, сөз *мың* компонентімен аяқталады, сондықтан қосымша оған жалғанған. Міне, бұл да күрделі сандардың дербес сөздік қасиетін көрсететін белгілердің бірі.

Күрделі сандар біртұтас сөз болғандықтан, олардың арасына еш уақытта ешбір морфема кіре алмайды, оларды бөліп айтуға болмайды. Күрделі сандар өз тұтастығын берік сақтайды. Компоненттерінің орын тәртібін қатал сақтап, тұрақты қолданылады. Бұл да - сөз құрамының тұрақтылығына байланысты жағдай, күрделі сандардың дербестігін дәлелдейді.

Күрделі сандар сөйлемге тілдегі дайын қалпында алынады. Бұл - тілдегі сөз атаулыға тән негізгі белгі. Сөйлем тілде бұрыннан жасалып қолданылып жүрген дайын лексикалық единицалардан құралады. Күрделі санның әрқайсысы да тілде көне замандардан келе жатқан, өткен замандарда жасалған, сондықтан олар сөйлемдегі жай сөз тіркестері сияқты әр сөйлем құрастырылған сайын жасалып отырмайды. Күрделі сандар тілдегі басқа сөздер сияқты дайын қалпында сөз тіркесінің бір компоненті ретінде ғана сөйлемге кіреді. Бұл да күрделі сандардың лексикалық дербестігіне дәлел.

Күрделі сөздердің дербес сөз ретінде танылмауына кедергі болып жүрген олардың құрамының күрделілігі, компоненттерінің бөлек жазылуы, бірікпеуі. Бұл белгі орыс тілі сияқты славян тілдерінде, индоевропа тілдерінде сөзді тануда қолданылады. Орыс тілінде сөздерді біріктіруші қосымша бар, ол тұрғанда, сөз бірігеді. Ал түркі тілдерінде ондай қосымша мүлдем жоқ. Осы құбылыс бұл тілдерде толып жатқан сөздердің сөз ретінде танылуына кедергі жасап, алғаш емле ережелерін анықтағанда кеткен кейбір олқылықтар нәтижесінде біріктіріп жазылатын талай сөздердің қазір бөлек жазылып жүргені де белгілі, көбі бірде бөлек, бірде бірге жазылып жүр. Бұдан шығатын қорытынды: сөздің бірге я бөлек жазылуы сөзді тануда түркі тілдерінде негізгі, шешуші белгі ретінде қарауға келмейді [2, 104].

Әрине, күрделі сандардың компоненттері үнемі бөлек жазылып келеді, бұған емле ережесінің зияны тиді деген ұғым шықпайды. Ал бірге я бөлек жазылу түркі тілдерінде сөзді тануда шешуші қызмет атқара алмаса, онда ол күрделі сандардың сөз ретінде танылуына да кедергі болмауға тиіс.

Түркі тілдерінің өзіндік ерекшелігінің бірі - олардың күрделі сөзге байлығы. Мысалға күрделі сын есімдер, күрделі етістіктер оқулықтарда беріліп жүргені белгілі. Күрделі зат есімдер де кейде аталып жүр. Бұлардан басқа да сөз таптарында осындай тілдік элементтер бар. Осылардың бәрі түркі тілдерінің сөзжасам ерекшеліктеріне байланысты.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Оралбаева Н.О. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1988.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы, 1991.
3. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. –Алматы: Ғылым, 1984. –182 б.
4. Исаев С. Тарихи сөзжасам мәселелері (әдістемелік нұсқау). –Алматы, 1981. -79 б.
5. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1989.
6. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. –Алматы: Ана тілі, 2002. -192.

**Оспанова К. Д.**

#### **О СЛОВООБРАЗОВАНИИ СЛОЖНЫХ ПРОИЗВОДНЫХ ЧИСЛИТЕЛЬНЫХ**

**Аннотация.** Известно, что, как и в других языках, богатство слов казахского языка пополняется словами, возникшими по разным причинам. Так, словообразование казахского языка является известной системой. Словообразовательная система казахского языка помогает определить новые слова, появившиеся в нашем языке. Способы словообразования в казахском языке подчиняются словообразовательной системе языка. Все слова, входящие в лексический состав казахского языка, подразделяются на группы по производным значимым словам-способам словообразования.

Садуова Д.О.

«Bolashaq» академиясының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Касетова Н.К.

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

[sadu.dariya@mail.ru](mailto:sadu.dariya@mail.ru)

## ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ РОМАНТИЗМ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қазақ прозасындағы романтизмнің ұлттық сипаттарын анықтауда ең басты ерекшелік фольклорлық дәстүр болып табылатындығы жазылған.

Өмір - тіршіліктің өз заңдылығы бар. Ол тынымсыз дамуы, алғы күндерге бет алуы. Ескі, тозығы жеткен құбылыстардың, жаратылыстың, заттың тозып күйреуі, жоғалуы, орнына жаңаның өркен жаюы, оның дамуы, жетілуі т.б. Күн мен түннің алмасуы, бір жылдың төрт мезгілден тұруы. Осындай заңдылықты өнер табиғатынан да байқаймыз, көреміз. Өнердің де дамуының өз заңдылықтары, тоқырауының да өз себеп-салдарлары бар.

Әдеби даму яки әдеби үдеріс немесе әдебиеттің дамуы бұл үзіліссіз жалғасып отыратын процесс. Бүгінгі ХХІ ғасыр басындағы әдеби даму жетістік-кемшілігімен күні ертең төл әдебиетіміздің тарихына, оның бір жарқын тарауына айналады, көркемдік дамуымыздың тарихы, шежіресі саналады. Әдеби процесс тірі, жанды процесс, қозғалыс, күрес, әдебиеттің қоғам, замана, уақыт алға қойған мәселелерді көтеруі, сан сала бағыттарда ізденуі, күнделікті дамуы, жетілуі, әдеби дамудың тарихы.

Қай халықтың болмасын жазба әдебиетінің қалыптасуында ауыз әдебиеті дәстүрінің мән-маңызы үлкен. Мәселен, ХХ ғасырдың басында қазақ прозасының пайда болуы мен қалыптасуында ауыз әдебиетінің әсері зор болды. "Қалың мал", "Бакытсыз Жамал", "Қамар сұлу" т.б. туындылардың суреттеу, баяндауларынан, кейіпкерлерді сипаттауларынан бұл айқын аңғарылып тұрады. Ауыз әдебиетінің дәстүрі кеңестік кезеңде прозаның, әсіресе драматургияның тууы мен жетілуіне үлкен ықпалын тигізгені, алғашқы қазақ пьесаларының біразы ауыз әдебиеті үлгілері негізінде жазылғаны мәлім.

Қазақ әдебиетін зерттеушілер ұлттық проза жанрларының түп негіздерін халық ауыз әдебиетінің мұралары: лиро-эпикалық дастандардан, қиссалар мен аңыздардан, жыраулар шығармашылығының басты жанры – толғаулардан, шежірелерден т.б. іздейді. Мұндай әдістеме қазақ әдебиеттануында әбден орнығып, ол арқылы бірнеше ғылыми жетістіктерге қол жеткізе алдық. Халық мұраларының прозалық үлгілерін қарастырып, оның өзіндік көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін ашқан С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (1984), қазақ романының жанрлық тамырларын зерттеуде ежелгі мифтер мен фольклордан бастап жазба әдебиетіне дейін көктей қарастыру жүйесін әкелген Ш. Елеукеновтің «От фольклора до романа-эпопеи» (1987) сияқты монографиялық еңбектері біршама көкейкесті мәселелерді шешіп, ең маңыздысы, бұл тараптағы болашақ ізденіс бағдарларын айқындап берді және реалистік әдебиетте ауқымды артықшылыққа ие, финалдық жанр деп қарастырылып келе жатқан романның ғылыми типологиясын жасауға, түрлік ерекшеліктерін айғақтауға ден қойды. Ол жанр мәселесін шешуде нақты бір дәуірдегі әдеби үдерістің негізгі ерекшеліктерін танытатын көркемдік құрылымдар типологиясының маңызына тоқталып өткен болатын. Қазақ романының өзіндік даму заңдылықтарына үңілген зерттеуші осы жанрдың шет елдік, көршілес елдердің ғалымдары негіздеген бірнеше концепцияларға талдаулар жасайды. Сондықтан да ол тұжырымдарда қайталаудың қажеттігі жоқ. Біз үшін маңыздысы – роман жанрының поэтикасындағы бүкіладамзаттық көркемдік даму заңдылықтар мен ұлттық топырақтағы эстетикалық факторлардың тоқайласу шектері. ХХ ғасыр басындағы адам санасы мен өмірдің күрделенген қайшылықтарына дендеу үшін қазақ әдебиетінің жанрлық репертуарында роман басымдыққа ие болғаны аян. Ш. Елеуенов «Неліктен роман? Неге өлең емес? Неге эпикалық поэма емес? Неге мысал емес?» деген сұрақ қоя отырып, «бүтін бір дәуірдің идеясын бойына сыйғыза алатын, ол дәуірдегі қаһармандық пен күнделікті өмір ағысын, комедиясы мен трагедиясын, саясаты мен философиясын, сол дәуір адамының жан дүниесінің қозғалысы, аңсары мен әрекетін бейнелеуде» романдық форманың үстемдігі қазақ әдебиетінің жаңа, жоғарғы сатысы деп табады [15,98].

Прозаның күрделі жанры романға иек артуы қазақ әдебиеті тарихында ерекше эстетикалық құбылыс болды. Ұлттық прозаның толысуы новелла, әңгіме, повестер арқылы бірте-бірте жүзеге аспай, алғашқы сатысында-ақ «роман» деген жанрлық айқындамасы бар шығармалар шоғыры арқылы қанат жаюы халық ауыз әдебиетіндегі мықты эпикалық дәстүрдің арқасы. Сондықтан да . Әдебиетіміздегі роман жанрының алғашқы үлгілері деп саналатын М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік», М. Кәшімовтың «Мұңлы Мариям», С. Көбеевтің «Қалың мал», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармалары реализм ұстанымдарының түпкілікті орнығуы екені рас. Бірақ сол кезең үшін мұндай жаңа форманың өркен жаюын тек қана реализммен байланыстырып келуіміз, басқа да көркемдік-эстетикалық ықпалдарды ескермеу болып саналады. Бұл туындылардағы басты кейіпкерлер – Жамал, Ғайша, Қамарларды типтік образдар деп тануымыздың негіздеріне тағы да бір қайырылып келу керек сияқты.

Қазақ әдебиетіндегі романтизм әдістік деңгейдің шеңберінде қалды да, тұтас бағыттық сипат алып кете алған жоқ. Идеалистік арнадағы дүниетанымнан, өмір шындығына деген субъективті қатынастан бастау алатын романикалық стиль аз ғана ақын-жазушылардың шығармашылығындағы ерекшелік күйінде қалып қойды. Сонда да авторлар тарапынан жаңа орнай бастаған қоғамды идеалдандыру жағынан, болашақ өмірді абсолюттендіру тұрғысынан, келешекке деген шексіз сенім жетегінде болудан туған романтизмге тән ұмтылыстар әдебиетке қиялшыл сипат дарытпай қалған жоқ. Тіпті социалистік реализм арнасында туған «Раушан – коммунист», «Ботагөз» сияқты ірі туындыларда да романтизм әдісінің белгілері, көркемдеу амалдары айқын танылып отырды. Ал бұл жылдар прозасындағы романтизмнің таза үлгісінде туған шығармалар деп Ғ. Мүсіреповтың көркем прозадағы М. Горький үлгісімен жазылған ана тақырыбындағы «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана» және «Ана кесімі айнымайды» аталған новеллалар циклын, «Ер Қаптағай», «Жеңілген Есрафил» тәрізді әңгімелері, С. Ерубаевтың «Бақыт», «Өмір көркемдігі», «Мәңгілік өмір» және очерк сипатындағы «Өмір келбеті», «Күрестің түйісінде» әңгімелерін Б. Бұлқышевтің айрықша өршіл романтикалық рухтағы көркем очерктерін атай аламыз.

Жалпы алып қарағанда, қазақ прозасындағы романтизмнің бейнелеу тәсілдері реалистік тенденциямен органикалық түрде қанаттаса отырып дамыды. Біз оны қазақ прозасының қалыптау кезеңіндегі әңгіме, повесть жанрларын көркемдік әдіс тұрғысынан саралау барысында байқаймыз. 1920 жылдары проза жанрында өндірте жазған Б. Майлиннің шығармаларында романтизм тұрақты тенденцияға айнала алған жоқ. «Ұлбосын», «Қырмызы», «Ленин мектебі» әңгімелері мен «Шұғаның белгісі», «Берен» повестеріндегі романтизм ыңғайындағы жекелеген тәсілдерді ғана тілге тиек етуге болады. Оны Б. Майлин шығармашылығын жүйелі зерттеген Т. Нұртазин де айтып өткен болатын. «Реалист С. Сейфуллинде революциялық романтизм күшті болатын. М. Әуезов негізінде орыстың үлкен реализмінің арнасында еді. Сонымен қатар онда романтизм де жиі ұшырайтын. 20 жылдардағы әңгімелерінде характерлер белгілі қалыпта (состоянияда) бейнеленетін», – деп жазды зерттеуші [17,35]. Қазақ прозасының қалыптасуы мен тұрақты дамуға қарай бет алған кезеңінде релизм, романтизм, ілкі романтизм (өз алдына дербес әдіс бола алмаса да), натурализм, символизм, сентиментализм сияқты әдістер мен ағымдардың эстетикалық белгілері ұшырасады. Өйткені тарихи дәуірлердің алмасуы сияқты өтпелі кезеңнің жойқын өзгерістерін, қоғам мен адамдар санасындағы жаңа үдерістерді бейнелеуде проза жанрының қажеттілігі туып, прозашылар ізденістері түрлі бағыттарда жүрді.

Тумысы бөлек, тұлғасы оқшау қаһарманды әлеуметтік ортадан бірден бөліп алып, даралаудан бастап кету, шығарманың кім туралы екенін аңдатып алып, оған лайықты ситуация қалыптастыратын халық эпосындағы тәсіл С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романына соншалықты жуық. Әйткенмен де роман мен эпостар арасындағы сюжеттің инварианттық жақындықтарынан гөрі поэтикалық портреттердің жақындығы бірден көзге шалынады. Мысалы, «Қыз Жібектің дидары – Қоғалы көлдің құрағы, Көз сипатын қарасаң, Хор қызының шырағы» деп басталатын Жібектің әйгілі портретін еске алайық. Бұл портрет – Ө. Қоңыратбаев сөзімен келтірсек, «кетпендей» деген еңбекке тән тенеуді ғана айтпасақ, өзгелері бірінғай таңдамалы сөздерден алынған, реалистік портрет емес» [19,224]. Мұндай статикалық сурет ғашықтық жырлар үшін әдеттегі құбылыс болса, жырдағы кейіпкерді романтикалық сипаттау тәсілі Қамар бейнесіне («Қамар сұлу») етене жақын.

«Күлгенде көзінді алып кірсіз тісі,  
Қайнамас оны көріп кімнің іші?  
Алмас қылыш жүзіндей аударылған,  
Сүйгізіп көлеңкесі, әрбір ісі.  
Толған ай шілдедегі жалт-жұлт еткен,  
Мүбәда көрген кісі қиыр шеттен» [20,4].

Аталмыш портреттен, жалпы шығарма құрылымындағы көтеріңкі поэтикалық баяндаудан ғасырлар бойы жетекші орын алып келе жатқан көркем шығармашылықтағы поэзия шарттары мен прозаның белдесуі тәрізді құбылыс анық аңғарылады. Шығарманың басты образдарын идеал-бейне деңгейіне көтерудегі мақсат Ахметке сипаттама беруде де сақталады. «Және Ахметтің ақыл-ой зеректігінің үстіне сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш – ақын, жарып салма өткір еді... Тартынбай тамылжытып сөйлегенде де өзінен үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді. Соның үшін елдің атқамінер, ақсақалдары: «Оқыды деп Жәукенің баласын айт. Әне, сондай болсайшы», - деп біреуге ақыл айтқанда қызға Қамарды үлгі қылатын секілді, бозбалаға Ахметті үлгі қылып ұрсушы еді» деген мінездемедегі Ахмет, сөз жоқ, заманының мойны озық адамы ретінде танылады [20,6]. Қамар мен Ахмет образдарының осындайлық өзгешеліктеріне байланысты зерттеуші Ш. Елеуқенов: «Біздің алдымыздан мынадай елеулі факт шығады: роман әлі де болса фольклорлық нормалар тартылысын толық жеңе алмаған. Кәдімгі реалды адамдар шектен тыс идеалдандырылады. Типтік мінездердің орнына бойына көптеген жағымды қасиеттер дарытылған (жағымсыз бейнелер болса жағымсыз мінездер) жинақтаулы образдар шығады. Автор ауызша-поэтикалық шығармашылықтың көне штамптарынан («күлгенде көзінді алып кірсіз тісі») бас тартпайды», – деп жазды [15,110-111]. Суреткер идеал-бейнені барынша даралау М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал бейнесінде де бар:

«Жақсы қыз баға жетпес бір гауһар тас,  
Он алты, он жетіге жеткенде жас  
Жәннатың пісіп тұрған алмасындай,  
Қол жетсе, қандай жігіт ләззат алмас...» [21,144].

Романдағы асқақ сезімді көтермелеу, романтикалық махаббат жолындағы шырғалаң Жамал бейнесін замандастарынан айқын түрде даралауды қажет етті. «Қамар сұлу» романындағы Қамар сипаттамасы Ахметтікіне, Жамалдікіне («Бақытсыз Жамал»), Ғайшанікіне («Қалың мал»), Шұғанікіне («Шұғаның белгісі») қарағанда таза романтикалық үлгідегі портрет болып шыққан. Бірақ аталып отырған кейіпкерлердің реалистік нақтылықтары бар сипаттамасы бола тұра, автор идеалына сәйкес абсолюттендіру жағынан фольклордың эпикалық мұраларымен терең сабақтасып жатады. Сонымен қатар эпостық мұралардан, әсіресе лиро-эпикалық жырлардан келе жатқан романтикалық сарын уақыт пен кеңістік сияқты категориялардан да аңдалады. Бас кейіпкердің туғаннан бастап есейген шағына дейін маңызды істерге араластырмай, жас шамасын жай санамалап кету, уақытты қысқартып баяндау, көп жағдайда шартты уақыттың қолданылуы т.б. Тағы да атап өтерлік жайт – сюжеттің және сюжеттік уақыттың бас қаһарманның іс-әрекетіне қатысты ғана алынатыны.

Міне, қазақ прозасындағы романтизмнің ұлттық сипаттарын анықтауда ең басты ерекшелік фольклорлық дәстүр болып табылады. Оны батырлық жырлардағы уақыт пен кеңістік жайлы тұжырымдарында Ш. Ыбыраев та ескерткен-ді. «Уақыт пен кеңістік ұғымдарының дәстүрлі ұлттық сипаты алдымен фольклорда сақталған... Көркемдік ойлаудың тарихын уақыт пен кеңістік туралы ұғымдардың қалыптасу тарихынан бөліп алуға болмайды», – дейді зерттеуші [22,79].

Шығармалардағы романтикалық ерлікке ұмтылған кейіпкерлерді даралау тұрғысында фольклорлық эстетика маңызды орын алды. Жазушылар максималистік мақсат жолында мекен мен мезгілді шартты түрде ала отырып, жеке бас трагедиясын туғызған қоғам қатынастарға детальды талдаулар жасамайды. Төңкерісшіл немесе ілгерішіл романтизмнің негізгі қағидаларына сай қалыптасқан ахуалға субъективті идеал қарсы қойылады. Көріп отырғанымыздай, идеялық ұстанымдар жағынан еуропалық романтизмнен тым шығандап кетпеген туындыларда әдіс типологиясының ерекшеліктері табылады. Ал романтикалық

бейнелердің жасалуы мен бейнелеу тәсілдері жағынан фольклорлық шығармалар әсерінің айқын көріністері романтизмнің ұлттық сипатын арттырып отырды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды: Гласир, 2009. – 400б.
2. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2005. – 317 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б.
4. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.8. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 448 б.
5. Кәкішұлы Т. Жанр жайлауы.: Оқу құралы. — 1-к. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2007. — 462 б.
6. Жанұзақова Қ. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі (XX ғасырдың екінші жартысы): Автореф. дис. — Алматы, 2010. — 19-б.

**Садуова Д.А.**

**РОМАНТИЗМ И ФОЛЬКЛОРНАЯ ТРАДИЦИЯ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ**

*Аннотация.* Данная статья посвящена фольклорным традициям, главным отличием которой является определение национальных характеристик романтизма в казахской прозе.

ӨОК 81'366

Шәйкен А.Б.

«Bolashaq» академиясы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті.

Ғылыми жетекші: қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті Исмаилова Р.Н

«Bolashaq» академиясы

**ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа.* Мақалада Ыбырай Алтынсариннің балаларды білімге баулудағы қолданған әдіс-тәсілдері көрсетілген. Оның шығармаларында түрлі оқу-тәрбие мәселелері қарастырылған.

Қазақ халқының шамшырағы болып, білім нәрімен көпшілікті сусындатқан педагогтарымыздың болғаны бәрімізге аян. Сондай тұлғалардың жастар үшін алатын орны ерекше педагог - Ыбырай Алтынсарин. Оның бойында ағартушылық қасиеттің барлығы кездеседі. Ол – мұғалім-методист, халық ағарту ісінің ұйымдастырушысы, оқулықтар авторы және қоғам қайраткері. Ыбырай – фольклорист, ақын-жазушы, журналист. Орыс-қазақ мектептерінде жұмыс істеп, педагогтық тәжірибе алған Ы.Алтынсарин орыс мұғалімдерімен тығыз байланыста болды, олардың біразы Ыбырайдың мектептерінде сабақ беруге ерікті түрде келген болатын.

Ыбырай өзінің мұғалімдік қызметінің алғашқы күнінен бастап-ақ мектеп жұмысы және дидактика, методика мәселелерімен жан-жақты шұғылданды. Соның нәтижесінде ол өзіне дейінгі “бұратана халықтарға” терең білім беруді көздемей, өте саяз білім беретін мектептердің жұмысына қанағаттанбады. Сөйтіп, қазақ мектептерін ұйымдастыру жұмысында бұған дейін болып келген бағытқа қарсы шығып, оны түгелімен өзгертті. Атап айтқанда, бұл мектептерді түр жағынан болсын, оқу программасы жағынан болсын, орыстың алдыңғы қатарлы мектептерінікіне сәйкестендірді. Оқу орындарында Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен творчествосы дәстүрлі түрде лекция, семинар, сабақ, факультатив ретінде өтіліп келеді. Ұсынылып отырған методикалық оқу құралы осылардың қай-қайсысына да көмектесе алғанымен, негізінен, семинарлық жұмыстар талаптарына сай келеді. Әсіресе, кітапша студенттер мен оқушылардың Ыбырай Алтынсарин тақырыбында өз беттерімен жұмыс жасауына, атап айтқанда, олардың ұлы педагогтің өмірі мен қызметіне байланысты нақты және



ғылыми тұрғыдан негізделген материалдар, сілтемелер мен көрсеткіштер табуына көмек береді.[1, 24].

Ыбырай мектеп ашу, балаларды білімге шақыру істерімен ғана айналысып қойған жоқ. Сонымен қатар, орыс-қазақ мектептеріне арналған Орынбор баспаханасынан екі оқу құралын – “Қазақ хрестоматиясын” және “Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын жарыққа шығарды. Осы кітаптың корректурасын да Орынборға арнайы келіп, өзі жасады. Бұл екі кітап қазақ мәдениетінің қалыптасуы, өсу тарихында үлкен орын алған өте маңызды еңбек болып саналады. Қазақ өмірінде өз тілінде жазылып, баспаханадан арнайы шыққан тұңғыш оқулықтардың төл басы да осы кітаптар. Хрестоматияға енген, балаларға арналған мақалалары мен әңгімелерінде Алтынсарин еңбектің ұлы маңызын көрсетеді және еңбекке деген құрметі мен сүйіспеншілігін білдіреді. Алтынсарин қазақ балаларын дарынды, туысынан зерек етіп бейнелейді. Өмірдің қатал тағдыры еңбекші семьяда өскен қазақ балаларының ақыл-ойына әсер етті, тапқырлығы, білуге құмарлығы жетілді. Қазақ балалары қызық әңгімелерді, егер онда өте маңызды, не шиеленіскен қисынды немесе соны юмордың қунақылықты элементі болса, немесе күшті қарама-қарсылық болса, - міне, осындай мазмұндағы әңгімелерді жақсы көрді. Қарапайымдылық, дәлдік, жинақтылық, геройдың басындағы күйініш-сүйініш мұндай әңгімелерінде талапты ақылмен жігерлікпен, алға қойған мақсатын жеңіп шығу жолында шиеленісіп жатады.

Ыбырай Торғай облысы оқу бөліміне жіберген есеп-қисабында: “Біздің негізгі сеніміміз бойынша, қазақ балаларына басқа білімнің бардығынан да гөрі, мүмкін болғанынша, орыс тілі мен жазуын жете білгізу керек. Сондықтан, менің қарамағымдағы мектептердің басты міндеті – қазақ балаларына орыс тілін және орысша дұрыс жазуды үйрету болып отыр. Осы себептен, мысалы, тарих, география сияқты пәндердің бәрін оқыту жұмысы осы жағдайда айтылып отырған басты міндетке байланыстыра қойылып отыр, бұл пәндер түсініп оқуды, оқығандарын ауызекі айтып шығуды, ал одан кейін жазба түрде баяндауды талап етеді. Сондықтан оқушылардың осы пәндер жөніндегі білімдерін көбейтумен қатар, олардың орысша түсіне білуіне және өздерінің сөзбен түсіндіргенін, ойларын жазып бере білуіне бұл жағдай айтарлықтай көмектесті”, - деп баяндады. Ол өз бетімен оқып, білімдерін арттырғысы келетін қазақтардың кітапты және басқа да оқу құралдарын пайдалана алатын орны қазірде және алдағы жерде де бірталайға дейін осы қырдағы, төрт уездегі орталық мектептер ғана болатынын еске ала отырып, жоғарыда аталған мектептердің жанынан оқушыларға арналған кітапханалар ашуға кірісті.[2, 14].

Соңғы он жыл ішінде архивтерден аса маңызды материалдар табылды: олар Ы.Алтынсариннің еңбегі мен қызметін ғылыми тану методологиясы тұрғысынан терең де толық зерттеуге мүмкіндік береді. Өз халқының болашағы үшін жан қиярлықпен күресудің жолдары туралы және жан жоғары идеал туралы Ы.Алтынсариннің кейде шалақ қайырып, қысқа айтқан, кейде үзіліп-үзіліп сілемі ғана қалған сөздері, міне, осылайша зерттеудің арқасында ғана дұрыс ұғылып, дұрыс түсіндірілетін дәрежеге көтерілді. Алтынсарин оқыту процесін ұйымдастыруды дұрыс түсінді:

Мұғалімнің ең бірінші рөлі («Халықтық мектептер үшін барлығы мұғалімнің өзінде, асқан игілікті жарлықтары да, өте ұқыпты инспекторлық бақылауы да мұғаліммен салыстыруға болмайды.»);

Оқу материалдық базаның шешуші маңызы;

Оқулықтарды қазақ мектептеріне пайдалану үшін жарамдылығы жағынан ұқыпты тексеріп отырудың қажеттілігі.

Ол мұғалімдерге методикалық әдебиеттер мен педагогикалық журналдарды міндетті түрде пайдалану қажет деп есептеді. Торғай облысы мектептерінің мұғалімдері үшін «Семья и школа», «Народная школа» деген журналдарды жаздырып алатын. Мектеп кітапханасына Бобровскийдің «Педагогика», Коменскийдің «Систематический обзор народной учебной литературы», «Великая дидактика», Бунаковтың «Родной язык», Корфтың «Наш друг», Реклюдің «Земля суша и океан», Советовтің «Земледелие и скотоводство» сияқты кітаптар алынатын.

Оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы. Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін:

а) оқыту методтары- балалардың жүре келе мектепке, сабаққа кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол

ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет. Мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қортындылар жасау. Сондықтан да балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасында балаларды оқыту тәсілдері тиімді оқыту, табысты оқыту, сындарлы оқыту тәсілдерімен жалғасын тауып отыр. Оқытудың бұл тәсілдерін қолдануда мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырады, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыруға ынталы болады-бұл жерде де ұлы ағартушының ұстанымының жаңа заман талабымен үндестігін көруімізге болады.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан бүкіләлемдік тәлім тәрбиенің алтын діндегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз.

Қазақ халқының келешегі тек өнер білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл, кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатына жете білді. Ұлы ұстаздың қандай да шығармасын алсаң да оқушының санасын оятып, жасөспірімдерге үлгі-өнеге берерлік, болашағына жол сілтерлік, оларды іс-әрекетке үйретіп өмір танытарлық ой тастайды. Өнерге ұмтылу, Отанын, елін сүю, талаптылық, жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақылық тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез құлыққа тәрбиелеуге қажетті мәселелерді қамтиды.

Алтынсарин өз халқының игілігі үшін қажымай еңбек етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Ол жастарды жарқын болашақ үшін қажымай күресуге, мәдениеттілікті қабылдап, ұғынуға жол көрсетті. Ол болашаққа деген сенімді қолдады.

Алтынсариннің педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп системасы ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйіспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және өз халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделіп жазылған және де бүгінмен үндесіп, Мәңгілік еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуде зор үлесін қосып отыр десек қателеспейміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары. Алматы, 1988ж.

2. Сыдықов Ә. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы, 1969ж.

3. “Ыбырай Алтынсарин тағлымы” (әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер). Мұхамедхарым Жармұхамедов. Алматы: «Жазушы», 1991

4. “Алтынсарин және оның достары мен ізбасарлары». (Тарихи очерктер). Әсет Ламашев. Алматы: «Қазақстан», 1998

**Шайкен А. Б.**

#### **УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ЫБРАЯ**

**Аннотация.** Во введении к статье речь пойдет о методах и приемах, использованные Ыбраем Алтынсариным в воспитании детей. В его работах рассматриваются различные учебно-воспитательные вопросы.

## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

### ТҰЛҒАНЫ ДАМУ ТУРАДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

#### ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИВАЮЩЕЙСЯ ЛИЧНОСТИ

<b>Абдикеева З.С.</b> САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ – МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІРЛЕСКЕН РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ.....	4
<b>Абдраимова Н. Ш., Манарбек А. М.</b> ТҰЛҒА БОЛЫП ДАМУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢ.....	7
<b>Абрамова Е.А., Парфенова З.А.</b> ПРОБЛЕМЫ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ.....	9
<b>Ағеділ Г.Е., Шалабаева Н.К.</b> БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ ПРОЦЕСІНДЕ ЛОГОПЕД ПЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ НҰСҚАУШЫСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ.....	12
<b>Аймуханбетова А.Б.</b> ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРЫ.....	15
<b>Алиева Г.У., Туспекова Г.Г.</b> ОСОБЕННОСТИ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ:ПРОБЛЕМЫ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ РЕШЕНИЯ.....	18
<b>Анарбек М.Р.</b> INTEGRATING VALUES-BASED EDUCATION IN LOCAL SCHOOLS.....	21
<b>Андринко О.А.</b> ПУТИ ПРЕОДОЛЕНИЯ ТРУДНОСТЕЙ АДАПТАЦИИ ВЫПУСКНИКОВ-ПСИХОЛОГОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ.....	24
<b>Андринко О.А.</b> ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ САМОСОЗНАНИЕ И ЕГО ФОРМИРОВАНИЕ У СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА.....	26
<b>Антикеева А., Карабаева А., Серкебаева М., Утаралиева Д., Чураева Н.</b> ЖАСТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	29
<b>Аширбекова Н.Ж.</b> ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ.....	32
<b>Әубәкірова Б.С., Касари С.</b> БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	37
<b>Байкенова Е.Д.</b> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ РАБОТЫ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ.....	40
<b>Балгабекова Н.Т., Маханова Ж.К.</b> МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ СӨЙЛЕУ РЕКШЕЛІКТЕРІН ТЕАТР АРҚЫЛЫ ДАМУ.....	44
<b>Биятова С.Т.</b> ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ СОСТАВЛЯЮЩИЕ НОВОГО ЦЕННОСТНОГО «СУБЪЕКТ-РАЗВИВАЮЩЕГО» ПОДХОДА К СОВРЕМЕННОМУ ОБРАЗОВАНИЮ.....	46
<b>Бөріғұл А.Ж.</b> СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТЫҢ МЕКТЕПТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ РӨЛІ.....	49

<b>Горная И.А.</b> ВЛИЯНИЕ ДЕТСКО-РОДИТЕЛЬСКИХ ОТНОШЕНИЙ НА СТАНОВЛЕНИЕ ЛИЧНОСТИ РЕБЕНКА.....	54
<b>Дауенова М.А., Макажанова М.Т.</b> ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	56
<b>Джуркабаева Н.Т.</b> САБАҚТЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ – ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ.....	58
<b>Жаналиева Ж.М.</b> ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	61
<b>Жангожина Г.М.</b> ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ.....	64
<b>Жапанова Р.Н., Карашина А.Т., Ишанов П.З.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	67
<b>Жаукешева А.Б.</b> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МИНИ-РАССКАЗОВ В ПОСОБИИ ПО РАЗВИТИЮ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРЕ.....	69
<b>Жиенбаев Б.А.</b> ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИВАЮЩЕЙСЯ ЛИЧНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ НА ВОЕННОЙ КАФЕДРЕ.....	72
<b>Искакова Б.М., Курмангалина А.Ж.</b> ЭФФЕКТИВНЫЕ СРЕДСТВА, ФОРМЫ И ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	76
<b>Киселева В.</b> ОРГАНИЗАЦИЯ И СОДЕРЖАНИЕ МЕТОДИЧЕСКОЙ РАБОТЫ В ДОШКОЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ.....	79
<b>Кожанова А., Кенжекканова Г., Газизова А., Тулендиева С., Тешебай А.</b> ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ОТБАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ОБРАЗЫ.....	82
<b>Кожаметова А.К.</b> ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ САУАТТЫ ӘРІ ЖҮЙЕЛІ ҚОЛДАНУ.....	85
<b>Куликова Н.Н.</b> МЫШЛЕНИЕ КАК БАЗАЛЬНЫЙ КОНСТРУКТ ПОСТРОЕНИЯ ЦЕЛОСТНОЙ КАРТИНЫ ПОЗНАНИЯ В ЮВЕНАЛЬНЫЙ ПЕРИОД.....	87
<b>Купенова Б.М.</b> КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ.....	91
<b>Кушербаев С.А.</b> СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	93
<b>Қамит С.М.</b> ОРГАНИЗАЦИЯ ДИСТАНЦИОННОЙ ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС ШКОЛЕ.....	95
<b>Мазепа А.В.</b> ОТНОШЕНИЕ СТУДЕНТОВ И ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ К ВНЕДРЕНИЮ ЭЛЕМЕНТОВ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ.....	98
<b>Макажанова М.Т.</b> ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ.....	101

<b>Маканова А.Ж.</b> ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....	104
<b>Марущенко Л.С.</b> РАЗВИТИЕ ХУДОЖЕСТВЕННО-ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА.....	106
<b>Миронова А.Ю.</b> ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА АРТ-ТЕРАПИИ ПРИ КОРРЕКЦИИ НАРУШЕНИЙ ЭМОЦИОНАЛЬНО – ВОЛЕВОЙ ЗОНЫ У ДОШКОЛЬНИКОВ.....	109
<b>А.Б.Мырзабаев, И.Е.Еркен, А.Жашкеева</b> БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДАҒЫ ЖЕТІ МОДУЛЬДІ ОҚЫТУДЫҢ БІР ЭЛЕМЕНТІ.....	112
<b>Мырзабаев А.Б., Серік З.С., Еркен И.Е.</b> ҰСТАЗДЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ.....	116
<b>Нужная Е.Г., Рахимжанова Р.А., Турсунова Ж.А.</b> ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА ШКОЛЬНИКОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ.....	119
<b>Раисова А.Ж.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІСТЕР.....	121
<b>Рогова А.В.</b> ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЕМ ЛИЧНОСТИ РЕБЕНКА ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.....	124
<b>Рымтай А.</b> ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.....	128
<b>Сапарғалиева М.Т</b> ЮВЕНАЛЬНОСТЬ КАК СЕНЗИТИВНЫЙ ПЕРИОД ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТАНОВЛЕНИЯ ЛИЧНОСТИ.....	130
<b>Сапарғали А.Т.</b> ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ.....	132
<b>Сарсекеева А.Ж.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	134
<b>Телюканов Ж.Е.</b> ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖЕТІЛУІНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘСЕРІ.....	137
<b>Темір Ж.Т</b> БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ.....	141
<b>Фазыл М.Т.</b> МЕКТЕПТЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	145
<b>Швацкий А.Ю.</b> ЛИЧНОСТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОДРОСТКОВ С РАЗНЫМ СТИЛЕМ ПОВЕДЕНИЯ В КОНФЛИКТНЫХ СИТУАЦИЯХ.....	148
<b>Шишкунова-Михайлова О.А.</b> СОЦИАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК ИНТЕГРАЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЛИЧНОСТИ (ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ ПРОБЛЕМЫ)....	152
<b>Шутенова С.С., Калдыбаева Б. И.</b> ӘРТҮРЛІ ЭТАПТАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНФЛИКТІЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ СТИЛІ.....	156
<b>Якшук И.В.</b> ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ СТРАТЕГИЙ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ.....	159

**ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ  
ДАМУЫ ПРОЦЕСТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

**ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В ОРГАНИЗАЦИИ ПРОЦЕССОВ ВОСПИТАНИЯ,  
ОБУЧЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ В УСЛОВИЯХ НЕПРЕРЫВНОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ**

<b>Абдикамалова К. К., Бесбаева С.К.</b> МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	164
<b>Абиш Т.</b> МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТАБИҒАТПЕН ТАНЫСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	168
<b>Ақпарова А.К.</b> 6-7 ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	172
<b>Апаханова К.М.</b> ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ: РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ».....	176
<b>Ахмедова Н.И.</b> ВОСПИТАНИЕ КУЛЬТУРЫ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ.....	179
<b>Ахметова Д.Д.</b> ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ МООК В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ РАЗВИТИИ ШКОЛЬНЫХ УЧИТЕЛЕЙ.....	182
<b>Бажанова Е.В.</b> ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В ОРГАНИЗАЦИИ ПРОЦЕССОВ ВОСПИТАНИЯ, ОБУЧЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ В УСЛОВИЯХ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ СКВОЗЬ ПРИЗМУ ПРЕДМЕТА САМОПОЗНАНИЕ.....	186
<b>Байболова Д.Ж., Мадешова А.А.</b> ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	189
<b>Бойманова М.</b> ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УСЛОВИЯХ ОВРЕМЕННОЙ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ .....	191
<b>Бахромова М.Ф.</b> ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ АДАПТАЦИИ МОЛОДЫХ ПЕДАГОГОВ В ОБРАЗОВАНИИ.....	194
<b>Бейсенбекова А.А.</b> ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ.....	196
<b>Высокова Э.Т.</b> СКАЗКОТЕРАПИЯ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ.....	198
<b>Дауылбай Ж.С.</b> ЛЭПБУК-МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	202
<b>Жампеисова Л.С.</b> ОСОБЕННОСТИ САМООЦЕНКИ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ИЗ ПОЛНОЙ И НЕПОЛНОЙ СЕМЕЙ.....	204
<b>Жампеисова Л.С.</b> ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КОНФЛИКТНЫХ СИТУАЦИЙ В ДОШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ.....	206

<b>Жанысбаева Р. М., Бакарамова С.А.</b> МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫН ЖОСПАРЛАУ.....	209
<b>Зайцева О.В.</b> ОСОБЕННОСТИ КУЛЬТУРЫ ОБЩЕНИЯ И ПОВЕДЕНИЯ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА .....	214
<b>Ибраева А.Д.</b> ПАЛЬЧИКОВЫЕ ИГРЫ И УПРАЖНЕНИЯ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ РЕЧИ ДЕТЕЙ МЛДШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА .....	217
<b>Кабирова П.Б.</b> ШАҒЫН БАЛАБАҚШАДА ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ...	219
<b>Корж А.И.</b> РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В ТАНЦЕВАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	220
<b>Құрманғали Ә.Б., Дюсембаева А.А</b> ОЙЫННЫҢ - БАЛА ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....	223
<b>Кушикбаева И.</b> МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	225
<b>Ламхаева П.Ю.</b> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СКАЗОК КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ СВЯЗНОЙ РЕЧИ ДЕТЕЙ СРЕДНЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.....	230
<b>Лученко Я.А.</b> ВОПРОСЫ ПРОФИЛАКТИКИ ПОДРОСТКОВОГО ЭКСТРЕМИЗМА И ТЕРРОРИЗМА.....	231
<b>Мақсұтова Н.С.</b> МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЖИНАҚ, САН ЖӘНЕ САН ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ.....	234
<b>Мателова Р.</b> МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҮШТІЛДІЛІКТІ ЕНГІЗУ.....	237
<b>Мескен Л.Н., Мадышева Ж.Қ.</b> ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ ТӘРБИЕ МЕН ЖАҒАҢДАНУДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ.....	240
<b>Mishin D.E.</b> INNOVATIVE APPROACHES TO ORGANIZING THE PROCESSES OF UPBRINGING, TRAINING AND PERSONAL DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF LIFELONG EDUCATION.....	242
<b>Мусина Б.Б.</b> СОСТОЯНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФОРМ СУБКУЛЬТУРЫ ДЕТСТВА В СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ .....	244
<b>Мұқыжан Г.Б.</b> ДЕҢГЕЙЛІК-САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ДАМУЫ.....	247
<b>Мухаммедина С.Г., Шайлимбекова Н.Б.</b> БАЛАЛАРДЫҢ ДЫБЫСТЫ ДҰРЫС АЙТУЫН ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ ТАЗА СӨЙЛЕУДІ МЕНГЕРТУ МҰМКІНДІКТЕРІ.....	250
<b>Наурызбаева А.Б.</b> МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҰМЫСТАРЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК БАСШЫЛЫҚ ЖАСАУ НЕГІЗДЕРІ .....	252
<b>Райх А.В.</b> ОСОБЕННОСТИ РАБОТА ПЕДАГОГА С МЛАДШИМИ ШКОЛЬНИКАМИ ПО СРЕДСТВАМ ИГРЫ.....	256
<b>Ракитина Н.В.</b> РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ИНТЕРЕСОВ У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В ПРОЦЕССЕ ЭКСПЕРИМЕНТИРОВАНИЯ.....	258

<b>Рогова А.В.</b> ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД К ВНЕДРЕНИЮ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДИК ОБУЧЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ В УСЛОВИЯХ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ЦЕЛИ, ЗАДАЧИ, СОДЕРЖАНИЕ, ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ...	260
<b>Санджиева А.С.</b> АТА-АНА ТӘРБИЕСІ СТИЛІНІҢ БАЛАНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....	264
<b>Сағынаева Т.М.</b> «ҰЛТТЫҚ ОЙЫННЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ».....	266
<b>Санай А.</b> МҰҒАЛІМ МЕН АТА-АНА АРАСЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС.....	269
<b>Саят Ж.С.</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ НЕГІЗІ.....	273
<b>Серікбаева Ж.А.</b> ӨЗДІГІНЕН БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	276
<b>Сечина Е.С.</b> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КВЕСТА КАК ЭФФЕКТИВНОГО СПОСОБА ВОВЛЕЧЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕСС ОБУЧЕНИЯ.....	278
<b>Солямова Л.В.</b> СОВРЕМЕННЫЕ ДЕТИ - СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ.....	282
<b>Стеблей Н.М.</b> СИНДРОМ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ У ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ.....	283
<b>Сулейменова А.О.</b> ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ И СОЦИАЛЬНОГО ОПЫТА ОБУЧАЮЩИХСЯ СТАРШИХ КЛАССОВ ПОСРЕДСТВОМ МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ FLUENTU .....	285
<b>Тезекова А.С., Нүркенова Г. К.</b> МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЕРЕСЕК ТОПТАРЫНДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ БОЙЫНША БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	289
<b>Тілеген Қ.</b> «ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ».....	291
<b>Ткаченко М.И.</b> ДИДАКТИЧЕСКАЯ ИГРА КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ МЫШЛЕНИЯ СТАРШИХ ДОШКОЛЬНИКОВ.....	294
<b>Умарова М.Г.</b> ЭКСПЕРИМЕНТИРОВАНИЕ И ОПЫТЫ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ У ДЕТЕЙ ИНТЕРЕСА К ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	296
<b>Умирабаева С.С.</b> МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА ҚАРАПҰЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ.....	300
<b>Умирова М.</b> АКСИОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД В ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОМ ДВИЖЕНИИ ДЖАДИСТОВ.....	304
<b>Халиева М.</b> НЕТРАДИЦИОННЫЕ ТЕХНИКИ РИСОВАНИЯ В РАЗВИТИЕ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ ДОШКОЛЬНИКОВ.....	307
<b>Хойшыбай Г.</b> ОЙЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛА ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ».....	309
<b>Шакирова А.К.</b> АРТ-ТЕРАПИЯ В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ ООП.....	313



ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ:  
БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

КАЗАХСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ:  
НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ

<b>Абдулова Л.А.</b> ХӘЗЕРГЕ БАШКОРТ ХИКӘЙӘЛӘРЕ ҺӘМ ПОВЕСТАРЫНДА ӘХЛӘКИ ПРОБЛЕМАЛАРЗЫҢ САҒЫЛЫШЫ.....	316
<b>Ақтаева М.Т.</b> ЕСІМ СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ТӘСІЛІ.....	317
<b>Жанпейсова Айжан Өміржанқызы</b> МАҒЫНАСЫ КӨМЕСКІЛЕНГЕН СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ.....	320
<b>Жұрағат А.</b> МАҒЖАН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	323
<b>Көңілжан Т.</b> СЕЙДІЛ ТАЛЖАНОВ – АУДАРМА САЛАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ.....	326
<b>Коптлеева А.</b> ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЗМ НЕГІЗДЕРІ.....	328
<b>Кабай К.</b> БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС.....	332
<b>Қазбекқызы Н.</b> ҰЛТ КӨСЕМІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ: ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕС.....	335
<b>Кутжанова Г.Г.</b> ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА ҚҰРАУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ.....	337
<b>Қосылбеков Н.Б.</b> ҚЫПШАҚ-НОҒАЙ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ-БҰЛҒАР ТОБЫНДАҒЫ ТІЛДЕРДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	340
<b>Мейрамбекова М.</b> Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚАЙНАРЛАРЫ.....	343
<b>Рәшитова Ә.Н.</b> БАШКОРТ ӘЗӘБИӘТЕ ДӘРЕСТӨРЕНДӨ ШИҒРИ ӘСӘРЗӘРЗЕ ӨЙРӘНЕҮЗӨ ИНТЕРНЕТ ТЕХНОЛОГИЯЛАР.....	346
<b>Төребаева А.О.</b> АУЫЗША АУДАРМАДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАР МЕН КЕЗДЕЙСОҚТАР.....	348
<b>Орал Н.Ж.</b> ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІ.....	351
<b>Оспанова Қ.Д.</b> КҮРДЕЛІ ТУЫНДЫ САН ЕСІМДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМЫ ТУРАСЫНДА.....	354
<b>Садуова Д.О.</b> ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ РОМАНТИЗМ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР.....	357
<b>Шәйкен А.Б.</b> ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	360

# **«Жастар және қазіргі заманауи әлемдегі мәселелер»**

*студенттер, магистранттар, докторанттар және жас ғалымдардың (халықаралық қатысуымен) Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары*



## **«Молодежь и глобальные проблемы современности»**

*Материалы Республиканской научно-практической конференции студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых (с международным участием)*

*Мақалалар авторлық редакцияда басылды.*

*Мақала мазмұнына ұйымдастырушылар мен баспа бөлімі жауапты емес.*

*Статьи даны в авторской редакции.*

*Оргкомитет и редакция не несет ответственности содержание работ.*

**Бас редакторы Нұржігітова М.М.**

**Редактор Мұқашева З.А.**

**Техникалық редактор Сыздықова Т.Қ.**

Басуға 23.02.2021 қол қойылды. Пішімі 60x841/8. Көлемі 45,25 б.т.

Таралымы 150 дана. Әріп түрі «Times New Roman»

**«Болашақ-Баспа» редакциялық-баспа**

**бөлімінде басылып шығарылды**

**Қарағанды қ., Ерубәева көш., 14**